



УМБЕТОВА БАЗАРКУЛ СЕЙІТЖАНҚЫЗЫ

ЖУРНАЛИСТ ЖОЛЫ

(Ой толғам)

АСТАНА 2018 ЖЫЛ

Редакторы Тоғанбай қажы Құлманұлы.

Ү 58. Үмбетова Базаркүл Сейітжанқызы. «Журналист жолы», (Ой толғам),

– Астана: «Типография Стимул» ЖШС», 2018. - 250-бет.

Ұлытау өңірі тарихи оқиғалар мен елдіктің жолында ел жадында сақталған тарихи тұлғаларға еш кенде болған емес. Сол үрдіс бүгінде табысты жалғасын табуда. Өткен ғасырдың соңында жеке облыс болып гүрілдеп тұрған Жезқазған таратылып, басынан бағы тайды. Білікті мамандар жан-жаққа тарыдай бытырап, жұрт жұмыссыз тентіреп қалды.

Бұрын ел мен жердің тарихын жария етіп, жастарға насихат айтатын телерадио журналистер қауымы да қатарын сиретіп, Астана, Қарағанды, Алматыға сапар шекті. Бұл да тарихтың қалыпты бағытын өзгерткен тарауы болатын. Мұны жастар білуге тиіс. Жезқазған облтелерадио комитетінің тарихы кілт үзілді. Елдегі шағын топ жұмысын жалғастырғанымен алыстап кеткендер тағдыры жерлестерін алаңдатары сөзсіз.

Үмбетова Базаркүл Сейітжанқызының «Журналист жолы» атты кітабында елдік мәселені қозғай отырып, Астанадағы телерадио журналистерінің айбынды қызметінен сыр толғап, туған жер жайлы ой қозғайды. Тарихтың бет бұрысы кезінде Жезқазғаннан шыққан телерадио журналистердің Астанада жалғасқан тағдырын, тындырған келелі істерін жан-жақты паш етеді. Елордадағы қарқынды үрдіс кезіндегі өзі куә болып, қатысқан, көрген, көкейге тоқыған пікірімен бөлісіп, сезім толқынысын алдарыңызға жайып салады.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

СЕН – ҚАЗАҚ ҚЫЗЫСЫҢ

Теректі атты аядай ауылда өмірге келіп, кейін күллі Қазақ Еліне аты танымал тұлғаға айналған Базаргүл Сейітжанқызы Үмбетованың баспаға дайындап жатқан жаңа кітабының қолжазбасын қобалжи қолға алып, бас көтерместен бір демде оқып шықтым.

Қобалжу себебім: бірге тумаса да туған сіңлімдей көретін, отыз жылдан бері отбасымызбен араласып, сыйлас, сырлас боп кеткен, қаламы қарымды, өзі дарынды әріптесімнің үш бөлімнен тұратын кітабының бірінші бөлімі Жезқазған қаласында алғашқы еңбек жолын бастаған, қызығынан қиындығы басым, энтузиазм мен романтикаға толы албырт кезеңге арналған екен. Сарғайған сағынышқа айналған сонау бір жылдардың бел ортасынан оралғандай сезіндім. (Өйткені оның осы кітабына арқау болған көптеген оқиғалардың өн бойында өзім де жүргем).

Бұл тағдырдың жазуымен облыс атағынан айрылып қалып, тарих сөресінен еріксіз орын алған тұтас өңірдің жарты ғасырлық ғұмыры жайлы естелік. Сол уақытта өзгеге үлгі бола біліп, әріптес журналистерінің алдыңғы сапында бола білген, талантты жастардың қажымас ерлігінің бір тарауы. Оны олар өзге қалаларда қызмет еткен кездерінде де дәлелдей алған жандар.

Өмірден кетсе де көңілден кетпейтін талай-талай қызметтес аға-апаларымыздың аттары аталып, еткен еңбектеріне ерекше тоқталып өткені де соны еске салады екен. Оқи отырып, «Өзі болған қыз төркінін танымайды» деген нақыл сөздің растығына күмәнданып қалдым. Таланттардың қайда да болса талғамы биік, өрелілігін танытады.

Телевизия саласында тұңғыш тағайындалған К.Шалабаев атындағы Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Астана қаласы әкімінің «Алтын қалам» жүлдесінің иегері, 2010 жылы ҚР Президентінің «Алғыс хатымен» марапатталған, Ақпарат саласының үздігі, басқа да толып жатқан атақ, марапаттары болса да, өзін журналистік жолға салған алдыңғы толқынды ұмытпауы Базаргүлдің адамгершілік ұстанымы мен отбасынан алған тәлім-тәрбиесінің айғағы десек артық емес.

Кітаптың 2-бөлімі Ақмола қаласы еліміздің жаңа астанасы болмай тұрып-ақ Есіл жағасына қоныс аударған оның журналист ретінде талай айтулы оқиғалардың куәгері болған тарихи кезеңге арналған екен. Еліміздегі жалғыз ұлттық телеарна – «Қазақстанның» 60 жылдық мерейтойы қарсаңында ұлттық арнаның сол кездегі «Астана» студиясының бас директоры, жазушы Алдан Смайыл өз сұхбатында алғашқы келген журналистер қатарында алдымен Базаргүлді айтуы бекер емес.

«Бүгінгі кейбір пысықайлар сияқты әрбір лауазымды жанмен суретке түсіп интернетке жариялау мүмкіндігі де жоқ кез ғой ол. Әр келген басшының әмірімен бәрін тек өздерінен бастағысы келетіндік пиғылдың кесірі талай тарихи хабарларды бейнетаспаның жоқтығын сылтауратып өшірткізіп жіберетінін ол кезде кім білген?», – деп ащы ақиқатты жайып салып, ағынан жарылған Базаргүл Сейітжанқызының еткен еңбегі ел есінде.

«Өткір кездік қап түбінде жатпас». Қазақ тіліндегі бағдарламалар 50 пайыздан кем болмауын талап еткен заң күшіне енгенде сол кездегі министр Мұхтар Құл-Мұхаммедтің арнайы тапсырмасымен бірнеше тарихи бағдарламаларды архивтен көшіртіп алып, облыстық теледидарлардың басшыларына таратып, көрсетуге пәрмен берген кезде, солардың қатарында Базаргүл Сейітжанқызының да бірнеше хабарлары тізімге ілініп, эфирлерден өткен екен. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпеев жайлы дайындалған «Аңыздан туған ақиқат» атты екі бөлімнен тұратын хабары Қарағанды, Павлодар облыстық теледидарларынан жиі берілген.

Мен білетін Базаргүлдің ең басты қасиеті – ол өте еңбекқор жан. Қолға алған ісін қашанда тиянақты тындырмай, жаны жай таппайды. Базаргүл Үмбетованың идеясымен өмірге келген «Мен – қазақпын!» атты ақпарат-танымдық, ойын-сауықтық радиобағдарлама эфирге шыққанына 40 күн толғанда «Шабыт» халықаралық шығармашылық байқауында Гран Приді жеңіп алды. Ал 2011 жылы осы бағдарлама өмірге келгеніне 5 жыл толған кезде Қазақ радиосының тарихында тұңғыш рет ҚР Президентінің Алғыс Хатына ие болды. Сол жылдың күзінде бұл бағдарлама «Нұр Отан» партиясы ұйымдастырған «Тілге құрмет – елге құрмет» республикалық байқауының Бас жүлдесін жеңіп алды.

«Мен – қазақпын!» ақпарат-танымдық, ойын-сауықтық бағдарламасы, заманауи тілмен айтсақ, рейтинг көрсеткіші бойынша 10 жылдан астам уақыт бойы тек қана алдыңғы орынға ие болды. Табыс сыры неде? Ең алдымен Базаргүл Сейітжанқызы – өте ұлтжанды қаламгер. Нені қолға алса да ұлттық мүдде тұрғысынан келуге тырысады. (Қазір өкінішке қарай, журналистердің басым көбі күнкөріс пен қарын қамын бірінші орынға қойып, шенді мен шекпендіні мақтап, кімнің тарысы піссе, соның тауығы болуға бейім екені ащы да болса – шындық қой.) Сөзім жалаң болмас үшін, бірер мысал келтіре кетейін.

Оның қол астында қызмет еткен радио тілшілер «Мен – қазақпын!» бағдарламасы атынан әр министрліктің түрлі департаменттеріне телефон шалып, дәрежесі жоғары мемлекеттік қызметкерлердің қазақшасы қай деңгейде екенін тексерді. «Жарнамалар қай тілде сөйлейді?» деген, тағы да басқа толып жатқан өзекті тақырыптарда жүйелі хабарлар жасап отырды.

«Жас толқын» хабарына «Ұлт ұрпағы» деген айдар қосып, қазіргі зиялыларымыздың шаңырағында ұлттың қандай ұрпағын тәрбиелеп жатқанын білдіруді мақсат етті. «Қазақ өсіп келеді» деген тағы бір қосымша айдарда жалпы қазақтың ұрпағы қандай болуы керек дегенді беретін. Балдырған балабақшадан бастап «қандай тәрбие алып келеді, қазір нені біледі, кімге еліктейді, қазақ батырларын, ұлы тұлғаларын біле ме?» деген сауалдарға жұртшылық содан жауап алатын.

Тіпті діни тақырыптарды қозғайтын радиобағдарларда да құр, жалаң уағыз-насихат емес, хадистер мен Құран аяттарын пайдаланып, қазіргі өмір салтымен байланыстыра әңгіме өрбітті. Мәселен, «мемлекеттік қызметкерлер Ислам діні тыйым салған қай нәрсені қаперге алуы керек?»

деген тәрізді бағыттарда. Сонымен қатар әлемдегі ислам жаңалықтарын беріп отырды. «Ғибрат» деген айдарда ақын-жазушыларымыздың дінге қатысты шығармаларын 4-5 минут көлемінде беруді үрдіске айналдырды.

Оның өзге әріптестерінен артықшылығы – қазақ үшін қашан да ізет, иба бірінші орнында тұратынын бір сәт естен шығарған емес. Және өз тілшілерінен де соны талап ете білген мықты басшы, тәрбиесі терең тәлімгер, ұлағатты ұстаз. «Қандай жеңіл, ойын-сауыққа бейімделген радио болса да, біз ұятты ұлттың ұл-қыздары екенімізді ұмытпағанымыз жөн», – деп, жас журналистердің сөйлеу мәдениетіне мән беріп, қазақ табиғатына келмейтін, құлаққа түрпідей тиетін жабайы сөздер, анайы әзілдердің эфирден айтылуына үзілді-кесілді тиым салды.

Кітапта сондай-ақ, Базаргүл танымал тұлғалармен болған сұхбаттары мен эсселерін, халқымыз үшін қаншама үлкен істер тындырғанымен, өздерін көрсетуге тырыспай, тасада қалып жүрген үлкен жүректі, ұлтжанды азаматтарына арналған танымдық дүниелерін топтастырған екен. Қай-қайсысының да тілі жатық, тақырыптары таптауырын емес.

Журналистік жүріп өткен жолдары мен еңбек еткен жылдарын ой елегінен өткізіп, оқырман қауымға ұсынған автордың бұл еңбегі жалпы көпшілікке арналыпты. Солай болар реті де бар, өйткені ол нағыз қазақтың қызына тән қызмет атқарып, елге пайдасын тигізіп келеді. Одан үлгі алатын шәкірттері де бір төбе. Бар саналы ғұмырын журналистиканың әр түрлі саласына (телеарналар, радиостудиялар, интернет порталдарға) арнаған Базаргүл Үмбетованың бұл кітабын республика аумағындағы университеттердің журналистика факультетінде оқитын студенттерге оқу құралы ретінде ұсынса артық болмас еді деген ойға келдім.

Заря ЖҰМАНОВА, жазушы,
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі

1 БӨЛІМ

ЖЫЛДАР МЕН ЖОЛДАР

*Жақсылықты іздеп жүріп жазатын,
Кемшілікті түбірімен қазатын
Мамандықты қаладым деп айтқанда
Үнсіз ғана қалып еді анашым...*

Туған жерім Теректі жайлы, балалығымның балдәурен кезеңдері туралы «Перзент парызы» атты кітабымда жаздым. Сондықтан бұл кітапты менің отыз бес жылғы журналистік жолымның әр кезеңдеріне арнап, өзімнің журналистика әлеміне қадам басқан шақтарыма ойша саяхат жасай отырып, оқырманға ой тастау мақсатында жазып отырғанымды ескерте кетпекпін.

Біздің кезімізде, яғни өткен ғасырдың мен мектеп табалдырығын аттаған 1974 жылдары ең алғаш «Жазғы демалысыңды қалай өткіздің?» деп бастап, әр сынып жоғарылаған сайын өз ойыңды тұжырымдап жеткізу үшін «Кім боламын?» деген еркін тақырыптарда шығармалар жазатынбыз.

Сол кездердегі Жезқазған облысының, Жезді ауданына қарасты Теректі №6 мектебіндегі әдебиет пәнінің мұғалімі Ақбөтен Наурызбаева болатын. Бесінші-алтыншы сынып оқушысы сол кезде болашақта қай мамандықты таңдарын қайдан білсін, бірақ бәріміз шама-шарқымызша қатарымыздан қалмай аппақ арманымызды ақ параққа жазып шығатын едік.

Кітапты кішкентайымнан құмарта оқитындығымнан болар, мамандық таңдауға қатысты шығармамда жазушы болғым келеді, бірақ оған дейін журналист болуым керек деп жазғаным есімде. Менің қасымда өзім сияқты Теректі станциясындағы жалғыз кітапхананың бар кітабын екеулеп жүріп оқып тауысқан Сейдірахмет Баймұханбетов отыратын. Ол маған: «Сен журналист дегеннің қандай болатынын қайдан білесің, одан да басқа қыздар сияқты мұғалім боламын демейсің бе», – деп екеуміз әдеттегідей сабақ арасындағы үзілісте біраз сөз таластырып алдық.

– Негізі журналист ер адам болу керек, біз оқыған кітаптардың барлығын ер адамдар жазған, – деп ол бой бермейді. Шындығында сыныптасымның сөзінің де жаны бар. Біздің жатып-жастана оқитын кітаптарымыздың бәрінің де авторы ер адамдар. Тіпті бала кезімде нағашы атам жаттататын батырлар жырларының бәрін де ер кісілер жазған деп топшылайтынмын. Бірақ, мен бәрібір журналист боламын деген бетімнен қайтпадым. Сонымен не керек, басқа барлық сабақты да үздік бағаға оқысам да әдебиет пәніне деген ынта-ықыласым мені сол журналист болсам деген арманымның бастауына алып келген сияқты. Қандай тақырыпта шығарма жазсам да құр мектеп оқулығында айтылғандарды ғана емес, өзім оқыған кітаптардың кейіпкерлерімен салыстыра отырып, ой қорытып кей кезде өзімше бірнеше шумақ өлеңмен де аяқтап жүрдім.

Кітап сатып алу мен газет-журналға жазылуға анам бізден ешқашан ақша аяған емес. Сол кезде замандастарымның көбісі жазған дүниелерін

«Қазақстан пионері» газетіне жолдайтын. Алғашқы ана туралы, достық туралы жазған төрт жол тақпақтарымды мен де газетке салып жібергенмін. Бірақ, Алматыдан шалғайдағы, сол кездегі Жезқазған облысы, Теректі елді мекенінде тұратын мектеп оқушысына білдей республикалық басылымның қызметкерінен жауап келеді деп кім ойлаған?

Әлі есімде, почташының сырты қызыл әріптермен жазылған конверттегі хатты қолыма ұстатқаны. Үйге жүгіріп кіріп, төргі бөлмеде ешкім жоқта қуаныштан жүрегім дүрсілдеп, саусақтарым дірілдеп конвертті ашқаным.

«Құрметті жас дос! – деп басталған хат менің жазған өлеңімнің ұйқас қуып ойды жеткізуде кемшіліктері бар, газетке әзір жариялай алмаймыз, өзіңнің мектебіндегі жаңалықтарды жазып тұр», – деген сөздермен аяқталыпты. Содан жазып тұр деген жақсы сөзге қанаттанып біраз уақыт жазған дүниелерімді Алматыға аттандырып жаттым. Жарияланғандарын журналистика факультетіне құжат тапсырған кезде апарып өткіздім.

Ол кезде оқуға түсу үшін шығармашылық конкурс болатын. Республикамыздың түкпір-түкпірінен жиналған талапкерлер бір-бірінің аты-жөнін сол «Қазақстан пионері» газетінде немесе одан мықтылары «Лениншіл жастағы» шыққан мақалалары арқылы біліп, бір-бірін ҚазМУ-дың қабырғасында көріп, қанша жылдан бері кездеспеген туысқанын тапқандай қуанатын едік.

Ал көлемді дүниемнің алғашқысы облыстық «Жезқазған туы» газетінде жарияланды. Одан бері қаншама жыл журналист болып жүріп, талай телерадиохабарлар дайындасам да, сол «Құрбымның сыры» аталған әңгімемнің орны бөлек, өзіме әлі күнге дейін ыстық болып көрінеді. Газеттің төртінші бетінде жарияланған сол дүнием – менің журналистикадағы жолымның тұсаукесері сияқты болады да тұрады.

Ол кездегі газеттің мәдениет пен өнер бөлімінің меңгерушісі Шаһмұрат Ибадатов пен сол бөлімнің қызметкері Сара Смағұлды талабымды шыңдаған, алдағы күндеріме сәт-сапар тілеген жандар ретінде ризашылықпен есіме аламын. Ия, 35 жылғы журналистік жолыңды бір кітапқа сыйғызып баяндап шығу мүмкін еместігін сеземін. Сондықтан әр жылдардағы оқиғаларға шұқшия талдап, ежіктеп есеп бермей-ақ, осы жылдар аралығында жүрген жолдарым мен ондағы өзіме ерекше ой салған оқиғалар, көңіл толғаныстарын ойша таразылап қана оқырманға ұсынғанды жөн көрдім.

Журналист болып қалыптасуымдағы мені шыңдаған алғашқы ұжымым, әрбір дайындаған хабарыма тілекші болған жандар, сан сапарларда жолықтырып, өмір жолдары ұрпаққа үлгі болуға лайық санаған кейіпкерлерім, осы жылдар белесінде мамандығыма адалдық танытқан кезеңдер мен өмірімде ізін қалдырған оқиғалардың бәрін де жазылған уақыттың тынысын сездіретін қалыпта еш өзгеріссіз жариялауды жөн көрдім.

РАДИО – МЕНІҢ ЖУРНАЛИСТІК ЖОЛЫМДАҒЫ ШЫҢДАЛУ МЕКТЕБІМ

Бұл жазбаларды алғаш журналистика табалдырығын аттаған сәтімнен бастап, мамандығыма адалдық танытқан жылдар белесінен көз салған кезде көңіл көкжиегінен қол бұлғайтын шағын болса да, ынтымақ-бірлігі жарасқан облыстық радиодағы әріптестеріме арнаймын.

Облыстық телестудияда режиссердің ассистенті болып жұмыс істеп жүрген кезім. Еліміздегі маңдай алды жоғары оқу орны – ҚазМУ-дің журналистика факультетінің үшінші курсына сырттай оқып жүрген едім. Режиссердің қолбаласы сияқты жұмыстарды жаным қалай қоймаса да, дайындалып жатқан хабарларға, оларды жасайтын адамдарға қарап өзімше мен де солардың қатарына бір күні қосылармын деген үміт жетегінде уақытым өтіп жатты.

Бас редактор отыздар шамасындағы Марат Сандықбаев жастығына карамастан, өте сабырлы, айтқан тапсырмасын соңына дейін орындататын өз ісіне мығым азамат. Маған анда-санда жаңалықтарға сюжеттер мәтінін жазуға тапсырма беріп, бір-екі рет кинооператорға қосып жіберіп көрген. Пікірталасқа негізделген хабарларға қатысып өз ойымды білдіруімді де міндеттеп қоятыны бар. Бірақ, негізгі редакция құрамында жастар мүлдем жоқ, орта жастағы бәрі де жергілікті телевизия саласында орындарын айқындап алған адамдар мына сарыауыз балапанға орын керек-ау деп қайдан ойласын?!

Содан кадрлармен жұмыс бөліміндегі Жанна Орынбаева деген апай, кезінде әке-шешелері менің ата-анамды жақсы танып, араласқан екен, ағайымды жақсы білетінін айтып кейде кездесе қалғанда жағдайымды сұрап қоятын. Сол мені көре салып:

– Радиода жастар редакциясы ашылады, оларға бір редакторлық штат берілді, осылай қағаз тасып жүресің бе салпақтап, мектепті үздік бітіріпсің, жоғары білім алуға талпынып жүрсің, мен сені Шамхан Қыстауұлына жіберейін, өзіңнің жақсы жаза алатыныңды көрсетсең жұмысқа алар, – деді.

Ол кісіге дүйсенбі күні барармын деп ойладым. Жексенбі күні көзіме түсіп желбіреп жүрген шашымды сәнді етіп қидыра қояйын деп шаштаразға бардым. Жыпылдап қалған орыс әйел:

– Шашың қалың, саған нағыз жастардың шаш үлгісін жасап берейін, – деп алды-артымды орап қайшысын олай-бұлай сыртылдатып тұрған. Бәрі болды дегесін айнаға қарап шоршып түстім. Құдды бір басымда кірпікшешен отырғандай...

Төбемде тікірейіп тұрған шашыма көзім түссе, көңілім құлазып сала береді. Анам мына қалпымды көріп не дер екен деген ой жетегінде үйге жеттім. Өзім ойлап қоямын, осы мен жана бір өмір сатысына көшерде шашым көзге бір түсіретін болды деп. Мектепке барар жылы әдеттегідей атама қыңқылдап, шашымды ұстарамен қырғызып тастағанмын. Күзде көзге ілінер-ілінбес шашпен ұл бала кейпімде көрген алғашқы ұстазым:

– Үмбетов тұр орнынан дегенде, мен Үмбетовамын, – деп ұшып тұрғаным есімде. Содан Алматылық жастардың сән үлгісі бұйраланған шаш студенттік кезеңнің бастауы болса, енді міне тікірейген шашпен радиоға жұмысқа бармақпын...

Ақыры, қаланың шет жағында орналасқан сырт көзге қораштау көрінетін бір қабатты радиоүйіне беттеп келемін. Кішкентай ғана дәлізде отырған күзетшіден бас редактордың бөлмесін сұрадым да, есікті бір қағып ішке кірдім. Төрде отырған қабағы қатулы, көзінде көзілдірігі бар орта жастағы жігіт ағасы асығып-аптығып жеткен бұл кім дегендей сынап қарады.

– Мен сіздерге жұмысқа редакторлыққа.., – деп айтқанымша есіктен бас сұққан кісіге қарата:

– Ия, радиоға осындай шөткебас балапандарды жібермегенде қайтеді, жақсы маман болса өздеріне қағып алады, радионы ылғи сыртқа ысыра береді, – деді көзімді бақырайтып қойып.

Сырттан кірген кісі де менің түріме берілген дәл бағаға ма, жоқ бастығының ыңғайына жығыла салды ма, кім білсін, бетіме қарап басын шайқап, мырс ете қалды. Ішімнен ойлап қоямын, екі көзілдірікті, екі оқымысты өздері дәл осы қалыптарында аспаннан түсе қалғандай болып отырғандарын қарашы, адам көрмегендей, жаңағы пікірлерін мен кеткесін де айтпай ма, жұмысы бар болсын, тағы бір артық сөз естімей тұрғанда телестудияға тайып тұрайын деп ойлап үлгіргенімше:

– Жұмысқа қашан шығасың енді, – деген дауыс селт еткізді.

Түсі жылымайтын деп ойлаған ағайым менің ойымды оқып қойғандай жымып отыр, даусы да жылы естілді. Телестудиядан өзім сөйлесіп, ауыстырып алармын, сенің тікелей бастығың Жамбау ма, ертеңнен бастап жұмысқа кіріс, – деді.

Осылайша ойламаған жерден он тоғыз жасымда облыстық радионың жастар редакциясының редакторы болып шыға келдім. Сол жылы Қазан университетінің журналистика факультетін бітіріп келген Әнуар Одилев деген жігіт орыс тілінде жастар хабарын жүргізеді. Ауыл шаруашылығы редакциясында біздің журналистика факультетін бітірген Айтқадыр Тілеуов, өнеркәсіпте Бейбіт Еңсебаев, орыс редакциясында Жұмат Исин теледидарға қарағанда жастардың ортасы дейтіндей, оған күлкісі сынғырлаған, өзі де менің ұғымымдағы нағыз әдемі адам осындай болуы керек дейтіндей ажарлы музыкалық режиссер, көңілі-көктемдей, жаны-жаздай Оңлағұл Сәлменқызын қосыңыз...

Еңбек демалысында жүрген Марат Иманғалиұлы менің аяқ астынан радиоға жұмысқа орналасқаныма таң қалып, бізде де жастар редакциясы жаңа хабарлар дайындап, штатын кеңейтетін болады, түбі өзімізге қайтарсың, – деп шығарып салды.

Теледидардағы ертегі әлеміндей жарқыраған шамдар, камера, студия т.б. өзіне тартатын дүниелер мұнда әрине жоқ. Салмағы бес-алты келі тартатын репортерді екі иығыма кезек арқалап алып, түтіні бұрқыраған мыс зауытының күкірт қышқылы цехындағы жастар бригадасына, біресе қыз-

келіншектер қаптаған тоқыма фабрикасына, біресе жер асты патшалығындай саналатын шахтаға барып хабар дайындаймын. Кейде зыпылдап тұрған Әнуарға ілесемін, біресе мінезі ауыр барғанша бір ауыз сөз айтпайтын Жұматпен барып материал іздеймін.

Айтқадыр мен Бейбіт барған жерлерінен маған бір-екі жастардың ойлары жазылған таспа әкеліп қуантатыны бар. Басында тосырқай қараған бас редакторым мені туған қызындай еркелетіп, басқаларға еңбекқорлығымды үлгі ете бастады.

Радиода жұмыс істеген төрт жылым төрт айдай зулап өтті, мен өз басым үлкен шыңдалу мектебінен өттім десем болады. Ол кезде мұндай техника ойың түгіл, түсіңе кірмейтін. Радиоға бөлінген жалғыз «Уазикпен» шандатып, ол кезде территориясы өте үлкен облысты – жеті аудан мен төрт қала құрамына кіретін өңірді – армансыз аралап шыққан бақытты жандардың бірі менмін деп айта аламын.

Жезқазған қаласының өзі өндіріс ошақтары көп болғандықтан ба, жастары қазақшаға шорқақтау еді. Ол кездегі мен хабар дайындайтын облыстық, қалалық комсомол комитетіндегілердің қазақша сөйлей алатындары мен қазақшаға талпыныс жасағандарының бәрін радионың қайда екенін төрт жылда соңдарынан қалмай міндеттеп жүріп, үйреттім-ау! Облыстық комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі Ерлан Жақанұлы Қошанов бұрын еңбек жолын байыту фабрикасында бастап, жастармен жұмыс істеуде айтарлықтай тәжірибесі болғандықтан үнемі менің тікелей эфирде жүргізетін облыс жастарына арналған «Жас қайрат», «Гүлдәурен» атты бағдарламаларыма қатысып, қойылған сұрақтарға ұтымды жауап беруімен ерекшеленетін.

Түрлі жанрдағы егер шахтаға түссең репортаж, жастар бригадасынан шағын суреттеме, комсомол съездерінің делегаттарынан радиоочерк, арнайы мерекелерде радиокөпозиция деп сан құбылтып, шығармашылық мүмкіндігің, талабың мен талантыңның бір алып шығарына сеніп шабыттанып жұмыс істейсің. Әсем сазбен әрлеп, әуенін төгілтіп, даусыңа сай бәрінің ажарын келтіріп жіберетін Оңлағұл тәтеме «мама» деп еркелеп отырып, кейде әр маусымның әндеріне қатысты өлең шумақтарымен өріп, концерттерге мәтін жазып беремін. Оны облыстық теледидардың сол кездегі ең танымал дикторлары Аманкүл Арымбекова мен Жүрсінбек Ермағанбетов қос дауыста жанын кіргізіп оқитын. Жаңа жылға арналған хабарларға облыстың барлық жастарының өміріндегі жетістіктерді тізбелеп үлкен мерекелік бағдарламаға Аяз Ата мен Қаршақыз роліне де Аманкүл мен Жүрсінбекті қолқалап шақырып алып, жүргіздіретін едім.

Менің алғашқы жазған радиопельетонымның өзі облыс көлемінде әжептәуір пікір туғызды. Жазғы демалыста барлық студенттер студенттік отрядтарға бірігіп, алыс аудандарға барып құрылыс жұмыстарына қатысатын. Сондай бір үлкен құрылыс объектілері болмаса да шағын мал қораларын салып т.б. шама-шарықтарына қарап еңбекке араласып қайтатын.

Мен «Ұлытау» ауданы «Урожайный» совхозына барған Жезқазған педагогикалық институтының «Рауан» студенттік отрядына совхоз басшылығы тарапынан ешқандай көңіл бөлінбей отырғанын уытты тілмен жазып «Сен салар да мен салар» – деген атаумен радиопельетонды эфирден өткізіп жібердім. Ол кездегі баспасөздің құдіреті мен сынға қалай қарайтындығын көріңіз, араға бір апта салып, менің радиопельетоныма мынадай жауап келді.

«Сіздердің тілшілеріңіз Базаркүл Үмбетованың фельетонына негіз болған жайттар расталды, қажетті шаралар белгіленді. Фактілер шындыққа сай алынған», – деп аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы Шакар Аманжанқызы Досанованың қолы қойылған хат келгенде оны мен журналистикадағы алғашқы жеңісімдей қабылдадым. Әрі өзімнен үлкен тәтем Зиягүл босанғанда ұлының атын «маған қойсын» дегенде ойланбастан сүйікті жиенімнің өмірі ылғи жеңісті, қуанышты сәттерден тұрсын деп ырымдап «Рауан» қойдым. Кейін мен сынаған совхоз директорының менің әкемнің рулас туысы екен, анама келіп:

– Сол бір шынашақтай қызды баласынып, қабылдамай жүре сөйлесіп, тіпті адам ғұрлы көрмеп едім. Көзінде от бар, қайсар екен, машина бермесем де, иығындағы зілдей темірін асынып, сонау қырдың басындағы жастар салып жатқан құрылысқа кеткен, бәрін тақылдатып бір өтірік қоспай, ауыл орталығындағы радиодан сайрап қоя бергенде осы жасымда бір қысылғаным-ай. Енді жастың өскені осы, Бидаш ағайын-туысын жатсынбайтын ғылып ауылға жіберіп тұрсаңшы, – деп ақтарылып әңгіме айтқанда ішіп отырған шайымнан көзімді аудармай, қатты қысылғанмын. Үлкен басын кішірейтіп, қанша жыл ел басқарған ағаның мені үйге іздеп келгеніне, сол кездегі кішкентай радиода айтылған сөздің құдіреттілігіне таң қалғанмын.

Менімен бір бөлмеде шашын сәл аққырау шала бастаған тез-тез сөйлейтін, мен радиоға алғаш келгенде басшымен бірге маған баласына қараған аға отырды. Өзі қара шаңырақ Қарсақпайдың тумасы, маған мектепте биологиядан сабақ берген Қалимаш апайдың жолдасы екен. Сапабек Абайділдинов, өте әңгімешіл кісі еді. Бөлмемізде үлкен жәшік толы рулон-рулон пленка, одан қалса, үстелінің тартпасын ашып қалса, ұнтаспа толып тұратын. Алысқа онша ұзай қоймай, кабинетте отырып-ақ, аптасына төрт-бес хабарды дайындай беретін.

Сөйтсем, неше жыл радиода жұмыс істеген адамның архиві деген аяғыңнан тозып шапқылатпай-ақ тапжылмай отырып жұмыс істеуге мүмкіндік береді екен ғой. Әрі ол кісі де менің жасымда солай аудан-ауданды, қала-даланы кезіп іссапарға шыққан болу керек...

– Бастықтың ашуланған кездерінде көзіне көрінбей-ақ қой, ол пікір айтқанда қарсы сөйлем, оның ашуынан-қайтымы тез, – деп ақылын айтып отыратын. Кейде тағы бір «кемпір өлген» болуы керек, – дейтін.

– Аралас-құралас кісілері көп басшы ағамыздың әйтеуір бір қабағы түйіліп отырған кезінде сұрап қалса, алыс ағайындарында тоқсаннан асқан бір кемпір қайтыс болып, соған жұмыстан шыға алмай отырғанын айтқан

ғой. Содан бері қабағы түйілсе «бір кемпір өлген шығар» деп жорамалдаймын-деп қалжындайтын.

Әр лездеме сайын мен дайындайтын төрт хабардың кейде бәрі, кейде бірі үздік саналып, дәліздегі қабырғада аты-жөніммен ілулі тұратын. Жаздың аптабында, күздің ызғарында, қыстың аязында зыр қағып жүгіріп жүргенінің бәрі сол бір жапырақ қағаздағы «үздік» деген сөзбен өлшенетін, соған риза болып қанаттанып жүретінбіз.

«Жас қайрат», «Гүлдәурен», «Ақ босаға», «Өркен». Аптаның төрт күнінде осы төрт хабар тізіліп келетін де тұратын. Өзіме-өзім, «аптаның төрт күні – жүгіріс, бір – күні жазу үшін үзіліс» деп есеп беріп отыратынмын. Ақынжанды Сайлаубай Жақыпов:

Бақытыңа тілекші боп жүрейік,
Үздік хабар сенікі деп білейік,
Келген-кеткен айтып жүрсін жігіттер,
Радиоға жүр екен деп бір елік, –
десе, ақын Бейбіт Еңсебаев іліп әкетіп:
Үздік шығар хабарлар дайындайсың,
Сымға тартқан сымбатты қайындайсың,
Көтеріңкі әрқашан көңіл-күйің,
Құлпырған көктемнің май айындайсың, –

деп мереке кезінде еркелетіп ағалық ақ тілектерін жазып тақтаға іліп қоятын.

Радиоға хабарлар дайындап жүріп, анда-санда теледидарға да барып тұратынмын. Онда мен өзім сондай жаным жақын көретін жастар редакциясында Заря Жұманованың дайындаған хабарларына бір-екі рет қатысып көрдім. Жастардың дүниетанымын кеңейтуге бағытталған хабарда қаладағы екі жоғары оқу орны – Жезқазған педагогикалық институты мен Қарағанды политехникалық институтының Жезқазғандағы филиалының студенттерінен құралған екі команда қатысып білімділік деңгейін байқасатын еді.

Өзі көрді ме, жоқ, жұмыстағылар жеткізді ме, білмеймін, басшымыз алғаш телехабарды жүргізіп келгенімде қатқыл қабақ танытты. Одан кейін менің радиохабарларымды бар ынтаммен дайындайтынымды ескерді ме екен, ол мәселеге орала қоймады.

Зырылдаған уақыт жетегінде сырттай оқуымды бітіретін кез де келді. Ол кезде соңғы курста алты ай көлемінде сессия диплом жазатын, қорғайтын уақыт берілетін. Алғашқы мемлекеттік емтиханды «өте жақсы» бағаға тапсырғанымды анамнан естіген радиоғағы әріптестерім Шамхан аға бас болып мені құттықтап деканатқа жеделхат жіберіпті. Методисіміз Раушан Жүнісбекова оны маған тапсырып тұрып, «жап-жас болсаң да бар ұжымыңа сыйлы екенсің, сырттай оқитындардың арасында бірінші рет көріп тұрмын, мұндай құттықтау келе қоймайды, жарайсың!» – дегені бар. Солай мені радиоғағы әріптестерім мерейімді бір өсіріп, қанаттандырып еді. Тізе берсем, радионың ұжымының сондай тату болғанын айтар едім.

Әр сапардан оралғанымда дайындаған хабарларым сәтті шықса риясыз пейілмен қуанатын. Менің жанымды түсіне білген, сәл талантым болса соны сынап емес, шындай білген шағын болса да, ынтымақ-бірлігі жарасқан радионың ұжымынан түлеп ұшып, теледидарға қайта оралғанымда өзімді әжептәуір қаламы ұшталған журналистің қатарына қосылатындай тәжірибем бар болатын.

«Түбінде бізге қайтып келесің ғой» деген теледидардың бас редакторы Марат Иманғалиұлының айтқаны тура келді десе де болғандай. Біресе Заря, кейде Тоғанбай аға теледидарға келсеңші, сенің қолыңнан келеді, біздің редакцияда орын бар, бастық сенің келгеніңді қалайды деген үгіт, ол әрине менің өзімді де қызықтыратын сала ғой, ақыры теледидардың жарқыраған әлемі мені өзіне қайта оралтты.

Бір телерадиокомпания болса да, теледидар мен радионың ұжымының айырмашылығы жер мен көктей. Теледидардағы танымалдық «жұлдыз» болу деген сырқаттан радиодағылар мүлдем сау. Мұны мен қазір өзімнің 30 жылдық журналистік тәжірибеме сүйеніп айтып отырмын. Одан кейін де республикалық теледидар мен радиодағы ұжымдарда қызмет атқарған кездерде оны айқын сезіндім.

Сол кезде партия өмірі деп облыстық конференциялар мен жиналыстардан зыр жүгіріп хабар әзірлейтін Александр Степанов, ақын, әр мерекеге арнап жыр жазатын Ефим Каган, жастар редакциясында менімен бірге шапқылап материал іздейтін Валентина Суrowa, ауыл шаруашылығындағы жаңалықтарды қалт жібермейтін Жұмат Исин, еңбек жолын облыстық радиодан бастап, кейін Астанаға қоныс аударып, өзі қызмет атқарған ұжымдарда да абырой биігінен көрінген Айтқадыр Тілеуов, бар ұжымның шығармашылық ізденісін әнмен әрлеп көркемдейтін Оңлағұл Какубаева арамызда жоқ. Жезқазғандай мысты шаһардың жаңалығын айтып жар салатын, әр шаңырақтың төрінде тұрып, кішкентай қобдишадан ән салатын радио да облыс жабылған кезде жұмысын тоқтатқан.

Ынтымақ-бірлігі жарасқан шағын ғана ұжым, онда еңбек еткен жандар жайлы жазылған естеліктер ғана өткен күндерге сағынышпен оралтып, көңіліңді тербейді.

ТЕЛЕДИДАРДАҒЫ ЖЫЛДАР: АҒА БУЫН ЖОЛЫМЕН

Алғаш режиссердің ассистентігінен басталған еңбек жолым одан әрі облыстық радиода жалғасқанын жоғарыда жаздым. Төрт жыл бойы зыр қағып үлкен облыстың шалғайдағы елді мекендеріне дейін аралаған мен үшін теледидарға қайта оралғанда жазу машығына қоса сыналу кезеңінен – шындалу кезеңіне өтетін әжептәуір тәжірибем бар болатын.

Бұған дейін хабарларына қатысып жүрген Заря мен Тоғанбай да жадырай қарсы алды. Бас редактор Марат Иманғалиұлы жастар

бағдарламасын дайындайсың көтеретін тақырыптарың мен хабарыңның атын өзің ойлан деп тапсырма берді.

Радиодағыдай аптасына төрт хабар емес, айына бір сапалы хабар жасасаң да болады дегенге арқамды кеңге салып ойланып жүріп алсам керек, айдың орталанып қалғанын да байқамаппын. Жастардың намысын қайрап, алдағы күндерге сенімін орнықтыратын бағдарламаның атын ойласа келе «Қамшы» деп атауға ұйғардық.

Маған редакциядан бекітіліп берілген режиссерім Айгүл Нүркееваның аяқ астынан баласы ауырып қалды да, сценарийі әлдеқашан дайын болып, сюжеттері түсіріліп қойған хабардың монтажын Гүлнаш Қошановамен жасауға тура келді. Бір көргенде жылы жүзді, күлкісі сыңғырлаған Гүлнаштың жұмыс үстіндегі асқан сабырлылығы таң қалдырды. Он ойлап, бір кесетін жандай әрбір сөйлеушінің сөзіне кадрларды сондай талғампаздықпен іріктейтін еді. Киген киімің мен шашыңнан бастап, бар әлпетің экранның талабына сай болуын жіті қадағалап отыратын.

Қазіргідей экранда өз үйінде отырғандай еркін сөйлеп, не кесеңде ешкім таң қалмайтын кезең емес, ол уақыттың талабы мүлдем басқа болатын. Студияға қойылатын жарық пен безендірулердің түсіне орай киіміңнің түсі таңдалатын. Не керек, алғашқы бағдарламам «Желтоқсан ызғары – жастар жүрегінде» деп аталып, сол кезде әлі ешкім еркін қалам тербеуге жүрексінетін тақырыпты хал-қадірімше экранға алып шықтым.

Бұл – 1990 жылдың желтоқсан айы еді. Облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Меңжамал Әлсейітова бастаған, облыстық ішкі істер басқармасы, мемлекеттік қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасынан өкілдер қатысқан хабарда нақ сол кезде осындай тақырыпты көтерудің өзі ерлікпен пара-пар болатын. Сөйлеушілер аса өткір айтпағанмен де, алдынала желтоқсан оқиғасынан кейін оқудан шығарылған студенттерден жазып алынған сұхбаттар шынайылығымен көрерменге үлкен ой тастағаны анық. Одан кейін де ауған соғысынан оралмаған Асылбек Мамажановтың өмірін арқау ете отырып, қоғамға ойтамызық тастауға ұмтылыс жасаған «Ауғандықтар: біз кім үшін қан төктік?», өмірден опық жеген жас қыздың тағдыры жайлы «Арыңа абай бол, айналайын», әскерден қашқан немесе мүгедек болып қайтқан жастардың редакцияға жазған хаттары негізінде екі апта республикамыздың бірнеше әскери бөлімдеріне барған делегацияның құрамында болып дайындаған «Сарбаздың сағы сынбасын!» атты бағдарламалар көпшілік көңілінен шықты.

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алысымен іле-шала араға ай салып өзіммен арман-мақсаттары үндес үштік, яғни Тоғанбай Құлманов, Заря Жұманова және мен жүргізетін «Жұмадан жұмаға дейін» теле бағдарламасы көпшілік көрерменге жол тартты. Бүгінгідей теледидардағы техникалық мүмкіндіктердің біреуі де жоқ кезде кішкентай гараждың ішінен студия жасап, жылжымалы телевизиялық станцияның арқасында кейбір спецэффектілерді пайдаланып, бар ынта-жігерімізді жұмылдырған

бағдарлама жайлы Жезқазған халқы әлі күнге дейін ұмытпай, біздерді көре қалса жылы лебіздерін айтады.

Бес жыл бойы ұлттық құндылықтарды ұлықтауға, салт-дәстүрді көздің карашығындай сақтауға, өнерліні бағалауға, ана тілің мен ата дініңе деген құрметін арттыруға бағытталған бағдарламаның әр санын көрермен жұма күні мешітке асығатындай тағатсыз тосатын. Облыстық мешіттің бас имамы Яхия қажы Исмайылов, арабша-төтеше жазудың әліпбиін үйрететін ғалым Ғұзыхан Ақпанбек, күй тарихын шертетін майталман домбырашы Жанғали Жүзбаев, әрбір қойылымы жайлы тереңдеп әңгіме қозғайтын Серке Қожамқұлов атындағы облыстық драма театрының әртістері, ақындар мен жыршылар, термешілер мен қолөнершілер біздің бағдарламаның шырайын кіргізетін. Жезқазған теледидары құрылған алғашқы күндерден бастап еңбек еткен аға-апаларымыздың барлығын көрмесем де, Сапабек Мырзатов, Жанбау Бірманов, Сұлтан Жылқыбаев, Едіге Сапақов, Файзулла Қабылов, Жамбыл Бекжанов, Валентина Галяпина, Наталья Новожилова т.б. өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін жандардың тәлім-тәрбиесі, ақыл-кеңесі теледидардағы журналистік жолымда аз ықпал етпегенін атап айтқым келеді. Бүгінде өздері өмірден озса да, облыстық теледидардың тарихынан ойып орын алатын жандардың жарқын бейнелері ешқашан ұмытылмақ емес.

1997 жылы Жезқазған облысы жабылғасын мен алғашқылардың қатарында Ақмолаға қоныс аударып, Қазақстан ұлттық арнасының «Астана» студиясына комментатор болып жұмысқа қабылдандым. Соңғы 16 жыл бойы «Қазақстан РТРК» АҚ «Астана» радиосында бас редактор қызметін атқардым. Осы жылдарда жеткен әрбір жетістігім мен шығармашылық еңбегімдегі жемістерім үшін алғаш еңбек жолымды бастаған, қияға қанаттандырып ұшырған ұжымым – Жезқазған облыстық теледидары мен ондағы әріптестеріме ризашылығымды білдіріп, қимастықпен еске аламын.

Кезінде республика бойынша алғашқылардың қатарында ашылып, көшбасшы саналған Жезқазған облыстық теледидарының ұлтқа қызмет етудің үлгісі болғанын және сол теледидардағы талантты шоғырдың жаққан отын маздатып жалғаған буын екенімізді мақтан етемін.

Келер жылы біздің қасиетті қара шаңырақ Жезқазған теледидарының құрылғанына 60 жыл толмақ.

Менің әріптестерімнің жұлдызы

ОҢЛАГҮЛ СӘЛМЕНҚЫЗЫ – АНАМДАЙ АЯУЛЫ ЖАН ЕДІ...

Өзімше соңғы үлгідегі шаш үлгісімен «шөткебас» қалпымда радиоға жұмысқа орналасқанда мені жатырқамай бауырына тартқан радионың музыкалық редакторы Оңлагүл Сәлменқызы еді. Талантты тап басып танитын осы жаны жаздай, көңілі көктемдей жарқыраған Оля апайды «мама» деп еркелейтін едім.

Радио деген құр үйінің төрінде ән салып тұратын қобдиша емес, онда бүкіл әлемнің, елдің жаңалықтарын жеткізетін жандар зыр жүгіріп жұмыс істейтінін, оның төгіліп тұратын әуенін бір адам ғана көркемдеп тыңдаушыға ұсынатынын мен онда жұмысқа тұрғасын білдім.

Бала кезімде нағашы атам Әли үйдегі кішкентай қобдишадан айтылатын жаңалықтарды қалт жібермей тыңдайтын. Таңның атысы күннің батысы бір тынбайтын кішкентай қобдишаның ішіне сонша көп адам қалай сыяды екен деп таң қалатын едім. Екі рет атамнан ұрланып ол қобдишаны ток көзіне қосып көріп өртеп жібергенім бар.

Ондағы ойым – токтан атылғанда тым құрыса ішіндегі ылғи дыбыс операторы Базаркүл Балмағамбетова деп атайтын апайды бір көрсем бе деген балалық қиял ғой. Кейін ол арманым орындалды, Қазақ радиосының 90 жылдық мерейтойында радио ардагері Базаркүл Балмағамбетова дегенде әріптестеріммен бірге сол жиынға қатысып отырып анықтап тұрып қарап алдым, яғни тура –35 жылдан соң...

Ол бала кездегі арман әрине, бірақ өзім радиода жұмыс істеймін деген ой үш ұйықтасам да түсіме енбеген болар. Сонымен не керек, алғаш жұмысқа орналасқасын радиочерк дайындадым. Бір комсомол съезіне делегат болып сайланған шопан Мұхит Қарабаев жайлы.

Содан үйдегі магнитолладан күйтабақтағы «Сарыжайлау» күйін қойып отырып түнімен төгілтіп жазған мәтінімді оқып Оля апайға әкелдім, менің хабарым дайын деп. Ол кісі таңданғанын білдірмеу үшін күліп жіберді.

Сөйтсем, мен ол кісіні «жұмыссыз» қалдыра жаздаппын ғой... Мәтінің студияда оқылатынын, оның қандай әуенмен көркемделуін тақырыбына байланысты музыкалық редактор жасайтынын мен қайдан білейін ол кезде.

Мені бірден өзіне жақын тартқасын ба, әрқашан хабарларым әбден эфирге дайын болғанша Оля апайдың бөлмесінен шықпайтынмын. Біртіндеп радиокомпозициялар жасайтындай деңгейге көтерілгенде музыкалық қордағы бүгінгі тілмен айтқанда «хит әндерді» хабарыма пайдаланып қуанатынмын. Себебі, ондай әндер тек үздік хабарларды көркемдеген кезде ғана эфирге берілетін. Радиодағы өткен төрт жылда ізденістен бір таңған емеспін, соның бәріне Оля апайдың мені жылы сөзімен қанаттандырып, туған қызындай қабағыма қарағаны себепші болса керек. Жыл сайын дәстүрлі түрде «Ұлытау үні» фестивалі аясында өтетін «Айтыс», «Әнші балапан» т.б байқаулардан талантты жандарды байқаса бірден жазып алып, радиоқорға сақтайтын еді. Облыс болып атағы дүрілдеп тұрғанда Жезқазған өңірі өнерліден кенде емес болатын.

«Шындық туралы» толғауымен бүкіл республикаға танымал, жыршы, айтыскер ақын Шынболат Ділдебаев, «Ұлытауым» деп толғайтын сазгер Жақсыкелді Сейілов, әншілер Серік Оспанов, Береке Көшенов, Ғалым Мұхамедин, ағайынды Болат пен Ахмедия Есмұхановтар, Мара Есмұханова, Ахат пен Роза Байбосыновтар, күйші Жанғали Жүзбаевтың барлық орындауындағы әндер мен күйлерді жыл сайын жаңартып жазып, радиоқорына жинай беретін. Бір күн қолы бос отырмайтын. Қала берді, бас

редакторымызға айтып, әр аудандағы халықтық ансамбльдердің мүшелерін арнайы шақырттырып, жазып алып балаша қуанатын.

Әлі есімде, облысқа әкім болып келген Ежиков-Бабахановтың біздің кішкентай радиомызға арнайы ат басын тірегені бар. Сонда бәрін ашық жарқын түсіндіріп тұрған Оля апайға: «Сіз өз ісіңіздің корифейі» екенсіз депті. Ол кезде сол сөздің мағынасын ешқайсымыз білмей, қазіргідей қолма-қол қарай қоятын интернет жоқ, облыстық қауіпсіздік комитетінде істейтін ағам Зияттан ол сөз «өз ісінің шебері-қайраткер адамға арналатынын» біліп, апайымызға дәл берілген бағаға риза болғанмын.

Оля апайдың балалары да мені өз туған бауырларындай жақсы көретін. Мен 1990 жылы журналистика факультетін сырттай оқып бітіріп, теледидарға ауысқанымда Тимур екеуміз бірге жұмыс істедік. «Қамшы», «Тәбәрік», «Шабыт» атты авторлық бағдарламаларымның барлығының бейнекөркемделуін Тимур жасайтын. Астанаға алғаш қоныс аударғанда да соңымнан іздеп келген Тимур болатын. Алғашқы кітабым «Перзент парызының» да мұқабасын Тимур көркемдеді. Қазір «Қазақстан РТРК» АҚ дизайнерлік қызметтің директоры болса да, кез-келген уақытта «Базик» деп қуанышын бөлісіп тұрады.

Ернұр кішкентайынан техникаға жақын еді, қолынан кішкентай папкасын тастамай, мен өскенде директор боламын дейтін. Алла сол айтқанын қабыл етіп, ол «Қазақстан РТРК» АҚ техникалық директор қызметін атқарды. Осыдан 5 жыл бұрын анасының жинаған облыстық радионың сол кездегі музыкалық қорындағы әндерді заман талабына сай өңдеп, дискіге көшіріп, Жезқазғанның архивіне өткізген азаматтық ісін көріп, Ернұрға қатты риза болдым. Аналарымыздың өнерге құштарлығы мен жан дүниесінің егіз қозыдай ұқсастығы бізді де туыс етіп жібергендей.

Небәрі 52 жыл ғана ғұмыр кешкен Оңлағұл Сәлменқызы 1997 жылы дүниеден озды, араға алты ай уақыт салмай менің анам да өмірден өтті. Асыл аналарымыздың орны ойсырап қалса да, соңында қалған біздерді олар жүрегімізде орнықтырған туысқандық сезім мен шығармашылық жолындағы адалдық темірқазықтай алдағы күндерге адастырмай жетелеп келеді...

Әзілі жарасқан апайларым-ай!

«СҮЙІКТІ БАЗАРКҮЛ, ЕРТЕҢ МЕНІ КҮТІП АЛ. ТӨЛЕУ»

(Бір жеделхаттың тарихы)

Астанада «Қазақстан» ұлттық арнасында жұмыс істеп жүрген кезім. Басшының қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз Гүлдария жымыып келіп бір жеделхатты қолыма ұстатып кетіп қалды. Туған күнім емес, үйдегілермен таңертең ғана сөйлескенмін, «кім екен маған жеделхат жіберген?» деп таңданып отырмын. Оқысам, барлық жеделхаттарға тән екі сөйлем

жазылыпты: «Сүйікті Базаркүл, ертең мені күтіп ал. Төлеу» одан әрі Ақтөбеден келетін поездың нөмірі мен уақыты жазылған. Олай ойлап, бұлай ойлап ақыры монтаж жасап отырған Гүлнашқа апарып көрсетсем, ол оқып күліп жіберді.

– Ол – біздің Жезқазғандағы режиссер болған Әлімбаева Төлеу апайымыз шығар, ұлы Бақыттың балалары Ақтөбеде, немерелерін көріп мауқын басқасын, бізге соға кетейін деген ғой, ертең сен Парламентке барасың ба, мен-ақ күтіп алайын, – дегені...

Шынында да Гүлнаштың айтқаны келді. Ертеңіне Төлеу апайды поездан күтіп алды. Қалила, Гүлнаш үшеуіміз ол кісіні қыдыртудың шағын жоспарын жасадық. Онда қазіргідей «сол жақ жағалау» деп әспеттейтін кез емес, ондағы әсем ғимараттар мүлдем жоқ. Есілдің жағалауындағы кешкілік өзен бетінде көрсетілетін музыкалық шоуды тамашаладық, сол кездегі Парламент мен Президент резиденциясының алдында қыдырдық. Қалила екеуіміз жалдап тұратын пәтерімізге апарып ет асып күттік. Гүлнашта бір күн қонып келесі күні көңілі тасып, рахметін айтып Жезқазғанға кетті.

Біз күлеміз, әлі күнге «қайран ақ көңіл апамыз-ау, бір жеделхатпен-ақ бізді тауып алған» деп. Егер Гүлнаш болмаса, жалғыз «Төлеу» деген сөзден ол «кім?» деп мен де білмей дал болып отырар едім... Ол кісі ең құрымаса фамилиясын, не апай деп те жазбаған ғой...

Содан ғой, хатшы қыздың «махаббат жеделхаты» деп ойлап жымыып тұрғаны, сірә, ер кісінің есімі деп ойлаған-ау!..

Бытыр бір қыз хабарласты, «Төлеу апайдың немересі Ләйламын, журфакта оқимын, тәжірибеден өтуге телевидениеден көмектесіңізші», –деп. Сұрастырсам, Алматыда оқиды екен, өзіміздің Алматыдағы филиалдың бас директоры Марат Иманғалиұлына айтып едім, Төлеу апайдың атын естісімен сөзге келмей, ол жұмысты тындырып тастады. Сол кезде аңқылдаған Төлеу апамыздың Астанаға бізді іздеп келгені есіме түсті. Бір ұжымда қаншама жыл еңбек еткен жандар бір үйдің баласындай болып кетеді деген рас. Қазір апамыздың мәңгіліктің мекеніне аттанғанына да біраз жылдың жүзі болыпты...

Балаларға нағыз базарлық!

АЯҒЫҢА КИГЕНІҢ ҚЫЗЫЛ ЕТІК...

Қарсақбайға алғашқы іссапар немесе «қызыл етік» оқиғасы

«Жұмадан жұмаға дейін» телебағдарламасын жүргізген кездерімізде облыстың әр түкпірінен шақырту келіп жатады. Содан қара шаңырақ –Қарсақбайға баруымыз керек болды. Режиссеріміз Гүлнаш, бейнеоператор Бауыржан, Заря және мен барымызды киіп жолға шықтық.

Қарсақбай дегенде есімізге ұлы философ Асан қайғы оралатыны анық. «Асан қайғы Жерұйығын таппай зар жыласа» қиялындағы елінің болашақта

ешкімнен қасырет шекпей қамсыз тірлігін жалғастыруын аңсағанын кітаптан жаттап өстік. Ғұлама грек ғалымы Платон өзінің мінсіз мемлекет туралы диалогтарын жазғанда, әл-Фараби құт дарыған қала тұрғындары жайлы толғанғанда, Мор Утопияны ойлап тапқанда, Кампанелла Күн қаласын қиялдағанда, Асан қайғы да Жерұйығын іздеп елі үшін зар илегені анық. Философ Экклезиаст: «Көп ақылдан – көп қайғы», – дегенді бекер айтпаса керек-ті. Ақылсызда қайғы қайдан болсын?! Асан қайға Қарсақбай аймағын көргенде: «Айналаң жапан тұз екен, тауыңның асты жез екен, екі тауың ел біткенді шақырар, басына байлық қонар, жұртың ашықпас!» – деп жүрегіне үміт ұялатқандай сезінетінмін. Сол расқа айналды. 1928 жылы 19 қазанда Қарсақбайдың тұңғыш қара мысы алынып, түсті металлургияның қара шаңырағына айналды. 1925 жылдан бастап Қарсақбай зауытын қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Бұл ретте, кәсіпорын директоры Рудольф Дреймен мен атақты геолог Қаныш Сәтбаевтың еңбектері ерекше. Академиктің Жезқазған кен өндірісін дамытуға қосқан зор үлесі туралы деректер Қарсақбайдағы мұражайында тұнып тұр. Оның Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбегі аңыз боп тарады.

Соның бәрін өз көзіңмен көріп танысу жас журналист үшін таптырмас қазына екені аян.

Бұл кентте Қарсақбай тарихы – ел өндірісінің өркендеу тарихы жайлы талай сырға қанығуға болады. Жезқазған кен орындарын игерудің бір жарым ғасырлық жылнамасынан мол мағлұмат беретін тарихты басқа қай жақтан іздерсің...

Дегенмен қиялдың бәрі бәрі оп-оңай жүзеге аса бермей күлкіге де ұласып жатады екен.

Көктем мезгілі еді, жер лайсаң, қар көбесі енді ғана сөгіліп жатқан. Ауылды жер демей, қалалық қалпымызды көрсетейін дегендей үшеуміз де биік өкшелі етік киіп алғанбыз. Менің тіпті басымда қызыл қалпағым мен аяғымда қызыл етігім бар. Заря да осал емес, жақында сатып алған көздің жауын алардай оюлы қара былғары етігін киген. Гүлнаштың да киімі дүкеннен жаңа шыққандай...

Кештете жеткесін, Гүлнаш келін ретінде күйеуі Сағаттың бір туысқандарына амандасып шығуым керек деді. Бауыржан таныстарына кеткен-ді. Заря екеуміз Гүлнашқа ілесіп кіріп шығайық деп сұрастырып ол үйді таптық. Қаладан келген келінге туысқандар барын дастарханға салып, бәйек болып күтуде. Бізге де құрмет ала бөтен. Апта сайын экранда отыратын екі арудың аяқ астынан үйлеріне келе қалғанына үй иелері де сондай риза қалып танытып жатыр.

Біз келгенде есіктің алдында ұл-қызы аралас біраз бала ойнап жүрген. Бір-екеуі біз шәй ішіп отырғанда есіктен де сығалап кеткен. Олардың балалық көзқарастарына онша мән бермегенбіз. Үй иелерінен рұхсат сұрап дәлізге шығып енді аяқ киімімізді іздесек, жер жұтқандай ешқайсы орнында жоқ. Тек батпақтан көрінбейтін екі-үш етіктің әр сыңары әр жерде шашылып жатыр. Оны біздің етігіміз деп ойлау үш ұйықтасақ түсімізге енбес. Содан

қысылған үй иелері балаларын іздесін. Мұрнын қос-қостан тартқан он жастардағы ұлы:

– Ол аяқ киімдер, әні, жатыр ғой, – деп қолын әлгі батпаққа малмандай малынған етіктерге қарай шошайтсын.

Біз аң-таңбыз. Иелерінің өздерін тани алмағанына пұшайман күйде батпаққа малшынған аяқ киімдер мұндай күйге қалай түскендерін айтарға тіл жоқ дәліздің әр жерінде сыңарларына жете алмай ішкұса күйде...

Сөйтсек, біздің машинадан түскенімізді көріп үйге жүгіріп келген осы үйдің тентегі көрші балаларға айтады. Олар теледидарда өздеріне «балаларға базарлық» айдарында ертегі айтатын қыздың ол үйде отырғанын естісімен бәрі үйге келіп босағадан бір сығалап көріп кетеді.

Дәлізде көздің жауын алатын қызыл етікті көрші үйдің қызы киіп көрмекші болады, келесісі оюлы етікті, үшіншісі жылтырақ қара етікті... солай барлығы тізіліп үш етікті киіп достарына көрсетуге асығып келесі көшеге дейін жүгіріп өтеді, ақыры балшықты алаңсыз кешіп, етіктерді есік алдына әкеліп шешіп, әр жерге лақтырып тастап жөндеріне кетеді...

Сол күні рахаттанып күлгеніміз-ай! Әсіресе, балшық баттасқан менің қызыл етігімнің түрін көріп...

Жезқазғанға келгесін Заря кейде мені көңілдендіру үшін «аяғыңа кигенің қызыл етік деп» әндететін...

Ақтаңдақ жылдардың таңбасы!

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ: ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ ҚАСІРЕТТІ ТАҒДЫРЛАР

Менің балалық шағым Жезқазған қаласынан жетпіс шақырым жердегі Теректі стансасында өтті. Теміржол іргесінде орналасқан осы бір шағын елді мекенде №6-шы сегізжылдық бір қабатты мектеп ғимаратының терезелерінде темір тор болатын. Үлкендердің аузынан бұрын бұл ауылдағы «осы ғимарат – Степлагтың бір бөлімшесінің конторы болыпты» дегенді еститінбіз.

Екі ауылдың ортасын теміржол бөліп тұратын. Нағашы атам екеуміз бірде сол арғы ауыл жақтан келе жатқанда ұзын жол бойына төбемде қарқылдаған қарғалар даусына таңырқай мойнымды қайта-қайта елегзіп бұрғанымды аңғарған атам:

– Бұл құзғындардың жүз жасайтыны рас, қарашы осы жерде кезінде қанша жазықсыз жандардың сүйегі қалды, өлексе аңдыған бұлар әлі күнге осы маңнан кетпейді, – деп күрсінгені бар. Балалықпен атамның сол сөздеріне мән бере қоймапшын...

Жылдар жылжып өтті, біз есейдік. Менің бала күнгі журналист болсам деген арманым орындалып, ҚазМУ-дың журналистика факультетін тәмамдасымен, Жезқазған облыстық телерадиокомитетіне жұмысқа орналастым. Мектептен бастап, туған өлке тарихына деген қызығушылығым,

әрі Жезқазған өңірінің тарихы аса бай өңір екенін ескерсек, бұл заңдылық қой деп есептеймін. Қызмет бабы мені территориясы өте үлкен аймақтың барлық аумағына сапар жасатты. Оған таңдаған кәсібімнің де көп ықпал еткенін қосыңыз.

Үш жүздің басын қосқан, татулықтың тал бесігі атанған қарт Ұлытау «менің қойнауымда қанша құпия сыр тұнып жатыр» деп қол бұлғаса, тарихи тұлғаларымен бүкіл қазақ баласына мақтаныш тұтуға боларлық – Ақтоғай ауданы, яғни Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаевтарды өмірге әкелген өңірден, сондай-ақ, өнерлілер мекені – Жаңарқадан жиған-тергендерімді – бәрі-бәрі бір сапардың аясына сыймайтын дүниелерді – әріптестеріммен бірге молынан жазып әкеліп, одан кейін дерек пен дәйектеу үшін облыстық мұрағат пен өлкетану мұражайын жағалайтынмын.

Менің Жезқазған облыстық теледидарында қызмет атқарған кезеңім тарихи ақтаңдақтарды аршып, өткен ата-бабалар аманатын орындау, оның ішінде Ағыбай батырдың, Шортанбай жыраудың республика көлемінде алғаш рет мерейтойларының атап өтілуіне, Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдығы сияқты – Арқа өңіріндегі атақты тұлғаларды ұрпақ жадына оралтуға бағытталған ірі мәдени шаралар атқарылған жылдарға тұспа-тұс келді.

Мектеп қабырғасында жүргенде әдебиет пәні мұғаліміне «Неге С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтардың туған жылы мен қайтыс болған жылы бірдей?» деген сауалыма жауаптан жалтарғаны үшін, ішімнен ренжіп жүретінмін. Кейін ол сұрақтарға жауапты олардың ұрпақтарымен кездесіп, сұхбаттасып таптым. Ата-аналары көріп-бастарынан өткізген сол бір тағдыр тауқыметі жайлы жылап отырып айтқан естеліктерін тыңдап микрофон ұстаған қалпым сыр білдірмей, іштей қосыла жылап отыратынмын.

1994 жылы С.Сейфуллиннің 100 жылдығына арнап, ол жүрген ізбенен, туған жері, қызмет атқарған жерлері, туған-туысқандары, оны зерттеген жазушы-ғалымдар, Омбы мұрағатында кездескен деректерге сүйеніп, «Аққу арлы ақын» атты бірнеше тізбекті хабарлар дайындадым. Содан бастап, үйге хабарласушылар саны көбейіп, мен білмейтін деректер айтып, жол сілтеп, кейбір тың мәліметтерді айтып, бұл тақырыпқа деген қызығушылығымды мүлде арттырды деуіме болады.

Сондай күндердің бірінде Жаңарқа ауданының орталығы – Атасу қалашығында Бейімбет Майлиннің туған қызы – Рәзия апайдың тұратынын естіп, бейнеоператорды ілестіріп, жолға шықтым. Бет пішіні негізі менің әдебиет оқулығында көрген Бейімбет Майлинге шынымен ұқсайтын апай құшағын жая қарсы алды. Біраз әңгімелескесін Рәзия апай сан жылдар қымтап ұстаған көкірегін кернеген жәйттерді, нақ бір дәл қазір көз алдынан өткеріп отырғандай тебіреніп әңгімеледі.

Есін біліп, сонау жердің бір түкпірінен өзі ешқашан атын естімеген – «КАРЛАГ»-қа, ол қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданының территориясында орналасқан, анасы – Гүлжамалды іздеп келгені, жол азабынан гөрі, сол кездегі анасының айдалада қой бағып қиналып жүргенін

көріп егілгені, ана мен баланың араға бірнеше жыл салып жүздесуі, түрме азабы мен жар қайғысы, перзенттеріне деген сағыныштың запыран күйін-осының бәрін Рәзия апай 40 жылдан аса уақыт өткенде тұңғыш рет әкесі жайлы бірінші сұрап іздеп келген журналист маған ақтарыла жайып салған...

Осы хабарды әфирге әзірлеген кезден бастап, енді мен Жезқазған өңіріндегі әрбір үлкен өндіріс орнын, шахта-фабрикаларды, тіпті «қаланың құрылысының өзін сотталғандар салды» деген деректерге назар аударып, зерттеп-зерделеуге тырыстым. Облыстық өлкетану мұражайындағы деректерге сүйенсек, 1954 жылы Степлаг лагерьлер бөлімшелерінде 20 мың 698 сотталғандар болса, соның 16 мың 667-сі ер адам, 4 мың 21-і әйелдер екен. Осының ішінде 34 ұлттың өкілдері бар, ең көбі украиндықтар – 9 мың 596, орыстар – 2 мың 661, қазақтар – 291.

20 жылдан астам уақытқа бас бостандығынан айрылғандардың 14 мың 785-і «Отанына опасыздық жасағаны үшін» деген айыпты арқалағандар. Осылайша Карлагтың, Степлагтың, Алжирдің лагерлерінде қаншама ұлт тұлғаларының жазықсыз жарлары азап шекті десеңізші?!

Сарыарқа даласында жер астындағы шахталар мен кен орындарында ауыр жұмыстан, арқаның аязы мен адам төзгісіз жағдайынан қиналып көз жұмғандардың дәл саны мен олардың қайда жерленгендерін қазір олардың ұрпақтары да, туған-туыстары да біле алмай қиналды, білгендері ақталмаған әке-шешелері жайлы жұмған ауыздарын аша алмаған қалыпта өмір кешті, алдағы күндерден үміт күтті.

Солардың бірі – кезінде ауыл шаруашылығы министрі, бірі танымал дәрігер болған ерлі-зайыпты Мағрифа мен Смағұл Қазбековтардың қызы-Элке апай. Ол кісіні мен Жезқазған қаласында осыдан 20 жыл бұрын іздеп барып, хабарыма жазып алдым. Анасы алдымен – Алжирде отырыпты, кейіннен дәрігер маман екенін ескеріп Балқаш түбіндегі түрмеге ауыстырған, анасының көрген азапты ғұмырын қызы еш боямасыз әңгімелеп беріп еді. Кейіннен Жезқазғанда ол кісілердің атына көше берілді.

Халқымыздың ардақ тұтар тұлғалары – Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермековтардың ұрпақтарын іздеп, оларға қатысты да деректер жинап хабарлар жасаған кезде, Әлімхан Ермековтың қарындасы – Лиза Ермекова ағасы жайлы көптеген мағлұматтарға негізделген тұщымды әңгіме айтты. 1994-1997 жылдары Жезқазған өңірінде туған көрнекті тұлғалардың өмір деректері мен ұлтқа жасаған еңбегі жайлы «Тәбәрік» атты авторлық бағдарламам арқылы осылайша қаншама ақтандақ жылдардың ақиқатын іздедім, қаншама тарихи деректерге кезіктім, қаншама тұлғалардың ұрпақтарымен жүздесу бақытына ие болып, естеліктерін жазып алдым, олардың ел үшін атқарған еңбектері жайлы ұрпақ жадына оралтуға еңбек жасадым.

Астанаға жұмысқа ауысқаннан кейін де, кезінде өзім көтерген тақырыптарға қатысты архив деректерін іздеуден жалыққан емеспін. Елбасының Жарлығымен алғаш рет «31-мамыр – қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» жарияланған тұста әріптестеріммен бірге АЛЖИР музейіне

баруға жолым түсті. Сол күні жауған нөсер алдымызда көрер жолдың өзін көмескілендіріп, арманда кеткен аналарымыздың көз жасындай төкті де тұрды.

Музейді аралап, өзімізге қажетті мәліметтермен танысып қайтар кезде енді ғана ашылған аспан көгінде қалбаңдап ұшып жүрген қарғаларды көзім шалды да бала күнгі таныс сурет, атамның айтқан сол бір сөзі жадымда жаңғырды...

Иә, Сарыарқа даласында қаншама жазықсыз жапа шегіп, тағдыр тауқыметін тартқан жандардың қуғын-сүргінге ұшыраған кезеңінің қайғы-қасіреті, ұрпағына айта алмаған ащы запыраны жатқан шығар-ау!..

ГУЛАГ, СТЕПЛАГ, КАРЛАГ, АЛЖИР – бүгінгі ұрпаққа тек жазалау лагері ретінде таныс, ал оларда отырып алдағы күнге деген жақсылықтан күдерін үзбеген жүздеген, мыңдаған құрбандардың айта алмай кеткен аманаты, ақталмай кеткен үміттері мұражайларда көзі тірі куәгерлердің айтқан естеліктері, тұтынған заттары, көз майын тауысып іздеген тарихшыларымыздың шаң басқан мұрағаттардан тапқан құнды мәліметтері болып тіл қатады.

Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің!

«ЖҰМАДАН ЖҰМАҒА ДЕЙІН»: бізді танымал еткен жылдар

Біз сол кездегі Жезқазған облыстық теледидарының қоғамдық-саяси бағдарламалар дайындайтын бөлімінде жұмыс істедік. Мен теледидарға 1990 жылдың күзінде қайта оралдым. Бөлімде үшеуіміз: Заря Әмірқызы Жұманова ол салт-дәстүрді насихаттайтын «Мирас» телехабарын, Тоғанбай Құлманұлы тікелей эфирде қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеретін «Көкейкестіні», мен жастардың өмірінен «Қамшы» телехабарын аптасына бір рет жүргізетін едік. Ортасында кейбір облыстағы маңызды оқиғаларға арналған бірер хабарларды тақырыбыңа сай келетін болса дайындауыңа тура келеді.

Бір кабинетте отырғасын ба, жоқ, үшеуіміздің шығармашылық ойларымыз ішімізге сыймай тасып бара ма, білмеймін, үнемі біреуіміз жоқ кезде, кейде студент кезіміздегідей үлкен қабырға газетін шығарып іліп, біресе түрлі жанрда әзіл-сықақ жазып тыныш отыра алмаймыз. Көрші редакциядағылар:

– Үнемі неге күліп жатырсындар?» – деп еріксіз кабинетімізге бас сұғатын. Алғашында бас редакторымыз Марат Иманғалиұлы Сандықбаев:

– Бұл не күлкі жұмыс уақытында? – деп айтуға оқталғанмен қабырғадағы газетке үңіліп, ескерту жасау былай қалып, соңына дейін оқып шығып жымып кетіп қалды. Бас редакторымызды былай қойып, төрағаға да еркін қалжың айтатынбыз.

Бірде, алдыңғы жылы ғана теледидарымыздың 30 жылдығын өткізгенде талай сыйлық сағаттарды көргеніміз бар-ды. Содан, біздің кабинетімізде «сағат жоқ» екендігін айтып, төрағамыз Сәбит Жүнісбекұлы Байдалинге 5-6 шумақ өлең жазып, «әзілмен сағат сұрадық».

...Төраға Сәбит Байдалинге!
Төрімізде жалғыз шеге
Мұңайып тұр білеміз.
Бізде соған қарап қойып,
Тілеулес боп жүреміз.

Жалғыз шеге қасіретін,
Төрағамыз ұғар ма?
Сырт-сырт еткен сылқым сағат,
Естен әсте шығар ма?!

Мерей тойда мың сан сағат,
Келгені де есінде,
Сорлы шеге соның бірін,
Құшып жүрер түсінде...

Біз сенеміз, Сәбе, сізден,
«Ғашық сағат» шығарын,
Қасіретті «шеге зарын»,
Жүрегімен ұғарын!

Төрағамыз жастайынан өз еңбегінің арқасында қызмет басқыштарымен көтерілген, шығармашылықты жақсы түсінетін жан ғой.

Біздің «Жалғыз шегенің мұңы» атты өлеңіміз қолына тиісімен қасына орынбасарын ертіп, жырмен жазған өтінішімізге сұраған сағатымызды алып келіп тұрғанда үшеуіміз алғашында қысылып қалдық.

Шындығында, Сәбит ағамыз журналистерді әрқашан қолдап, көтерген тақырыптарымызға қатысты іс-сапарларға жиі жіберіп тұратын. Содан болар, Жезқазған теледидарында жұмыс істеп жүрген кезімізде ол кездегі үлкен облыстың барлық аудан-қалаларына қоса, тарихи тұлғаларға қатысты авторлық бағдарламамның кейіпкерлеріне қатысты басқа облыстарға да барып материал дайындап, архив ақтаруға мүмкіндік жасады.

Ұлы Абайдың ЮНЕСКО көлемінде тойланған 150 жылдық мерейтойына дейін «Ұлытаудан – Шыңғыстауға дейін» телемарафонын ұйымдастырып, қаншама тың мәліметтерге негізделген дүниелерді көрермен назарына ұсынуға да бастамашы болғанын ризашылықпен еске аламын. Басшылық пен әріптестерімнің осындай қолдауының нәтижесінде сол жылдарда 30-дан аса тарихи тұлғаларға арналған телехабарлар дайындап, көрермен назарына ұсынған екенмін.

Енді «Жұмадан жұмаға дейін» телевизиялық клубтың қалыптасу тағдырына оралайын. Бұл біздің үштіктің ең өнімді еңбек еткен жылдары

болып есте қалды десем артық айтқандық болмас. Көпшіліктің көкейінде қалыптасқан пікірге орай атасақ, «бағдарламаның» өміршеңдігі, яғни 5 жылдан аса облыс көлемінде ерекше танымалдыққа ие болуы – тынымсыз еңбек пен ізденістің нәтижесі мен қоса Жезқазған халқының өнер мен мәдениетті, тарихты қадірлеуі мен өресінің биіктігінде екендігін үлкен ілтипатпен жеткізгім келеді. Хабарға қатысушылардың мәдениетінің жоғарылығы мен дүниетанымының кеңдігі тележурналамыздың шырайын кіргізіп, оны дайындайтын біздерді үлкен ізденіске жетелегенін айтпасақ болмайды. Оған әріптесім, жазушы Заря Әмірқызының жылдар белесінен көз салып, айтқан мына пікірлері дәлел бола алады:

– «Жұмадан жұмаға дейін» тележурналы сан түрлі саладан, сан алуан айдарлардан тұратын, таза ұлттық бағыттағы тартымды хабар еді. Үшеуміздің ойлап таппайтынымыз жоқ.

Облыстық мешіттің бас имамы, ұлты тәжік Жақия қажыны хабарымызға шақырып, елге уағыз айтқызып, имандылықты насихаттадық. Жергілікті институттың доценті Ғұзыхан Ақпанбек ағамыз арабша төте жазуды үйрететін. (Бізге ол кісіден асқан ғұлама ғалым жоқтай көрінетін. Кейін қызмет бабымен Алматыға көшіп келгесін де, сол пікіріміздің дұрыстығына көзім жете түсті).

Жезқазған, Ұлытау, Жаңарқа, Ақтоғай өңірі өнер адамдарына бай ғой шіркін! Тасада жүрген талантты жандар қаншама! Іс сапарға шықсақ, барған жерімізден талантты термешілер мен жыршы-жырауларды іздеп тауып, елге таныстырғанша асығатынбыз.

Жастар түгілі ересектердің өздері естен шығара бастаған салт-жоралғыларды жаңғыртамыз деп талпындық...

Қолы шебер зергерлер мен ісмер жандарды, ел ішінде елеусіз жүрген сынықшы, емші, тәуіптерді іздеп аяғымыздан тозатынбыз...

Ұмытыла бастаған ұлттық тағамдарымыздың қалай жасалатынын жас келіншектерге көрсетер жандарды тапсақ, жерден жеті қоян тапқандай қуанатынбыз. Сол хабарды түсіре жүріп, өзіміз де біраз нәрсе үйрендік...

Қаламызға сирек келетін әйгілі тұлғалармен «Апта соңындағы кездесуіміз» бен «Балаларға базарлығымыз» тағы бар...

Қысқаша айтқанда, «Жұмадан жұмаға дейін» деп аталатын осы тележурналымыз ел-жұрт асыға тосып отыратын, қазіргі тілмен айтқанда «рейтингі өте жоғары тележоба» еді».

Заряның сөзін жалғасам, ең алғаш дайын түсіретін жер табылмай, гаражда бастап, оның бір бұрышын өз қалауымызша безендіріп үйдегі барлық студиямызға көрік беретін заттарды тасып әлеміштеп қоятын едік. Үстімізге киген кимімізге дейін қатты көңіл бөлдік. Сол кезде көпшілік көрерменнің біздің хабарымызға деген ынта-ықыласы жоғары болатын. Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Асқар Ермекбаев ағамыз үш жүргізушіге де арнайы ұлттық киім тіккізіп берді.

Бұрын басына орамал тақпайтын Заря ақ жаулығы жарасып, үстіне ұлттық нақыштағы киімімен үлбіреп шыға келгенде көрерменнің көзін

сүріндіргені анық. Тоғанбай қажы шапанын иығына жауып, оюлы тақиясын киді, менің басымда ұлттық бөрік, сөйтіп, хабардың табиғатына сай көркем мінез, жарасты киіммен тартымды жүргіздік. Оны бізге көремендердің өздері айтып сендіретін. Қазақ: «халық айтса, қалт айтпайды» деуші еді...

Әйтсе де, үштің шетіне сызат түспей қалмады. Оны кейінірек Тоғанбай қажы Меккеден келген соң, өзі ара-тұра сөз етіп қоятын. Бірақ, тым ашылмады. Ол сол жұмбақ күйі қалды.

– Дегенмен, менің студиядағы қыруар жұмысты тастап, жүзеге асып үлгермеген жобаларды игерместен қалдырып 1992 жылдың соңында Жезқазған мыс қорыту зауытына қайта оралуымның көптеген себептері болды, бірақ оны қазбалаудың қажеті шамалы. Ең бастысы көремен көзінен таса еткен жоқ, сәлеміміз түзу қалпында қалды, – деп қажының қысқа қайырған кездері де болды.

– Содан бір қатары жаңаша ойлармен елге пайдаңыз тисе дұрыс болар еді дегенді жиі айтатын. Мұнда еркіндік тамыр таныс жеткілікті ғой. Кейбірі тамашалап аяқ асты мұнда келуімді білмек болады. Көпшілігі адал көңіл, ақ пейілімен зауытқа арнайы іздеп келіп, ұзақ сонар әңгіме құрар еді... Ол да бір өзіндік «бір кем дүние болатын».

Содан маған: «Меккеге қажылыққа барыңыз, елге насихат айтыңыз, тарихи жайларды зерттеңізші, біздің өлке, ата-бабалар жайлы мәлімет жаққа тән, осы бір сала ақсап тұр», дегенді жиі қозғаушы еді.

Мен еріксіз ойландым, ақыры солай болды да, үміттерін қаншалық ақтай алдым, оған уақыттың өзі төреші...

Қалай дегенде Тоғанбай қажының қолының желі бар адам ғой, біздің хабар жайлы, біз жайлы жазбай тұра алмады. Бірге парақтайық.

- Көремендердің түйсігінде не тұнғанын қайдам, айтқан тілектерінің қаншалық шындыққа жанасатынын саралаудың да не қажеті бар? Әйтсе де, Бидаш апамның көкірегіндегі түйткілі Базаркүл өлеңінде өңделіп, түрленіп, былайша өрнектеледі. Онда көп сырдың түйткілі қылаң береді. Әсіресе, мына алдыңғы кіріспе, сірә, апамның термелеткені болар?

Бұрын:

«Көкейкестіні» эфирде тірідей айтады,
Үйіне іші босап қайтады...

Ертеңіне:

«Жұмадан жұмаға дейінге» ұйтқы болып,
Еліне шарифат айтады... –

деп аңыз қылатын Тоқанды жамиғат жабыла іздеп шарқ ұрды, – дей келіп:

Көкейді тескен сауалдан,
Құтыламын деп шештің бе?
«Жұтам – деп – таза ауадан»,
Мыс зауыт жаққа көштің бе?

«Үшеулеп» құрған кірпіштің,

Сыналап ашып арасын.
«Жұманы» жасқа жеткізбей,
Артыңа тастап барасың...

Ағасы болып «Жұманың»,
Жаныңда жайнап қос қызың,
Халқыңа талай ұнадың,
Тағатсыз әркез тосқыздың.

Оралтып дін мен «Парызды»,
Қалмасын деуші ең кенжелеп,
Бір күнде жаздың арызды,
Білмейміз болды не себеп?

Бәрі де қалды, бәрі де...
Аң-таң боп жұртың қарайды.
Сенбей-ақ жүрміз әлі де,
Аман-сау жүрсең жарайды!

Заря Жұманова мен Базаркүл екеуінің «Үшеулеп» құрған кірпіштің, Сыналап ашып арасын» деуі орынды. Көпшіліктің көзайымына айналған бұл телебағдарламаны ашу да, жүргізу де, жетілдіру де оңайға түспегені аян. Әлі де Кеңестік тұншықтыру саясатынан арыла алмағандар үшін ұлттық нақыштағы хабарды қабылдай алмауы заңдылық. Ең ақыры үстіміздегі ұлттық киім, үлбірден қос қыздың тізіліп отырып сызылтып әңгіме шертуі де жүйкесіне тигендердің қысым жасағаны хақ.

Сол кезде ғой ақылшымыз Бидаш апамның сабырға шақырып, қолынан келген демеушілігін де аямаған кезі. Көненің көзін көргендердің әңгімесінен мысалдар келтіре отырып, тәрбиенің сан алуан қырынан өнегелі өсиет айтушы еді. Шариғи әңгімелерді қазақи ұғымға сәйкестендіріп баяндаудың небір үлгілерін ұсынды. Еңсемізді көтеріп, көтеріңкі көңіл сыйлай білді. Ондай сәттерді де Базаркүл жүрек жарды өлеңіне өзек еткені бар-ды.

Күнтізбенің ауысып төрт парағы,
Қасиетті күндерге кеп қалады.
Әуезді әуен шымырлатып бойыңды,
Ұлттық намыс шамырқантып ойыңды,
Жұма» осылай есігінді қағады.

«Мұсылмандық парызыңды еске алып,
Сонау тарих тылсымдарын еске алып,
Әнші-күйші, ақын, тәуіп...келгендер,
Өтеп жатыр парыздарын атқарып.

Қолөнерші, он саусағы майысқан,
Қамшы өріп, шідер жасар қайыстан.

Дәмді тағам әзірлеуге үйретіп,
Әр шаңырақ дастарқанын жайысқан.

«Жұма» бүгін жасқа толды ағайын!
Елеңдетіп тосқызатын баршаны.

Асығыңдар!

«Тұсау кесер» рәсімі –

Жаңа жылдың қарсаңы!

Мен бұл өлеңдерді жеке мұрағатымда сақтасам да болар еді. Бірақ онда тұнып тұрған сыр бар. «Жұмадан жұмаға дейінгі» хабардың тағдыры бар. Біз басымыздан өткерген ыстық-суық жан азабымыз бар. Бұл хабарды ортамызға келіп жүргізуге талаптанған көптеген әріптестеріміз де болды. Шығармашылық топтың қаншасы ауыс-түйіске ұшырады. Бірақ негізгі дінгек өлеңде айтылатын үштік болып қала берді. Сондай кездерде бір-бірімізге сүйеу болғанымыз, қалжыңға жеңгізіп, өлеңге мұң шаққанымыз да бүгінде тым ыстық.

Заряның бойында жүрекке дем бере білетін, адам жанына қозғау сала аларлық ерекше қасиет бар-ды. Біз, режисеріміз Гүлнаш бастаған шығармашылық топ бірге мұнайдық, бірге қуандық.

Мұнайма, қажы мұнайма,
Ден қойған жансың құдайға!
«Жұмаға» жүрсің жан беріп,
Осының жұртқа ұнай ма?!

«Ескілер» ертең кетеді,
Өмірің өксіп өтеді.
Архивте қалсақ, арман не,
Біздерге сол да жетеді...

Дүниеге келді немерең,
Бақытты жан ең не деген?!
Қызметтен қысқан бұл тағдыр,
Жан бастан қысса нетер ең?!

Өмірде сыйдан сын басым,
Бақ тайып сағың сынбасын.
Жаңа жыл бақыт сыйласын,
Берерін Алла тыймасын!!!

Біз сөйтіп жүріп шыңдалдық, қанаттандық. Бүгінде Заря республикамызға белгілі, әдебиет сүйер қауымға кеңінен танымал ақын, жазушы, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, «Жұлдыз» журналының бөлім меңгерушісі. Базаркүл болса, «Қазақстан РТРК»АҚ, «Астана» радиосының бас редакторы болып 16 жыл қызмет атқарды, «Қазақ радиосының үздігі» медалінің иегері, ҚР Ақпарат саласының үздігі,

«Қазақстанның үздік редакторы» төсбелгісімен марапатталған. Бүгінде ақпарат-танымдық «Qazir.kz» интернет порталының бас редакторы.

Қазір ойлап отырсам, біз сонау жылдардың өзінде рухани жаңғыру бағытында уақыттың алдын орауға талпыныс жасаған екенбіз. Елбасының жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жобасы елім, жерім деген әрбір қазақстандықтың тебірене ойланатын қасиетті борышы деп білетін біз сонау жылдары-ақ оны жүзеге асыруға ірге тас қалаған екенбіз.

Сөз бен істе алшақтық болмай, жүрек қалауымен атқаруға талпынысымыздың уақыттан озып, Жезқазған жұртшылығы есінде жылдары бойы жүрерлік игі қадам жасағанымыз мақсатымыздың биік, халық алдындағы ар мен абыройымыздың таза болғандығы деп ұқтым.

Ойлап отырсам, Жолдаудың тек қазақ тілінде ғана жариялануының өзінде зор мән бар екен. Туған жердің топырағын басып, кәусар ауасын жұтып, мөлдір таза суынан ішіп жүрген әр қазақстандыққа да бұл үлкен ой салса керек. «Мен өткен өмірімде Қазақстанға, туған жеріме қандай игі іс істедім?», – деп атқарған ісіне баға беретін кезіміз келді.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, атқарған ісіміздің жаңғырығы ұрпаққа өнеге-үлгі болуы заңдылық екен. Сонау Құтты білек, Әл-Фараби, Кетбұға абыз, Абай тағылымдарында рухани құндылыққа үлкен мән беруі осыны көрсетеді. Замандастарым, біле білгенге: «рухани құндылыққа лайық қадам жасауға талпындық па?» дегенді бір-бірімізге жиі қойып, жауапкершілік жүгін ауырлата түсу әркімге абыройлы міндет!

Біз, нақ сол тұста анақ көзіміз жетпесе де, көңіліміз бен ниетіміздің адалдығын танытуға күш салғанымызды көпшілік мақұл көріпті, қолдағаны да содан болса керек. Мұны араға жылдар салып, өткенге парасат көзімен ой жүгірткен тұсымда, «Ұлытаудың нұр дидары» кітабымның парақшасынан тауып, шүкіршілік етіп отырмын.

«Теледидардың адында тұрған кезекті бір міндет – рухани жан дүниенің кілтін ашу болды», – деп батыл жазыппын. Соған шүкіршілік еттім. Бірлесіп тындырған ісімізде адамдық парызды орындауға ұмтылған талпынысты көріп жаным қуанды. Сіздер де көз сала отырыңыздар.

«Кейінгі жылдар санаға соны леп әкелді, егемендік салт-дәстүр, ана тіл мәселесі бой көтере бастады. Бұрын айына бірлі-екілі шығып тұратын, кезінде көрермен арасында аса қызығушылық тудырған «Сарыарқа кештері», «Қамажай», «Қамшы», «Шаңырақ» әйелдер клубы, «Мирас» т.б. (режиссерлері Төлеу Әлімбаева, Сара Ысқақова, Әсия Айдарханова т.б.) хабарларға сұраныс көбейе түсті. Бірақ, сол кездің талабы байынша олардың жиілігін көбейту мүмкін емес-ті. Рұқсат еткенде де үлгере алмас еді. Тақырып ауқымы кеңейеді, талғам да күшейеді. Айтқандай-ақ, сазгер Ахмедия Есмұханов «Шаңырақ» әйелдер клубына арнап арнайы ән жазған болатын. Міне, бұл ілтипат емей не?

Осы тұста әлгі хабарлардың жетілдірілген, түрлентіп дамытылған соны түрі – «Жұмадан жұмаға дейін» (кейінірек «Жұма») хабары өмірге жолдама алды. Бұл бірнеше тақырыпты камтыған, апта сайын жұма күні көрермендермен тұрақты жүздесетін ауқымды шығармашылық дүние болды. Көрермен аса жылы қабылдады.

Шығармашылық құрамына біздің жүргізушілер Базаркүл Үмбетова, Заря Жұмановадан *(біздің қатарымызда бір қатар талантты жандар хабар жүргізді, бірақ негізгі құрам аса өзгеріске ұшыраған жоқ-ты)* өзге, Гүлнәш Қошанова, Сара Ысқақова, Айгүл Нүркеева, Айнұр Өтебаева режиссерлік етті. Бауыржан Бірманов, Нұрболат Құлманов, Мақсұт Сарыбаев, Сергей Майковичтардың бейнематериалдары, студиядағы стационарлық телекамераларда түсіретін телеоператорлар Марат Абдулқанов, Василий Галак, инженер техниктер Алексей Коуль, Надежда Салимова, суретшілеріміз Төлеу Ахметов, Абдолла Тұрысбеков, әсіресе техникалық мүмкіндікті барынша пайдалануда бас инженер Махмут Сексенбаевтың табиғи таланты мен біліктілігі көп септігін тигізді. Біздің хабардың теледидар экранында ұлттық нақышпен ерекшеленуі де Мақсұт Сексенбаев пен телеорталық директоры Валентина Ивановна Черницынаның арқасында жүзеге асты. Бізге қоғамдық ұйымдар да қол ұшын созды, демеушілік жасауды жүзеге асырды. Мәселен, Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының сол тұстағы төрағасы Асқар Ермекбаевтің тікелей жәрдемдесуімен жүргізушілерге бірінғай ұлттық үлгіде тігілген киім әзірленді. Уақыт өткен сайын «Жұмадан жұмаға дейін» хабарына тілектестігін білдірген демеушілер қатары молая түсті.

Хабардың мерей тойларында Жезқазған облтелерадиокомитетінің төрағасы Сәбит Байдалин талай мәрте жоғары баға бергені көрермендер есінде. Бес жыл ішінде біздің хабарға қатыспаған жан кемде-кем шығар, сырттан келген меймандар, ғалым, дін иелері, ақын-жазушы, т.б. біздің тұрақты қонақтарымыз еді. Қазіргі «Дидар» теледидар дирекциясының директоры Базарбай Әлеухан да кезінде бізде өлең оқып, қуанышымызды бөліскен жандардың бірі болған-ды. Облыстық мешіттің бас имамы Жақия қажы Исмайылов «Құранның математикалық құпиясы» кітабын жазған ғалым Ғұзыхан Ақпанбек есімі де біздің хабарда дінді насихаттау, араб тілі сабағын, төтенше жазуды үйретуімен ерекшеленгені мәлім. Ғұзекен талантын танытуда теледидардың елеулі рөл атқарғанын ешкім жоққа шығармас. Сол сияқты қарапайым жандар тұрмақ, зиялы қауымның көкірек көзін ашуда Ғұзекен талдаған тақырыптардың орны ерекше.

Кейіннен бұл хабарға Бекзат Алтынбеков, Жүрсінбек Байнияз, марқұм Мақсұт Төлешұлы Дүйсеков ат салысты. Әуелде теледидарға диктор болып орналасқан Жүрсінбек Байнияз облтелерадиокомитет төрағасы орынбасары қызметіне дейін жоғарылады. Бекзат Алтынбеков киелі жер, алаштың ардақтылары өмірге келген Ақтоғайда өмірге келген, шығармашылық та да өзіндік өрнегі бар жігіт. Кейіннен облыс тарағасын елден бұрын кәсіпкерлікке бет бұрып, алдымен көлік колледжін, одан оны дамытып

жоғары оқу орнын ашып, сан талантты жастарға өз қаржысымен стипендия тағайындап елдің құрметіне бөленді. Облыстық мәслихаттың депутаты, республикаға белгілі меценат, «Алтын жүрек» сыйлығының иегері, егер санамалай берсең елімізде оның демеушілігін көрген жандар мен маңызды оқиғаларды тауыса алмассың. Қашан көрсең де жарқырап алдыңнан шығады.

Ал Мақсұт Төлешұлы жаны жайсаң, табиғаты нәзік ақын еді, марқұм. Оның тілі сатираға бейім-тін. Аз уақыт ішінде әзіл-сықақ «Телебектің телескобы» деген телеқойылымға әзірленіп жүрген-ді. Жергілікті басылымдарда кейбір шағын әзіл, сын мақалалары жарық көре бастағанды. Соңында бірқыдыру «сценарийы» қалды, толымды ойлары, алысқа самғайтын армандары жүзеге асырылмай қалды. Арманы көп асыл азаматтың ғұмыры тосын жайдан күрт үзіліп, өмірден тым ерте кетті. Оны тұстары, достары, алыс-жақын сыйластары ұмытқан жоқ. Өткен жылы Мақсұттың егер өмірде болса 50 жасқа келер еді деп егіле жазған досы Серікқали Мұқашевтың «Айқын» газетіндегі естелік әңгімесін кітап бетіне қосқанды жөн деп санадым.

Тау баласы тауға қарап өседі!

ТАУҒА АЙНАЛҒАН ТАУ ҰЛЫ

Ол өзін «Тау ұлымын» деуші еді. Жай ғана емес, ерекше мақтаныш сезіммен айтатын. Десе, дегендей-ақ, Ұлытаудай киелі мекенде дүниеге келіп, биік мақсаттарға қол созған текті ұланның арманшыл аты да, өршіл болмысты заты да соған сай болатын. Өзі сол таудай асқар да асқақ еді, сырбаз да салмақты еді, көрікті де көркем еді, мәрт те мінезді еді.

Сол аласармаған асқақ қалпында тауға айналған ол қойнауынан қазынасын да толық ақтара алмастан, жайнаған жиырма сегізінші ғана маусымында қол жетпес көкке қарай мұнартып кете барған. Ал егер жер басып жүрсе, дәл бүгін ол ердің жасына келер еді...

Арамыздағы алтын қол. Жеңіл қоңыр күрте-шалбар киген, қылдай кара галстук такқан, өзім сияқты дударбас, қою қастары әдемі түйіскен, жібек мұртты, жұқалтаң жүзді жезқазғандық жігіт Мақсұт Дүйсековпен түп-тура оқуға түскен 1988-дің 3 тамызы күні танысып едім. Дударбас демекші, кейіннен «Сенің бұйраң өзіндікі болса, менің бұйрам өкіметтікі болатын» – деп, балаша мәз болатыны бар-ды.

Ақ адал көңілдеріміз бен ақжарма тілектеріміз тығыз тоқайласып, алғашқы күндерден-ақ бір-бірімізге етене бауыр басып кеттік.

Өзі мектепті тәмамдаған жылы КазПИ-ге барып, бағын сәтсіздеу сынап, еліне оралғасын, арман еткен журналистік жолын аудандық «Ұлытау өңірі» газетінде әскерге кеткенге дейін бастап қойыпты. КазГУ-дің журфағын да бір дипломатқа нығыздай толтырған мақаласымен келіп, «жаулаған».

Жинақтаған тәжірибесімен-ақ жазуға жүйрік журналист болып үлгергендігін айтпағанда, қолтаңбасы қалыптасқан ақындығы мен жазушылығы, оның ішінде әзіл-сықаққа жақындығы, суретшілігі мен әншілігі, қала берді, өзі әзілдеп: «алтын ғой менің қолдарым» деп, сүйіп-сүйіп қоятын қолдарының небір шаруаға ептілігі оны ортамызда әрдайым дараландырып тұрар еді.

Мақсұттан өз жасым кішірек болса да, екі-үш иткөйлекті бұрын тоздырғандықтарын «пайдаланып», оның есімін еркелете атайтын Бауыржан Ғұбайдуллин, Ермахан Әбдіраманов, Ғабит Мүсірепов сынды ересектеу мықтыларға еліктеп, курстағы көпшілігіміз оны Мақай деп кеткенбіз.

Отаншыл да бауырмал болмыс. Әр адам туған жеріне кіндігімен байланған десек те, ұлар құсы шулаған Ұлытауын үнемі аузынан тастамай, ұлықтап отыратын Мақсұттың өз атамекеніне деген құштарлығы айрықша болатын. Бала күнінен туған өлкенің тылсым сырын білуге құмартыпты. Тіпті, зерек ұл таңбалы тастардың бетіндегі бедерлерді қағазға айнытпай түсіріп, ұлттық археологияның негізін қалаушы Әлкей Марғұланға жолдап, атақты ғалым ақсақалдан тиісті тапсырма да алған.

Бірге өскен аттас жан досы Мақсұт Ахметовтың айтуынша, ғалымның нұсқауымен елінің тарихына тереңдеп бойлай түскен ол өзінің шығармашылыққа етене жақындығымен: «Ұлытауда тарихи кинолар түсіріп, оның сұлулығын әлемге қалайда паш етемін!» деп, бекініп жүреді екен.

Сол арманының бір ұшқыны болар, «Қасиетті Ұлытаудан шыққан үш ұлы журналист бармыз: олар – Баубек Бұлқышев, Камал Смайылов және мен – Мақсұт Дүйсеков!» – дер еді курстастарына әзіл-шыны аралас.

Расында да, Мақайдың арқасында бұл өңірден шыққан мықтылардың барлығын жатқа білетін жағдайға да жетіп едік. Әуелі студент шағында Елбасыға хат жолдап, өзінің талап, еңбек, терең ойымен білімнің де, бизнестің де шыңын бағындырған жерлесі Марғұлан Сейсембаевты ең алғаш баспасөз бетіне жақұттай жарқ еткізіп шағарған да Мақсұт Дүйсеков болатын.

Сөйтіп ол қазақтың ардақты бір Марғұланынан бала жасынан-ақ тәлімді бағдар алса, тағы бір талантты Марғұланының атағын ақпарат айдынында алғаш рет айшықтап еді.

Ал енді жерлестері мен елдегі достары дегенде бауырмал достың тіпті де шығарда жаны бөлек. Жезқазғандық азаматтардың барлығы – ағайыны, қыз біткені – қарындасы болып шыға келетін. Әуелі өзімізден төменгі курста оқыған дарынды қаламгер Аманбек Сүлейменов пен жарық жұлдыздай жарқ етіп, өте шыққан өнерлі қарындасымыз Алтынай Байтоқановаға ерекше қамқор болып жүретіндігінен, оларды жақын тусқандары екен деп те қалғанбыз. Оның осы сырын жете меңгерген «өнертапқыш» қулар жатақханаға таксофонмен хабарласып, КазПИ-де оқитын кластас жан досы Мәуленді «милицияға түсіріп», тып-тыныш ұйқыда жатқан жаны жомарт, жүрегі жұмсақ Мақайға түн ішінде шарқ ұрғызып, ақша таптырып, КазМУ-

дің түбіндегі таксопарктың түнімен істейтін асханасына «жолдама» алғандары бар.

Мәрт мінез. Бөлмедегі темір керуеттің арқалығына алты күн ғана асылып алып, бұлшық етінің бұлтиғанын өлшеп, мәз болып жүретін балакөңіл Мақайдың табиғи бекзаттығымен қоса, кірпияз кінәздігі де бір бөлек-тін. Содан да болар, үнемі тап-тұйнақтай жүретін оны «әжетханаға да галстук тағып барасың» деп, құрдастардың қылжақ қылатындары да бар еді.

Әшейінде әзілдің түбін түсіретін жүзі жарқын, мінезі жайдары Мақсұттың кейде болмашы нәрсеге аяқастынан мұрны делдиіп, мұрты едірейе, қабағы түксие қалып, шарт та шұрт болатыны да өзіне жарасымды еді-ау. Бірақ артынша өзіне тән риясыз бір күлкісімен бар ашуын ақылға жеңдіре қоюы да жылдам болатын.

Соған қарамастан, әділетсіздік атаулыға қаны қас, тұла бойы тұнған намыс-ты. Ал сөзге беріктігі одан да бетер.

Сонау студенттік ашқұрсақ күндердің бірінде әлдеқайдан «батпан құйрық» кездесіп, тегін ресторанға жолымыз бола қалған.

Жинала қалып, жігіттер болып өзіміз ғана барайық деп, өзімізше «бақай есептік» жоспар құрып жатқанда, ол бір қарындасты шақыра қойыпты. Оған біздің жан-жақтан жатып кеп қарсылық білдіргенімізге: «Мен қызға (!) сөз беріп қойдым!» деп, табандап тұрып алғаны бар.

Періште де қалғи ма? Бірде әзілқой досымызды көз алдымызда періштесінің анық қаққаны есте. Жатақханада өзбектің көк шапанын киіп алып, «мен енді нағыз пірәдар болдым» деп, қалжындап отырған Мақайдың бөлмесінде үш-төртеуіміз шұрқырасып отыр едік. Көрші қыздардың бірі келіп, өздерінің электр розеткасы істемейтінін айтып, шай қайнатып алуға рұқсат сұраған.

Келісім алған қыз шәйнегін әкелгенше, өз бөлмесінің де бір розеткасында ток жоқ екеніне нық сенімді Мақай аяқастынан үйреншікті «фокусын» ойластыра қойды...

Әр қимылына «қисынды» комментарий жасай отырып, «шаруасы біткен» шнурдың вилкасын розеткаға қосып қойып, шәйнекке жалғанатын ұшындағы жалаңаш сымдардың бірін құлағына тығып, енді біреуін аузына апара бергенде, шыңғырып жіберген қыз онысына үзілді-кесілді қарсы болды.

Ақыры, қарындастың қарсылығына зорға көнсе де, оның бөлмеде ұзағырақ бөгеле тұрғанын қалады ма, «фокусын» әдейі жалғастырып, тогы жоқ сымдарды шәйнекке жорта қосып қойды. Артынша, шайы түскір... ызындап сала бергенде, Мақайымыздың көздері атыздай болған.

Өттең деймін, сол жолы жазатайым жазымнан қорғап қалған періштесі кейінгі бір жаздың кешінде сәл сәтке қалғып кетті ме екен?..

Берік тұғыр. Мақсұт алғашқы курстардан-ақ, «Өркен», «Ақжелкен», «Алматы ақшамы» сияқты белді басылымдарда еңбекке араласып, Алтынбек Сәрсенбайұлы, Фариза Оңғарсынова, Ерғали Сағат сынды марқасқа майталмандардың мықты-мықты мектептерінен өтті.

Өзі таңдаған «Тауұлы» деген лақап атымен мамандығына мық шегедей мығымдала түсіп, университет қабырғасында жүріп-ақ Журналистер одағының мүшелігіне қабылданып, оқудағы озық үлгерімімен аға басылым «Егемен Қазақстанның» тұңғыш стипендиаты атанған да Мақсұт Төлешұлы болатын.

Осылайша, орталықтағы кәсіби тұғыры берік қалыптаса бастағандығына карамастан, оқуды бітіргесін көп бөгелместен, атының басын ауылына бұрған.

Өзімен жақын сырлас болған досымыз Бақытжан Советұлының айтуынша, Мақсұт иманды болғыр Алма Қыраубаева апайымызды өзінің Іңкәр анасына қатты ұқсатқан көрінеді. Апайдың сабағына да бар ынтасын қойып, үзбей қатысыпты. Өйткені өзі алты ағайынды ұл-қыздың ішінде ұлдан кенже болып, әкеден ерте айрылғандығынан да шығар, үнемі анасын ойлап, алаңдап жүреді екен. Бәлкім, туған жерге оралуға бүйрегiнiң үнемі бұрып тұрғандығының себебі де осында жатқан шығар.

Елге оралғасын Жезқазған облыстық «Дидар» телеарнасының редакторы болып, көрерменнің көңіліне жол тауып, ыстық ықыласына бөленген «Жұма» хабарының белді бір мүшесіне айналған.

Осындағы бас-аяғы бір жылдың ішінде-ақ еңбекқор тележурналист елді имандылыққа шақырып, экологиялық жағдайды жақсартуға, ауыл өмірінің әлеуметтік ахуалын оңдауға бағытталған өзекті де өткір тақырыптарымен өзінің дарынды, қаламының қарымды екенін әріптестеріне де, көрермендерге де мойындатып үлгеріп еді.

Қоштасу. «Жұлдыздай» жұлқынып алға шықпаса да, Мақайымыз жиын-той мен басқосуларда Құдай берген өнерін ортаға салудан еш тартынбайтын. Гитарамен ән салып, жалындатып жыр оқып, әдемі әзіл-сықағымен күміс күлкіге көміп тастар еді. Сырлас достардың арасында өзінің сезімтал нәзік жанына тұнған ішкі жан сырын да ақтарар болатын. Онысын жүрегiнiң түкпірінен шыққан әніне қосып:

Алмалы бақта ай туған шақта
Келер деп саған сенгенмін.
Сағатым соқса, жүрегім қоса
Шертеді сезім пернесін.

Кінәні саған қоя алмадым,
Күтсем де көп түн сағына.
Мен қарауыл бола алмадым
Алматының бағына –

деп, майда қоңыр үнімен шабыттана шырқап берер еді.

Десек те, еліне соңғы рет аттанарынан сәл бұрын куртас бір досымыздың үйлену тойында электрлі гитараны қолына алып, жүзі ерекше нұрланып тұрып, «Қалқатаймен қоштасу» деген әсерлі бір әнді әдеттегісінен өзгеше бір сезіммен әуелете салғаны есте. Сонда өзі «бағына қарауыл бола

алмаған» Алматысымен де, жанында жүрген барлық дос-жарандарымен де мәңгілікке қоштасып тұрғандығын аңғармаппыз-ау....

Келместің мініп кемесіне... Талай рет куә болғанымыздай, Мақсұт суда тамаша жүзетін. Дәл сол күні ол апта сайынғы жұмысын ағайынның амандығына, бауырдың бүтіндігіне, елдің бірлігіне арнайтын хабарын эфирге әзірлеп болып, көрермендермен қимай қоштасқан соң, бірнеше әріптесімен бірге жаздың аптап ыстығынан бой сергітіп, суда жүзіп қайту үшін қала сыртындағы Кеңгір су қоймасының маңына бет түзейді...

Сол бір қайғылы хабардан қабырғамыз қайысқан шақта телеарнада Мақсұтпен әріптес болған белгілі журналист Базаркүл Үмбетова қарындасымыздың толғанысы баршамызды еңірете егілдіріп еді:

«Ең соңғы хабарыңды «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп, ұлы Абайдың сөзімен бастағаныңда, сол сөзді аузыңа Жаратушы ием салды ма екен? Әшейінде жарқылдап отыратын жүзің де мұндылау кейіпке енгенін қалайша сезбедік біз? Сен бізбен хабар арқылы ғана қоштасып едің ғой. Хабардың шымылдығын ғана емес, мына пәни жалғанның есігін мәңгілікке жауып кетеріңді сезіппіз бе?

Өз алдыңа түгін түтетіп, шаңырақ көтеріп үлгермесең де, артыңда із болып қалар перзентің болмаса да, жарындай аялап, сәбиіңдей өбектеген, ақ қағазға өрнектеген, әзіл шақырып отырып ойлантатын әңгімелерің, Жер-Ананың мұңын, жаралы табиғаттың сырын арқау етіп, көпшілікті толғантқан хабарың, жұма сайын көрерменді ізгілікке, имандылыққа үндеп, жарқ еткен жанарың сан көңілде жатталып қалған шығар-ау.

Сонау Алатаудың баурайынан анаңның жанына жалау боламын деп, Ұлытауға оралып едің. Кемшілікке жаның төзбей, ана тілімізге, салт-дәстүр мен дінімізге қамқоршы боламын деп, қаламмен қайрат қылармын деп шарқ ұрдың. Амал қанша? Өзіңе өмір сыйлап, жарық дүниеге әкелген анаңның құшағынан айырып, Жер-Ана сені құшағына алды, Ұлытау бабаң бауырына салды сені, Мақсұт.

Арманың қандай көп еді. «Өмір – өзен» демекші, өзенге ажал емес, арман шақырған шығар сені. Арманыңның алыс жағалауына жүзіп жетемін дедің бе екен, арамызға қайта оралмасыңды сездің бе екен, қайран бауырымыз»...

...Соңғы сәтінде жанында болған жолдастарының бірі оның суға шомылатын шолақ шалбарының желкендей желбіреп тұрғанын айтып, қалжыңдапты. Сонда су бетіне ойлана көз тастап тұрған ол: «Жай желкен емес, алыс сапарға аттанатын кемеңің желкені!» – деп, әзілдепті.

Бұл оның қапылыстан кеп қалған келместің кемесіне мінерін сезгендей айтқан ақтық сөзі екенін кім білді екен?...

Ұлытау сілемдерінен бастау алатын Қаракенгір өзенінің бұлқынған асау ағысына сол кемемен қасарыса қарсы жүзе, өз тауының ұшар биігіне

көтеріліп кеткен Тау ұлы болса, бұл күнде мәңгілік мекенінен біздер жаққа жымыя қарап тұрған болар...

«Айқын»,
6 қазан 2017 жыл

Адам Ата (ғ.с.) жұма күні жаратылды

АРАЙЛАП АТҚАН КҮНДЕРДІҢ ЕҢ ҚАЙЫРЛЫСЫ – ЖҰМА

«Жұма» ақпараттық-танымдық теле клубы – бес жыл ұдайы эфирден түспеген өміршең хабар болды. Жыл сайын туған күнін көрерменін катыстырып атап, мерекеге ұластыра білуі де жарасымды-тын.

Хабар жеті бөлім, яғни жеті беттен тұратын. Алғашқы бисмилласы -дін мәселесі, одан соң, араб қаріпі – төте жазу сабағы. Сабақты жүргізген Жезқазған университетінің сызба геометрия және сызу кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Ғұзыхан Ақпанбек. «Жұмадағы жүздесу» айдары – белгілі ғалым, қоғам қайраткерлері, әкімдер, т.т. арналды. «Таным», «Тәлім», «Балаларға базарлық», «Өнерге ғашық жүрекпен» айдарларына қолөнер шеберлері, әнші-күйші, ақындарға арналып, шығармашылығы насихатталды, сондай-ақ, ғылым-білім, ас әзірлеу т.б. салаларды қамтыды. Бір сағаттық хабар көрерменін әсте жалықтырған емес. Жалт етіп көрініп, елді елең еткізген тың бағыттағы соны хабарға сұраныс, талап, талғам көбейді. Тақырыпты көрермендер өздері ұсынатын, ондай студиямыз тарихында болмаған жай. Бұл тележурнал таза ұлттық болмысымен көпшілікті тарта білді.

«Жұма» хабарының мерекелік санына бірыңғай «Жұма» есіміне қатысы бар азаматтарды шақырғанымыз есімде: Жұмағали Жөкейұлы, Жұмамәди Ибаділдәулы, Жұмабек Аманов, Жұмакелді Әкімбаев.

Қазақтың діні мен ділі, тілі мен өнер-ілімі жайлы біраз сыр толғаған, мәселе көтере білген хабар, өкінішке орай Жезқазған облысы тараған соң жабылып қалды. Бірақ, көрермендер оны көңілінен өшірген жоқ. Ол туралы «Сарыарқа» газетіне «Тәрбие тәртіп дінде тұр», «Жұмадан жұмаға хабары керек», «Қазақ – діншіл халық», «Күмән келтіру әбестік», «Көкейде жүрген жай еді», т.б. көптеген мақалалар жазған көрермендер теледидар басшыларына өтініш-арызын карша боратып жатты. Бірақ, оны керек еткен жан болмады». (Т.Құлманұлы, «Ұлытаудың нұр дидары», Жезқазған, «ЖезУ» ЖАҚ баспасы, 2002 жыл, 63-65 беттер)

Мұның бәрі «сонау алыста қалған жылдардың жаңғырығы еді» деп қоя салуға да болар еді, бірақ, таяуда Жезқазған жақтан жеткен бір газет қиындылары көңіл-күйді ала-құйын етіп, сағыныш-аңсау сезімдерін тірілтіп кеткендей әсер қалдырды. Еріксіз өткен шаққа мойын бұрғызып, көңіл селін арнасынан шығарып жібергендей әсер қалдырды. Сол себепті мына бір жерлестеріміздің көңіл серпінін, естелік мақаласын көпшілік назарына ұсынуды шештік.

...Осы жылғы «Сарыарқа» газетінің 2018 жылдың 12-сәуірінде жарияланған мақала «Суреттен сабақталған сыр» деп аталыпты.

«...Бірде, Жезқазған-Ұлытау өңіріне танымал дәстүрлі әнші Дәрігүл Алдажанованың фейсбук парақшасынан оның ертеректе ұлттық киіммен түсірілген суретін көріп қалдым. Анықтаңқырап қарасам, суретті түсірген марқұм Кәмілбек Бәкір ағамыз екен. Сурет «фотоэтиюд» айдарымен «Арқа аруы» деген тақырыппен жарияланыпты. Содан Дәрігүлмен хабарластым. Сөйтсем, ол біздің «Сарыарқаның» құрдасы болып шықты. Дәрігүл «Газеттеріңіздің менен түп-тура төрт ай үлкендігі бар» деп күледі. Содан арнайы кездесуге, сурет туралы нақтырақ сөйлесуге пәтуаластық.

– Бұл 1992 жылдың жазы. Бірақ, жазғы демалыс кезінде Жезді аудандық «Көкейкесті» анамблінің құрамында уақытша жұмысқа тұрып, ән салып жүретінмін. Сол кезде облыстық телеарнада «Жұмадан жұмаға дейін» деп аталатын керемет хабар болушы еді. Тоғанбай аға, Базаркүл, Заря тәтелер жүргізетін. Біздің ансамбльді де сол хабарға түсіретін болды. Бала Жездінің бойында арнайы түсірілім болды.

Сонда Кәмілбек Бәкір аға маған «Қарағым, сен бері келші» деп шақырып алды да, шырт еткізіп фотоаппаратына басып ала қойған еді. Іле-шала сол сурет «Сарыарқада» жарияланды, – деген естеліктен өзіміздің және бағдарламамыздың атын естіп, арада ширек ғасырдай уақыт өтсе де, бізді ұмытпай жүрген жерлестерімізге риза болдық.

«Жұмадан жұмаға дейін» бағдарламамыз шығармашылық жолымызды түйістірген үшеуміз әлі күнге бір-бірімізге деген жанашырлық пейілмен туысқандай болып кеткендейміз. Ең алғаш маған Заряның өте бір ерекше жағдайда жыр арнауы сонау 1992 жылы болған екен.

Сол жылы әдеттегі жалақымды алып, оған қоса анамның бір шаруа үшін берген інім екеуінің барлық ақшасын қалтама салып, автобуска мінбеймін бе, алдымен жұмысқа соғып, «монтажды бітіргесін барып, алаңдамай басқа шаруаларға барайын» деп шештім. Сол автобуста баукеспе ұрылар менің қалтамдағы барлық ақшаны сумкамды тіліп, алып кетті.

Ақ адал маңдай теріммен тапқан бар ақшам мен бірге отбасымыз бір ай қажетіне жұмсайтын қомақты қаржыдан айырылып, жұмысқа келген түрімді көріп, ақын Заря, менің жаныма жақын Заря былайша «жұбату жырын» жазған болатын:

Нарық мынау,
Оңай болмас бұл – қыс та.
Талай жандар қарғыс айтып тұрмысқа.
«Қара қазан, сары қарын бала үшін»
Лажсыздан барып жатыр қылмысқа.

Журналистер: «Ақша жоқ деп жылайды,ә?!»
Шүкірлік қып, тәуба дейсің құдайға!
Ұры-қары, «Қалтаманға» атадың,
Садақаға алты мың сом бір айда!

«Ұрланды», – деп куәлігім мұнайма,
Облысқа танымалсың былайда.
Алған ұры алғыс айтар сыртыңнан,
«Өзімсіне» жақын тартқан сыңайда...

Тартпаса да «ардың ауыр азабын»,
Жан-жүрегін торламай-ақ таза мұң.
Экраннан көргенше Ол асығар,
Ақ көңілді, «қолы ашық» қазағын!

Сөз бен істің сәйкестігі – басты ұғым,
Дәріптейсің халқыңның салт-дәстүрін
«Бар айлығың – 1 мың 300» болса да,
Мырзалыққа бөгет емес жастығың!

...Бұл тағдырдың ойлап қара ғажабын,
Төмендетпей «жат» алдында назарын,
Қомақты ақша шықты, әйтеуір сөмкеңнен,
Өрқашанда мерейлі бол, Базарым!!!

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Ең жақсы адам – басқаға пайдасы тиген адам» дейді. Сол себепті әрбір азамат туған елімді сүйем деген сөзін, туған елге жасаған жақсылығымен дәлелдеуі керек. Отанға деген сүйіспеншілік, құрмет – осындай кең ұғымды білдіреді.

Біз үшеу едік... Әр жұма сайын мұсылман баласы мешітке баруға асықса, нақ сол жұма күні кешінде Жезқазғандық көрермендердің есі кірген баладан, еңкейген кәрісіне дейін «Жұмадан жұмаға дейін» тележурналын көруге асығатын.

«Жаратқан ием әу бастан-ақ бізді осы бағдарламаны жүргізуге бейімдеген сияқты, Тоғанбай қажының тегі – Құлман-Ғылман, яғни түбірі арабшадан аударсақ, ғылымнан тарайды, «әулие дәрежесіне жете ғабыл» Алланың құлы деген мағынада, ал менің тегіме – «Жұма» деген сөз тіркеулі, «Айдың сұлтаны – Рамазан, аптаның сұлтаны – Жұма» деген ғой, ал Базаргүдің тегінде – «Үмбет» ендеше, нағыз пайғамбардың үмбетіміз дегенге саятын мағына бар, – дейтін арамызда ең әсершіл, ақын Заря Әмірқызы».

Халық даналығында айтылатын: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегені осы болар, сірә?!

Алар асуың биік болғай!

II БӨЛІМ

ЖАҢА АСТАНАДАҒЫ ЖУРНАЛИСТІК ЖАЗБАЛАР: ақ парақтан басталған алғашқы адымдар...

1997 жылдың сәуірінде Жезқазған облысы таратылып, Қарағанды облысының қарамағына берілді. Алғашында бұл жаңалықты естігенімізде абдырап қалғанымыз рас. Әлі есімде соғысқа қатысқан көрші атамыз «Жезқазған облысы жабылды, облыс жұртшылығы оны жақсы қабылдады» – деген «Хабар» агенттігінің тілшісі Махат Садықтың дайындаған бейнематериалын көріп отырып, «Әй қарағым, өзінді әжептәуір есті жігіт пе деп жүрсем, туы жығылған облыстың халқының бөркін аспанға атып қуанғанын кімнен естідің, нағыз тарихы терең облыстар жабылып жатқанда жүзің жадырап осылай айтып тұрғаның не? – деп күрсінгенін көрдім.

Мен бұл кезде 30 жаста едім. Жігіт болсаң «орда бұзар отыз жас» деп ештеңені елемеуге болар еді, ал «қыздың жолы – жіңішке» дегендей бұған дейін қабағыма қарап, жұмысымды атқаруға барлық жағдайымды жасап отырған анамды, бір үйдің балаларындай қанша жыл бір кабинетте сыйластығымыз жарасқан әріптестерім Тоғанбай қажы мен Заряны, әр хабарыма сәттілік тілеп экраннан асыға күтетін көрермендерімді қиып кету, басқа қалаға жұмысқа ауысу оңайға түспегені анық.

Қазір ойлап қарасам, менің журналист ретінде танылуыма ықпал еткен, туған жерімнің қасиеті мен онда тұратын халықтың ынта-пейілі мен зиялы қауымның білімділігі екен. Олай дейтінім, сол 1984-1997 жылдар аралығында облыстық телерадиокомпанияда еңбек еткен жылдарда сұхбаттасқан жандардың өз саласы бойынша маман немесе ғалым, өнер адамдары болсын білімділігі мен біліктілігі хабарымның шырайын кіргізіп, журналистика әлеміндегі жарқырап танылуыма көп үлесін қосыпты.

Мұның бәрін мен кейін ғана республика деңгейінде қызмет атқарған жылдарда ұқтым. Әрі сол жерлестерімнің біразы кейіннен өте жоғары лауазымды иеленсе де, мені көргенде жылышыраймен қабылдап, сол туған жеріміздегі жүргізген хабарларымды естеріне сақтап көрген жерде айтып, мерейімді тасытатыны ризашылық сезіміне бөлейтін.

Облыс таратылған сәтте менің алдымда үш таңдау болды: Алматыға барып, журналистика саласындағы білімімді жалғастыру, яғни ғылым жолына бет бұру, бұрынғы басшымыздың Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясына төраға болып тағайындалуына байланысты, ол кісінің шақыруын қабыл алып, көрші облысқа жұмысқа ауысу немесе «мүлде беймәлім енді астана болады» деп айтылып жүрген Ақмолаға бару.

Мен қабырғаммен кеңесе келе үшінші жолды таңдап, ішкі түйсігім бойынша Ақмолаға барамын деп шештім. Оған себеп, Алматыға аспирантураға екі жыл қатарынан бармақшы болып, отбасымыздағы жағдайларға қатысты кейінге шегеріліп келгендіктен, үшінші рет бұл жоспарымның орындалуына сенімсіздік басымдау болды, Қарағанды

облысына біздің облысты жығып беріп, қосып жібергеніне іштей наразылығым болар, онда жұмыс істегім келмеді, ал Ақмола мен үшін мүлдем бейтаныс қала, бәрін жаңа парақтан бастайын деп ойладым.

Алдымен, бұған дейін 1994 жылы Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдығына арналған мерейтойы шеңберінде өткізілген үлкен шараға қатысуға сол кездегі тарихи тақырыптарда хабар дайындап жүрген мені облыстың делегациясы құрамында іссапарға жіберген кезде Ақмолаға алғаш жолым түскен. Одан кейін бірнеше жыл көрші тұрып, бір үйдің қыздарындай болып араласқан Зибагүл Карина бір жыл бұрын Ақмолаға қоныс аударған еді.

Сонымен, Зибамен ақылдасып, ол менің қасыма қызы Әйгерімді қосып беріп, жұмыс жайлы білмекке маусым айының 20-сы күні Ақмолаға келдім. Сәкен Сейфуллин жайлы сериялы хабарлар түсіріп жүріп, сол кездегі Ақмоладағы облыстық қазақ музыкалы-драма театрының негізін қалаған, алғашқы басшысы болған Жақып Омаров жайлы көзі тірісінде жазып алған материалдардан ол кісі қайтыс болғанда хабар дайындаған болатынмын.

Сол хабарды көрген зайыбы Түймехан Атымтаева маған риза болып, Зиба айтқанда еш сөзге келместен Ақмола облыстық телерадиокомпаниясы төрағасының орынбасары, жазушы Алдан Смайылға ертіп барды. Асықпай әр сөзін байыппен айтатын, шығармашылықты бағалайтын кісі екен, менің бейнекассетаға жазып апарған хабарларымды көріп, «біз қазір әр облыстан талантты журналистерді жинап жатырмыз, өзіміз хабарласамыз», – деп сыпайы шығарып салды.

Бірақ, мен дәл бір апта өтпей жатып, жұмысқа шақырады деп ойлаған жоқпын, үйге келіп арқамды кеңге салып жүріп жатқанмын.

Өзім қалдырған үйдің телефонына Алдан аға хабарласып, «біз сені жұмысқа қабылдайтын болып шештік, алдағы дүйсенбіден бастап келіп, жұмысқа кірісуіңе болады», – деді.

Сонымен, аяқ астынан Ақмолаға жұмысқа баруға жиналуға тура келді. Дәл сол кезде 13 жыл бойы жинаған тәжірибем, менен үлкен үміт күткен анам, теледидар экранында жұлдыздай жарқыраған сәттерім артта қалып, бейтаныс жерде бәрін нөлден бастайтынымды білсем де, нартәуекелдің жел қайығы мені алға жетелеп кете барды...

Бірнеше жылдар бұрын Ұлытау ауданына іссапарға барғанда, «Аманкелді» ауылына да жолымыз түскен.

– Сонда бір көріпкел емші әйел бар, алдағының бәрін айтып береді, айтқанының бәрі орындалады екен, – дегенді естіп режиссеріміз бар, бәріміз қызығушылықпен болашағымызды болжатқанбыз ғой.

Табанын табанына тіреп, бір қырындап отырып, жоғарыдан біреумен сөйлесіп отырғандай болып көрінді маған, «Сен бір жылдан кейін картада аты жоқ қалаға жұмысқа кетесің, адам мінбейтін көлікке мініп 4 елдің шекарасынан өтесің, әлемде сирек кездесетін үлкен бір ғимараттың қасында тұратын боласың, жұмысында да үлкен шынылардың арасында отырасың» – деп айтқанында қиялыма сыймайтын ақпараттар екен деп ойладым да қойдым.

Шынымен, кейін сол Райхан емшінің айтқаны айна-қатесіз келді десем де болады. Ол кезде «Астана» деген атаудың картада болмағаны да рас, мен осында жұмысқа келгесін екі жылдан кейін «Алтай-Дунай» халықаралық этнологиялық экспедициясына бардым, қазір «адам мінбейтін көлік» түйеге мініп, Қазақстан, Ресей, Украина мен Венгрияның шекарасына дейін жол жүрдім, қазіргі тұратын үйімнің қасында 88 қабатты «Абу Даби Плаза» кешені салынып жатыр, шынылардан тұратын «Қазмедианың» ішінде қызмет атқардым. Әрине, Алланың тағдырыма жазғаны шығар соның бәрі...

Ақмолаға барамын деп жиналғанымда, анам іштей қанша қимастық танытып тұрса да, бетімнен қақпады. Ақ дастарқанын жайып, туған-туысты жинап, батасын беріп шығарып салды.

Ол кезде аптаның тақ күндері Ақмолаға тікелей баратын поезд жүретін. Вокзалға анам бастаған, ағам, інім, достарым, әріптестерім шығарып салды. Барлығы игі тілектерін айтып, ақ жол тілеп жатыр. Сырт айнала бере анамның аппақ жаулығының ұшымен білдірмей көзін сұрткенін сездім. Басында өзім де күліп тұрғанмен, ішкі жан дүниемде, өмірімнің отыз жылы өткен туған жерімді, әр сапарға шығарып салып, ұйқысыз таңдарды атырып, ақ жаулығы желбіреп қарсы алатын анамды, әрбір жеткен жетістігіме өзімнен кем қуанбайтын бауырларымды, бетімізге келмей, шығармашылық жолда бір-бірімізге қолдау көрсеткен әріптестерімді ойлағанда қанша сыр бермегенмен, жүрегім жылап тұрғандай күй кештім. Поезд орнынан қозғалғанда маған тек шығарып салушы жақын-жандарым ғана емес, түтіні будақтаған мыс зауытының мұржасы, өзім талай кейіпкерлер іздеп барған байыту фабрикасының ғимараты, жол шетінде кіре берісте арнайы қойылған қос еліктің белгісі бәрі-бәрі өткен шақпен қол бұлғап, жүрегім қимастықтан езіліп бара жатқандай сезіндім.

Содан жол бойы орным купенің үстіңгі қабатында еді, кеудем қысылғасын терезені айқара ашып тастап, көсілген кең далаға көз тастап, туған жердің жусаны бұрқыраған ауасын құмарта жұтып, көзіме жас толып, бейтаныс қалаға аттанып бара жаттым...

Поезд Ақмолаға түске жақын жетті. Мені Зибәгүл мен Әйгерім қарсы алды. Оны көргесін көңілімдегі күдік сәл-пәл сейіліп, жайраңдап қарсы алған құрбымның үйіне де жеттім. Жолда байқамаған болуым керек, келгесін айнаға қарасам, іштегі барлық көңіл-күйімнің белгісіндей көзім қызарып, ісіп кеткен екен.

Жезқазғаннан қасиетті жұма күні жолға шыққанмын. Сенбі күн болғасын екі күн тынығып алып, шілденің 22 күні Ақмола облыстық телерадиокомпаниясына жұмысқа шықтым.

Алдымен, сол кездегі төрағаның орынбасары Алдан Смайылға барып, жолықтым. Ол кісі барлық құжаттарымды алып сол кездегі төрайым Л.М.Черезоваға жіберді. Бұған дейін мен жайлы Алдан ағаның айтқандарынан қанық болса керек, төрайым мені өте жылы қабылдады, әрі өзі қызмет атқарған кездерде сол қалпынан айнымай, әрқашан көрген кезде жағдайымды сұрап, жаны ашырлығын білдіріп тұратын.

Ақмола теледидарына сырттан келгендердің алды болып, осылайша жұмысқа қабылдандым, осыдан 21 жыл бұрын...

Ақмола облыстық телестудиясы барлық облыстардікі сияқты салынған ғимарат екен, техникасы да аса жаңа көрінбейді, оған қарағанда ірі өндіріс ошағы болғасын ба, біздің теледидардағы бейнемагнитофондар да, камералар да бұған қарағанда жаңалау сияқты көрінді маған. Жезқазғанда өзіміздің материалдарымызды өзіміз қысқартып, керегін минут-секундымен дайындап қоюға дағдыланғандықтан, мұнда да жұмысыма тиянақты түрде кірістім. Ұжымның дені жергілікті адамдардан құралған, олар мені жатсынған жоқ, негізі көбісі орыс тілді болса да, алыстан келіп енді ғана жұмысқа орналасқан маған қолдарынан келгенше көмегін аяған емес.

Менің алдымда ғана жаңалықтар бөліміне Қостанайда қызмет атқарып келген журналист Ескендір Ертай жұмысқа орналасқан екен, оның жылдамдығына ешкім ілесе алмайды, сондықтан бәріміз «сквозняк» деп атайтынбыз, сюжеттерін де нақпа-нақ ең қажетті жаңалықты тауып алып, дайындайтын. Біртіндеп қатарымыз көбейе түсті. «Арқада аяз болмаса, арқар ауып несі бар», – дегендей жабылған облыстардың журналистерінің дені Ақмолаға ағылған кез болды ғой. Арқалықтан талантты журналист, кейін аяулы құрбым ғана емес, сырлас досыма айналған Анар Төлеухан келді.

Жергілікті журналистерден марқұм Смағұл Рахымбек ағаның есімін ерекше атауға болады. Сол кезде қазірге менің жасымда шығар, біз үлкен кісі деп қарадық қой, зыр жүгіріп материал дайындайтын, елгезек кісі еді, өзі ақын, кей кезде өлеңдерін оқитын, жалғыз ұлым Айбегім деп жиі аузынан алып, оның әр айтқан сөздерін бізге жеткізіп мәз болып отыратын. Аузын ашса, жүрегі көрінетін дейтіндей Берден Қабылов жұмыс істеді, ол «Ақшамға» сюжет дайындайтын. Жасымыз қатар болғасын бәріміз тақырыптар алмасып, араласып тұратынбыз.

Мені аз уақыттан кейін алғашқы іссапарға Шымкентке жіберді. Күйіп тұрған ыстықта одан да күйіп тұрған тақырыптың жігін жатқызып, екі облыстың арасына сызат түсірмей дайындау жауапкершілігін сезініп бардым. Менімен бірге сол кезде әрі режиссер, әрі оператор болып қызмет атқаратын Бекет Алиакпаровты қосты. Алғашқы хабарларымың бәрінің де режиссері сол кісі болды, мәдениетті, адамның көңіліне қарайтын, ақжарқын жан.

Шымкентке Ақмоладан поезд бір тәуліктен аса жүреді екен. Бекет ағаның ол жақта теледидарда қызмет атқаратын әріптесі Ағабек Қазанбай күтіп алып, үйіне апарды. Жаңадан салынған орталықтағы жер үй, әйелі тамағын дайындап құрақ ұшып жүр. Қыз бала деп қабағына қарап, бәйек болып, «жолдан шаршамадың ба?» деп сұрап қояды.

Теледидар басшыларына ескертілгендіктен, барлығы да жақсы қабылдап, жөн сілтеп қасымызға Ағабек пен бірге тағы бір журналистерін қосып берді. Бұған дейін анамның туыстарына келіп жүретінбіз, ал шымкенттіктердің қонақжайлығына шек жоқ, әрбір үйдің алдында кәуап дейсің бе, палау жейсің бе, бәрі бар.

Мендегі басты мақсат – бұған дейін баспасөз бетінде жарияланған атақты палуан «Қажымұқан Мұңайтпасұлының туған жері – Оңтүстік» деген сөзді тарихты бұрмаламай, оның «Ақмолалық» екенін тың деректермен, туған баласының аузынан және көзкөргендер естеліктерін жазып алып, дәлелдеп қайту, бір сөзбен айтқанда палуанның өмірінің соңғы кездерінде тұрған жері, яғни топырақ бұйырған мекенді емес, туған жері кіндік қаны тамған өңірдің азаматы екенін жұртшылыққа жеткізу.

Бұған дейін тарихи тұлғалар жайлы отыздан аса хабар дайындап, Жезқазған жерінде халық сүйіспеншілігіне бөленген мен үшін, бұл тақырып тосындау болмаса да, көтерер жүгі әлденеше есе ауыр екенін ұққандаймын. Бұрыннан қалыптасқан әдетім бойынша алдымен мұражайға ат басын бұрдық. Мұражай басшысынан бастап, жылы қарсы алып, қолда бар мәліметтерін алдымызға жайып салды. Құжатында «туған жері – Ақмола» деп анық көрсетілген. Одан облыстық спорт мектебінде қызмет атқаратын палуанның өз кіндігінен таралған баласы – Жанәбілді тауып алдық.

Қарапайым ғана аты аңызға айналған палуанның баласымын деп кеудесін керіп қарайтын астамшылығы жоқ жан екен, ескілеу көлігіне мініп, сол кездегі палуанның мәңгілік мекені – Темірлан селосына бізді бастап алып барды. Бейітінің басын, шырақшысын, ауыл адамдарын сөйлетіп, өз ойымдағы біраз дүниелерді шып-шырғасын шығармай бейне таспаға жазып алдым.

Туған жеріндегі ауылына қарағанда, мұнда біздің Қажымұқан деп таласатындай да реті бар екен, бейіті де, тұрған үйінің орны да, мұражайдағы заттары да аса қамқорлықпен күтімге алынғаны көзге ұрып тұр. Әсіресе, тебіреніп естелік айтатын палуанды көзі көрген ата-әжелердің сөздері мен жылы ұшырағаған жүздерін айтсаңшы?!

Сонымен екі бейнетаспаны толтырып, одан соң киелі Түркістан жеріне арнайы барып, Қожа Ахмед Яссауи мазарында болып, халқымыздың небір жайсаң хандары мен батырлары жерленген кесенеге тәу етіп, сол кездегі енді ғана пайдалануға берілген қазақ-түрік университетінде ректоры академик Мұрат Жұрыновтан сұхбат алып, кері қайттық. Жол бойы алда дайындалатын хабарымның сұлбасын ойыммен әзірлеп келемін.

Ақмолаға Шымкенттегі іссапардан оралысымен жол бойы ойымда пісіріп, әбден шымырлап жинаған дүниелерімнен «Сұрасаң, Мұқан палуан менің атым» деген тақырыпта екі хабар дайындадым.

Туған жері – Ақмола облысындағы аса алыс емес жерде орналасқан Қажымұқан ауылы мен ата-бабаларының бейітін де түсіріп, мектептегі шағын музей бөлмесі ол тақырыпты зерттеп жүрген өлкетанушы азамат Мұрат Керейбаевты қатыстырып, соңында Қажымұқандай атақты палуан, «аңыз адам – барлық қазаққа ортақ тұлға» деген түйінмен аяқтаған хабарыма екі облыстың халқы да риза болып, хабарласып жатты.

Одан тамыз айының ортасында жоғары жақтың тапсырмасы Алашахан мен Жошыхан мавзолейінің реставрациядан өткен, яғни жаңартылған жағдайы жайлы хабар дайындау керек деп туған жеріме іссапарға жібергенде

қатты қуандым. Өзім жастайымнан, журналистік жолымда сан рет барған жолдар, әсіресе араға екі айдай уақыт салып, Ақмоладан келген журналист болып өз туған жеріңе барған да қызық жайт екен.

Менің келгеніме анам қатты қуанды, төрт күн болса да жанында, алысқа кеткен қызын әбден сағынған сыңайлы, бар тәтті-дәмдісін аузыма тығып әлек. Кешке анамды ауыр науқасы меңдеп, қиналыңқырап жатыр деп мен үшін аяулы жан – Оңлағұл апайымның жолдасы Смет аға телефон шалып, шақыртты да түнде кеш оралған анамның жүзі өте жабырқау болғасын, ертесіне барып, көңілін сұраймын деп ойлағанмын.

Амал нешік, таңға таяу жаны жарқыраған жаздай апамыз күздің алғашқы күні мәңгіліктің кемесіне мініп, небәрі 52 жасында өмірден өтті. Осы сапарға арнайы апайыма қолынан топырақ салсын деп жібергендей жаратқан иеміз. Туған қызындай еркелеткен жанмен қоштасып, көңілім қатты құлазыды...

Келесі күні Ұлытау ауданы әкімі Серік Тілеубаевқа хабарластым, ол кісі тарихты жақсы білетін, Ұлытаудай қасиетті жердің перзенті болғасын да шығар, ауданға келген қонақтардың барлығын өзі қабылдап, барар жеріне жеткізіп салып, жөн сілтеп отыратынын талай көрдім. Оған дейін Ұлытаудың тарихи жерлерін тікұшақпен түсіргенде де ол кісі қасымызда болған. Ал әкімнің сол кездегі орынбасары Кенжеболат Жолдыбаев ағамыз екі тілге бірдей жетік, жазған материалдары тереңдігімен ерекшеленетін, облыс бойынша да өзіндік орны бар, «Қазақ тілі» қоғамын құрысып, басқарған зиялы азамат. Іссапарымның басы-қасында өзі жүрді, бейнеоператорды қалалық студиядан барып, талай жыл бірге қызмет атқарған Бауыржан Бірмановты сұрап алғанмын.

Керек материалдарды түсіріп алып, сұхбаттарымды жазып сол күні кешкісін поездға шықтым, анаммен қауышып, мауқымды баса алмай төрт күн төрт сағаттай зымырап өтіп кетті...

Осылайша, тарихи тақырыптардан басталған хабарларыммен қоса, күн сайын Ақмоланың әрбір жаңалығын қалт жібермей сюжет жасап, зыр жүгірумен уақытымыз өтіп жатты.

Биыл еліміздегі жалғыз ұлттық арнаның 60 жылдық мерейтойы қарсаңында сол кездегі басшымыз, яғни ұлттық арнаның «Астана» студиясының бас директоры жазушы Алдан Смайыл сұхбат бергенде алғашқы келген журналистер қатарында анау Базаргүлдер болды деп айтқанына өткен күннің барлық естелігі сыйып кеткендей, танитындар сені айтып жатыр деп хабарласты. Сол кезде жаңа астананың әрбір маңызды оқиғасын халыққа жеткіземіз деп өзіміз туралы, дайындаған жүздеген сюжеттеріміз бен жүргізген салмақты да, сараптамалық та, тарихи дүниелеріміздің ешқайсын жазып алмаппыз.

Бүгінгі кейбір пысықайлар сияқты әрбір лауазымды жанмен суретке түсіп интернетке жариялау мүмкіндігі де жоқ кез ғой ол. Әр келген басшының әмірімен бәрін тек өздерінен бастағысы келетіндік пиғылдың

кесірі талай тарихи хабарларды бейнетаспаның жоқтығын сылтауратып өшірткізіп жіберетінін ол кезде кім білген?

Бір ғана көңілге жұбаныш – қазақ тіліндегі бағдарламалар 50 пайыздан кем болмасын деген заң күшіне енгенде сол кездегі министр Мұхтар Құл-Мұхамедтің арнайы тапсырмасымен бірнеше тарихи бағдарламаларды архивтен көшіртіп алып, облыстық теледидарлардың басшыларына таратып, көрсетуге пәрмен берген кезде олардың қатарында менің де бірнеше хабарларым тізімге ілініп, эфирлерден өткенін білдім. Оның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев жайлы дайындалған «Аңыздан туған ақиқат» атты екі бөлімнен тұратын хабарым Қарағанды, Павлодар облыстық теледидарлары эфирлерінен жиі берілгенін курстастарым мен жергілікті халық ауыз толтырып айтып жүрді.

1997 жылдың 7 қарашасында Ақмолаға еліміздің рәміздері көк туы желбіреп, елтаңбасы әкелінсе, 10-желтоқсан ресми түрде Ақмола елордасы болып жарияланған күн болып тарихқа енді. Сол салтанаттан, ҚР Парламентінің бірлескен отырысында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың жаңа астананы жариялаған сәтінен ұлттық арнада арнайы репортажды әріптесім марқұм Дүкеш Әлиұлы Бәйімбетов екеуміз жүргізгеніміз де қазір тарихтың еншісінде қалды.

Сол күні ҚР Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбаевтан да шағын сұхбат жазып алып эфирге беріп үлгердім. Репортаж барысында Президенттің көңіл толқытар, болашақ астананың маңызы мен мәнін жеткізген сөздерінің күдіреті әлі күнге санамда жаңғырып тұрғандай...

Қызмет басқышынан көтерілу, белгілі шен үшін емес, халықтың көкейіндегісін айтып, ел үшін жасалған еңбектің жемісі де тәтті, соңы да қайырлы деп есептеймін.

Ақмоланың бет қаратпайтын желі мен шыңылтыр аязында жаяу-жалпы ол кезде көлік пен камера да жетпейтін, Парламент пен телестудия арасында жүгіріп жүріп, материал дайындайтынбыз. Алғаш республикаға таралатын ҚР Үкімет мүшелері мен қос Палаталы Парламент мүшелері қатысатын тікелей эфирде жүргізілетін «Отандастар» бағдарламасының алғашқы санында ҚР бюджеттің орындалуы мен атқарылуы жөніндегі комитет төрағасы Мүсірәлі Өтебаевпен сұхбат жүргіздім.

Ол кезде жыл соңында келер жылдың бюджетін қабылдау өте қиын, дау-дамайға толы отырыстар Парламент қабарғасында көп өтетін. Елдің де еңсесін әрең көтеріп қиыншылықтарды енді еңсеріп келе жатқан кезі, біріне бөлінген қаржы екінші бір облысқа жетпей жататын.

Депутаттар да сол кезде азулы, айтарларын еш бүгежіктемей айтатын қоғамда өз орындары бар азаматтар еді. Мүсірәлі аға сұхбатқа келісімін бермей тұрып, менің бюджет жөніндегі барлық білімім мен түсінігімді тексеріп, қасыма көмекшісін қосып беріп біраз мән-жайға қанықты-ау деген кезде ғана тікелей эфирге келген еді.

Кейін ҚР Сенатының экономика және бюджет комитетінің төрағасы болған кезде ол кісі ешбір қиындықсыз келісімін беріп, сұхбат алып жүрдім.

Сұхбаттарымда түйілген сырлар

Мен үшін тағы бір есте қалатын оқиға – жаңа Астанадағы тұңғыш рет өз ана тілімізде жазылған Заңның қабылдануы болатын. Ол кездегі бейнетаспа сақталмағанмен дәл 20 жыл өткенде сол заңның авторы Әкім Ысқақпен арнайы жүздесіп, өткен күндердің естелігін көлемді сұхбат етіп жазып алдым. Астанадағы жылдар жайлы өзім емес, сол оқиғаларға куәгер кейіпкерлерден жазып алынған сұхбаттар сөйлесін.

БІР АДАМ ЖАҚҚАН ОТҚА МЫҢ АДАМ ЖЫЛЫНАДЫ

10 – желтоқсан күні қазақ елінің астанасы Ақмолаға ауыстырылғанына 20 жыл толды. Менің есіме осыдан 20 жыл бұрын сол тарихи оқиғадан «Қазақстан» ұлттық арнасында әріптесім марқұм Дүкеш Әлиұлы Бәйімбетов екеуміз бүкіл республика жұртына тәуелсіз елдің тарихында өз еркімен таңдалған елордасынан арнайы репортаж дайындағанымыз, сол ақжолтай хабарды халыққа жеткізгеніміз түсті. Дәл сол күні қос палаталы Парламенттің бірлескен отырысында ҚР Президенті Н.Назарбаев «Ел астанасын – Ақмола қаласы» деп арнайы жариялаған болатын.

Сол тарихи оқиғадан кейін үш күннен соң, жаңа астанада тағы бір жан жадыратар жаңалық болды. 1997 жылдың 13 желтоқсанында Мемлекет басшысы тұңғыш қазақ тілінде дайындалған «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына қол қойды. Бұл елорда төрінде алғаш қол қойылған заң болса, Қазақстан Парламентінің тарихында да тұңғыш қазақша дайындалып, қабылданған ерекше құжат ретінде белгілі.

Ғасыр тоғысында қабылданған бұл заң кезіндегі салқын саясат салдарынан дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған ағайынды аңсаған атажұртына оралуға үлкен үлес қосқан болатын. Осы заң қабылданғаннан кейінгі уақыт аралығында елімізге алыс, жақын шетелдерден 1 миллионнан астам қандастарымыз оралған.

Бүгін сол сан жүрекке сәулесін түсіріп, қасиетті туған жер ұғымын көңіл түкпірлерінде бойтұмардай сақтаған алыстағы ағайынның отанына оралуына деген үміт отын жаққан, арнайы елге келуге мүмкіндік ашқан тарихи деп атауға тұрарлық көші-қон заңының қабылданғанына – 20 жыл толып отыр.

Әрине, сол кезде Үкімет дайындаған көші-қон туралы заңға балама түрде дайындалған бұл заң жобасы туралы көпшілік әлі күнге дейін жыр етіп айтады.

Бүкілхалықтық талқылауға ұсынылған заң жобасына «Егемен Қазақстан» және «Қазақ елі» газеттерінде жарияланғаннан бастап, зиялы

қауым бас болып, халық қоштап, шет елден келген қандастар ат салысып, бір сөзбен айтқанда елді біріктірген заң жобасы болған.

1997 жылдың қаңтарынан – желтоқсанға дейін қызу талқыланған, яғни 11 айдан кейін барып қана қабылданған заңға қатысты Парламент қабырғасында 42 отырыс арналыпты.

Көз алдымызда көркейген, қанатын кеңге жайған Астана төрінде «елге ел қосылса – құт» демекші, осы заң негізінде тәуелсіз еліне оралып, білім алып, қолдарынан келгенше ұлтқа қызмет қылып жүрген қаншама қандастарымыз бар.

Сол кезде басқа әріптестерімізбен бірге күн сайын жаңа елорданың жаңалықтарын жеткізуге асығатынбыз. Заң қабылданғаннан кейін оған бастамашы болған, жыл бойы балама жобасын асқан қайраткерлікпен қорғаған, депутат Әкім Ысқақты ұлттық арнадағы тікелей эфирде өтетін «Отандастар» хабарына шақырып, сұхбаттасудың сәті түскен. Әрине жарты сағат уақытта бүкіл республика жұртшылығының қойған сауалдарына жауап беріп, көрермендердің тоқтаусыз айтқан игі лебіздерін эфирде толық жеткізу мүмкін емес еді.

Одан кейін де Парламенттегі халыққа қажетті мәселелерге қатысты дайындалған апталық бағдарламаларда өзіндік ұстанымдарын білдіретін депутаттардың қатарында жиі пікірлерін беріп жүрдім. Содан бері зырлаған уақыт жетегінде 20 жыл өте шығыпты.

– *Әкім Әбдіқайымұлы, осыдан 20 жылға шегініс жасасақ, өткен күннің естелігін дәл сол кездегідей жеткізе алар ма едіңіз?*

– Мен ол кезде 37 жаста едім, қазір ойлап қарасам, мүшел жасымда екенмін ғой, өзім мүшесі болып табылатын Мәжілістің әлеуметтік-мәдени даму комитетіне көші-қон туралы Заң келіп түсті. Бұл 23- қаңтар 1997 жыл, Үкімет дайындап Парламентке берген.

Комитет төрағасы Өмірбек Жолдасбеков заң жобасын маған берді. Содан сол заң жобасына жетекші болып тағайындалдым. Жобамен танысқаннан кейін онда қаншама кемшіліктердің барлығын байқадым. Тіпті басқасын былай қойғанда, елімізге көшіп келген адамдарға мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлу мәселесі қарастырылмаған. Керісінше Қазақстаннан сыртқа кететіндерге, басқа елге көшетіндерге республикалық бюджеттен қаржы бөлу туралы бап енгізілген. Енді өзіңіз ойлап көрсеңіз, біздің елге келетіндер кім, ал елден кетіп жатқандар кімдер, мәселенің мәнісін айтпай-ақ түсінуге болатын шығар. Атажұртын аңсап келгендерге жергілікті бюджеттің онсыз да жетпей жатқан қаржысынан алу керек те, ал осындағы үйін, бар-мүлкін сатып, қалтасын қампайтып бара жатқандарға республикалық бюджеттен тағы қаржы беріп шығарып салу керек.

Тағы бір қынжыларлық жағдай, репатриантар мен босқындар мәртебесін біріктіріп жіберген. Керісінше отандастарға ерекше мән берілген. Ал ол ұғымға елімізде өмірге келген әрбір азамат ұлтына қарамай бәрі кіреді. Осының бәрін саралай келе, менің Үкімет ұсынған заң жобасынан бас тартуыма тура келді, бір-екі бабын өзгерткенмен, түбі шикі дүниеден

сырттан келетін бауырлардың барлық құқықтарын қорғайтын заң жазып, дайындау мүмкін емес-тұғын.

Содан ойлана келе, жұмысшы тобының жетекшілігінен бас тартып, депутаттық өкілеттілігімді пайдаланып, өзім балама түрде заң жобасын ұсынуға бел байладым. Көшіп-қонғанның сырын басынан кешірген адам ғана біледі дегендей, алдымен жаныма елге оралған қандастарды жинадым. Олардың кейбірінің тіпті, азаматтық құжаттары болмағандықтан, Парламентке жәй кіргізудің өзі қандай қиын болды, ақыры ондай жеңіл-желпі кедергілерді жеңдік. Көмек қолын созған оншақты жанның ішінен Қайрат Бодауханұлы мен Алмас Ахметбекті жұмысшы тобына енгіздім.

Бұрынғы Еңбек министрлігі мен Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі қайта құрылымдалып, оның орнына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі құрылған болтын. Сөйтіп, ол ведомствоға жаңа министр келді. Ол жаңа заң жобасымен таныса сала, ондағы «Көші-қон қорын құру» туралы бапты сызып тастағанымен қоймай, енді ғана жұмысы жөнделіп келе жатқан Көші-қон департаментін жойып, басқарма ретінде ғана қалдырды.

Бұрын еңбек шартымен келген қандастарымыздың тиісті қаржыларын ала алмай, кейбірі барған жерлерінде көрген қиындықтардан көш бетін қайта кейін қарай бұрған кездер де болды.

Осының бәрін ойластыра келе, мен көші-қонмен айналысатын уәкілетті органның тек тікелей Президентке бағынатын етіп құру қажеттігін, олай болмаған күнде бұл мәселенің түбегейлі шешілмейтінін түсіндім.

– Сонымен, қос жобаны бірге талқылау басталды ғой, соңында Үкімет өздері ұсынған жобамен бірге өзіңіздің балама заң жобасын қорғау оңай емес, сізді жеңіске жетелеген қандай күш?

– Әрине, кедергілер аз болған жоқ. Бірінің шешімін тапқан сәтте екіншісі дайын тұрды. Алдымен, Үкіметтен заңды қорғайтын өкілдері «орыс тіліндегі аудармасы болмаса, түсінбейміз, қазақша жобасын талқылауға» деп шықты, мен ойлаппын оны аудармашыларға берсек болды деп, жеме-жемге келгенде ешқашан тарихта қазақ тілінен орыс тіліне ешқандай ресми құжат аударылмағанын, ондай аудармашы да жоқ екенін білдім.

Сөйтіп, бір отырыста Мәжіліс төрағасы Марат Оспановқа «менің жобамды аудару қиын болып жатыр, көмектесіңіз» деп өтініш жасадым. Ол кісі өте сабырлы, байыпты, адамгершілігі зор азамат еді ғой. Аппарат басшысына тапсырма беріп, өзім Әділет министрлігінен аудармашы тауып, Парламент тарихында осы заңның арқасында ілеспе аударма пайда болды. Заңның қазір қазақшасын түсінбейміз десе, нақ сол кезде орысша аудармасы нашар деп сын айтылғанын естідік қой. Одан кейін тиісті сараптама қажет деп шықты. Еліміздегі бірнеше ғылыми-зерттеу институттары сараптамадан өткізіп, қорытынды әзірлеп берді. Ақыры, Мәжіліс балама заң жобасын қарау жөнінде шешім шығарды. Осы кезде балама жобаны еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» мен «Қазақ елі» газеттеріне бүкілхалықтық талқылауға ұсындым. Халықтың шынайы ықыласын сонда сезіндім. Ақ жолтай үміттерін

кейбірі хат арқылы білдірсе, бірі қандай да қол ұшын беруге әзер екенін айтып, арнайы іздеп келіп жатты. Ал қаншама адам өз пікірлерін газеттерге жариялап жатты. Хат пен жеделхаттың тасқын судай ағылған сәті еді.

Құжат сол кездегі Президент жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңесте қаралды. Кеңестің төрағасының орынбасары Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбай, хатшысы жазушы Төлен Әбдік, мүшелері С.Зиманов, М.Қозыбаев, Ж.Әбділдин, К.Сағадиев, Г.Бельгер, М.Есеналиев, А.Гаркавец, Н.Оразалин барлығы да балама жобаның басым жақтарын қолдап шықты.

Бір атап өтерлігі, заңгер-академик ағамыз Салық Зиманов Мәжіліс төрағасына өз атынан ресми хат жолдап, балама жобаның барлық артықшылықтарын айта келіп: «Үкімет ұсынған заң заман талабына сай емес, құқықтық мәртебесі төмен» деп жазды.

Сонымен, шешуші сәт те келіп жетті. 1997 жылғы 14 мамыр. Бұл күнді кез-келген уақытта сұраса да айта алатын шығармын. Алдымен министр сөйлеп, балама жобаның атының өзін мысқылмен жеткізгенімен қоймай, «біз ұсынып отырған жоба барлық Қазақстандықтарға арналған, біз оны Отандастарымызға арнап жаздық», деді.

Жаным жараланып, қазақы намыс бойымды кернеп кетті. Қасымдағы депутаттар сабырға шақырып, мінбеге шығып сөзімді бастайын десем, баяндамамды отырған орнымда қалдырып кетіппін. Содан оны қайта алуға уақыт жоқ, сол кезде ата-баба әруағы қолдаған шығар, атажұртын аңсаған қандастарымыздың ақ тілегі шығар еш мүдірмей, аузымнан түйдек-түйдек сөздер өз-өзінен шығып жатыр, тоқтаусыз сөйлеп тұрғанымды білемін...

Ата-бабамыз дегеннен шығады, тіпті бір кезде ойыма оралған жыраулардың толғауларын өзімше бүгінгі жағдайға бейімдеп, қосып алып сөйлеп кетсем керек:

– Ар жетім болар егер де,
Арыңды біреу лайласа.
Бақ жетім болар егер де,
Бағыңды біреу байласа.
Сөз жетім болар егер де,
Сөзіңе ешкім нанбаса.
Көз жетім болар егер де,
Көз қырын ешкім салмаса.
Сыр жетім болар егер де,
Сырласар досың болмаса.
Қыр жетім болар егер де,
Қырларға гүлдер толмаса.
Көл жетім болар егер де,
Аққу-қаздар қонбаса.
Жан жетім болар егер де,
Өз Отаны болмаса,
Қазақ жетім болар егер де,
Өз елінде өз перзенті болмаса! –

деп екпін алып өзімді тоқтата алмай кеттім. Тоқтау да мүмкін емес еді. Аузым емес, жүрегім сөйлеп тұрғандай. Мәжіліс Төрағасы Марат Оспановқа көз салсам, ол кісі компьютеріне қарай еңкейіп, көз жасын сүртіп отыр екен. Сөйтсем, мен өзім де жылап тұр екенмін ғой...

Сол күні, үш депутат қана қарсы болып, қалғандары қолдап дауыс беріп, балама заң жобасы басымдыққа ие болды. Міне, бұл күн тек менің ғана емес, бүкіл қазақ халқының, біздің ана тіліміздің жеңісі еді! Бұрынғы кеңестік жүйедегі, тұңғыш қазақ қалыптасқан шекара бұзылып ана тілінде жазылған заң жобасы Қазақ парламентаризмінің төріне осылай енді...

– *Сізбен елордасының Ақмолаға қоныс аударып, астана болып жарияланғанына 20 жыл толған күні сұхбаттасып отырмыз. Астана осы жылдар ішінде көз қуанатындай әсем қалаға айналды. Әлем көз тіккен ел өміріндегі айтулы шаралардың бәрі осында өтіп жатыр. Бұдан 20 жыл бұрын заңгер ретінде танылған Әкімді, қазір жұрт сазгер ретінде де таниды. Алдымен, ана тілімізде заң жазып, тілдің мәртебесін көтерсеңіз, одан кейін атажұртын аңсаған жандардың жүрекжарды сөздеріндей «Көк тудың желбірегені» деп көптің көңілінен шыққан ән жаздыңыз, сізге шабыт сыйлаған Астана ма?*

– Заңгерлік білімім бар екені рас, депутат болдым, мемлекеттік қызметтерде жүрмін. Енді сазгерлікке ауысып кеттім деп айта алмаймын. Он жыл білім саласында, мұғалімдіктен бастадым ғой еңбек жолымды. Сол кездерде мектеп оқушыларын мақтаға апарғанда олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, балаларға әннің сөзін де, әуенін де өзім жазатынмын. Ол жәй хобби, әуестік деңгейінде шығар. Ал Астанада өзімнің шығармашылығымды таныстырған сәтім, 2007 жылы Конгресс-Холлда «Жүректегі жазулар» атты шығармашылық кешімді өткізген кезде.

Сол жылы қос анам өмірден өтті. Оның бәрін, сол уақыттағы көңіл-күйімді, қайғымды сөзбен жеткізе алмаспын. Маған соның бәрін жүрегіммен өткізуге, бір серпілуге әсер еткен шығармашылығым болды.

Маржан Арапбаева кешімде «Соңғы вальс» әнімді алғаш орындады. Халық жақсы қабылдағаннан шығар, бүгінде барлық мектеп бітірушілердің кешінде осы ән орындалады. Одан кейін «Көңіл қымбат» әнім де көпшілік көңілінен шыққан ән ретінде бағаланып жүр. «Көк тудың желбірегені» марш ретінде менің әуеніммен орындалып жүрді. Астанада бірнеше жыр жинақтарым, кітаптарым шықты. Қазір афоризмдермен шұғылданып жүрмін. Әннің тағдыры да – адамның тағдыры сияқты, біреуінің бағы жанады, орындаушысын тез тауып, хитқа айналып шыға келеді, біреуі уақытын күтеді, әншісін тапқанша.

Әңгімені заңнан бастадық қой, міне, ол заң қабылданғанына да 20 жыл өтіпті, осы жылдар ішінде қаншама қандастарымыз елге оралды, өздерінің қабілет-қарымын, барлық талант-дарынын туған елін көркейтуге арнап жүр. Олардың арасында танымал жандардың бәрін білесіздер. Тіпті Солтүстік өңірлерге іс-сапармен барған кезде, алдыңнан ана тілінде сөйлеп шығатындардың көбі атажұртына келген қандастарымыз. Тілі шұрайлы, БАҚ

салаларында жүрген ұл-қыздардың ішінде де олардың өзіндік қолтаңбасы ерекшеленіп тұрады. Мен жазған заңның негізінде елге ағылған Ұлы көш керуеннің ешқашан кедергіге кездесіп тоқтамағанын тілеймін. Заңның кейбір баптары өзгерер, заман талабына сай толықтырулар енгізілер, бірақ сол игі істің бастауында болғанымды, осыдан 20 жыл бұрынғы күн-түн демей, көз ілмей, 114 депутаттың алдына барып түсіндірген кездерім, ел ағаларының «жарайсың» деп арқамнан қағып, ақ тілектерін білдірген сәттерінің бәрі қайта көз алдымнан бір өткендей болды.

– *Көк туымыз бен өз тіліміздің мәртебесін биікке көтерген азаматтың ақ тілегін тыңдап, ойыма оралған халық даналығындағы «Бір адам жаққан отқа, мың адам жылынады» деген сөзді сұхбаттың тақырыбына қойдым.*

*Сұхбаттасқан: Базаргүл Сейітжанқызы.
«Объектив.kz» ақпараттық порталы,
13.01.2018ж.*

«Сым пернені басып қара жырласын!»

Сәкен атамыз «Сым пернені басып қара жырласын» дегендей, еске алар оқиға жетіп артылады екен. Оларды іріктеу де жеңіл соқпады.

Парламент қабырғасында «Көзқарас» атты ақпарат-сараптамалық бағдарламасын дайындап жүріп, ел өміріндегі шығарылған заңдар мен оның орындалысына қатысты талай көпшіліктің көкейдегісін ашып көрсететін хабарлар жүргіздім. Сол хабарлардың ішінде қаншама лауазымды қызмет атқарса да, журналистерге деген пейілі түзу, әрқашан тікелей эфиріңе қаймықпай келіп, пікірін ашық білдіретін ҚР еңбегі сіңген заңгер, қоғам қайраткері Ирак Қасымұлы Елекеев болатын. Ол ҚР Еңбек сіңірген заңгер, жеке сот орындаушыларының Халықаралық одағының нұсқасы бойынша (Франция, 2008) «Жыл адамы» ретінде мойындалған, «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Әділет министрлігінің «Қызметтегі табыстары үшін» төс белгісімен, «Сот жүйесінің құрметті қызметкері» Құрмет белгісімен марапатталған. Сәті түсіп биыл ақпараттық порталда қызмет атқарып жүргенде Ирак Қасымұлымен сол кездердегі және қазіргі заңдардың пәрменділігі мен орындалысы жайлы әңгімелескен едім.

АҚИҚАТТЫ АРЫ ТАЗА АДАМ ҒАНА АЙТА АЛАДЫ

Қазір БАҚ-да күн сайын бірнеше қылмыстық оқиғалар жайлы ақпарат беріліп жатады. Кейде осындай жаңалықтарды жантүршігерлік деген сөзбен бастап, онсыз да көпшіліктің алаң көңілін күдіктің бұлтын сейілтуден гөрі, одан сайын қоюлата түсетіндер де бар.

Алайда, өз-өзіне қол салу, жас балаларға зорлық-зомбылық жасау, қасақана кісі өлтіру сияқты қоғамға қауіп төндіретін қылмыс түрлерінің азаймай тұрғаны байқалады.

Біз бүгін ҚР Құрметті заңгері, Парламенттің екі сайланымында депутат болған қоғам қайраткері Ирак Қасымұлы Елекеевпен осы аталған көкейтесті мәселелер жайында сұхбаттасқан едік.

– Қазіргі кезде қылмыстық оқиғалардың көптігін,оның ішінде адам өліміне апарып соқтыратын ауыр қылмыс түрлерінің азаймай отырғанына қарап, халық арасында өлім жазасын қолдану қажет деген пікірлер айтылып жүр. Сіз қалай ойлайсыз,кезінде өлім жазасына мораторий енгізуді қолдап едіңіз,қазіргі жағдайда оны қайтадан енгізу керек деп ойламайсыз ба?

– Ауыр қылмыс көбейді дегенге мен сенбеймін. 1990 жылы 200 мың қылмыс тіркелген болса, бүгінде 350 мыңдай қылмыс жасалғаны тіркеліп отыр. Бұрындары қылмыстың тіркелуі аздау болғанмен, ашылуы жағынан қозғалыссыз қалатындары болған. Қылмыстың кейбір түрлері жасырылып, статистика өзгешелеу жүргізілген.

Қазір олай емес, барлық құқық қорғау саласы, қадағалау органдары бар, құқықтық статистика комитеті жасырмай-ақ жұмыс жүргізу тәсілдерін жаңаша бағытқа сай, заман талабымен өзгертті. Ал қылмыстың қазір бұрын естімеген түрлері пайда болды, ол банк саласындағы, кибер қылмыстар, тіпті педофильдер де кейінгі кезде шыққан қылмыс түрлеріне жатады.

Тағы бір айта кететінім, педофилдерге қатысты Жамбыл облысында 18 қылмыстық оқиға болса, зорлық жасаған қылмыскерлердің үшеуі өз әкесі, екеуі өгей әкесі, алтауы көршілері мен таныстары, үшеуі туысқандары, тек екеуі ғана бейтаныс адамдар болып шыққан. Бұдан шығатын қорытынды, жас балаға зорлық көрсеткен айдаладағы адамдар емес, өздері араласып жүрген жақын адамдар екендігі.

Ең үлкен мәселе-үйдегі тәлім-тәрбиеге мән беру керек, маңайындағы араласып жүрген адамдардан абайлау қажет. Бұрындары әйел адамдар балаларымен үш жасқа дейін отырып, олардың тәрбиесімен айналысатын. Мектепке барғанша көз алдарынан қалт жібермей қадағалайтын. Кейінгі кездері көпшілігінің қалалы жерлерде бастарында баспанасы, жағдайлары жоқ болғасын аналар балаларын балабақшаға тапсырып, күтуші тауып, тапшылық жұмыстарынан айырылып қалмайын, ақша тауып несиемді жабайын деп зыр жүгіріп жүр. Бұл- әрине материалдық тапшылық.

Одан әрі бұл мәселені қазбалай түссек, күн сайынғы телеарналар мен интернеттегі батыстан келген балалардың миын улайтын сериалдар мен фильмдердің ар жағында сананы жаулайтын қатігездікке итермелейтін қаншама дүниелер толассыз, тосқауылсыз көрсетілуі де бір себеп деп айтар едім. Бұл енді рухани жұтаңдық.

Ия,қазір педофилдер жайлы жиі айтылатыны соншалық, бейтаныс адам мейірленіп жас балаға жәй қараса да, қуанту үшін кәмпит ұсынса да қорқып, байбалам салатын жәйттер де кездеседі екен. Бұл дегеніңіз, енді ол

жағдайдың халық санасына қорқыныш ұялата бастауы ғой. Онда ойлануға тура келеді, кейбір жағдайларда отбасындағы ерлі-зайыптылар арасындағы кикілжіңдер, туған-туыстардың арасындағы келеңсіз жағдайлардың да осындай қылмыстың түріне апарып соғатындары бар.

Менің ойымша, 5-6 жастағы балаларға зорлық көрсеткен қылмыскерлерді аяусыз жазалау керек, жасөспірімдер мен кәмелетке толғандар арасында бұл қылмыс түрінде кейде екі жақтың да кінәсі барлығы кездесіп қалады.

Ал өлім жазасына енгізілген мораторий жайына ойыссақ, Елбасы мен ҚР Әділет министрінің орынбасары болып қызмет атқарып жүрген кезімде «шетелдерде осындай тәжірибе бар, біздің елде де уақытша енгізіп көруге бола ма, зерттеңдер», – деп айтқан. Мұны сол кезде ҚР Парламент отырысында талқылап, ол «Хабар» арнасының тікелей эфирінде көрсетіліп, 34 мың адам өз пікірін білдірген болатын. Мораторий енгізілгесін қылмыс көбейіп кетті деп ойламаймын. Жаңа сөзімнің басында айтқандай, қазір қылмыстың жаңа түрлері пайда болғаны рас.

– *Парламент қабырғасында қабылданған заңдардың өмірде орындалуына қатысты пікір әр алуан, құқық қорғау саласы мен соттарға сенім азайып кетті, содан барып адамдар өздерін өртеу, өмірлерін қию сияқты әрекеттерге барады деген көпшілік сынына қалай қарайсыз?*

«Түймені ұрлаған мен түйені ұрлағандардың» жазасы бірдей болғанын көріп отырған халықтың болашаққа деген сенімі қандай болмақ?

– Біз Конституциямызды сол мерекенің қарсаңында ғана еске аламыз, дәлірек айтсам, 30-тамызда. Әрине Елбасы Жолдауы, 100 нақты қадамды білу, онда айтылған тапсырмаларды жүзеге асыру керектігіне дау жоқ. Бірақ, бізде азаматтарымыздың өмір сүру кепілдіктері мен міндеттері Ата заңымызда ғана толық көрініс тапқан.

Біздің үлкен идеологиямыз – Конституцияны құрметтеу, оған қызмет ету болу керек. Ата заңымыздың әрбір бабы орындалуы тиіс. Заң бәріне бірдей, министрге де, әкімге де, қарапайым адамға да. Қылмыс жасаса, жазасын өтеуі қажет. Маған көп істерге қатысты адамдар іздеп келеді. Менің қолымда тұрған ештеңе жоқ, оларға қолымнан келгенше көмектесіп, Жоғары Сотқа дейін қабылдауға жіберемін.

Жаңа өзіңіздің сұрағыңыз бойынша, біреуді қылмыс жасаса соттап, ал біреуді сондай қылмысы үшін ақтап алуға болмайды. Бәрі білетін шығар, В.Нидің ісі бойынша Арман Шораев сол кездегі бас прокурор Жақып Асановқа өз ойын ашық білдіріп, жазды ғой. Оған мән берілді ме, қорытынды шықты ма, өздерің көріп отырсыңдар.

Мәселен, АҚШ Президенті Д.Трамп ол миллиардер тұңғыш президент қой сол елде. Бір журналист оған қатысты әр түрлі жәйттерді жазып кітап шығарған. Сонда Трамп оны шығартпауға қанша күш салса да, кітап шыққан. Заң бойынша оны шығарған автормен соттасуға болады, ол жарық көріп, ел оны оқығасын соттасқанмен не пайда? Әділдік деген осы, бұл сол елдегі демократияның шынайы көрінісі.

Қазір біздің еліміздегі білімді, жігерлі жігіттер әділдік жоқ деп шетелге кететін болды. Кәсіпкер Марғұлан Сейсембаевтың әлеуметтік желіде жазғандарына көпшілік жұрт пікірлерін білдірді, сонда көбісі оны жақсы жағынан бағалайтындықтарын білдірді ғой. Әрине, ол елімізге қайтып оралды, ал сыртқа кетіп жатқандардың бәрі жайлы олай айта алмайсың. Жақында Саясат Нұрбектің жазбасын оқыдым. Осындай мәселелерден кейін қоғам ойлануы керек.

Жоғары сотта қызмет атқарып жүрген кезімде банк басшыларын шақырып, «ақшаларын төлей алмай жүрген азаматтарға уақыт беріңдер, кәсіптері жүргесін немесе жаңа жұмыстарға орналасқасын қарыздарын өтейді» – деп айтатынмын. Көп жағдайда осындай тығырықтан жол таба алмаған жандар жоғары қабаттан секіріп, өзін-өзі өртеп жандарын өлімге қияды. Оның кейбірі Бас прокуратураның алдында, Жоғары соттың қасына барып, осындай әрекет арқылы өз істерінің дұрыс екендігін, әділдік жоқ дегенді білдіргісі келетін сияқты.

Мен талай азаматтармен сөйлестім, дәлелдеу жағы қиын болуы мүмкін. Әр ана өз баласының іс- әрекетін өз жүрегімен қабылдап, жамандыққа қимайды. Сол кезде сөйлесіп, түсіндіріп, жасаған қылмысы туралы айтсаң бірден райынан қайта қоймаса да, ойлануы мүмкін ғой. Ал бізде ешкім ондай адамдармен сөйлесуге шықпайды, айтар ойын тыңдамайды. Бұл меніңше, өте мән беруге тиіс мәселе.

Елбасы айтқан жоқ па, «маған жазылған арыз-шағымдарды қайта тексерткен кезде олардың дені дұрыс шешімі шығарылмаған болып шығады» – деп. Сонда ойлап қараңыз, бұған жауапты қанша лауазымды тұлғалар бар, ал халық оларға сенбей, Елбасына жазып жатыр, демек жауапкершіліктен қашпай, оның бәрін Президентке дейін жеткізбей шешуге болмай ма?

Жүз қылмыстық істің тоқсан тоғызын дұрыс қарап, тек біреуінен қателессең де, ол да бір адамның тағдыры ғой, халық бәрін естіп, қадағалап отырады.

Адамға деген қарым-қатынасты дұрыс жолға қою қажет. Мені қатты ойландыратыны – жол-көлік апаттары. Қаланың ішінде жол жақсы, қадағалау да бар. Облыстарда олай емес қой. Біздегі ең қорқынышты мәліметтерді айтайын, жол-көлік апаттарынан жылына 3-4 мыңдай адам қайтыс болады екен, бұл бір ауылдың халқы, олардың дені 30-35-тегі өрімдей азаматтар.

Бұл не сонда, жол ережесін білмеу ме, түсіндіру жұмысының жүргізілмеуі ме, заңға мойынсұнбау ма? Мен Грузияда болғанда көлігімізді тоқтатты, сондағы қызметкер «алдыңызда ылди жол қауіптілеу, байқап жүріңіздер, баратын жерлеріңізге аман жетіңіздер» – деген ескертуді айту үшін тоқтатқан екен. Ал бізде ше, не айыппұл салу немесе сылтауратып бірдеңе қағып алу үшін ғана тоқтатады...

Айыппұл демекші, халықтың материалдық жағдайын ескермей белгіленген айыппұл көлемін қайта қарап, заңға өзгеріс енгізіп жатырмыз. Көп жағдайда қауіпсіздік мәселесіне азаматтардың өздері де кінәлі.

– Қоғамда бір шешілмей келе жатқан мәселе – ажырасу мен алиментті өндіріп алу. Ажырасудың себептері әр түрлі десек те, көп жағдайда баласымен қалған ана бар тауқыметті көтеріп, айлап-жылдап алиментін ала алмай жүреді. Бұл тұрғыда заң әлсіз бе, жоқ оны орындата алмай жүрміз бе? Оны шешудің басқаша баламалы жолдары жоқ па?

– Бұл мәселені Маңқыстауда судья болып жұмыс істеп жүргеннен бастап, көтердім. Ол кезде Совет Одағы кезі ғой, 80-ші жылдарда. Ажырасу көп, оның бар себептерін іздеуге болар, бірақ ең қиыны балаға обал, алиментті өндіріп алғанша, бала тамақ ішпей отырмайды ғой, осы мәселелерді айтып, Алматыға, Мәскеуге бардым. Алимент төлейтін арнайы қор құрайық дедім. Әкесі табылып, одан алимент алғанша сол қордан балаға төлеу керек, кейін оны қайтарып аламыз. Сол мәселені көтергеніме биыл 38 жыл толыпты, Ресей жақында дәл осы заңды қабылдады. Мені жұбатушылар «Ресейдің экономикалық жағдайы жақсы болғасын қабылдады» дейді, бізде де ондай заң қабылдауға болады.

Осыдан он жылдай уақыт бұрын сот орындаушыларының есебінде алименттерді өндіріп алудан жиналған үш миллиардтай ақша болды. Сол кезде Үкіметке «қаулы шығартып, қор құрайық» деп едім, ол ақшаны Қаржы министрлігі алды, сонымен ол мәселе шешімін таппай қалды.

Алиментті төлемеудің тағы бір қыры, ол айырылысып, ақшасын төлеп тұрғасын, баласын көрсетіп тұруға міндетті. Бізде бұл мәселеде тағы бір қиындық, әр нәрсені сылтауратып, баланы кездестірмейтін әйел-аналар бар, ол ішіп келеді, т.б. жағдайларды желеу етеді. Сосын, әкесі ақыры «баланы көрсетпесең, алиментті де төлемеймін» деп шығады.

Қор құрылса, алиментті төлеуден сонша қарыз жиналмас еді, ана да баласын өсіруге қаражаттан қиналмас еді, ал әкесін тапқасын ол ақша өндіріліп, мемлекетке қайтарылады, заң арқылы.

– Сіз депутат болып жүргенде, сот саласында қызмет атқарғаныңызда немесе журналист болып жүрген кезіңізде өзіңізге халық тарапынан өтініш көп түсті?

– Сот саласында қызмет атқарғанда да, әділет министрлігінде жұмыс істесем де, депутат болғанда да жұмысымда жаңалық енгізуге тырысамын.

Ізденген адамға жұмыс табылады. Депутат болған кезімде айтар ойымды ашық жеткізетінмін, бес жыл бойы үндемей отырып кететіндер санатынан емеспін. Екі шақырылымда депутат болдым. Халық сеніп сайлағасын, олардың айтқандарына құлақ асуың, мұң-мұқтажын тиісті орындарға жеткізуің керек. Жаңаөзендегі оқиға кезінде әріптестеріме айттым, басқа елдің депутаттары біздің елдегі жағдайды айтып отырғанда, біз қарап отырғанымыз жарамас, бәріміз барайық, бәрімізді болмаса да, біріміздің сөзімізге олар құлақ асар деп. «Оларға жауапты министрлік бар, біз өрт сөндірушілер емеспіз, бәріне жетіп баратын», – деп қолдамады көбісі. Ақыры, ол мәселе ушығып, аяғы неге соққаны белгілі...

– Соңғы кездері құқық қорғау саласында, прокуратура мен сотта кадрлардың ауыс-түйістері болып жатыр, сот ашықтыққа негізден жұмыс атқаруда, сіз қалай ойлайсыз, бұдан қандай да бір нәтиже күтуге бола ма?

– Мен Елбасының кадрларды осылай ауыстырып тұратын саясатын қолдаймын, бір адам сол орында көп отырғасын кей кезде немқұрайлыққа жол береді немесе көп мәселеге мән бере бермейді. Ал жаңа орынға барғанда жұмысын көрсету, жаңашылдық енгізу, қордаланған жәйттерді жасырмай айтып, шешімін табу керек қой. Балама пікір айтатын, өзіндік көзқарасын білдіретін мамандарды қудаламаған жөн. Өзім ондай жандармен қызметтес болғанда, жанашырлықпен сын айтқан азаматтардың қызметін көтердім, айтқан ойын сол жерде жүзеге асыруына септігімді тигіздім.

Жаңа журналист болған кезде «халық жиі өтініш айтты ма?» деп қалдың ғой. Ия, депутат болған кезде, Сот саласы мен Әділет министрлігінде қызмет еткенде де азаматтардың өтініштеріне немқұрайлы қараған емеспін, қабылдау да өткіздім, жеке де сөйлестім. Ақыл-кеңесімді де бердім. Журналист болып, «Хабар» арнасында бес жыл «Көзқарас» бағдарламасын жүргізген кезімде аптасына бес рет тікелей эфирде болдым, 800-дей хабар дайындаптын. Ол да менің журналистикаға қосқан үлесім. Танымалдылық деген депутат болған кезімнен бар, ойымды жасырмай айтып, сұхбат беріп жүрдім, ал өзім сұхбат алғанда көрермендер айтар бағасын, талай өзекті тақырыпты көтердік. Елге барғанда, той-жиындарда адамдар Ирак келді деп танып, қолымды алып, төрден орын ұсынып жатады, ол менің жылдар бойы жинаған абыройым мен еткен еңбегімнің арқасы шығар деп ойлаймын.

– Биыл елордасы Астанаға – 20 жыл. Сіз осыдан 20 жыл бұрынғы Ақмоланы көрдіңіз, қазір көз алдыңызда не өзгерді, Астаналық тұрғын ретінде өміріңізде қанша еске аларлықтай оқиғалар болды?

– Мен Ақмола астана болады деген сөзге күдікпен қарап, сенбегендердің қатарында болдым. Ол шешімді біздің алдымыздағы депутаттар қабылдаған. Алматыны дамытудағы Дінмұхамед Қонаевтың еңбегін айтамыз ғой, ол кезде салынған құрылыстарды, әсем ғимараттарды. Ал Астанада да қыруар істер атқарылды, халықтың қаншама еңбегі мен үміті бар бұл Астанаға. Елбасы халықаралық қарым-қатынаста елімізді дүниежүзіне танымал етті.

Астана 20 жылда салынды, әлемге танылды. Болашағы алда. Біз әрқашан алға жылжуымыз керек. Дамыған 30 елдің қатарына қосылу, ол құр жалған сөз бен ұран емес. Басқа мемлекеттердің ол қатарда болғысы келмейді дейсің бе, ең негізгісі – жан басына шаққандағы ішкі өнім мөлшері өсуі тиіс. Әрбір азамат 2-3 мың доллар жалақы алса, басында баспанасы болса, жағдайы болғасын ғана жан-жағына қарайды. Қазіргідей айлығы шайлығына жетпей, өзін-өзі асыраудың өзі уайым болса, несиесін төлей алмай тірлік кешіп жүрсе, оған қоғамда белсенділік таныт, әр бастамаға үн қос, сайлаудан қалма деп талап ете аламыз ба?

Мен заңгер ретінде айтарым, болашаққа сенім қалыптастыру үшін ең алдымен әр адам Ата заңды құрметтеу керек, 98 бапты жатқа біліп, оны

бұзып отырған шенеуніктен қаймықпай, талап етсін. Заң адамды қорлау үшін емес, қолдау үшін жазылып, қабылданады. Оның орындалуына бәріміз жауаптымыз.

Қазір үлкен бір істі қолға алып жатырмыз. «Байтақ болашақ» деген экологиялық альянс құрылған. Әміртаев Азаматхан басқарады. Құрметті президенті Олжас Сүлейменов. Сонда кеңесшімін. Еліміздегі әрбір азаматқа таза ауа, таза тамақ, таза су керек. Өмірде әрбір ісінде де сондай тазалық болғаны дұрыс.

Жағымпаздыққа жаным қас. Үш баламның бойына соны сіңіріп өсірдім. Бәрі де ел қатарлы қызметтерін атқарып жүр. «Болашақпен» оқыды, кіші ұлым Ержан «Самрұқ-Қазынада» трансформация саласының маманы, бір ұлым Ғалымжан Шымкентте ӘӨК-де орынбасар, қызым Гүлжан «Қазтрансойлда» жұмыс істейді. Ешқайсы үшін лауазымды қызмет сұрап барып, жұмысқа орналастырған емеспін, өзім бәріне қалай қол жеткіздім, олар да солай өз еңбектерімен елге танылып, жұмыс істесін деп ойлаймын.

Қоғамда әділдік болу үшін, жалтақтамай өз пікірін еркін жеткізе алатын азаматтар көп болуы керек. Ал ақиқатты тек ары таза адам ғана айта алады.

*Сұхбаттасқан Базаргүл Сейітжанқызы
«Объектив.kz» ақпараттық порталы,
18 ақпан, 2018 жыл.*

Астана жайлы сөз қозғай бастасаңыз-ақ, небір ғажайып естеліктер анталап бас көтерері түсінікті. Зымыран уақыт қанатына жармасқан журналистік өмір әр нысанға көп бөгелуге мүрсат бергізбейтіні тағы бар.

1997 жылдан – 2002 жылға дейінгі «Қазақстан РТРК» АҚ «Астана студиясында» комментатор болып қызмет атқарған жылдарымның әр күні маңызды оқиғаларға толы болды.

Оның бәрін бір кітаптың ішіне сыйғызу мүмкін емес. Ал Астананың биылғыдай 20 жылдық мерейтойы тойланған жылы оған қатысты деректерді көз алдына жайып салатын, елорданың алғашқы баспасөз хатшысы болған, журналистермен қоян-қолтық жұмыс істеп, әр маңызды жаңалықтарын жеткізуге күш салған, Астана жайлы бірнеше кітап шығарған ҚР Еңбегі сіңген қайраткер Сәдібек Түгелмен сұхбаттан көп жайтқа қанығуға болады.

*Тәуекел түбі – жел қайық,
Өтерсің де кетерсің!*

НАРТӘУЕКЕЛСІЗ ІС БІТПЕЙДІ

Биыл Ақмола қаласының ел астанасы болып жарияланғанына 20 жыл толды. Осыдан 20 жыл бұрын Арқа төрінде дәл осындай келбетіне көз тоймайтын ару қала бой көтереді деген сөзге біреу сеніп үмітпен қараса, енді

біреу оған күдікпен қарағаны рас. Ғажайып ертегідегідей сағат санап өспесе де, күн сайын келбетіне көрік қосып, ажарлана түскен Астана жайлы қазір онда алғаш келіп орныққандар да, қонақ болып, келіп қайтатындар да ерекше толғаныспен бірі өткен күннен естелік айтса, бірі таңданыспен пікірін бөлісіп жатады. Ал біздің бүгінгі сұхбатымызда әсем Алматыдан Арқаға ағылған көштің легімен алғашқылардың бірі болып, сол кездегі Ақмолаға келген, елорда әкімінің тұңғыш баспасөз хатшысы болған Сәдібек Түгелмен бірге өткен күндерге шегініс жасап көрелік.

– *Сіздің бүгінгі Астана тарихында өз орныңыз бар, алғашқы баспасөз хатшысы ретінде жаңа елордаға қатысты қаниама маңызды оқиғалардың арасында жүрдіңіз. Сіз шағын ғана облыс орталығы болған қаладан, жаңа елордасына айналған 20 жылдық уақытты қалай сипаттап берер едіңіз?*

– Астанаға қатысты айтылып жатқан ойлар мен кейбір пікірлерге қарасаң, оның ғимараттарын құрылысшылар салса, қалған жұмыстары шенеуніктерге ғана тиесілі, солардың қаласы сияқты.

Ал мен айтар едім, жаңа елордадағы ағылған көштен бастап, ашылған әр ғимаратты көзбен көріп қуанып, сөзбен келістіріп кестелеп жеткізген журналистердің еңбегі зор дер едім. Айтқан осы пікірімді дерекпен дәлелдеп көрейін.

Мен алғаш келген кезде зерттеу жүргіздім. Қалада тіркелген 8 ғана БАҚ бар екен. Күн сайын өтіп жататын оқиғалар тізбегін жеткізу үшін өзің куәсің, алғашқы келген журналистер тыным таппай зыр жүгіріп барып, жазып, түсіріп жұртқа жариялап жататын. Не істеу керек? Құр баспасөз парағын таратып, бір-бірімен егіз қозыдай ұқсас материалдар арқылы жаңа елорданың имиджін қалыптастыру мүмкін емес.

1998 жылы 2-сәуірде жаңа астанамызға бүкіл әлемдік БАҚ алпауыттарын жинадық. Қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Оқушылар сарайында әлемнің әр түкпірінен келген 255 журналист қатысқан баспасөз мәслихаты болды. Ассошиэйтед пресс, Франс пресс, Синьхуа, Ресейдің 20 шақты ақпарат құралдары өкілдері қатысқан шараны Рейтер агенттігі таратқанда 80 мемлекет бір кезде ақпарат алды. Мәслихатты сол кездегі Астана әкімі Әділбек Жақсыбеков жоғары деңгейде жүргізіп шықты.

Осылайша, бүкіл әлем алдында қазақ елінің астанасы жайлы толыққанды ақпарат беріліп, бұған дейінгі сынай қарайтындар алдында күдік-күмән сейіліп, сең сөгілгендей болды. Соның негізінде 4-сәуір күні сағат онда Жастар сарайында тұңғыш Халықаралық баспасөз орталығын құрдық. Орталықтың құрметті Президенті болып сол кездегі қала әкімінің орынбасары Төлеген Мұхамеджанов сайланды, мен барлық ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды мойныма алдым. 2-3 жылдың ішінде баспасөз орталығына талай танымал адамдар келді, мыңнан аса ірі іс-шаралар өткізілді. Мәскеудің мэрі Лужков, атақты Михалков, Вахтанг Кихабидзе т.б келді. Біздің БАҚ өкілдері өтіп жатқан барлық мәслихаттарға қатысып, танымал адамдардан көкейлеріндегі сауалдарына жауап алды. Оның бәрі-біздің үлкен жетістігіміз еді.

– Ол күндер көз алдымызда, жаңа елордамыздың мәртебесін асыруға ат салысқандар аз емес. Сіз өз сөзіңізде журналистердің еңбегіне лайықты баға бердіңіз. Саны аз болса да, сапалы қызмет етіп, бірде-бір шараны назардан тыс қалдырмағаны рас. Осы жылдар аралығында өзіңіздің бастамаңызбен өмірден өткен журналистерді еске алу шарасын да өткізіп келесіз, осы жайлы аз-кем тоқтала кетсеңіз?

– Жаңа сөзімнің басында айттым, мен келіп жұмыс жүргізгенде 8 ғана тіркелген БАҚ болды. Ал қазір 20 жылдың ішінде Астанаға 200-ден аса БАҚ келіп, тіркелген. Жаңадан салынып, сол жағалауда барлық мемлекеттік БАҚ өкілдерінің басын біріктіріп отырған «Қазмедиа орталығының» ғимаратын айтсаңыз! Елорданың тұңғыш баспасөз хатшысы, өзімнің таңдаған мамандығымның арқасында болар, журналистердің Астананың қалыптасуындағы еңбегін әрқашан айтып жүремін, әрі лайықты бағасын алғанын қалаймын, сол бағытта бірнеше жобаларды да жүзеге асырып келемін. Халқымызда «өлі риза болмай, тірі байымайды», – деген сөз бар. Астананың аязын елемей, «ыстығына күйіп, суығына тоңған» өткізілген қаншама маңызды шаралардың басы-қасында болған, бүгінде өмірден озған журналистердің есімі ескерусіз қалмасын деп «Олардың есімдері жүрегімізде» – атты шараны биыл үшінші рет өткіздік.

«Олардың есімдері жүрегімізде» – атты өмірден өткен дарынды елордалық қаламгер журналистерді еске алуға арналған мәні де маңызы зор керемет кеш. Бірінші кеш 2012 жылдың 4 мамырында Астана қаласында өтті. Онда Ақселеу Сейдімбек, Дүкеш Байымбетов, Жұматай Сабыржанұлы, Владимир Коченов, Талғат Ілімжан, Владимир Бойко, Жомарт Әбдіхалықов, Рафаель Жұмабаев, Олег Квятковский, Октябрь Әлібеков, Мадрид Рысбеков, Шакизада Құттыаяқов, Алмас Жолтаев, Біржан Белқара бастаған 14 әріптес-журналистерді еске алдық.

2013 жылдың 12 желтоқсаны күні журналист қаламгерлерге арналған екінші кеш елорданың «Жастар» мәдениет сарайында жоғары деңгейде өткізілді. Онда елордамыздың дамуына және журналистикаға зор үлес қосқан әріптестеріміз Әскен Нәбиев, Бақтыбай Шаханов, Владимир Гундарев, Ербол Шаймерденов, Дүкенбай Досжанов, Сабыржан Шүкіров, Марфуға Бектемірова, Андрей Тришечкин, Наталья Хабарова, Иван Балучевский туралы бейне сюжеттер көрсетіліп, әсерлі естеліктер айтылды, ұлағатты концерт қойылды. Үлкен тебіреніспен өткен шарада көзіне жас алып, көңілі толқымаған жан болмады.

Биыл «ҚазМедиа орталығында» өткізіп, Фариза Оңғарсыновадай халық жүрегінен шығармашылығы үлкен орын алатын тұлғадан бастап, Ақмола өңірінің журналистикасы мен мәдени өмірінде өзіндік өрнегі бар жазушы Нұрғожа Ораз, Смағұл Рахымбек сияқты танымал жандарды, бірнеше қаламгерлер-журналистерімізді еске алдық.

Елордалық журналистер үшін қолыма алған тағы бір жобам – «Қазақстанның қасиетті жерлеріне саяхат» болатын. 1998 жылдан бері іргеміздегі Бурабайдан бастап, Қорғалжын қорығы, Шығыс Қазақстандағы

көрікті, әрі тарихи мекендер, Жетісудың таңғажайып табиғаты мен Шарын шатқалы, бәріне апарып, аралаттық. Журналистер көргенін, сөзбен суреттеп жеткізсе, жас ұрпақтың туған жеріне, өскен еліне деген патриоттық сезімі күшейеді.

– Қазір Астананың әр күні маңызды шараларға, әр жылы айтулы оқиғаларға толы. Алғаш келген кезіңізден бастап талай тарихи сәттерге куә болдыңыз, жаңа елорданың шежіресін кітап етіп шығаруға, шығармашылығыңызға арқау етуге тұрарлық кейіпкерлер аз емес шығар?

– Әрине. Астана – менің шабытымның арқауы, менің таусылмас мәңгілік тақырыбым. Осы күнге дейін өзім жазып, жарыққа шығарған «Көк күмбезді – Астана», «Астана – город солнечной мечты», «Астана – жерұйғы елімнің», «Астана – триумф страны», «Астана – ел жүрегі», «Астана – сердце страны», «Алғашқы астаналықтар», «Первопроходцы Астаны», «Астана баспасөзінің шежіресі», «Летопись столичной прессы», «Астана хикаялары» атты кітаптарым мен «Тұңғыш» атты спектаклім елорданың бірінші күндерінен, 20 жылдық тарихынан сыр шертеді. Осы кітаптардың ішінде шоқтығы биіктігі «Алғашқы астаналықтар» энциклопедиялық жинағы. Оған Елбасы Н. Ә. Назарбаев бастаған 186 алғашқы астаналықтардың анкеталары мен естеліктері басылды.

Астана – тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бүкіл әлемді таңқалдырған бірегей жобасы, елорданың таңдай қақтырар әсем ғимараттарының бәрі Елбасының идеясы мен қолтаңбасы дер едім. Оны мен барлық жазған кітаптарымда егжей-тегжейлі баяндадым.

Бұл жоба төңірегінде біз 500 ден аса адамның өмірбаяндық деректерін жинадық. Ол материалдар әлі екі кітапқа арқау болады. Осында достарым мен әріптестеріммен бірігіп Астана қаласының және еліміздің ақпарат кеңістігінде өз орны бар «ТҮГЕЛ МЕДИА» атты ақпараттық серіктестік ашып, оның жұмысын үзбей жүргізіп келеміз. Ұйымның ұраны: «Біз журналистер, біз біргеміз!», «Мы журналисты – мы вместе!» деп аталады. Бірлестік шығарып келе жатқан журналдар: «Қазанат», «Құлыным», «Біз, Астаналықтар!», «Ұлы дала қырандары», «Керемет той», «Журналистер әлемі», «Ұлттық спорт». Қазір бірлестіктің құрамында 17 БАҚ бар.

– Сіз әрқашан жаңа істерге бастамашы болып, қоғамға ой салатын жобаларды қолға алуыңызбен ерекшеленесіз. Содан болар, биыл осымен 7-ші рет өткізіліп отырған «Халықтың сүйіктісі» ұлттық жүлдесіндегі «Үздік қоғам қайраткері» аталымында топ жарып, жеңімпаз атандыңыз. Қоғамның қозғаушы күші – ол өзіңіз сияқты бастаған ісін соңына дейін жеткізетін жандар, олардың қайраткерлігінің арқасында жарқын істер жүзеге асады. Әрбір қоғамдық жұмыстың бастауында тұру оңай емес шығар?

– Әкем әрқашан ескертіп отырушы еді, «балам, бастаған ісінді аяқсыз қалдырмай, соңына жеткіз» деп. Өркениетті елдердің бәрі де азаматтық қоғам арқылы демократияландыру үрдістерін жүзеге асырып отыр. Ал мен атқарып

отырған, қолға алған жұмыстарымның, жобаларымның бәрін қоғамдық негізде жүргізіп келемін.

«Халықтың сүйіктісі» жобасына қатысамын деген ойым болған жоқ. Өзімді сыйлайтын азаматтар ұсынып қойғасын, бас тарта алмадым. Мені Жұматай Абилдинов ұсынған екен. Қазір көбінесе, жарияланған байқаулар мен жүлделердің жеңімпаздары алдын-ала анықталып қояды, әділетсіздіктер көп деген пікірлерді жиі естиміз ғой.

Бұл жобаға қатысқанымды әлеуметтік желі арқылы естіп, әлемнің әр жерінен таныстарым, Германиядан, Сочиден, Ресейден бәрі сізге дауыс беріп жатырмыз деп, көңілімді көтеріп тастады. Сондықтан осы жобаны ұйымдастырған азаматтарға, мені қолдаған жандардың бәріне ризашылығымды білдіремін. Қандай істі қолға алсам да, нартәуекел деп кірісемін, нені болсын бастамас бұрын, болашағын болжай білуің қажет.

Ия, Сәдібек Түгел сөзінің жаны бар. Ол елін, жерін қалтқысыз сүйетін азаматтар санатында. Астана оның өмірі тебіренісі де шынайы.

Біз, Астаналықтар, осындай армандар орындалатын, мүмкіндіктеріңді жүзеге асыра алатын, ел жүрегі аталатын ару қаланың тұрғындары екенімізді мақтан тұтуымыз керек және жауапкершілік жүгіміздің де өзгелерден ерекше екенін білуіміз қажет. Астана – тәуелсіздік алған халқымыздың өз жүрек қалауымен таңдалған елордасы!

Ия, «Ұлы Дала Қырандары» республикалық қозғалысын құру, рухани ұлттық құндылықтарды дәріптеу, «Ұлы дала – Ұлттық Рух» деп айтып қана қоймай оның атауына сай жұмыс атқару, Ұлы Даланың атақты тұлпары Құлагерге ескерткіш орнату, «Ұлы Дала Даңқы» мұражайын салу идеясының авторы ретінде оны жүзеге асыру, Астаналық ақпарат кеңістігін қалыптастыру, осының бәріне бастамашы болып, идеясын соңына дейін апару қайраткер азаматтың ғана қолынан келер-ау.

«Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек, жылқыда да, жылқы бар, қазанаты бір бөлек» – деген сөз Сәдібек Түгел сынды ер қанатын қадірлей білетін, елін жан-тәнімен сүйетін, қоғамның қозғаушысы ретінде әрқашан алда жүретін жандарға арналса керек.

Сұхбаттасқан Базаргүл Сейітжанқызы.

«Объектив.kz» ақпараттық порталы,

19 наурыз, 2018 ж.

Өрелінің жұлдызы биік болғай!

ӨНЕР ӨЗІМШІЛДІКТІ КӨТЕРМЕЙДІ

Алғаш Астанаға келгенде менің ең бірінші ат басын тіреген, бейтаныс қаланың беймәлім өмірінде кездескен қиындықтарды қаймықпай қарсы алуға жігерлендірген әрі ақылшы апамдай, әрі сырлас құрбымдай Зибәгүл еді. Оған деген барлық ризашылық сезімімді жеткізе алмасам да, мына жарияланып отырған сұхбат Зибәгүл екеуімізді өткен күндерге ойша оралтуымен құнды.

Бізде қазір аспандағыдан гөрі жердегі «жұлдыздар» жетіп артылады. Бұрындары өнердегі жұлдыздар дегенде киелі сахнада қаншама жылдар жүріп, талай тарихи тұлғаларды сомдаған немесе өнерді-өмірім деп ұғып, керемет даусымен көрермендерді баураған майталмандар көз алдымызға келетін. Бүгінде сахнаға аз ғана уақыт шығып, бір-бірін қайталайтын, өзіндік бет-бейнесін қалыптастырып үлгермесе де, шығармашылық кештерін өткізіп, теледидар экранынан барлық тақырыптарда көсемсіп ақыл айтатындар да, журналистердің жазған дайын мәтіндерін оқып алып, бағдарлама тізгініне ие болып өздерін ерекше талант иелеріміз деп бағалайтындар да арамызда жүр.

Жақсының жағасына жармасқандарға қой дейін десең, оныңды жағымпаздыққа балайтындар мен ұлттық мүддеге қатысты жанайқайыңды кек қайтару деп санайтындардың өресімен киелі өнерді өгейсітуге болмайтынын кімге айтамыз сонда?!

Театр мен кино әлемінде өзіндік орны бар, өмірінің 40 жылдай уақытын өнерге арнаған, отандық телесериалдарда бірнеше рөлдерді сомдаған Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының әртісі Зибагүл Каринамен сұхбат барысында осындай көкейіміздегі сан сауалға жауап іздеп көрелік.

– Зибагүл, бүгін бала шақтан – бүгінге дейінгі 40 жылдық өнер жолыңның қадау-қадау кезеңдерін бөліп қарасақ, он сегіздегі бойжеткеннің арманы адастырған жоқ деп айта аламыз ба?

– Әрине. Арман адастырмайтыны рас. Алайда, сол балалық қиялдан басталған өзім қалап алған мамандық, яғни киелі театр сахнасына дейінгі жолым кедір-бұдырсыз, даңғыл болды деп айта алмаймын.

Әкем Жақсылық құрылыс саласындағы инженер, ал анам дәрігер болатын. Он сегіз жасында әкеммен қол ұстасып, шаңырақ құрған анамыз 37 жасында өмірге үйелмелі-сүйелмелі алты перзент әкеліп, өзі жарық жалғанмен қоштасты. Алдымда екі ағам, соңымда үш інім бар. Анамыздан айрылған кезімде небәрі он бір жаста ғана едім. Өмірінің балалық кезеңі ашаршылық пен соғысқа тап келсе де қажыр-қайратымен алға ұмтылған өзге замандастары секілді мойымаған әкемді анамның қайғысы қабырғасын қайыстырса да онысын бізге сездірген емес.

Мен жалғыз қызы болғандықтан шығар, анам сияқты дәрігер мамандығын таңдағанымды қалады. Жүрек қалауым басқа, өнер жолында жүргім келеді дегенді айта алмай, амалсыздан әкемнің айтқанын тыңдап Қарағанды медицина институтына құжатымды тапсырып, оқуға түсе алмағанда қинала қоймадым. Ақыры, тағдырым мені өзім қалаған жолға бастап әкелді. Театрға көмекші құрамда ең алғаш «Әпке» спектаклінде Ермектің рөлі ұсынылғанда қуанғанымды сөзбен жеткізе алмаспын.

Арқалықтағы театр 1972 жылы ашылған, Мәскеудегі М.С.Щепкин атындағы театр училищесін бітірген талантты топтың қыз-жігіттері еді. Олармен бірге өзіме сеніп тапсырылған кішігірім рөлдерді ойнап жүріп, сол салада жоғары білім алу керек екенін ұғындым.

Осылайша, Алматыдағы мемлекеттік театр көркем-сурет институтына түстім. Оқуды аяқтасымен, ол кезде тұрмысқа шығып үлгергенмін, қызым Әйгерім, әкесі Бақытжан ол да өзім сияқты әртіс үшеу болып туған жерге оралдық. Сонымен, театр құрамына Мәскеуден Щепкиндіктердің екінші тобы қосылған, 1988 жылы Торғай облысы жабылғанша сонда талай жаңаспектакльдер қойдық, рөлдерде ойнадық. Одан арғысын өзің білесің Жезқазғанға театрымызбен бірге қоныс аудардық...

– *Қасиетті Торғай жерімен іргелес жатқан мысты шаһар Жезқазғанға үлкен өнер ордасы келіп орныққанда бұған дейін театры болмаған қала тұрғындары ынта-ықыластарымен қарсы алды. Барлық ұжымға бастарына баспана берді, әр қойылымды асыға күтіп көрді. Оған өзім де куәмін. Жезқазғандағы жылдар, «шалғайдағы болса да, маңдайдағы театр» атанып, жұлдыздай жарқыраған шақтарға ойша оралып көрсең?*

– Ол рас. Туған жерімізден облыс жабылғасын көңіліміз жабырқап келгенде, мысты өңір халқы өнерге шөліккеп отырғасын ба, бізді сондай жылы қабылдады. Шындығында театрдың әрбір қойылымына келген көрерменнен ине шаншар бос орын болмайтын. Жалындаған жастық шағыма өзіме сеніп тапсырылған басты рөлдер өнерімді одан әрі жарқыратты десем де болады. «Қыз-Жібектегі» – Жібек, «Қозы Көрпеш-Баян сұлудағы» – Баянның, «Тастама отты, Прометейдегі» – Агазия рөлдерін сомдадым. Әрбір өнер иесіне бұйыра бермейтін бақыт қой, ол.

Әсіресе, тәуелсіздік жылдары, 1992 жылы Алматыда Ғабит Мүсіреповтың 90 жылдығына арналған театрлар фестивалінде Жезқазған театры үздік деп танылып, 4 облыстық театр бір спектаклді қойғанда дара шығып біздің «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» Гран При алды. Спектаклде Баянды ойнаған мен, Қозы рөліндегі – Жоламан Базарқұлов және Қодарды сомдаған – Қоныс Бегайдаров өз рөлдері бойынша үздік деп танылды.

Негізі орайы келгенде айта кетейін біздің бас режиссеріміз Жанат Хаджиев әр қойған қойылымындағы режиссерлік шешімі, артистерге қоятын талабы, өзіндік ізденісіңе жетелейтін, республика көлемінде қолтаңбасы ерекше бағаланатын талант иесі еді ғой. Өнерде де адам құс сияқты, рөлдегі серігіңе де байланысты, қос қанат бірдей қағылғанда биікке самғайсың, ол жағынан да менің жолым болды.

Жоламан Қозы рөлінде ойнаған кезде бір-бірімізді қабақпен ұғынысып түсінісетін едік. Бірге оқыдық, бірге қойылымдарда басты рөлдерді сомдадық. Қазір олардың екеуі де өмірден озды...

– Еліміздегі театрлар арасынан оқ бойы озып, сол кезде алғаш Мысыр еліне барып өнер көрсету – Алматыдағы фестивальдегі жеңістің жемісі болды ма?

– Солай деуге болады. Бұл – 1993 жыл. Тәуелсіздіктің жемісі деп ойлаймын, алғаш рет шетелге шыққан бүкіл театр ұжымымен біз болыппыз. Сол кездегі Қ.Сәтбаев атындағы «Жезқазған түстіметалл» ғылыми-бірлестігі» бізді арнайы чартерлік рейспен Египетке жеткізген. Декорациямыздың өзі қандай, өмірі шетел көрмеген әрқайсымыздың

таңданысымызда шек жоқ. Халықаралық фестивалде спектаклімізді сыншылар жоғары бағалады. Мұсылман елі ғой, мені қатты толқытқаны – Қозының өлімінен кейінгі спектакльде құран бағышталатын жерін барлық залдағы көрермен өте тебіреніспен қабылдады, тілімізді түсінбесе де, дініміздің бір екендігін сезінген болар. Әсеріміз керемет еді, қайтар жолда декорациямыз басқа ұшаққа салынып кетіп жоғалды да «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» қоя алмадық. Бәлкім, «сондай биіктікке көтерілген туынды, биігінде қалсын!» деген бір тылсым күштің әсері ме» деп ойлап қоямын кейде...

– Театр мен кино әртісі болу оңай емес, бірақ менің білуімше, театр сахнасындағы сәтті рөлдермен бірге, кинодағы жолың бірге ұштасып жатқандай ма, кинода ойнаған рөлдеріңде тарихи кезеңдерден сыр шертетін фильмдер болды ғой, солай емес пе?

– Менің театр сахнасында ойнаған алғашқы рөлдерім мектеп қабырғасынан енді шыққан кезімде болса, ал киноға ең алғаш институтта оқып жүргенде түстім. Ол Серік Райбаевтың «Үш күн мейрам» фильмі болатын. 1986 жылы Оралхан Бөкейдің шығармасы желісімен түсірілген «Сайтан көпір» фильміндегі басты әйел бейнесі – Қамқаны сомдадым. Шәмпагүл Меңдиярова, Ыдырыс Ноғайбаевтармен әріптес болдым, Оралхан ағаның туған жерінің өзі керемет суреттеген көріністерін көзбен көріп тамашаладым, үйінен дәм таттық. Бұл фильм Қазақ телевизиясының тапсырысы бойынша түсірілген. Мазмұнын айтып жатпайын, көпшілік жылы қабылдаған фильм.

Жаңа өзің фильмнің қайсысы болмасын қазақ тарихының бір кезеңінен сыр шертеді деп, оған қосарым ол фильмнің бәрі де халқымыздың біртуар жазушыларының туындылары желісімен түсірілгендігі.

1987 жылғы түскен «Балкон» фильмінің режиссері Қалықбек Салықов болса, фильм Олжас Сүлейменовтың ертеректе жазған шығармалары негізінде түсіріліп, Қазақфильмнің алтын қорына жазылып алынған, басқаларына қарағанда жиі көрсетілген фильм болатын. Халықаралық фестивалде де жүлдеге ие болды.

Ал 1990-1991 жылдары белгілі жазушы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романы желісімен түсірілген екі сериялы «Сұрапыл Сұржекейде» ауылнайдың әйелінің рөлінде ойнадым.

Бұл аштық тақырыбындағы ел тарихының айтылмай келген бір ақтаңдағын ашқан фильм ретінде ерекше. Басты рөлді сомдаған Нұрмұхан Жантөрин бірінші сериясы түсіріліп біткенде қайтыс болғасын, автордың рұқсатымен негізгі екпін екінші кейіпкерге ауыстырылып, сосын ғана екінші сериясы түсірілген. Кезінде Мемлекеттік сыйлыққа да ұсынылған. «Мосфильмде» ресейлік киносыншылар Кеңес Одағы кезіндегі тарихи шындықты қымтап жасырмай көрсетсе де, фильмге шынайы өнер туындысы тұрғысынан әділ бағасын берді.

Бір өкініштісі – бұл фильм кезінде Орталық Азия елдері біріккен «Катарсис» киностудиясы түсіріп, Қазақфильм ресейлік банктен қарыз алғанда, осы фильмді кепілдікке қойғандықтан, қарыз өтелмей қалып,

фильмді көрсету құқығы банкте қалып қойған. Халқымыздың тарихының үлкен нәубет кезеңін қамтыған көркем дүниесі 1992 жылы «Қазақстан» арнасынан бір көрсетілгені болмаса, одан кейін көрерменге жол тарта алмай жоқтаушысыз қалды...

2005 жылы Әбіш Кекілбаевтың «Күйші» шығармасы желісімен режиссері Дамир Манабаевтың «Кек» фильміндегі Хадишаның бейнесін сомдадым. Әбіш ағаның шығармаларының тілі қандай көркем болса, ол абыз ағамыздың туған жерінің табиғаты мен тарихи жерлерінің ғажайыбын да сөзбен айтып тауыса алмайсыз.

1960 жылдары әдебиеттегі мәңгүрт тақырыбын енгізген Әбіш аға ғой, одан кейін Шыңғыс Айтматовтың шығармасынан кездестіресіз. Бұл фильмде де тарихи оқиғалар мен бір кезеңнің шындығы астасып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, өзім түскен фильмнің қай-қайсысы болсын, жеңіл-желпі оқиға желісімен емес, қазақ тарихының әр кезеңінің айтылмаған ақиқатының бір-бір үзгі болып табылады. Мен сомдаған кейіпкерлердің әрқайсы да сол шақта өмір сүрген жандардың жиынтық бейнелері еді.

2009 жылы «Кек» фильмі де Еуразия кинофестивалінде үшінші орынға ие болып, Қазақфильмнің алтын қорына енді.

– Сахнадағы 40 жылдық гұмырды бір сұхбатқа сыйдыра алмаспыз, бірақ сол жылдардағы сомдаған образдар арқылы бірнеше жылдарға есеп берген сияқтымыз, енді елордасы Астанадағы 20 жылдан аса уақыттағы шығармашылық жолға қарай ойыссақ.

– Ақмоладағы алғашқы қазақ театрының қадасын қаққан, сол кездегі ормандай орыстың арасынан үлкен қайраткерлікпен қазақ театрын ашқан Жақып Омаров. Мен бұл Қ.Қуанышбаев атындағы театрға 1995 жылы Ақмола облыс орталығы болып тұрған кезде ауыстым. Ол кісі еліміздің түкпір-түкпірінен талантты әртістерді жинады, жас таланттарды шақырды.

Одан кейін Ақмола бағы жанып, астана болып тандалды. Менің көз алдымда өсіп, көркейді. Бұрын бір орыс театры, бір қазақ театры ғана болған, қазір қарасаң, қаншама өнер ордалары ашылды, қаншама мәдениет ошақтарының әсем ғимараттары салынды, сан таланттар елордада басын қосты. Ал біз болсақ, сонау 20 жыл бұрын аяз бен боранға қарамай, енді ғана көшіп келіп жатқан жандардың жүрегін өнерімізбен жылыттық, шағын ғана залымызға шапқылап жүріп, көрермен жинадық.

Өз басым сол жылдары әртіс бола жүріп, екі тілде еркін сөйлегендігімнің арқасында әкімші ретінде де жұмыс істеп, онда жалғыз ғана 4-ші қазақ мектебі бар, олардың оқушыларын қашанғы шақыра бересің, талай орыс мектебіндегі басшыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, көрермен жинаған кездерім болды. Қазір сол игі ісімнің жемісі деп айтайын, талай сол кездегі оқушы болған жастар театрға келіп, бүгінде 20 жылдан соң, театр өнерін бағалайтын зиялы қауымның қатарына қосылды.

Астанадағы ойнаған рөлдеріме тоқталсам, Ж.Омаровтың «Алдар Көсе» спектаклінде – Дәметкен, Ә.Мәмбетовтың «Аршын Малалан» қойылымында – Жиһан, «Ана-Жер Анасында» – Айша, Б.Ұзақовтың «Үміт» спектаклінде –

Әлия, «Қобыландыда» – Күнікей, Н.Жұманиязовтың «Ромео-Джулеттасында» – Леди Монтекки, Ә.Оразбековтың «Үкілі жұлдыз» қойылымында – Би, Е.Тәпеневтың «Гамарджобасында» – Текле, т.б.

– *Театр, кинодағы рөлдерге тоқталдық, соңғы жылдары отандық телесериалдардан да көрермен Зибагүл Каринаны тани бастады, мұндағы айтпағым, көпшілік тарапынан телесериалдардағы тіл жұтандығы, кейіпкерлердің оқиганы шынайы түрде жеткізе алмауы, бірсарындылықтың көптігі, бір әртістің бірнеше сериалдарда түсуі жайлы жиі сынайды, 100 сериялы екі телесериалға түскен әртіс ретіндегі пікіріңді білсем деп едім, сын қаншалықты шындыққа сай айтылып жүр?*

– Бұл тұрғыда менің көпшілікпен келісетін де, келіспейтін де тұстарым бар. Бірсарындылық дегенде, әртістердің бір сериалдан келесі сериалға ауысып түсіп жүргенін айтар болса, ол барлық елдің тәжірибесінде бар, талантты болса, басқа сериалға түспейсің деп шектеу керек? Тіл жұтандығы дегенге келісуге болады, оны «Баян сұлу» телесериалы жайлы дау туындағанда зиялы қауым жеріне жеткізіп жазды, оған қосарым негізі тарихи туындыларды түсіргенде уақыт пен оқиганы бүгінгі күннің деңгейімен қарауға болмайды. Өткеннің бәрін қазіргі жастардың түсінігі мен сөйлеген сөздерінің қалыбына салсақ, тарихқа, киелі өнерге қиянат жасау болып табылады. Заманмен үндес, рейтингі жоғары телесериал түсірмесін демеймін, өзім де «Айман-Шолпанға» түстім ғой, онда тек аты ғана солай, оқигасы мүлдем басқа, нақ осы кездегі жағдайларға сай кейіпкерлер бейнесі, сөзі де, өзі де қазіргі көрерменнің талабымен деңгейлес. «Қара шаңырақта да» күнделікті өмірде кездесіп жататын жәйттер арқылы адами құндылықтардың сақталуын мақсат еткен. Ресейліктер түсірген тарихи телесериалдарды алып қараңыз, түріктерді де, сол тарихи кезеңдегі оқиғалардың шеңберінен шықпайды, бүгінгі уақытқа сай көрерменге ұнау керек деп жаңадан ештеңе қоспайды, киімі де, сөзі де уақыт пен кеңістік ұғымдарынан ауытқымайды. Меніңше, фильмдерді түсірушілердің арнайы лицензиясы болуы, көркемдік кеңес сияқты өнерге жанашыр жандардың сүзгісінен өтуі керек.

– *Өнерде алдыңғы кәсіби майталмандар мен қазіргі жас таланттардың арасын жалғап тұрған екі ғасырдың ортасында өмірге келген буын ретінде өзің жеткен биігіңе көңілің тола ма, қазіргі кезде хас таланттардан гөрі жас атақтылардың саны артып барады деген сөз шындыққа сай келе ме?*

– Біздің буын шынайы талантты бағаланғанын қалайтын, өнерді күнкөріс көзі мен атақ-даңққа айырбастамай, өмірінің мәні деп балайтын ұрпақтар қатарынан едік. Мен талантыммен қазақ қыздарының ардақ тұтар Жібегі мен Баянының рөлін сомдадым, талай байқауларда дара шыққан фильмдерге түстім, отандық телесериалдарда да өзіндік кейіпкерлердің бейнесі арқылы көрерменнің ілтипатына бөлендім.

Біз, міне осылайша өз басымыздан гөрі, өнердің абыройын, ұлттың, хәм халықтың рухани қазынасын таза қалпында жарқыратып көрсетеміз деп

жүріп, өзіміз тасада, көзге ілінбей, атақ-абырой тұрғысынан еленбей қалып қойған екенбіз...

Хас талант, шынайы дарын, нағыз артист үшін сахнаның төрінен төл өнерімізді насихаттағанды марапат пен мадақтың ең үлкені осы екен деп сәтті өткізген әрбір спектаклімізбен жақсы қабылданған әрбір киномыздың қуанышына шаттанып жүре беріппіз. Бел-белестен өтіп, бір кездері соңымызға салған соқпағымызға қарасақ, ізімізде ілесіп келе жатқан ізбасарларымыздың мысы басып бара жатқанын түсіндік.

Әуелгіде мұның мәнін біліңкіремей, дал болдық. Бара-бара зер сала қарасақ, бізден кейінгі толқынның аты-жөні аса танымал болмаса да, алған атағы мен марапаттары біздің сахнадағы сомдаған рөлдермен емес, алған орден-медальдармен қадірлі екен. Өйткені, қандай да бір өнер мерекесінде, өнер бәйгесінде халықтық салтанаттарда сенің сахнада сомдаған рөлдерің емес, алған атақ-даңқың бойынша қадірлейді екен.

Қырық жыл бойы атақ қумай, абыройды алға ұстап жүремін деп, әр-әр жерде марапаттан құр қала бергенімізді енді аңдадық...

Сол бір жалындап жүріп, жарқырап ойнаған рөлдердің ешқайсына жоғары атақ-даңққа ие болмаппын. Мен басты рөлдерді сомдаған спектаклдер мен кинолардың барлығы дерлік халықаралық театр, кино фестивалдерінде бас жүлдеге ие болған, шын өнерді шынайы бағалайтын біреу болса, нақ осы мәселені ескерген болар еді.

Өнер өмірде де, сахнада да қастерлі. Талай тарих пен тарихи тұлғалардың бейнесі сомдалған киелі сахна өз шежіресіне бірін қалдырмай тізіп жатыр.

Нағыз ойын мен жасанды ойынды саралайтын киелі сахна ғана. Сондықтан өз басым сахна шежіресінің жарқын тұстарында менің, 40 жыл бойына жалғыз ғана «Ерен еңбегі үшін» медалін ғана иеленген Зибәгүл Каринаның сомдаған рөлдері өнердің ең шұрайлы да, шырайлы беттерінде жарқырап тұр деп есептеймін өз басым...

*Сұхбаттасқан : Базаргүл Сейітжанқызы
«Объектив.kz» ақпараттық порталы,
26-наурыз, 2018 ж.*

«Абайды» бірге іздеп көрейік!

АСТАНАҒА КЕЛІП «АБАЙДЫ» ІЗДЕДІМ...

Астананың мен үшін үлкен сыйы-еліміздің әр түкпірінде жүрген, атқарған игі істерін ешқашан алға тартып, марапат іздемеген, кеуделерінде орден-медальдары сылдырлап тұрмаса да, жан сарайлары сыңғырлап тұрған жандармен танысуым, олардың ұлтқа деген жанашырлығын жас ұрпаққа насихаттауға деген талпынысым болатын. Егіз өрімдей өрілген қос замандасым жайлы сұхбаттан оқырман өздеріне керегін алар деген ойдамын.

Біз алғаш 2010 жылы кездестік. Шығыстан шыққан ақын қыз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Алмахан Мұхаметқалиқызының «Донор және тек», «Құрсақсыз ана» философиялық поэмаларын оқып, оның шығармашылығының ерекшелігін ұғынғандай болғанмын.

Әрине, Астанаға біреу арман қуып келеді, біреу жұмыс іздеп, енді бірі атағымды шығарсам деп, мансап қуып келетіндер де бар. Ал Алмахан Астанаға келіп «Абайды» іздедім дейді. Әрі қарай Алмахан жүрегіндегі «Абайды» бірге іздеп көрейік.

– *Сіз, Астанаға осыдан жеті жыл бұрын келдіңіз. Оған дейін қайда қызмет істедіңіз, Астанаға келе сала «Абайды» іздеуіңізге не себеп болды?*

– Оған дейін 1992-2010 жылдар аралығында 18 жыл Семейдегі Абай музейінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істедім. Музейде жүргенде күнделікті қызметімді атқарып, өткізіліп жатқан жұмыстарға өз үлесімді қосқан шығармын, бірақ дәл Астанаға келгенде ғана Абайдың күдіретін сезінгендей болдым. Алдымен, қаланың білім басқармасына барып сұрасам, онда отырған қыздар: «бізде Абайды әр мұғалімдер өздері оқытады, арнайы бекітілген жоспар ештеңе жоқ», – деп шығарып салды. Солай, іздей-іздей, Қазақстан-Ресей университетінен бір-ақ шықтым. Ондағылар бізге қазақ тілі кабинеті керек деді, мен оған қосып «Абай» орталығын ашсам деген ойымды айттым. Солай жүріп, 2 ай шамасында кабинет деп бастағанмен ашылуына келген үлкен кісілер оны «Абай орталығы» деп кетті.

Осы жерде бір айта кетерім, ұлы ақынның мұрасын зерттеп, танып-білу мақсатында жоғарғы оқу орындарында алғаш рет арнаулы пән ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында 1942-43 оқу жылдарында М.О.Әуезовтың ұйымдастыруымен Абайдың әдеби мұрасын ұзақ жылдар бойы зерттеу басталған болатын. Содан 4 жылдың ішінде қаншама Абайтанушылар қаулап шықты ғой, қазір тек Мекемтас Мырзахметов аға қалды, келесі жылы ол кісі 90-ға келеді. Мекемтас аға 1992 жылы Абайдың 150 жылдығы қарсаңында орталық ашқан, ол да 4 жыл жұмыс істеп, қаржы жоқтықтан жабылып қалды. М.Әуезов айтқан ғой: «Абай – мұхит, мен одан қасықпен алдым» деп, сонда біз ше?

– *Сіз, Астанадан «Абай» орталығын аштыңыз ғой, бас-аяғы аз уақытта қаншама жұмыстар істеп үлгердіңіз, бірақ орталық тағы 4 жылдан кейін жабылды, солай емес пе?*

– Жаңа айттым ғой, «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығы Қазақстан-Ресей университетінің жанынан ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында ашылды. Абайдың ақындық айналасы, шығармашылығы, Абай жинаған мұралар негізінде қазақ этнографиясымен тығыз байланыса қалыптасқан бұл орталық кейін кеңейіп, екі залға ұлғайды. Алғашында университеттің қазақ әдебиеті мұғалімдерін тартып, кейіннен оған Астанадағы мектептердің мұғалімдері қосылды. Орталықтағы барлық жауапкершілікті өзімнің мойныма алдым. Жыл бойы байқау, семинарлар өткізіп одан 1-2 орын алған оқушыларды, студенттерді «Ұлылар мекеніне саяхатқа» апарды. Егер мұғалімдер Абайға қатысты жаңашылдықпен сабақ

өткізсе, жаңа бағыт ұстанса оларды да саяхатқа апарамыз деп, бәрі де сондай қызығушылықпен жұмыс істеді. Мұғалімдерге өзім курстық сабақ жүргіздім. Сонымен қатар, ешбір ақшасыз маған көмекке ЕҰУ-нің ғалымдары Серік Негимов, Ғарифолла Есім, Омар Жәлел келіп сабақ жүргізді. Қалай риза болмассың?! 32 сағат курстық сабақ соңында сертификаттар табыстап отырдық. Сонымен 4 жыл ішінде тәуелсіз еліміз үшін руханиятқа аса қажет болып отырған «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығының бастамасымен «Абайтану курсы», «Ұлылар мекеніне саяхат», «Абай биігі – ұлт биігі», «Әнді сүйсең менше сүй» бағдарламалары Астана үшін де ел руханияты үшін де аса қажет бастамаға айналды. Аталған университетте екі бөлмелі экспозициялық зал, 3 мыңға жуық тарихи жәдігерлер мен деректі фильмдер жиналып, жеті мыңның үстінде қала жұртшылығы мен студенттер қатысқаны да тарих қойнауына енгізілді десе де болады.

Төрт жыл ішінде тұрақты дәстүрге айналған «Ұлылар мекеніне саяхат» бастамасы бойынша 147 адамды Семей жеріне апарып, Ұлылар мекеніне экскурсиялық-танымдық саяхат ұйымдастырған осы орталық екені аян.

Қазір ойлаймын, сол кезде қалай қорықпай қаншама оқушы, мұғалімдерді автобуспен ешқандай жол қиындығын ескермей апардым деп. Жолда біреуі ауырып қалса, әлдеқандай жағдайлар болса, көзсіз батырлық екен ғой бәрі...

Жол бойына М.Әуезовтың «Абай жолындағы» тарихи оқиғаларды баяндаған жерлеріне тоқтап, кітапта жазылған Абайдың балалық шағы өткен жер, Ақшоқы, бәрін аралап көзбен көріп қайтқасын, олардың бәрі Семейге кіре сала Шәкәрім көшесіне орналасқан кітап үйіне автобусты тоқтатып қойып, «Абай жолы» мен Мұхтар Әуезовтың шығармаларын сатып алғанда, алғашқы кездері көзіме жас келетін. Оқушылар ата-аналарының берген аз ғана ақшасына «Абай жолын» алып қайтар жолда аса бір қимас дүниесіндей аялап келе жатқанын көзіңізге елестетіп көріңізші?! Ондай сәттен кейін сапарды ұйымдастыру кезіндегі сабылысты да, сан шақырым жол ұзақтығын да елемей кетесің, келе сала жаңа жұмыстарға құлшына кірісетінмін.

– Астанаға келгенде алдымен білім басқармасына барғанда, олар Абайды өз бетінше әр мұғалім оқытып жүр деген жауап алыпсыз, ол кезде «Абайтану» мектептерге енгізіле қоймаған болатын. Одан кейін төрт жыл бойы елорда мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне орталықта «Абайтану» курстарын жүргіздім дедіңіз, ал қазір ол пән қалай оқытылып жатыр?

– Абайтану 2012 жылдан бастап жеке пән ретінде мектеп бағдарламаларына енгізілгенмен, әлі күнге оқулығы не әдістемелік құралы қалыптасқан жоқ. Ең өкініштісі, М.Әуезов қалыптастырып кеткен Абайтану ғылымын тек зиялы қауым мен ғалымдар аясында зерттеп келеміз. Ал жастардың Абайын, мектеп оқушыларының Абайын, баланың тілінде жеткізе алмай келеміз. Сондықтан да күні бүгінге дейін Абайтану оқулығы мен бағдарламасын, әдістемелік құралын жүйелі түрде қалыптастыра алмай келеміз.

Осындай олқылықты толтырған «Абайтану» орталығы қала мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мамандары мен мектеп оқушыларына әдістемелік құрал ретінде де, Абайтану пәні ретінде де үздіксіз қала мектептерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Біз орталықта Астана қаласындағы оқу орындарының басшыларының сұранысы бойынша 36 сағатқа негізделген «Абайтану» курсы жүргіздік. Арнайы курсқа Астана қаласындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мамандары мен колледждердің ұстаздары қосымша білім алды. Аптасына үш рет өткізілген сабақ барысында М.Әуезовтың 70 жыл бұрынғы курстық бағдарламасын қайта жандандырып, Абайдың өмірі, шығармашылығы, зерттелуіне байланысты тақырыптар қамтылған болатын. Әлі де, маған орталық жабылғаннан кейін де мектеп мұғалімдері жиі хабарласады. Мен қолымнан келгенше мұғалімдермен бірігіп жұмыс істеймін. Қазір кейбір мектептер оқулық жоқ деп, кімнің жүктемесі аз соған факультативтік сабақ етіп те жүргіздірте бастаған. Бұдан нені байқауға болады, болашақта әркімге итеріп жүріп, әрең енгізілген бұл пән мектеп бағдарламасынан алынып тасталынады. Сосын кінәні өзгеге арта саламыз.

– Орталық жабылғанына үш жылдай уақыт болды, осы уақыттарда оны қайта ашуға, ғимарат тауып, жұмысын жалғастыруға мүмкіндік болмады ма?

– Орталық Қазақстан-Ресей университетінің жабылуына байланысты өз жұмысын тоқтатты. Менің орталықтың ашылған күнінен бастап, 4 жыл бойы өз ғимараттарында орналастырып, барлық шығындарын көтеріп, не керегінің бәрін әперіп, жоғарыда айтқан «Ұлылар мекеніне саяхат» кезіндегі барлық қаржысын төлеген университет ректоры, академик Зейнолла Молдахметовке алғысым шексіз.

Бұл кісінің мамандығы – химик, әдебиетке түк қатысы жоқ сала ғой, университеттің өзі инновациялық деп аталады, солай бола тұрса да, қатысы бар адамдар қол қусырып отырғанда «Абай» орталығына көп еңбек сіңірді. Күні бүгінге дейін орталықтың барлық жинаған дүниелері екі залдың сол университеттің ғимаратында жинаулы тұр. Біреуге бір орындығыңды қалдырсаң да, не алып кет деп, не шығарып тастайды қазіргі уақытта. Қашан жаңа ғимарат табылып, орталық ашылған күні әкетерсіз деп сақтап отыр. Мен де өз тарапымнан қол қусырып отырған жоқпын, әдетте біздің қоғамда қайраткерлер көп қой, ал орталық орын таппай отырғанда қол созған бірі болған жоқ. Бір ғана Елеусін Сағындықов бұрын сенат депутаты болған, кісі келіп, біраз ғимарат іздеп, көмектесті. Өзің көшіп барғаныңмен, оны ұстап тұруға қаржыны қайдан табасың? Қалалық мәдениет басқармасына да бардым, «Абайдың» орталығына Астанадан бір бұрыш тауып бере алмады, «Бейбітшілік пен келісім» сарайынан бір-екі бөлме берсе немесе әскери музейден, іздесе ниет болса, табылар еді ғой. Кімнің алдына барсаң да, Абайға Семейде музейі бар емес пе, әр қалада ескерткіштері тұр, көшесі бар атында, фильмдері түсірілген, спектакльдері қойылып жатыр деген жауап айтады. Сол кезде ойлаймын миллиардтан аса халқы бар Қытай Конфуцийге

әлемнің 250 елінен институт ашқан, тіпті Қазақстанда 4 институт, 3 орталық ашып алған. Сол 250 институты бір-бірін қайталамай, жүйелі жұмыс істейді екен. Біз бір мұражайды көре алмай отырмыз. Осы күнге дейін қанша Абайтанушы бар екенін де білмейміз.

1962 жылы Абайдың 125 жылдығы қарсаңында Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық беріле бастап еді, ол да тоқтап қалды. Бұрын еліміздегі жалғыз телеарна Абайға байланысты хабарларды жиі беріп тұратын, қазір туған күні қарсаңында болмаса қаптаған телеарналардың бірі жүйелі ештеңе көрсетіп жатқан жоқ. Абайдың 308 туындысы бар, соның бәрін демесек те, 200 хабар жасауға жететін дүние табылар еді ғой. Біз әбден жеңіл жолға үйреніп алғанбыз, ал Абайға жеңіл-желпі қарауға болмайды.

Үлкен деңгейдегі жиындарда да, үлкен мінберлерден де Абайдың сөзінен үзінді келтіріп сөз бастағанмыз жөн-ақ, құр өлеңін жаттап айту оңай шығар, бірақ бұл жолда қайраткерлікпен жұмыс істеу қажет.

Тәуелсіздік алған кезде ұлы Абайды өз биігінен құлатпау керек. Кей кезде өзімнің туған жерім Шығысыма да ренжіп қоямын. Абай барлық қазаққа ортақ десек те, кәсіпкер азаматтар бас болып, бір коттедждің орны ғой, өздері сондай Астанадан ғимарат салып, қаржыларын шығарса болар еді деп, өзге елде бірнеше кәсіпкерлер қаржыларын қосып, тарихи тұлғаларының тұрған үйлерін музейге айналдырып, шетелден келген қонақтарға көрсетіп отыр.

Мен де осы мақсатта қала әкіміне жазған өтінішім негізінде 2014 жылы маусым айында «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығының жеке ғимаратын салу жөнінде жер телімін беру мүмкіндіктері қарастырылған. Орталыққа берілетін жер телімі қалалық жер жоспарлау бөлімінің сызбасымен белгіленіп, бақылауға алынған. Иманғали Тасмағамбетов әкім болып тұрған кезде Абайтануға жер беру мәселесі қарастырылған болатын. Ол кісінің қызмет ауыстыруына байланысты бұл мәселе сол күйі аяқсыз қалды.

Абай шығармашылығын әлем мойындап, даналығына бас иіп жатқан тұста ел тәуелсіздігін алған жиырма алты жыл уақыт ішінде елордасы Астанадан Абайға бір орталық аша алмай отырғанымыз өкінішті.

Қазір осы мәселелерді шешу үшін алда атқарылатын жұмыстар көп. Болашақта жұмысын ақтай алатын «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығының ауқымын кеңейтіп, Қазақстанның түкпір-түкпіріне экскурсиялық саяхат жасау, мектеп бағдарламасына сәйкес оқулықтар шығару, Абайтанушылардың қатарын толықтыру, Абайтанудың мектеп бағдарламасындағы орнын қалыптастыру мақсатында елеулі жұмыстар атқару үшін Орталықтың өз алдына жеке мекеме болып қалыптасуы уақыттың өзі мойындатып отырған заңдылық. Осы істердің жүзеге асуына Алла сәтін салса деп отырмын...

Әңгіме желісі ойымды әр тарапқа салды. Әр қазақтың жүрегінде өз Абайы бар. Ал ол Абайды елдің жүрегі – Астанадан іздеп тапқан, жас ұрпақтың жүрегіне сәуле түсіріп, үміт отын жаққан, тұңғыш Астанадан алғаш

«Абай орталығын» ашқан қазақтың қайсар қызы Алмаханның алдағы уақытта өзі бастаған істі соңына жеткізетініне сенемін.

Әңгімелесіп болып, қоштасарда ғимарат ішіне сән беріп тұрған жасанды гүлдерге көз салған Алмаханның: «Қанша көзді қызықтырса да жасандылық өмірге сән бере алмайды. Тамырынан нәр алмаған ұрпақ та сондай» деген сөзінен кейін оның Астанаға қоныс аударғаннан кейін жазған «Кіндік тамыр» поэмасы есіме түсті...

*Сұхбаттасқан: Базаргүл Сейітжанқызы
Объектив.kz порталы, 26 қазан 2017ж.*

ЭКСПО атауы – өзінің аты айтып тұрғандай, «экспонат» деген сөзден шыққан. Қазақшаласақ, жәдігер болады, яғни ол – жер жүзін мекендеген барша халықтардың өмірдің түрлі саласында қол жеткізген жетістіктерін, жәдігерлерін көр-сететін алаң. Онда ЭКСПО-ның кезекті тандаған тақырыбына орай жұрттың бұрынғы-соңғы жеткен жетістіктері көпшілік назарына ұсынылады.

Мысалы, 1862 жылы Лондонда болған ЭКСПО-да жұрт алғашқы тігін машинасымен танысқан. 1876 және 1893 жылдардағы Филадельфия мен Чикаго (АҚШ) ЭКСПО-сында жұрт назарына тұңғыш телефон аппараты және алғашқы электр қуатымен жарықтандыру жүйесі ұсынылған. Ал енді бүгінде әлем жұртшылығы қолданып жүрген «телевидение» деген сөзді қолданысқа 1900 жылы Париждегі көрме кезінде орыс инженері Константин Перский енгізген екен.

Астанадағы көрме «Болашақтың қуат көздері» деген негізгі тақырыппен өтті. Мұны кең көлемде баяндауым негізсіз емес.

«МАРЖАНДЫ» ТЕҢІЗДЕН ЕМЕС, ӨМІРДЕН ІЗДЕҢІЗДЕР...

Маржан Қуанышқызы Досмағамбетова. Бәлкім, бұл есім көпшілікке таныс емес шығар. Ол әрине таңның атысы, күннің батысы көгілдір экран бетінде білген-білмеген тақырыптарда түрлі хабарлар мен шоулардың көркін кіргізіп әңгіме айтпайды. Өзін елге танытқысы келіп «ұлт» үшін еңбек етіп жүрмін деп кеудесін де қақпайды. Бірақ, өз саласы бойынша инновациялық жаңалық енгізу, оны іске асыру жолында тыным таппайды.

Мен де химия ғылымы саласында осындай қарапайым қазақ әйелінің қаншама өнертапқыштық идеяларымен «өз әлемінде» өмір сүріп жүргенін де білмес едім.

Біз кездейсоқ жағдайда, жұмыс барысында таныстық. Елімізде өтетін ЭКСПО көрмесі жайлы әңгіменің қызып тұрған шағы болатын. Біреулер оны өткізгенде қаншама қаржы желге ұшады деп күдіктенсе, біреулер елдің абыройы асады деп күмпілдеп жүрді.

Сонда Маржан Қуанышқызының бізге алғаш сұхбат беріп, маман ретінде айтқан әңгімесі ғана көңілімінен шыққан болу керек, жадымда сол сөздері жатталып қалыпты:

«Біз халықаралық көрмеге әлемнің жүзден аса елдері қатысады деп отырмыз. Егер сіз осыныша мемлекетті іссапарға шығып араласаңыз, қанша уақытыңыз бен қаржыңыз кетер еді. Өз басым «Шанхай ЭКСПО-2010» көрмесіне бару үшін үш жарым мың доллардай қаржы жұмсадым. Химия саласындағы жаңа технологиялармен таныстырған аудармашының да қызметіне көңілім толмады. Ал бізге қандай гажайып мүмкіндік беріліп отыр. Үш тілде қызмет көрсетіледі, қаншама ел өздерінің озық технологиясын әкеледі. Қалағаныңша көріп танысу мүмкіндігін айтсаңыз?! ЭКСПО-ның эмблемасындағы тұқым бейнеленгендігін білетін боларсыздар. Осы көрме кезінде танысқан технологиялар арқылы, қаншама техника саласындағы жастардың сол дән санасына себіліп, 15-20 жылда өз жемісін береріне кәміл сенемін».

Ия, сенім болмаған жерде өмір мәнсіз. Маржан Қуанышқызының ең алғаш денсаулыққа зиянсыз кір жуғыш ұнтақ жасау жолында өзіне деген сенімін қалай орнықтырғанын білу үшін, аз-кем өткенге шегініс жасайық. Маржанның маржандай асыл ойына зер салғанның артықтығы жоғына әңгіме барысында өзіңіз де куә боласыз. Сонымен...

Ізденіс неден басталды?

Осыны істесем деп жүрген істерімнің ең бастысы маман ретінде тұрмыстық химияның зиянды тұстарын ашық айтып түсіндіру, мысалы кішкене сәбилердің аллергияға ұшырауының ең басты себептерінің бірі киім жуатын кір жуғыш ұнтақ болып табылады. Сол сәбилердің аналары аллергиядан әртүрлі дәр-дәрмекті балаға ішкізеді, одан баланың жазылуы екіталай, шама келгенше баланың киімін балалар сабынымен қолмен жуған дұрыс, бірақ сабын дақтарды жақсы кетіре бермейді. Сондықтан аналар баланың киімін кір жуғыш машинасымен жууға әуес, кір машинасына сабын салу мүмкіндігі жоқ, амалсыз ұнтақпен жууға тура келеді. Организмге аллергия туғызатын фосфат иондар беттік белсенді затпен (ПАВ) әрекеттесіп, беттік белсенді заттың уландырғыштық (токсичность) қасиетін күшейтеді. Жалпы киімнің кірін суда ерітіп кетіретін беттік белсенді зат (ПАВ) болып табылады, аты айтып тұрғандай беттік түрде жоғарыдан әсер етіп, яғни кірді суда ерітіп, кейін киімде қалмай сумен шайылып кетуі керек. Беттік белсенді заттың химиялық құрылысы біріне- бірі кигізілген шығыршық сияқты нәрсе, фосфат ион беттік белсенді затпен әрекеттескен кезде шығыршықты ашып жібереді, сөйтіп беттік белсенді зат киімнің талшықтарына оралып, сумен шайған кезде толық шайылмай киімде қалып қояды, одан әрі фосфат ионның әсерінен улы қасиеті (токсичность) белсенділігі артады. Сөйтіп баланың терісіндегі тесіктер (поры) арқылы қан тамырларына өтеді, сосын қан тамырлары арқылы баланың бауырының, бүйрегінің қызметін бұзады. Аллергия организмнің улануға қарсы әрекеті, оны дәрі-дәрмекпен қайтарудан

ештеңе шықпайды, ең бастысы баланың киімін зиянды ұнтақпен жууды тоқтату қажет.

Осыны маман ретінде дәлелдеп, содан шығудың жолын мен ұзақ іздедім, 2007 жылдан бері 10 жылдай мұз жарғыш кеме сияқты жанұшырып жанталасып жүрмін десем артық айтқандық емес деп ойлаймын. Жалпы батыс Европада 90-жылдардан бастап фосфат ионды кір жуғыш ұнтақтарды шығаруға тыйым салынған, әрі заңмен бекітілген, ал бізде ГОСТ 25644-96 стандартына сәйкес фосфат ион 22%-ке дейін рұқсат етілген, сондықтан шетелдік стандартқа сай емес жойылуға (утилизация) тиіс кір жуғыш ұнтақтары Қазақстанда еркін сатылады, оны жіті тексеретін бізде лаборатория жоқ.

Мысалы, шетелді айтпай-ақ, Ресейден шығатын балалар киімін жуатын «Ушастый нянь» ұнтағының сыртында фосфат ион 33% - тен кем емес деп жазылғанын көргенім бар, жұрттың бәрі оның зиянын түсіне бермейді, балаларға арналған деген атына бола сатып алады. Осыны ескеріп ұзақ ізденістің нәтижесінде фосфат ионсыз кір жуғыш ұнтақтың технологиясын әзірлеп, «АФ-Аналитик» лабораториясынан зерттеуден өткізіп, сәйкестік сертификатын(сертификат соответствии) алып 2011 жылы өндіріске енгіздім. Сонан кейін өзімнің істеген ісімнің дұрыстығына көзім жетті, өзіме деген сенім пайда болды, 2012 жылы инновациялық патент қорғадым.

2013 жылы өнертапқыштардың «Шапағат» конкурсының дипломанты атандым, сол жылы Атырау облысынан Эльмира есімді 4 балалы жас кәсіпкер цех ашып «Айнадай» деген атпен сатылымға шығарды. Дәл сондай цехты Қазақстанның барлық облысынан ашуға, қаншама адамды жұмыспен қамтуға болады.

Басталған істі еліміз көлемінде неге жалғастырмасқа?

Астанадағы сол кездегі Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі құрамындағы «Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті» ғана жұмыс орнын ашу мәселесімен айналысады екен, сол комитетке телефон шалдым, ешкім жауап бермеді, сосын аяғыммен іздеп бардым, рұқсат беру бөлімінде тұрып бір азаматшамен сөйлестім. Ол азаматша «мен сізді түсінемін бірақ көмектесе алмаймын, Астанада толып жатқан әлеуметтік қорлар бар, соларға барыңыз» деді. Қазақстан халқының, соның ішінде сәбилердің денсаулығына тікелей жауапты министрліктегілер осылай футбол добы сияқты етіп отырса қайда бару керек?

Технологияны әзірлеу, іздену, өндіріске енгізу, Ресейге шапқылап химикаттарды жеткізу, Дүние жүзінде өтетін химиялық семинар-кеңестерге, конференцияларға қатысу, тәжірибе жинақтау, лабораториялық зерттеулер жасау, сертификаттау, тағысын тағы толып жатқан шараларға өз қаражатымды жұмсаймын. Осы уақытқа дейін мемлекеттен ешқандай грант көмек алған жоқпын, өз қаражатыма жинаған ізденіс тәжірибемді, бүкіл еңбегімді ұсынып отырмын.

Сонда мен не істеуім керек, істеген іс көзге көрінбейтіні, қыруар еңбек еленбейтіні несі?!

Ресейдің «Богослов химия комбинатының» бас директоры Митин Алексей Николаевичпен жиі хабарласып пікір алмасып отырамын, ол азаматтың мамандығы заңгер. Мен оған инновациялық патентімді көрсетіп, менің сіздікіндей мықты құрылғым жоқ, сатып алуға да шамам жетпейді, менің патентім негізінде құрғақ қоспаларды дайындап бересіз бе деп сұрадым, сөзсіз сізге қол ұшын беруге әзірмін деп қуана келісті.

– Маржан Қуанышқызы, сізбен пікірлесу мен үшін өте қызық, сіз химияны өте қарапайым түсінікті тілмен жеткізесіз, сіз тәжірибелі кесек адамсыз, мен теоретик-химиктерді түсінбеймін, олардың айтқаны су сияқты бір құлағымнан еніп, екіншісінен шығып кетеді, өте қиын терминдер пайдаланады дейді. Сіздің айтқаныңыз су сияқты ағып кетпейді, кесек сияқты миымда сақталып қалады, сіз ғылыми-тәжірибелік конференция өткізсеңіз, бүкіл мамандарымды алып барар едім, әрі әсем қала – Астананы көрсем, – деп ұсыныс айтты.

Бірақ, бұл мәселелерді шешу жалғыз менің қолымнан қайдан келсін? «Айта-айта Алтайды, Жамал апа қартайды», – деп жылы жауып қоясың. Бәрін тастап, сол жұмыстың шешімін күтейін десең, емен есіктегілердің сұсты жүздері мен қатқыл сөздерін елестетесің де кері шегінесің. Одан да жаңалығыңды ашып, патентіңді алып, ізденістің соңында жүргенің әлдеқайда жеңіл. Ал ашқан жаңалығыңның өндіріске еніп, ел игілігіне қызмет етіп жатқанын да көргің келеді.

Арқалықтан боксит цемент зауытын ашу керек

Қазақстанда ақылы Астана-Бурабай бетоннан құйылған тас жолы неміс технологиясымен өте ұзақ салынды, көбінесе қыста жұмыс тоқтап тұрды, себебі қыста бетонның қатуы үшін жылу керек болды, бұл істі ұйымдастыру немістерге біраз қиындықтар туындатты.

Біз бұл жолды салу барысында біраз тәжірибе жинақтадық, ақылы жолдар мемлекетте біраз қаржы түсіретініне көзіміз жетті. Демек бұнымен тоқмейілісіп қалмауымыз керек, астықты өңірден Ақтау портына дейін тұзды шөл дала арқылы, боксит цементтен құйылған сапалы ақылы жол тартсақ, бұл жол өзін-өзі тез арада ақтайтыны айтпаса да түсінікті.

Маржан Қуанышқызының ойынша, бүкіл Қазақстандағы қалаларды боксит цементтен құйылған ақылы жолдармен байланыстырып қоюға болады.

Әлбетте, оған Қазақстанның табиғи ресурстары жеткілікті, тек тәуекелге бел буып, Арқалықтан боксит цемент зауытын салса, қаншама адам жұмыспен қамтылады. Қазақстанның территориясы өте үлкен, ақылы жолмен Қазақстандық жүргізушілерге 50-70% жеңілдік берілсе, халыққа аса ауырлық тудырмайды деп ойлаймын.

Боксит цементтің нарықтағы бүгінгі бағасы 40-50 мың тенге бір тоннасы, егер Арқалықта өндірсе 17-20мың тенге болады, 2,5 еседей арзан, әрі бұрғылау өндірісі үшін тампонаж цементіне сұраныс үнемі болатыны сөзсіз. Боксит цементті тампонаж цементі деп те атайды. Ақылы автобан салу

барысында боксит цемент қыс мезгілінде жұмысты тоқтатпай, уақыттан ұтуға мол мүмкіндік береді.

Өскеменнен немесе Павлодардан Ақтауға портқа дейінгі қашықтық шамамен 3 мың шақырым, егер сол арада автобан болса Жапондық тойота автомашинасын, Монголия терілерін, Батыс Қытай басқа да тауарларын Каспий арқылы Түркияға, Араб Әмірлігіне жеткізуге қызығушылық танытатыны белгілі. Ақылы жолдың бір шақырымы күніне 400\$, жылына 145 мың доллар таза пайда әкеледі, 3 мың шақырымның пайдасы шаш етекпен болатыны айтпаса да түсінікті, демек бұл зауытты салу тиімді болумен қатар, кезек күттірмейтін өзекті шара деп айта аламын. Ең бастысы жолдан түскен пайда мұнайға, долларға тәуелділіктен арылуға септігін тигізеді. Мысалы, Қытайда боксит өндірісі жоқ, алюминийді бізден сатып алады, Арқалықтағы бокситтің мол қоры қытайлықтар үшін арман, олар боксит цементті өздері пайдаланумен қатар экспортқа шығарып отырар еді.

Астана-Бурабай тас жолының қыс кезінде ауа-райына тәуелді болдырмау үшін көктайғақ кездерде тас жолына тұз аралас құм себуге болмайды, себебі тұз – NaCl жолдың тез бұзылуына әсер етеді. Бұл жолдың қызмет ету мерзімі 20 жыл болса, тұздың әсерінен 5 жылдан соң қайта жөнделмек. Жолдың істен шығу себебі, қыста шамадан тыс себілген тұздың әсерінен. Жалпы тұздан машинаның рамасы коррозияға ұшырайды, теріден жасалған етіктеріміз де, аппақ тұздың шөгуінен тез тозады.

Сондықтан маман ретінде айтарым, жолдағы мұзды кальций нитратымен ерітуге болады, бұл еріткіштің құрамындағы кальций ионы мұз ерігендегі сумен әрекеттесіп кальций гидроксидін (цементный камень) техникалық тілмен айтқанда цемент тасын түзеді, жолдың беріктігін арттырады, қатайтады, яғни жолдың қызмет ету мерзімін 20 жылдан 25 жылға ұзарту мүмкіндігі бар деген сөз. Сонымен қатар, нитрат иондары жолдың жағасына егілген жасыл желекке азот тыңайтқышы ретінде, жасыл желектің жақсы өсуіне ықпал етеді.

Кальций нитраты Норвегияда шығарылады, оны норвеж селитрасы деп те атайды, бүгінгі таңда Астанадағы бір тоннасының бағасы 350 мың тенге. Кальций нитратының ылғал тартқыштық (гигроскопичность) қасиеті бар, сондықтан Норвегиядан жеткізілгенше ауадағы ылғалды бойына мол сіңіріп алады да, мұзды ерітпейді. Мұзды еріту үшін сол Норвегиядан әкелінген кальций нитратын ауадан бойына сіңірген ылғалды құрғату (выпаривать) керек. Бірақ бұл қымбат әрі тиімсіз тәсіл, себебі тоннасы 350 мың тұратын тауарды құрғатқанда, оның өзіндік құны шарықтап кетеді.

Қазақстанда Ақтаудағы тыңайтқыш өндіретін «КазАзот» фирмасы азотқышқылына әктасты (известняк) ерітіп, оны құрғату арқылы кальций нитратын өндіріп шығарса, шамамен тоннасы 70-90 мың тенгеден аспайды. Ақтау өте құрғақ қала, кальций нитратын жаз айларында өндіру тиімді, «қыс шанаңды, жазда сайла» – демекші, қысқа дейін ылғал өткізбейтін (влагостойкий) қапқа қаптап, ішіне 20-30% шамасында жұқа қаппен қапталған карбамид (мочевина) қосып қаптаса кальций нитраты мұз еріту

қасиетін жоғалтпайды. Кальций нитратын Ақтауда өндіруді тез арада іске асырған дұрыс, себебі Астана-Бурабай 220 шақырым бір күн жабық болғанда, мемлекет 30 миллион тенге жоғалтады, ал Батыс Қытай – Батыс Европа магистралының Қазақстан арқылы өтетін бөлігі 2452 шақырым, ол көктайғақтан бір күн жабылса, онда мемлекет 300 миллион тенгеден қағылуы әбден мүмкін. Орта есеппен бір шақырымға 1 тонна нитрат себу керек деп есептесек, көктайғақ жолдың 20 шақырым аумағында болса, 20 тонна жеткілікті екен. Жалпы мамандардың есебі бойынша, көктайғақтық аумағы шамамен 10-20 шақырымнан аспайды екен. Бір тоннасы 90 мың тенге болғанда 20 тонна 1 миллион 800 мың тенге, транспорт шығынымен 2 миллионнан сәл асады. Астана-Бурабай тас жолы күніне 30 миллион таза пайда әкелетін болса, 2 миллион тұратын кальций нитратын неге қолданбасқа, ең бастысы жолдың сапасына нұқсан келмейді, керісінше жолдың беріктігі мен қолданыс мерзімі 20 жылдан 25 жылға артады.

Астанада алғашқы қар жауып үлгерді. Ауа-райының құбылмалы екенін ескерсек, күздің екінші айы басталмай жатып, қыс өзінің қыр астында екенін еске салып жатқандай. Сонда Маржан Қуанышқызы айтқан «Астана-Бурабай» тас жолының да табиғаттың тағы бір тосын мінез танытқан күні жабық екенін хабарлап жатармыз. Жол үстіне тұз араластырып, құм себерміз, оның уақытша ғана жасалатын шара екенін кім ескерер, осы саланың ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген жанның жылдар бойы ізденістен танбай жүріп ашқан жаңалығын сынақтан өткізіп, ел қажетіне жаратуға кім қолын созып, құлақ асар екен?

Маржандай асыл тастың су түбінде жатары анық, ал сол есімді иеленген қарапайым ғана қазақ қызының кеудесінде қаншама жаңашыл идея тұнып жатқанын көпшілік қайдан білсін?!

Маржан Қуанышқызының арманы – еліміздің 14 облысында цех ашылса, құрғақ қоспаны, ароматизаторды, ПАВ-ты құны қымбат болғандықтан, Ресейден алдыру керек, сұйық сусабын, ыдыс жууға арналған гель, машина салонын тазалауға арналған сұйықтық құрал, автохимия бойынша көлік терезелерін суықтан қорғап, тазалайтын т.б. дайын өнімдерді қораптарға салып шығарып, егер кәсіпкерлер жұмысын тиімді, жинақы ұйымдастырса, кем дегенде 6-8 цех табысты болуы мүмкін. Әр цехта 10 адам жұмыс істегеннің өзінде 140 адам жұмыспен қамтылар еді, мұның бәрін жүзеге асырса 500-ге дейін адамды жұмысқа алуға мүмкіндік бар. Әрі бұл цехтар Арқалық, Теміртау, Рудный сияқты моноқалаларда ашылса деп санайды. Ол өзінің жаңалықтарын өндіріске енгізуді қалайды, мақсаты басшы болу емес, осы іспен айналысамын деген кәсіпкерлерге химикаттардың қасиетін, қалай пайдалану қажеттігін үйретіп, елімізде осындай цехтарды ашу арқылы шағын зауыттар салуға, өндірісті дамытуға үлесімді қоссам деп ойлайды.

Болашақта оның үлкен ізденіс соңында ашқан сан ғылыми жаңалықтары өндіріске енгізіліп, ашылған цехтар негізінде шағын зауыттар салынар, онда шығарылған өнімдер халық игілігіне жарар, сонда талай

кәсіпкер жандар «су түбіндегі асыл тасты емес» өмірдегі Маржанды өздері іздеп табар деп сенейік.

*Маржан Қуанышқызының жаңашыл ойларын
жүйелеп жеткізген Базаргүл Сейітжанқызы.
«Объектив.kz» ақпараттық порталы, 17 қаңтар, 2018 ж.*

«АСТАНА» РАДИОСЫНДА ӨТКЕН 16 ЖЫЛ ЖӘНЕ «МЕН ҚАЗАҚПЫН» ЖОБАСЫ

1997-2001 жылдар аралығында Қазақстан ұлттық арнасының «Астана» студиясында комментатор болып қызмет атқарғанымды жоғарыда жаздым. «Адамның басы – Алланың добы» демекші, «Қазақстан РТРК» АҚ басшылығы қайтадан Алматыға көшуге шешім қабылдағасын, республикаға үлкен бағдарламалар дайындап отырған біздің студиямыз таратылды, Астанадан тек жаңалықтар ғана берілетін болды. Кезекті еңбек демалысымнан кейін келсем, мені сол кездегі Қазақ радиосының «Астана» редакциясына жұмысқа ауыстырыпты. Еңбек кітапшамдағы бұрын радиода жұмыс істеді дегенді қарады ма, жоқ елордаға елден бұрын келген еңбегім еленді ме екен, әйтеуір басқа әріптестерім сияқты қысқартуға ілінбей, сыртымнан жаңа жұмысқа қабылдап та қойыпты.

Күздің қара суығында жаңа ұжымыммен танысайын деп басшысын іздеп бардым. Сөйтсем, мұнда да көп өзгерістер енгізілген, бұрынғы қазақ радиосының республика көлемінде 3 сағаттық эфирлік уақытын жауып отырған ұжым мен 1999 жылы құрылған «Астана» радиосының қызметкерлерін қосып, жаңа редакция жасақталып жатыр екен.

Теледидарда қызмет атқарып жүрген кездерде қазақ радиосының қызметкерлерімен бір ғимаратта отырып, жақын араласып жүретінбіз. Тіпті, радионың бір қызы Айтжамал тұрмысқа шыққанда тойларына барғаным бар. Содан еш уайымсыз сол қазақы қалыптағы қасиетті шаңырақ қой деп барсам, мұндағы өзгерістер мүлдем өзгеше бағытта жүргізіліп жатырғанға ұқсайды. Ашылғанына бірер жылдың жүзі ғана болған жастардан құралған ұжым мен алды қырықтың қырқасынан асып, арты зейнет жасына жақындап қалған жандардың басын бір қазанға сыйғызу саясаты, яғни жаңашылдық пен жасампаздық дәуірі жүріп жатқандай.

Басшылыққа «Астана» радиосының директоры Эльмара Керімқызы Раеваны лайық көріпті. Елордасында алғаш радио ашқан еңбегіне қарай солай ойластырылса керек. Мені көрісімен-ақ орыс тілді, бет-жүзіне қарамай айтарын айта салатын басшының ыңғайын көріп, ішімнен басқа жұмыс іздеу керек деп ойладым. Шындығында алғашқы күннен бастап, жүргізетін хабарыңның концепциясын жазып әкел деп, одан әрі даусың ұнамайды, не керек біраз уақытқа дейін «жұлдызымыз» жараса қоймады. Таңның атысынан жұмысқа келісімен бастайтын жиналысы бір бітіп болмайтын, өзінің

жастарына шаң тигізбей қазақ радиосының қызметкерлерін қырына алған жаңа басшының саясатына қарсы тұруға шама жоқ, зыр жүгіріп хабар дайындайсың, соның өзінде оны өзің оқуға болмайды, даусың жоқ деп үкім шығарып қойған, не керек «сабыр түбі-сары алтын» деп төзуге тура келді.

Қарашада басталған сынақтан бір Алла өзі көмектесіп, әйтеуір ақпанның аяғында шықтым-ау, басшы апамның аяқ астынан мейірімі түсіп, мені жауапты редактор қызметіне ауыстырды. Оның алдында бұл жұмысты атқарған қыз Гүлзананың менің есімде ерекше сақталған-ды.

Сол жылы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы қарсаңында арнайы хабарлар дайындап, ғалымдар мен әдебиетшілерді қатыстырып құжаттарын өткізсем, сенің хабарларың жарамайды, «неге Махамбет ақын өзі қатыспайды?» деп қарап отыр. Мұндай ызам келмес, бар ашуыммен «қолыңнан келсе сен оны тірілтіп әкеліп қатыстыр» дегенмін ғой, ол сол мезетте басшыға барып мен тілдеді деп шағым жасаған. Басшы мені шақыртты, айттым, бүкіл журналистердің хабарын тексеріп, бағыт беретін жауапты редакторыңыздың түрі осы болса өз өтінішіммен жұмыстан шыға берейін деп...

Не керек, батыр бабамыздың аруағы қолдады ма екен, бұл оқиға одан әрі өршімей жылы жабылып қалды да, аз уақыттан кейін Гүлзана қыз басқа жұмысқа ауысты. Ойламаған жерден кетуге бел байлап отырған мені сол жауапты редакторлыққа ауыстыруға шешім қабылданыпты. Осылайша, басы қатты басталған радиодағы жұмысымның аяғы сәтті аяқталып, содан бес-алты айдан кейін басқа жұмысқа кетемін деген мен бақандай сол радиода 16 жыл қызмет атқарыппын. Ал Эльмара Керімқызы сол күннен бастап, менің білімім мен еңбегімді бағалап, өзі Алматыға қызметке ауысқанда бас редакторлыққа ұсынған болатын, ақыры бастаған ісімді аяқсыз қалдырмай жылдар жылжып өтіп екі жастағы радионы 18 кәметтік жасқа толтырып барып басқа жұмысқа ауыстым. Әлі күнге дейін ол кісі зейнеткерлік демалыста болса да, жаңалықтарын айтып, қуаныштарымен бөлісіп, хабарласып тұрады.

Радиодағы 16 жылым зырылдап өте шыққандай. Алғашында Қазақ радиосының «Астана» редакциясы аталғанымен республиканың 3 сағаты мен елордадағы 19 сағаттық эфирлік уақытты жабатын құрамы шағын 28 адамнан тұратын біздің ұжымның мойнындағы жауапкершілік жүгі аз емес-тін. Барлық саяси хабарларды біздің астаналық журналистер дайындады. Сондықтан олар әрқайсы бірнеше адамның жұмысын өздері атқаруға тырысты, дені жастар болғасын ба жаңа техниканы тез игеріп, пульттің құлағында өздері отыруға машықтанды, тікелей эфирді өздері жүргізетін.

Астанада өтетін маңызды оқиғалардың көптігі және елордаға ат басын тірейтін меймандардың барлығы да біздің радиомызға келмей кетпейтін еді. Астанадағы қазақ тілінің жағдайы жайлы Қонысбай ағамыздың «Ақмолада тың игергеннен гөрі, тіл игерген қиын» деген сөзі сол кез шындығы болатын. Алғаш ашылған кезінен бастап жеңіл форматтағы ойын-сауықтық бағдарламаларға негізделген «Астана» радиосындағы

жүргізушілердің әр сөйлеген сөзі мен жеткізген ойын жіті қадағалап, сөз саптаулары мен сөйлеу мәдениетіне қатты көңіл бөлуіме тура келді. Тікелей эфирдегі ауыздан шыққан сөзді қолмен ұстай алмайсың, сол себепті алғашқы күннен бастап, оларды эфирге мәтіндерін тексермей жіберген емеспін. Алғашында менің бұл қаталдығыма қиналғанмен, кейін бірте-бірте мәтіндерін тексертпей эфирге шықпауға бойлары үйрене бастады. Әрі қандай хабар немесе радиоойын жүргізіп отырса да, тікелей эфирге хабарласқан жандарды сыйлай білу мен пікірлерін тыңдай білуге, өздері көтерген тақырыптарын жан-жақты зерттеп-зерделеп тыңдаушының деңгейінен оқ бойы озып тұруға міндеттедім.

Сол кездегі басшыларымның кәсібилігі мен өздері басқарып отырған салаға деген жанашырлығынан болар тамыр-таныспен немесе жерлестерін тықпайлап, жұмысқа алдырғанын кездестірмеспін.

Негізі «Астана» радиосындағы журналистердің барлығы республикамыздың түкпір-түкпірінен жиналған талантты жастар болатын. Елге-жерге, руға бөлінбейтін, қолдарындағы барды бөліп жейтін, тек дайындайтын хабарлары арқылы ғана адал бәсекеге түсетін бірнеше буынмен бірге елорданың үні болған радионың атағын алысқа шығарсам, абыройын асырсам деп қана еңбек еткенімді ризашылықпен еске аламын.

Осы жерде сөзімді дәйектеу үшін 2014 жылы «Астана» радиосының 15 жылдығы қарсаңында арнайы жаздырған естеліктердің ішінен алғашқы буын мен оның ізін басқан толқынның өкілі ретінде екі журналисттің ой-толғаныстарын келтіре кеткенді жөн санадым.

Радио деген – өзгеше әлем. «Таңғы самал бойыңды сергітеді, қарбаласқан қала тіршілігі ойыңды оятады, Күннің шуағы ертеңге деген сеніміңді арттырады. Бұл менің қалам! Бұл менің радиом!...»

Үйдегі-түздегі тыңдарманның көңілін тауып, талғамынан шығуды күн сайын мақсат еткен «Астана» радиосында еңбек етіп келе жатқанымда он жылға тақап қалыпты... Жұмысы жылдамдықты талап еткенімен, радионың ішкі «жан-дүниесі» мүлдем «бөлек әлем». Бұл жақтың да өзіне тән «төрт мезгілі» бар. Ой ошағында пісіп жетілген жобаң «көбігі алынып», нобайы келіп, тыңдарманға ұсынылғанда, көңіл – Көктем. Хабарыңның тақырыбы толық тарқатылып, эфир талабы мен тыңдаушы талғамынан шығып жатсаң, жаның – Жаз. «Әттеген-ай!» дейтін сәттерде қабағың қазанның қатпар-қатпар қалың бұлттарындай ашылмай қояды. Аңда-саңда «Шығармашылық ауылына» әуелі борандатып, артынша аязымен қарып алатын қыс та келіп тұрады. «Тыңдарманға тылсымдау көрінетін радиоэфирдің өзі табиғат заңдылықтарынан алыс кеткен емес» – десем, жаңалық ашпаған болармын.

«Астана» радиосының эфирлік студиясына алғаш кіргенімде, екі қабырғаға қатталып жиналған аудиодисктер мен аспалы шамның ар жағынан құдды бір өзімен-өзі сөйлесіп отырғандай қалыптағы жүргізушіні көрдім. Тікелей эфирде әлсін-әлсін қолды сермеп, басты изеп қойып, тыңдарманмен бетпе-бет отырғандай тілдесетініміз сырт көзге түсініксіздеу болатынын кейінірек ұқтық. Жалпы, «кейінірек ұққанымыз» көп болды. Бүгінгі

радиожүргізушілердің жаңа буынының қалыптасуына Астананың алғашқы радиосы қосқан үлесі зор, осы тұста «Түнгі толқын», «Көкпар», «Өлкетану» сияқты интерактивтік радиоойындар арқылы тыңдарманның танымын арттырып, отансүйгіштікті жастардың «өз тілінде» жеткізе білген Жанат Қабылдаұлы туралы айтпауға болмас. 2004 жылы интернеттің бүгінгідей қолжетімді болмағаны баршаға аян, қазақша ақпарат мүлде жоқтың қасы, сонда да, Жанат аға музыкалық жүргізушілерді ынталандырып, өзінің оқыған кітаптарымен бөлісіп, жан-жақты болуға тәрбиеледі. «Эфирде неғұрлым өздеріңді еркін ұстандар. Сендердің айтқан сөздерің радионың ар жағындағы бір тыңдарманның жүргеніне жетіп, ой салса, керісінше, көңілін аулап, бір сәт жанын жадыратса, төрт сағат кезекшілік бекер болмағаны» дейтін. «Оны қайдан білеміз?» – десек, «Сезесіндер» – деп, қысқа қайыратын. Расында, «кезекшілік» бір демде өтіп, студиядан қанаттанып шығатын кездер болады. Негізі, музыкалық жүргізушілердің, өз арамызда, «диджейлердің», қызметі көзге көріне бермейді. Сырт көзге радио – ән шырқап тұратын, арасында ананы-мынаны айтып, жылтың ете қалатын «біреулері» бар құрылғы ғана. Ал «жылт ете қалатындардың» жағдайы біздің радиода мүлде басқаша еді, бас редакторымыз Базаргүл Үмбетоваға мәтін тексертпей, студия табалдырығын аттамаушы едік, аттатпайтын да...

«Қайта-қайта ауа-райы мен сағатты айтып, жұртқа көтеріңкі көңіл-күй тілеп қойып отыра бермекшісіңдер ме?!» – деп, бір қайрап алатын. Шыны керек, мәтін олқы болған күні ол кісінің есігінің алдынан қалай да көрінбей өтіп кетуге тырысатынбыз. «Айламызды асыру» үшін талай амалға бардық, еңкейіп-бұғып өткен кездер болды. Рас.Бұның бәрі тіліміздің «түзеліп», мәтініміздің «тігісі жатып, теп-тегіс» болуы үшін керек екен, тағы да, уақыт өте түсіндік. Жалпы, радиоэфирлерге дайындық білгенімізді арттырып, өмірлік көзқарасымыздың қалыптасуына үлкен әсер етті.

2006 жылы «Мен қазақпын» ақпараттық танымдық хабары ашылып, сейсенбілік саны аясында «Бұл қай қазақ?» радиоойынын жүргіздік. Қазақ тарихында «тұлға» деген атқа лайық жандардың өмірі мен еңбегін насихаттап жүріп, өзіміздің білім қоржынымызды «қомпайта» бастадық. Алаш ардақтылары жайлы хабар дайындағанда, әсіресе, қазақтан шыққан тұңғыш медицина маманы Аққағаз Досжанованың өмір жолы – қаршадай қыздың Мәскеудегі татар медресесінде өткен басқосуда мұсылман елдерінің азат болуы туралы баяндама жасағаны, оның өрлігі, оның ерлігі санама серпіліс бергені рас. Негізі, эфирге дайындаған әр материалың әуелі өзіңе қызықты болса, тыңдаушының да құлағын елең еткізетініне көз жетті. Хабарласқан әр жанның көңіл-күйін дауыс ырғағынан-ақ сезетін тікелей эфир жүргізушілері үшін қызығушылықтың бар жоғын білу еш қиын емес. Сондай сәттерде өзінді құдды бір сиқыршы сияқты сезінесің.

Радио – құпиясы көп «әлем». Біраз жыл бұрын осы «әлемнің» есігін ашып, ғажайыптарын көзбен көруге мүмкіндік алғанымды шын мақтан етемін. «Астана» радиосының үні алысқа қалықтаса екен деген арман бар.

Жанетта Сәдуақас,

«Астана» радиосы музыкалық қызметінің шеф редакторы.

Радио – менің мүмкіндіктерімнің бастауы. Кішкентай күнінде «ертең өскенде кім болам?» деген сауалға іштей жауап іздемеген бала жоқ шығар. Қала баласын білмеймін, бірақ ауыл баласының қиялы ұшқыр келетін. Жазғытұрым кешке ойын алаңына жиналған бар бала өз «мамандығының» иесі болып ойын ойнайтын. Сол ойындарда мен радио жүргізушісі болып, достарымды хабар қонағы ретінде таныстырып отыратынмын. Зуылдап, желдей есіп жылдар өткенде арманымның ақиқатқа айналарын білмеген де шығармын. Бірақ періште көңіл сол кездің өзінде мені үлкен өмірге қанаттандырғанына бүгін қайран қалып, сол кездерге ойша саяхаттап отырамын.

Сарыарқа төсіндегі облыс орталығы ғана болған Ақмоланың 15 жылда әлемді таңдай қақтыратын сәулетті шаһарға айналарына, басқасын былай қойғанда, зиялы қауымның бірі сенді, бірі сенбеді. Астана ақиқатқа айналғанда көптің көңіліндегі күдік бұлты сейіліп, халықтың жүрегінде сенім пайда болды. Менің журналист болу арманымның мақсатыма айналуы елдің көз алдында өскен Астана секілді еді. Екеуміздегі мақсат біреу, ол – өзімізді дәлелдеу. Біз әлі өсіп келеміз. «Астана» радиосында эфирге шығып жүргеніме бір жылдан асты. Десек те, айдыңды мекеннің айбынды журналисті болып шықтым деуге әлі ерте. Олай дейтінім, журналистика бір жылда меңгеріле кететін, қалаған адамның илеуіне көніп, қалаған адамның қанжығасын майлайтын мамандық емес. Қызығымен қатар қиыншылығы да қатар жүретін сала. Әр хабарыңа ынтамен кіріспесең, талғампаз тыңдарман жүрегіне жол табу қиын. Осындай абыройлы салада өзінді көрсетіп, тыңдарманның көңілінен шығуды, бастысы, қолға алған тақырыпты асықша иіріп әкетуді үйреткен, әлі де үйретіп жүрген аға-апаларым аз емес. Солардың қатарында Алмас Байдрахман, Жанар Сайлаубекқызы, Досымжан Ермұрат есімдерін ерекше атап өткім келеді. Ал қатемізді түзеп, бағыт-бағдар беріп отыратын Бас редакторымыз Базаргүл Үмбетова – талай буынның ұстазы, біздер үшін қараңғыда адастырмас Темірқазық жұлдызындай. Ол кісі сын айтса, жеріне жеткізе айтады, ал хабар мәтініне риза болған шақтарда арқаңнан қағады. Бәрі де риясыз, бәрі де шын көңілден екенін ұғу қиын емес. Түйсігі бар кісіге бұл да бір мектеп іспетті. Тағы бір қуанатыным – бұрын еңбектерін кітаптан оқып, өздерін теледидардан ғана көретін, қазақтың маңдайына біткен ардақты аға-апалардың өзімен пікірлесу бақытының бұйырғандығы. Алдарына барып сұхбат алудың өзіне қаншама ізденіс, қаншама білім керек екендігін айтудың өзі қиын. Сұхбаттасушының көңіл-күй ауанын ауа-райын болжайтын синоптиктерше біліп отыру, сұрақтарды түсінікті етіп, қысқа қою, тыңдарманды жалықтырып алмай, ең керектісін беру – менің бүгінге дейін үйренген, әлі де жетілдіре түсетін журналистік қасиеттерім. Адамның жұмысында табысқа жетуі, өзін еркін сезінуі – өзі жұмыс істейтін ұжымына тікелей байланысты. Саусақ бірікпесе, ине қолға ілікпейтінін біздің ұжым білетін секілді. Ұжымымыздың айрандай ұйып отырғандығы да, ең алдымен, басшыларымыздың арқасы болса,

екіншіден, әріптестердің бір-біріне деген ыстық ілтипаты, өзара сыйластығы. Қандай қиындық болмасын, жұмыла кететін бірлігі деп ойлаймын. Сөзімді қорыта келе айтарым, қазақ ұғымында өзен – ол өмір. Ендігі біздің міндетіміз, қолына қалам ұстаған жастардың міндеті – алдымыздағы таулардан бастау алып, халқымыздың теңіз-жүрегіне құю. Сол жолда алдыңғы аға-апалардай абыройлы қызмет ете білсек, мақсаттың орындалғаны деп білемін.

Жанболат ШӘКІМ,

«Астана» радиосының жүргізуші-редакторы.

Жолың болсын жолаушы!

ЖОҚ ІЗДЕГЕН ХАЛЫҚПЫЗ

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ – жоқ іздеген халық», – десе, сол ұлт ұлыларының іздегені мен халқы үшін істеген істерін ұрпаққа ұлағат етіп жеткізу – бізге басты мұрат. Осы мақсатта бұдан 5 жыл бұрын ұлттың үні – Қазақ радиосының әуе толқыны арқылы жол тартқан «Мен – қазақпын!» ақпарат-танымдық, ойын-сауықтық бағдарламасы бүгінде көпшіліктің көңілінен қандай орын тапты, қандай баға алды?

Қазақ радиосының «Астана» редакциясына жұмысқа ауысқан сәттен-ақ жауапты редактор ретінде күн сайын республика кеңістігіне таралатын хабарлардың көтеретін тақырыптары мен көркемдік сапасын қадағалау менің міндетіме кіретін. Бас қаладағы Ақ Орда, Үкімет үйі, Парламенттен бастап, барлық ресми деңгейлердегі маңызды іс-шараларды, қабылданған саяси-экономикалық, әлеуметтік бағдарламалардың бәрін халыққа насихаттау үшін арнайы хабарлар бірінші кезекте дайындалады. Жыл сайын жаңа маусымда кейбір хабарлардың орнын жаңа бір бағдарламаларға ауыстыратын кезіміз болады, бірақ сол – бірінен-бірі айнымайтын таптаурын ресми хабарлар тізбегі сап түзеп тұрып алатын. Өкініштісі, тыңдаушылардың дені жоғарыда аталған құзырлы орындардың жауапты мамандарымен ұйымдастырылатын тікелей эфирлерде көбіне әлеуметтік мазмұндағы мәселелер: тұрмыс, зейнетақы, күнкөріс, жұмыспен қамту, т.б. күнделікті күйбең тіршіліктің маңайынан ұзай қоймайтын сұрақтарын қойып, рухани құндылықтарға қатысты әңгімелердің ауылынан алыстай беретін.

Бұған дейін «Қазақстан» ұлттық арнасында жұмыс істеген кезімде де, оған дейін Жезқазған облыстық телерадиокомпаниясында қызмет атқарған жылдарымда да туған жер тарихы мен ұлт тұлғаларына байланысты хабарлар дайындаған мен үшін бұлжымас қағидат: кеңістікке тарап жатқан әр хабар тыңдарманын елең еткізіп, оның әр сөзі мен ойы қазақтың рухын аспанға көтеретіндей қуатты да арынды, жүргізушілері дарынды болуы керек.

Радиодағы ұжымның басым бөлігі – жастар. Олар байыпты тақырыптардан гөрі салмағы жеңілдеу ойын-сауық хабарларын ұйымдастыруға, оларға белсендірек қатысуға көбірек ұмтылатын-ды. Радиодағы күндерім бірсарындылыққа айналып бара жатқандай, іштей өзіме-

өзім риза болмайтын күйге түсіп жүргенімде «шіркін, жастардың жаңалыққа құштарлығын, жалынды жігерін, шығармашылық ізденісін үлкен бір тың дүниеге жұмылдырса ғой!» – деген ой келді.

Жаңа маусымдық хабарлар жобасын, алқалық кеңеске салуға ұсынылған тақырыптарды Аманкелді Құрметұлымен бірлесе қарап отырып, оған өз ойымды білдірдім. Нәтижесінде жаңа жоба – «Мен қазақпын!» хабарын ұйымдастыруды, оны аптаның бес күніне жүйелеп енгізе отырып, кеңейтуді көздедік.

Сонымен, не керек, дайындық басталды да кетті. Жас журналистердің соңғы 4 жыл бойы жазған, дайындаған хабарларын қайта қотарып, кімнің қандай тақырыптарды терең қамти алатынын саралап шықтым, кімнің кіммен бірге жұптасып эфирге шыға алатынын ойластырдым. Оларды жеке-жеке шақырып алып әңгімелестім. Әр түрлі идеялар айтып, тамырларын басып көремін, ашық пікірталасқа бастайтын сұрақтар қоямын, не керек, жобалаған үлкен бастамаға қолдау білдіріп, жұмыс істей алатын сан көзқарастары ортақ арнаға тоғысқан әріптестердің тобы өздігінен құрылды.

Хабардың бірінші бөлігі, әрине, ақпараттық-танымдық мазмұнда болуға тиіс деп шештік, онда журналистер көпшілікке қызық та, салмақты тақырыпты таңдауға, хабарға қатысушыларды іріктеуге, мәтіннің мазмұнына жауапты, келесі ойын-сауықтық бөлігі алғашқысымен сабақтасып жатуы керек. Тыңдаушы бірінші бөліктен мол мағлұматты бойына сіңіреді, ал екінші бөлікте тыңдаушымен тікелей байланыс орнатылып, айтылған мәселе пысықталады, әрі аудиториямен тікелей байланыс орнату арқылы кімдердің тыңдап отырғаны анықталады. Бірінші бөлікті мұқият тыңдаған жан ойын-сауықтық бөлімге қызығушылықпен ауысады, себебі алғашында айтылған ойды жалғап, қойылған сауалға жауап берген тыңдаушыға туған-туысына, құрбы-досына сәлем жолдауына мүмкіндік беріледі.

Бағдарлама барша қазаққа қатысты тақырыптарды қаузайттыңдықтан, оны көпшілігіміз жатқа айтатын ақын Ж.Молдағалиевтың атақты «Мен – қазақпын!» поэмасының атауымен атадық. Белгіленген 5 күнге бөлінген журналистер мен музыкалық жүргізушілер нақ бір ғылыми еңбек жазып, қорғайтын кісідей кітапхана мен кітап дүкендерін аралап, интернетті қопарып, бекітілген тақырыптарды асқан тыңғылықтылықпен, жүйелі түрде зерттеп-зерделеуге кірісіп кетті.

Әдетте, ақпараттық-танымдық хабар бөлек, ойын-сауықтық бағдарлама бір бөлек жүргізілетін. Біз әрі ойнатып, әрі ойлантатын жоба болсын деген ниетпен бұрын-соңды радиода қолданылмаған үлгі-ақпараттық-танымдық, ойын-сауықтық форматты бірге алып шығуды көздедік.

Ол үшін дәл мұғалім сабақта қолданатын әдістеме: әуелі тарқата түсіндіру, сосын сұрақтар қоя отырып, талдау, сол арқылы пысықтау, ал ойын-сауықтық бөлім арқылы алғашқы айтылғанды бекіту тәсілін таңдадық. Бұл тақырыптың толық ашылуына және бірнеше буын өкілдерінің белсенді қатысуына мүмкіндік берді. Тіпті, хабарға тест жүйесін енгізіп, тақырып

бойынша сұрақтарға жауаптың әр түрлі нұсқасының берілуі-тыңдарманды бірден баурап алды деуге болады. Ұдайы өзгеріп отыратын ізденістің нәтижесінде шығармашылық топ әр тоқсан сайын байқалып тұратын жұмыс қорытындысында көшбасшылар қатарын бастады». («Мен – қазақпын!» кітабы, 5-6 беттер, 2011ж «Фолиант» баспасы).

Бұл жазбаларды менің қасиетті қара шаңырақ – Қазақ радиосында 2006 жылдың 4-қыркүйегінде тұсауын кесіп, эфирге жолдама алған авторлық бағдарламамның 5 жылдығына арналып жарық көрген кітаптың алғысөзінен ықшамдап алып отырмын. Он жылдан астам уақыт бойы тыңдаушының көңілін баурап, қазіргінің тілімен айтсақ, рейтинг бойынша алдыңғы орынды бермеген «Мен – қазақпын!» ақпарат-танымдық, ойын-сауықтық бағдарламасы менің де, оны жүргізген журналистердің де үнемі ізденісі мен алға ұмтылуына жол ашқан, сан бәйгеде олжа салған хабар ретінде ерекшеленеді. Оған дәлел эфирге шыққанына қырық күн толғанда «Шабыт» халықаралық шығармашылық байқауының журналистика аталымында Гран Приді жеңіп алса, бағдарламаға 5 жыл толған кезде 2011 жылы Қазақ радиосының тарихында алғаш рет ҚР Президентінің Алғысын иеленіп, сол жылдың күзінде «Нұр Отан» партиясы ұйымдастырған «Тілге құрмет – елге құрмет» республикалық байқауының бас жүлдесін алды. Соңғы жүлде 2017 жылғы алғаш өткізілген «Үркер» байқауындағы «Астана» радиосы үздік радиостанция аталымында топ жарса, оған да осы бағдарлама радионың төлқұжаты ретінде ұсынылған болатын. Бағдарлама жайлы оның авторы ретінде бірнеше басылымдарға да сұхбат берген едім. Өткен күндер жайлы сол сұхбаттардан суыртпақтап сыр тартып көрейік.

*Базаргүл Сейітжанқызы,
«Қазақ радиосы» Астана редакциясының бас редакторы*

ОЙ АЙТА АЛМАЙТЫН АДАМ АЛҒАШҚЫ СӨЗІНЕН-АҚ БІЛІНЕДІ

– *Базаргүл, сізді «Мен – қазақпын!» бағдарламасының авторы, әрі жетекшісі ретінде білеміз. Оқырмандарымызға бағдарлама туралы қысқаша мағлұмат берсеңіз. Идея қалай туды, қалай іске асты дегендей.*

– «Мен-қазақпын!» бағдарламасы-ақпараттық-танымдық, ойын-сауықтық бағдарлама. Аптасына 5 күн, тәңертеңгі 9.00-ден 10-ға дейін 1 сағат жүреді. Мәселен, дүйсенбі күнгі «Атамекен» деген тақырып аясында біз қазақтың қасиетті жерлері, мысалы, Ұлытау, Шыңғыстау тәрізді тарихы бай тау-тас, жер-су, оларға қатысты тұлғалар мен оқиғалардың кешегісі мен бүгіні туралы әңгімелейміз. Бірінші ақпараттық-танымдық бөлімді соған арнасақ, екінші бөлімде радио тыңдаушыларға соған қатысты ойын ойнатамыз. Ондағы мақсатымыз – ойната отырып ойланту һәм ойлата отырып ойнату. Бұны радиосинтез десеңіз де болады. Өйткені басқа радиохабарларда ойынды бөлек, ал ақпараттық-танымдық хабарды бөлек жүргізеді ғой. Ал мен осы екеуінің басын қосып көргім келді.

– Бағдарламаларыңыз эфирге шыққалы қанша болды? Дайындық кезеңі қаншаға созылып еді?

– «Мен-қазақпынды» былтыр 3-4 ай бойы дайындалып, қыркүйектің 4-і жаңа маусымнан бастап кеттік. Жеңіл шыға салған хабардың өмірі ұзақ болмаса керек. Сондықтан барымызша тыңғылықты дайындалып кірістік. Арнаулы бағдарлама болғандықтан түйіні болуы керек қой. Сондықтан біз оған «Нағыз қазақ» деген айдар қостық. Ол Абайдың «Қара сөздерімен» басталды. Өйткені, қазақ қоғамына керектің бәрін содан табуға болады. Кез келген «Қара сөздің» ең түйінді жерінен үзінді беріп отырдық. Соның қай «Қара сөзден екенін тапқан адам «Нағыз қазақ» атанады деген шартпен. Бұл хабарға хабарласпайтын адам жоқ, тыңдармандар барлық өңірден телефон соғатын. Соның ішінде Абай атамыз туған Семей өңірінен Раушан деген апамыз болды, қай сөздің қай «Қара сөзден» екенін дәл табатын. Осы арқылы біз тыңдаушыларға Абай «Қара сөздерін» насихаттап, ағартушылық бағыт ұстандық дер едім... Әрі кез келген тыңдарман ішінен өзіне керекін алады деген мақсат болды.

– Аңғартуымызша, «Мен – қазақпынның» тақырып аясы мейлінше кең болғанын көздеген тәріздісіздер-ау...

– Рас, бес күн эфирге шығатын бағдарламаның әр күнгі саны әр тақырыпқа арналды. Мысалы, ұрпақтар сабақтастығын көрсететін сейсенбі күнгі хабардың «Бұл қай қазақ?» айдарында кешегі-бүгінгі әр саладағы белгілі тұлғалар өмірі немесе іс-әрекеті туралы үзінді беріп, оның кім екендігін жұмбақтау арқылы жұртты ойлантуға тырыстық. Сәрсен-дегі «Елім менің» атты айдарымыз жас ұрпаққа отаншылдық тәрбие беруге, қазіргі балаларды қалай тәрбиелеп жатырмыз деген мәселеге арналды. Бейсенбі күніне тіл мәселесінің жүгін арттық. Бұл күрделі тақырып бойынша, біз алғашында «Министрліктердің қазақшасы қалай?» деген айдармен бастадық. Тілшілеріміз «Мен – қазақпын!» бағдарламасы атынан әр министрліктің түрлі департаменттеріне телефон шалып, қазақшасы қай деңгейде екенін тексеріп көрді. Телефон арқылы алынған боямасыз әңгіме арқылы біз кімнің қазақшасы қалай екенін көрсетуді мақсат тұттық.

– Бұларыңызды министрліктегілер қалай қабылдады?

– Ренжіп жатқандар да болды, қуана қабылдағандар да болды. Әрқалай. Оған қоса, «Жарнамалар қай тілде сөйлейді?» деген, тағы да басқа толып жатқан өзекті тақырыптарда жүйелі хабарлар жасап отырдық. Бір күн көтерген мәселені сол күйінде бітіре салмай, дамытып, қанша министрлік, агенттік болса, соның бәрін қамтып, үздігі мен артта қалғанын жыл соңында анықтап, қорыттық.

– Сонымен, қызық үшін айтыңызшы, қай мекеменің қазақшасы қаншалық екен?

– Сыртқы істер министрлігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігінің мемлекеттік тілді меңгеруі бізді қуантса, қазақшаға жөндеп бет бұра алмай отырғандар қатарында Қаржы, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Ішкі істер министрліктері тұр. Олардың терминдері қиындау әрі жұмыстары есеп-

қисаптың айналасында болғаннан болса керек. Тілмен қатар біз дін мәселесін де назардан тыс қалдырғымыз келмеді. Жұма күннің жүгін соған жүктедік. Онда да құр, жалаң уағыз-насихат емес, хадистер мен Құран аяттарын пайдаланып, қазіргі өмір салтымен байланыстыра әңгіме өрбіттік. Мысалы, мемлекеттік қызметкерлер Ислам діні тыйым салған қай нәрсені қаперге алуы керек деген тәрізді бағыттарда. Сонымен қатар әлемдегі ислам жаңалықтарын беріп отырмыз. «Ғибрат» деген айдарда ақын-жазушыларымыздың дінге қатысты шығармаларын 4-5 минут көлемінде беруді үрдіске айналдырдық. Сосын, мәселен, газеттерде «Тақырыпқа тұздық», «Оймақтай ой», «Түйін» деген тәрізді қосымша үзіктер болады ғой, сондайды біздің радио тілінде «ролик» деп атайды. Сол роликтер арқылы айтулы тұлғалардың тікелей қазаққа қатысты қанатты сөздерін, мысалы, Абайдың «Бірінді, қазақ, бірін дос. Көрмесең, істің бәрі бос!» дегені тәрізді нақылдармен хабарлар арасын бөліп отырамыз. Осылайша, бес күн бойы біз бір сағаттық осы тәлімдік хабарды беріп келеміз. Мақсат, айналып келгенде, ұлттық рухты көтеру, құндылықтарымызды ұлықтау.

– *Қандай жақсы нәрсені де ұзағырақ, үнемі айта берудің адамды жалықтыратыны болады ғой. Сіздер сол кілтпаннан қалай айналып өтуге тырысасыздар?*

– Оныңыз рас, хабарлар өміршең болуы үшін жүйелі түрде үнемі дамытылатын, қатып қалған белгілі бір қалыпқа салынып, тасталмаған, қайталаушылыққа жол берілмеген түрде болғаны жөн. Өйтсе, тыңдаушы оның ретін, неден кейін не келетінін, қандай сөз айтылатынын біліп, үйреніп алады. Біз содан қаштық. Әр хабарымызда үш ай сайын жаңа айдарлар қосып отырамыз. Мысалы, сейсенбі күнгі «Жас толқын» хабарына «Ұлт ұрпағы» деген айдар қосып, қазіргі зиялыларымыз үйінде ұлттың қандай ұрпағын тәрбиелеп жатқанын білдіруді мақсат еттік. «Қазақ өсіп келеді» деген тағы бір қосымша айдарда біз жалпы қазақтың ұрпағы қандай болуы керек дегенді береміз. Ұлан балабақшадан бастап қандай тәрбие алып келеді, қазір нені біледі, кімге еліктейді, қазақ батырларын, ұлы тұлғаларын біле ме деген сауалдарға жұртшылық содан жауап алады.

– *«Мен-қазақпынды» жалпы қанша мерзімге жобалап отырсыздар?*

– Әзір тап басып айта алмаймыз. Бәлкім, болашақта – бес күннің мәселесін үш күнге топтастыруға болатын шығар. Өйткені журналистердің де ізденушілігі керек. Соған мүмкіндік жасау қажет. Оларды мен облыстарға, аймақтарға жібергім келеді. Беймәлім дерек көздерді қамту үшін «Архив ақтарған қазақтар» деген айдар қоссақ дейміз келешекте. Сондықтан бұл әлі бастауы ғана, үлкен өзгерістер алда, жұмыс үстіндеміз.

– *Эфирдің қажетін айттық, ал енді қазіргі радиожурналистерге не жетіспейді деп ойлайсыз?*

– Радиожурналистика шапшаңдық, дәлдік, нақтылықты талап етеді. Көп әсіре қызыл сөзден гөрі нақты бір ойлар айту жөн. Мүмкіндігінше ізденіп, білімінді көбейтіп отырған артық емес. Меніңше радиожурналистердің қазіргі ақпараттық бөлігі жаман емес, жаңалықтар уағында беріледі деп есептеймін.

Ал бірақ интернеттен тергеп-тексерместен дайын мәлімет ала салу, кей әріптестеріміздің сөйлеу мәдениетіне мән бере бермейтіні сыңайлы кемшіліктер байқалады. Мағынасы дәл келмейтін сөздер қолдану, тікелей аудару тәрізді олқылықтар аттандап шығып жатады. Кейде қазақ табиғатына келмейтін, құлаққа түрпідей тиетін жабайы сөздер, анайы әзілдер айтылып қалады. Солардан қашса екен деймін. Ойындар, құттықтаулар бітпей қоятын хабарлар бар. Ар жағындағы адам сөйлей алмаса да, сүйреу, зорлану мезі қылады. Ой айта алмайтын адам алғашқы сөзінен-ақ білінеді, ондайда жұрттың уақытын алмау керек қой, сойлей алмайтын кісіні эфирде ұстап тұра берудің не қажеті бар?! Ал қазақ үшін қашан да ізет, иба бірінші орнында тұруы керек. Қандай жеңіл, ойын-сауыққа бейімделген радио болса да, біз ұятты ұлттың ұл-қыздары екенімізді ұмытпағанымыз жөн дер едім.

– *Көкейде жүрген қандай ой-жоспарыңыз бар?*

-Кез келген заң адамымен сөйлесе қалсақ, «Біздің азаматтар өз құқығын қорғай алмайды» дегенді естиміз. Соған қарағанда, заңның насихатталуы кем шығар-ау... Болашақта Парламентпен бірлесіп заңға арналған бір хабар жасау ойымызда жоқ емес. Біз, мүмкіндігінше заңи сауатты болуымыз керек, қазақ заңнан ұтылмауы тиіс. Сондықтан құқықтық сауаттылыққа жетелейтін хабар өте қажет деп ойлаймын. Жаңа хабарлар тізбегін біз әдетте күзге қарай саралаймыз. Қалғанын енді уақыт көрсетеді.

– *Әңгімеңізге рақмет. Шығармашылық табыстарға жете беріңіз!*

*Сұхбаттасқан Батырболат ҚАБОШ
«Айқын» апта, 2006 жыл, 30 қазан.*

Жақсы сөз – жарым ырыс

ЖАНЫ – ЖАЗ, КӨҢІЛІ – КӨКТЕМ

(Әріптес ару жайлы бір үзік сыр)

(эссе)

Базаргүл Сейітжанқызы Үмбетова – Кенжеболат Шалабаев атындағы Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты. ІХ халықаралық «Шабьт» фестивалінің журналистика аталымы бойынша бас жүлдегер. «ҚР Парламентіне-10 жыл» саяси бағдарламалар байқауының, Астана қаласы әкімінің «Алтын қалам» жүлдесінің иегері. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15 жылдығында баспасөз саласындағы белсенді еңбегі үшін ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің Құрмет Грамотасымен марапатталған – «Астана» радиосының бас редакторы.

Базаргүлдің осындай атақ, марапаттауларын тізбелей жазып отырып, оның ең алғаш журналистика атты сырлы әлемінің табалдырығын имене аттаған кезі көз алдыма келеді. Ол кезде мен университет жолдамасымен келіп, Жезқазған облыстық теледидарында қызмет етіп жүрген жас маман едім.

Бір күні біздің кабинетімізге жайдары жүзіне күлкі үйірілген, сұңғақ бойлы, талдырмаш, бетінде тарыдай меңі бар, шашы кірпінің түгіндей, «шөтке бас» ақ сары қыз бала бас сұқты. «Жылқы кісінескенше, адам тілдескенше» демекші, екеуміз лезде шүйіркелесе кеттік.

Ол орта мектепті бітіре салып, Алматыдағы сол кездегі маңдай алды ең мықты университет-КазГУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсіпті. Ендігі ойы оқи жүріп, еңбек ету екен. Алматыны, бірге оқыған курстас достарымды жиі еске алып, думанды ортаның қызығын қимай, студенттік өмірді сағынып жүрген мен:

– Жап-жас басыңмен жұмысты қайтесің? Университет бітіргесін де үлгеретін едің ғой. Алаңсыз оқып, студенттік өмірдің қызығын көрмедің бе?! – деймін, өзімше одан біреу көйлекті бұрын тоздырғанымды сездіріп.

– Әкем ерте қайтыс болып кеткен еді, жалғыз анам бар. Ізіменен ерген інім Бекзат әлі бала. Сосын олардың қасында болайын, мамам алысқа кетсем уайымдар деп, төбемді көріп жүрсін деп, солай шештім, – деді шуақты жүзіне ұялаған селдір мұңды сездіргісі келмей, сәл күлімсіреп.

– Алды-артыңда аға-апаларың жоқ па?

– Зият деген көкем, Зиягүл деген тәтем бар. Бірақ олардың өз үйлері бар, бала-шағалы адамдар. Бізден бөлек тұрады, – деді барынша байсалды үнмен.

Салмақты сөйлегенімен, сөзінен де, көзінен де балалығы байқалып тұрғандай. Үстіндегі түбіті үлпілдеген сары свитеріне, ақсары жүзіне, томпиған бетіне қарап, ішімнен сарыауыз балапан сияқты екен деп ойлап қойғам... Атын сұрағам, сыңғырлай күліп алды да:

– Базаргүл, – деді. Неге күлгенін түсінбей бетіне қарадым.

– Кейбір әдеби кітаптардан «Базаргүл» деген атты жағымсыз кейіпкерлерден кездестіремін, сондайда өз атым өзіме ұнамай қалады, – деді.

– Неге? Атың әдемі ғой. Рита, Рима немесе менің өзімнің есімім сияқты емес, нағыз қазақ қыздарына тән, ұлттық реңктегі әдемі ат. Өмір базарында жайнаған гүлдей болып жүрсін деп ырымдап қойған шығар ата-анаң. Адамның сәби кезінде азан шақырылып қойылған аты оның бүкіо болмысына, мінез-құлқына, өмірлік ұстанымына әсер ететінін бір жерден оқығаным бар еді, – деймін бар ынта-шынтаммен. (Шынында да, атына заты сай, жүрген жерін ойын-күлкі, думан-базар ғып, қандай ортаға түссе де сол жердің гүліне айналып кететінін кейін көзім көрді.)

Сол күні екеуміз қас-қағым сәтте біраз әңгімелестік. Бір өкініштісі, аяқ астынан асығыс «съемкаға кетіп қалдым» да, мен оған өзімнің атымды айтып, танысуды ұмытып кетіппін. Кейін ол облыстық радиоға тілші болып, қызметке тұрыпты. Ал мен ол кезде кішкентай сәбилі болып, үйде отырғам. Анда-санда біздің телестудияға келіп:

– Көк костюмді жас келіншек қайда?» – деп мені көпке дейін іздеп жүріпті...

Сөйтіп танысқан Базаргүлім тәжірибе жинап, жасаған радиохабарларын тыңдармандарға ұнағасын, біртіндеп, тележурналистикаға ауысты. Тілші, қоғамдық саяси бағдарламалар редакциясында бөлім меңгерушісі болды.

Бірге «Жұадан жұмаға дейін» деген апталық тележурнал дайындадық. Ұлттың намысын оятып, имандылыққа шақыратын тартымды бағдарламаларды дайындау көп уақытымызды алатын еді. Ешкімді қайталамай, өз жолымызды, өз өрнегімізді салуға тырысатынбыз. Көрермендер көңіліне шығатын, қызықты әрі тәрбиелік мәні терең, тәлімі мен танымы мол, тың бағдарламалар жасау оңай емес. Оның үстіне техникалық мүмкіндіктеріміз де шектеулі. Қазіргідей жақсы видеокамералар жоқтың қасы, бірен-сараны енді-енді қолға тиіп жатқан кез. Көбінесе, он шақты адам аудандарға үлкен ПТВС (передвижная телевизионная станция) алып шығамыз.

Режиссер Гүлнәш Қошанова, дыбыс режиссері Ырысты Қожасова, Базаргүл бәріміз жұбымыз жазылмай, бір үйдің қыздарындай болып кетіп едік. Ортамыздағы жалғыз ер азамат – Тоғанбай деген жігіт ағасы, ол кейін қажылыққа барып, дін жолына ден қойды. Талай-талай алыс аудандар мен шалғай ауылдарға іссапармен барып, қандай қиындықтар болса да шаршамай-шалдықпай, тату-тәтті бірге жүретінбіз. Бәріміз де оны қызғыштай қорып, қоршалап жүретінбіз. Өйткені қаршадай қызын іссапарға шығарып салып тұрып, Базаргүлдің анасы марқұм алдымен – Аллаға, сосын жанында жүрген біздерге аманаттайтын. Ол кісі бізді өзінің туған қыздарынан кем көрмейтін, кей-кейде әлдебіреулерге ренжісек, бізден аналық ақыл-кеңесін аямайтын. Қолы ашық, ән-күйге бір табан жақын, әрі өте ісмер жан еді жарықтық. Сондай көпшіл, ақ көңіл ананың тәрбиесін көрген Базаргүлмен отбасымызбен араласып тұратынбыз.

Балаларымыздың тұсауын кестіріп, атын қойғызып, оның адамгершілігі мен бауырмалдығы балаларымызға жұғысты болсын деп ырым етуші едік. Базаргүлдің бір қасиеті-өте балажан. Үйге келе қалса, түрлі ойыншық, тәттісін беріп жататын. Қол басындай ғана сәнді сөмкесінің ішінен бәрі табылатын. Сосын ба, оны балаларымыз да өте жақсы көретін.

Бірде телеоператор бір адамнан интервью алып тұрған қолын ғана көрсетіп өткен екен. Оның сүйріктей салалы саусақтары мен сәнді тырнақтарынан таныған балаларда ес жоқ: «Балапан тәтенің қолын көрдік» деп бір-біріне айтып, қуанып жүргені көз алдымда... Әлі күнге солай: «Астанада Балалапан тәтем хабарласты» деп жүреді, оның аққудай сыланған сұлу бойжеткенге айналғандарымен ісі жоқ.

Іссапармен барған жерлерімізде талай-талай отбасының құдайы қонағы болатынбыз. Үйлерінен дәм татқан адамдардың балаларының атын Базаргүл өмірі ұмытпайтын. Кейін қалаға келген кезде, көшеден солардың біреуін көріп қалса, балаларының атын айтып тұрып, амандық-саулық сұрасатын. Ауылдан келген қарапайым адамдар қатты риза болып, езулері екі құлаққа жететін. (Қуанбай ше? Облыстық теледидардың ең танымал телебағдарламасының ең сұлу жүргізушісі ай мен күндей ару қыз Базаргүл оның қара домалақ, боқмұрын баласын ұмытпай, атын атап тұрып, хал-жағдайын сұраса, кім қуанбайды?!)

Базаргүл біздің жанымызда жүрген кезде бізге диктофонның да, қойын дәптердің де керегі жоқ еді, өйткені ол кез-келген адамның аты-жөнін,

лауазымы мен телефон нөмерін бір айтқаннан қағып алып, кейін керек кезінде сұрағанымызда қателеспей айтып беретін...

Басымызға қызықты идея келе қалса, түн ортасы демей, телефон соғып, сағаттар бойы қызыл кеңірдек болып, болашақ телехабарды талқылап, ақ тер көк теріміз шыға айтысып жататынбыз. Жас айырмашылығымыз да, мінез-құлқымыздың ерекшелігі де байқалмай кететін сондайда.

Содан бері қанша жыл болды..?! 1997 жылы алғашқылардың қатарында, Ақмолаға қоныс аударды. Ол – Астанада, ал мен – Алматыдамын. Табиғат заңы ғой, анасы да, ағасы да өмірден өтті. Бауырларының, тума-туыстарының қамқорлығы әлі күнге соның мойнында...

Базаргүл Сейітжанқызы – Қазақ радиосындағы «Мен –қазақпын» ақпарат-танымдық, ойын-сауықтық бағдарламасының авторы, жетекшісі. Қазақстан ұлттық телеарнасының «Астана» студиясында комментатор болып, «Отандастар», «Көзқарас», «Атамекен» бағдарламаларын жүргізді. Халықаралық «Алтай-Дунай» тарихи-этнологиялық экспедициясына қатысып, 14 сериалы хабарлар дайындады. 2000 жылы Қазақ радиосы «Астана» редакциясына жауапты редактор болып ауысты, қазір бас редакторы.

– 10 жылдық тарихы бар, елордамызбен бірге өсіп, қанаттанып келе жатқан «Астана» радиосындағы әрбір радио ойынның тек ойнатып қана қоймай, тыңдаушыны ойланта алуына басты мән беремін, әр жаңа хабарды әуе толқынына шығаратын жүргізушісіне үлкен ізденіспен қарағанын қалаймын. Ең негізгісі – сөз бен істің бірлігі. Сенімді серік етіп, жауапкершілікті сезіне білген адам ғана көздеген мақсатқа жетеді, – дейді ол қызметі жайлы сөз болғанда.

– Меніңше, радиоэфирдің қазіргі ақпараттық бөлігі жаман емес, жаңалықтар уағында беріледі деп есептеймін. Ал бірақ, кей әріптестеріміздің сөйлеу мәдениетіне мән бере бермейтін сыңайлы кемшіліктер байқалады. Мағынасы дәл келмейтін сөздер қолдану, тікелей аудару тәрізді олқылықтар аттандап шығып жатады. Солардан журналистер қашса екен деймін. Ар жағындағы адам сөйлесе алмаса да, сүйреу, зорлану тындармандарды мезі қылады. Айтар ойы жоқ адам, алғашқы сөзінен-ақ білінеді, ондайда жұрттың уақытын алмау керек қой, сөйлей алмайтын адамды эфирде ұстап тұра берудің не қажеті бар?!

Ал қазақ үшін қашан да ізет, иба бірінші орныда тұру керек. Қанша жеңіл, ойын-сауыққа бейімделген радио болса да, біз ұятты ұлттың ұл-қыздары екенімізді ұмытпағанымыз жөн дегенді үнемі өзімнің жас журналистеріме айтып отырмын, – дегені көкейімнен кетпейді...

Ия, біз ұятты ұлттың ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз керек.

*ЗАРЯ ЖҰМАНОВА, жазушы
«Ару жан» журналы, № 1 (35),
қаңтар, 2009 ж.*

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҰЛЫҚ ТҰТҚАН

*Белгілі журналист Базаргүл Үмбетовамен
сыр сұхбат*

Базаргүл Сейітжанқызы Үмбетова – Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, Астана қаласы әкімінің «Алтын қалам» жүлдесінің иегері. 2010 жылы ҚР Президентінің «Алғыс хатымен» марапатталған.

«Мен қазақпынға» – 5 жыл.

– Қазақ радиосынан сіздің авторлығыңызбен беріліп жүрген «Мен-қазақпын» бағдарламасы – қазақтың рухани өміріне өзіндік үлесін қосып жүрген сүбелі дүние. Өткен жылы аталмыш бағдарламаларыңыз үшін Президенттің «Алғыс хатымен» де марапатталдыңыздар. Сұхбатымызды қазақтың намысын оятып, рух, күш-жігер беретін аталмыш бағдарламаның қалай құрылғаны жайлы әңгімеден бастасақ?

– Менің ең алғашқы еңбек жолым Жезқазғанның облыстық телерадиосында басталған. Сонда Заря Жұманова, Тоғанбай Құлманов үшеуміз «Жұмадан жұмаға» деген ұлттық құндылығы жоғары хабар жасадық. Бұл авторлық дүниеміз кейін Жезқазған өңіріне кеңінен танымал болды. Жезқазған облысы Қарағандыға біріктірілген 1997 жылы елорда Ақмолаға көшіп, «Қазақстан» корпорациясы да осында келген. Мен аталмыш телеарнада алғашқылардың бірі болып комментатор қызметін атқардым. Бұл жылдары саяси оқиғаларға, яғни жас елорданың қалыптасуы жолында болып жатқан жаңалықтарға көп көңіл бөлінді. Екі-үш жылдан соң Қазақ радиосының Астанадағы редакциясының жауапты редакторы, кейін бас редакторы болдым. Астанадағы Қазақ радиосы мен Астана радиосының екеуіне де басшылық еттім. Мен осы жылдары Қазақ радиосындағы ұлттық құндылығымыз жайлы беріліп жүрген түрлі бағдарламалардың басын қосып, бір идеяға жұмылдырсам, «Қазақ» радиосы мен жас «Астана» радиосының бағдарламаларының синтезінен жаңаша сипатта берсек деген ой туындады.

Осы идея негізінде дүниеге келген «Мен – қазақпын» бағдарламасына бұрыннан қалам тартып жүрген Қазақ радиосының тақырыпты терең зерттеп, материалдарды ыждағаттылықпен бере білетін журналистері мен «Астана» радиосының үнемі жастар ойынын жүргізіп жүрген, тікелей эфирдің табиғатын жақсы меңгерген музыкалық жүргізушілерін тарттым. Осылай алғашқы бағдарламамыз «Атамекен» дүйсенбі күні эфирге берілді. Оған журналист Жадыра Сейдеш пен музыкалық жүргізуші Жанат Халықовты таңдап алдым. Кейін олар Өлкетану деген ойынын да жүргізді. Екінші күнге «Ұлттық мүддені» белгілеп, оның аясында алаш ардақтыларын насихаттайтын «Бұл қай қазақ?» радио ойыны ойналды. Оларды сол кезде Жаннета Садуақас пен Айнұр Оразқызы жүргізсе, бүгінде Жаннета мен Қанат Тұрар ойдағыдай жүргізіп келеді. Отаншылдық рух пен спорттық мәселелерді жан-жақты сөз ететін бағдарлама – сәрсенбі күнге жоспарланып, оны Жәнібек жүргізсе, кейін ол Алмас пен Зейнетке жүктелді. Бүгінде оны үшінші топ Бақтияр Хамит пен Маржан Нұржанова жүргізуде. Бейсенбі

күнгі топтамамыз – мемлекеттік тілге арналса, жұма күнгі эфирде алғашында «Дінтану» ойыны ойналса, қазір оның ауқымы кеңейтіліп, қазақ халқының дүниетанымына қатысты мәселелердің бәрі көтеріліп жүр. Оны жүргізу Амангелді мен Сымбаттың еншісіне бұйырған. Осылай бес күнгі бағдарламалар – «Мен қазақпын» идеясы негізінде жұмыс жасап, тыңдармандарының ризашылығына бөленіп келеді.

– *Қазақ руханияты мен ұлттық ділді жан-жақты саралап насихаттаған аталмыш бағдарлама қаймана қазақтың көңілінен шығып, ризашылығына бөленіп қана қоймай, өзіндік құндылығымен бәйгелерде де алдыңғы орындардан көрініп жүр емес пе?*

– Аталмыш бағдарлама ең алғаш эфирге берілгеннен-ақ тыңдармандарын селт еткізсе керек, сол жылғы «Шабьт» Халықаралық фестивалінде Бас жүлдені жеңіп алдық. Шынын айтсам, мен өзім алғашында оның жүзден жүйрік шыққанын естігенде таң қалғаным бар. Кейін оның берілу формасы мен материалдарының құндылықтары жоғары бағаланғанын білдім. Уақыт өте келе кең аудиториясы бар хабарға айналды. Өткен жылы Елбасының отаншылдық рухты қалыптастырып, дамытудағы еңбегі үшін деген «Алғыс хатын» алғанда да мәртебебіз бір көтеріліп қалды. Қазақта «алтын арқалағанша, алғыс арқала» деген жақсы сөз бар ғой. Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясының «Тілге құрмет – елге құрмет» деген республикалық байқауында да бас жүлдеге лайық деп танылды.

– *Үстіміздегі жылы «Мен қазақпынның» құрылғанына 5 жыл толады екен. Осы мерейтой қарсаңында қандай ауқымды істер жасалынып жатыр?*

– Бес жыл үлкен мерейтой емес шығар, десек те бағдарламамыз осы аз ғана уақыттың ішінде біраз жетістіктерге қол жеткізді. Осыған орай «Мен қазақпынға 5 жыл» деген тақырыпта бес жыл бойы берілген хабарлардың ішіндегі ең таңдаулыларының басын қосып, жинақ шығаруды жоспарлап отырмыз. Жинақтың жанында аудио жазбасы болады. Бұл бағдарламамыздың тыңдармандарына, жоғары оқу орындарында оқитын жастарға, жалпы қазақ қауымының бір кәдесіне жарар деген ойдамыз. Шығармашылық кеңеспен ақылдасып, осындай үлкен істі қолға алып жатырмыз.

Арманына адал жан

– *Ендігі сауалым жеке өзіңізге қатысты болмақ, әріптесіңіз Заря Жұманованың сіз туралы жазған бір эссесінде «Базаргүл біздің жанымызда жүрген кезде бізге диктофонның да, қойын дәптердің де керегі жоқ еді, өйткені ол кез келген адамның аты-жөнін, лауазымы мен телефон нөмірін бір айтқаннан қағып алып, кейін керек кезінде сұрағанымызда қетелеспей айтып беретін...» деген екен. Мұндай ерекше есте сақтау қабілетіңіздің шыңдалынуына не себепкер болды деп ойлайсыз?*

– Нағашы атамның «Батырлар жыры» деген үлкен қоңыр кітабы болған. Соның ішіндегі 5-6 жырды өзі жатқа айтып отыратын. Арасында бізге де жаттататын. Менің сол кезден жаттау қабілетім жоғары болды.

Себебі атам мені «не айтсам да қағып алады» деп мақтап отыратын. Осылай кішкентайымнан қисса жаттап өстім. Кейде ойнап жүріп «Гайбурыл сонда сөйледі, сөйлегенде бүй деді...» деп әндетіп жүретінмін. Анам Бидаш та әдебиетті сүйетін, жырларды жатқа білетін, сөзге шешен, қолынан бәрі келетін жан болатын. Қолына домбыра алып ән айтып, күйсандықта ойнап, маңайын той-думанға бөлеп жүретін өз ортасының гүлі еді. Әкем Сейітжан өте еңбекқор, қажырлы да қайратты адам. Ұзақ жылдар бойы жылқышы болған. Өзі соғыс ардагері. Отбасында ағам Зият, әпкем Зиягүл, бауырым Бекзат төрт ағайындымыз. Анам марқұм бізге «әкелерің сендердің нешінші сыныпта, қалай оқитындарыңды білмейтін шығар. Бірақ совхозда қанша мал бар, қай малдың түсі қандай дегенді жақсы біледі» деп қалжыңдайтын.

Үйіміздің бір қабырғасы сірескен кітап болды. Соларды жастайымнан оқып өстім. Мақтанғаным емес, мектепке хат танып, таблицаны жатқа біліп бардым. Бірінші сыныпта жаңадан әріп үйреніп жатқан қатарластарыма қарап мұғалімге: «Мен мыналармен бір жыл қалай шыдар екенмін?» деп сұрақ қойғаным есімде. Кейін үйде жоқ кітаптарды кітапханадан алып оқитын болдым. Сол кезде бір аптаға екі-ақ кітап беретін. Менің оларды алысымен күн-түні оқып бітіріп, бір апта өтпей апарып тұрғанымды көргенде кітапханашы: «Сен мына түріңмен аз уақытта барлық кітаптарды оқып бітіретін шығарсың» деп ренжитін. Осылай жастайымыздан кітап жаттап өстік. Ол кезде кітап оқымау күнә секілді сезілетін.

– *Кітапты көп оқитын балаларда «жазушы болсам» деген балаң қиял пайда болатынын білемін. Осындай арман сізде қылаң берген жоқ па?*

– *(Күлді).* Әрине, жазушы болсам деген арман болған. Мектепте оқып жүргенде талабыңды шыңдайтын, арманға жетелейтін «Өскенде кім боламын» деген тақырыпта шығарма жаздыратын. 5-сыныпта оқып жүргенде жазған сондай бір шығармада: «Өскенде жазушы болғым келеді, бірақ ол үшін алдымен журналист болуым керек шығар» деп жазған екенмін. Менің туғандарымның бәрі кітапты сүйіп оқыды. Ағам кітап жинағанды ұнататын. Ол да журналист болуды армандаған екен. Ағам ғана емес, бәріміз әдебиетке жақын өскендіктен болса керек, жазушы, журналист болуды армандаған екенбіз. Оның кітап сөрелерінде «Журналист анықтамалығы», «Журналист және өмір» деген кітаптары болатын. Қолым босай қалғанда соларды парақтайтынмын. Кейін орта мектепті үздік бітіріп, жоғары оқу орнына түсерде журналистиканы таңдадым. Мектеп бітірген жылы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің сырттайғы бөліміне түсіп, кейін Жезқазғанның облыстық радиосына қызметке орналастым. Содан бері басқа салаға ауытқымай, бір арманның жетегінде, телерадио саласында 27 жыл бойы қызмет етіп келемін.

– *Туғандарыңыздың арасында журналистика саласында жүргендері бар ма?*

– Жоқ, журналист болуды отбасында менің ғана маңдайыма жазыпты. Үшеуі де басқа салаға кетті. Олардың мамандықтары басқа болса да, әдебиет, тарихтан білетіндері мол. Сондықтан да болар, менің шығармашылығым

бей-жай қарамай, әрдайым бағдарламаларымды тыңдап, пікірлерін білдіріп жатады. Мен кейде өзімді мойнымда туғандарымның да жүгі бардай сезінемін.

Қуаныш кернеген сәттер

– *«Журналист пен қасқырды екі аяғы асырайды» деген қалжың сөздің астарында шындық жатқаны сөзсіз. Тілшінің бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ шығар?! Жолсапарлар кезінде жадыңызда айрықша сақталған немесе өзіңізді ерекше әсерге бөлеген сәттерді еске түсіріп өтсеңіз?*

– Жезқазғанда қызмет етіп жүргенде шахтаға алғаш рет түскенім ерекше есімде қалыпты. Маңдайында жалт-жұлт еткен шамдары бар шахтерларды көріп, өзімнің жер астындағы басқаша әлемде жүргенімді ойлағанда бір ерекше сезімнің құшағында болғаным бар. Сонымен қатар «Қазақстан» телеарнасында «Атамекен» бағдарламасын жүргізіп жүргенде тарихи ескерткіштері бар көптеген жерлерге бардым. Өзгелер кітап пен теледидардан ғана көріп жүрген құнды дүниелерді қолыммен ұстап, көзіммен көргенде бойымды бір мақтаныш кернеген еді.

Ал «Ұлытаудан Шыңғыстауға дейін» сериал-хабар әзірлеу барысында тікұшақпен Абайдың ЮНЕСКО-ның көлемінде тойланып жатқан тойын төбеден түсіру мүмкіндігіне ие болдым. Төбеден жер-су, тау-тастарды көріп тұрып, әр тасының аты бар қазақтың дүниетанымы қандай кең, жері қандай бай еді деп қайран қалғаным бар. 1999 жылғы тарихи-этнологиялық «Алтай - Дунай» халықаралық экспедициясының құрамында да болып, түйеге мініп, біраз ел-жер араладым. Этнологияға қатысты материалдарға жауап бере жүріп, үш ай бойы біраз құнды мәліметтер жинадым. Украина жеріне келгенде мені кезінде әкем жаулардан азат еткен жер деген үлкен мақтаныш сезімі кернеді. Әкемде «Украина жерін қорғағаны үшін» деген медалі болған. Сондай-ақ біз түйемен шаршап-шалдығып әзер жүріп келе жатқан жерде кезінде әкем күні-түні жаяу-жалпы қалай соғысқан екен деген де ой болмай қалған жоқ.

– *Әңгімеңізге рахмет, ұлағатты ісіңіз жемісті бола берсін!*

Сұхбатты жүргізген Мара КЕЛЕС.

Тікелей эфир – болымдыға үлгі, болымсызға күлкі!

ҚЫЗЫҚ ПЕН ШЫЖЫҚ

Жас мамандарды тікелей эфирге үйретуге тура келеді. Журналистер тікелей эфирде жұмыс жасап жатқанда мен кабинетімде оларды мұқият тыңдап отырамын. Бірде бір тілшіміз ойынға қатысушы балаға риза болғаннан қатты шабыттанып: «Ой, молодец!» дегені бар.

Кейін оған «Ой, жарайсың!» деген сөз ауызыңа түспеді ме, неге түзетпедің? деп ескерттім. Біздің журналист жігіттердің көбі бос уақыттарында той жүргізетіндіктен, кейде «Құрметті радио

тындармандары!» дегеннің орнына «Құрметті тойға қатысушы қонақтар!» деп қалады. Тағы бірде мен эколог маманды қонаққа шақырып, сұхбат алдым. Жап-жақсы сөйлеп отырған қонағым бір кезде «Қазақстанда қорлық деген көп қой, қорлық деген көп» дейді аса риза сезіммен. Сосын тағы қайталап: «Құдайға шүкір, қазақ жерінің табиғаты керемет, қорлық деген көп» деді. Мен «мына кісі экологияға қатысты әңгіме айтып отырып, қандай қорлықты айтып кетті» деп таңқалып отырсам, ол қорлық деп «қорықты» айтып отырғанын ұқтым.

Тікелей эфирде осы секілді қызықтар жиі болып тұрады. Тағы бір де маманды қонаққа шақырып, сасқанынан оның қолы дірілдеп, дірілі микрофонға әсер етіп, оның қолын өз қолыммен басып отырып, сұхбат жүргізуге тура келген кез де болған.

Жоғарыдағы сұхбатта «Мен-қазақпын» бағдарламасының 5 жылдығына таңдаулы хабарлардың топтамасын жинақтап кітап шығарамыз деген уәденің үдесінен шықтық. 2011 жылы ұлтжанды азамат, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильяновтың демеушілігімен Астанадағы «Фолиант» баспасынан қасиетті қара шаңырақ Қазақ радиосының 90 жылдығына тарту ретінде бағдарламаның ең сүбелі деп саналған таңдамалы сұхбаттарынан жинақ шығардық.

Кітаптың беташар сөзін сол кездегі ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Алдан Смайыл жазды.

Ұлт мүддесін мұрат еткен

Тәуелсіз еліміздің жиырма жылдық тарихы ұлы оқиғаларға толы. Жаңа тарих кітабының әр парағынан азаттықтың алтын күрек желі еседі. Өйткені осынау жылдарда қазақ халқы бұрын-соңды болмаған ұлы жетістіктерге жетті. Ұлт ретінде қайта түледі. Сөйтіп, бір кездегі қапылыста жоғалтқан өзінің ұлттық «Менін» қайта табуға мүмкіндік алды. Ал бұл дегенің – тек тәуелсіздік туы астында ғана болатын жағдай. Ең бастысы, біз, міне, осындай мүмкіндікке қол жеткізе алдық. Халық ретіндегі, мемлекет ретіндегі ең үлкен бақытымыз да осы. Дәл осы жылдарда қазақ қоғамы барлық жағынан түбегейлі жаңғыртылды. Біртіндеп, ұлттық ой-сана қалыптаса бастады. Тарихи сана жаңғыртылып, ұлт ретінде өткенімізге ой көзімізбен қарайтын жағдайға жеттік. Осы орайда айта кетер бір жағдай, қай кезде де қоғамның қозғаушы күші саналатын зиялы қауымның, соның ішінде жазушылар мен журналистердің ұлттық ой-сана тәуелсіздігін қалыптастыруда тарих алдында, халық алдында атқарған міндеттері салмақты болып келген. Біздіңше, қазақ жазушылары мен журналистері ұлтқа қызмет ету жолында өздерінің осынау ұлы миссиясын абыроймен адал атқарып келеді.

Соның жарқын бір дәлелі-қымбатты оқырман, өздеріңізге ұсынылып отырған «Мен – қазақпын!» деп аталатын тамаша кітап. Атының өзі айтып тұрғандай, бұл кітапта негізінен ұлт тағдыры, мемлекет тарихы, халқымыздың тәуелсіздік жолындағы әр кезеңдегі көрсеткен жауынгерлік ерліктері мен тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктері сөз болады.

Бұл кітап 2006 жылдан бері қарай Қазақ радиосының әуе толқынынан үзбей беріліп келе жатқан «Мен – қазақпын!» ақпарат-танымдық хабарының жиынтық топтамасынан тұрады. Кітапты оқып отырып азат елдегі еркін ойлы бір ұрпақ – жаңа журналистерінің қалыптасып үлгергеніне, сонымен қоса қазақ журналистерінің кәсіби шеберліктерінің арта түскеніне анық көз жеткізесіз. «Мен – қазақпын!» кітабы ең бірінші, жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұлтты сүюге тәрбиелейтін құнды еңбек деп білемін. Кітапта айтылған ойлар барлық жағынан өзекті және дер кезінде көтерілгені қуантады. Қазіргідей жаһандану процесі жедел қарқын алған заманда ұлттық қадір-қасиетімізді сақтап, тәуелсіздігімізді нығайтуға, нақтырақ айтқанда, халқымыздың шын мәніндегі ұлттық «Менін» қалыптастыруға қосылар үлкен олжа деп білемін. Кітапты оқып отырып, өз басым осындай жақсы әсерге бөлендім. Кітапты шығаруға ат салысқан барша журналистердің кәсіби біліктілігіне – ұлтқа деген шынайы махаббаттары мен ұлтшылдық сезімдеріне, сондай-ақ, бүгінгі талғам мен талап деңгейінен көріне білген қарым-қабілеттеріне ерекше тәнті болдым. Кітаптың ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Қазақ радиосының 90 жылдық торқалы тойына тарту ретінде ұсынылып отырғаны-айтып-айтпай қуанышты жағдай.

Қазақ қоғамының өткені мен бүгінінен терең сыр шертетін азат еліміздің ақпарат кеңістігінде қанат қаққан бостандық қарлығашы – «Мен – қазақпын!» кітабының жолы болсын! Барлық уақытта «Мен – қазақпын!» деген сөзді ауыз емес, жүрекпен айтатын болайық!

(«Мен-қазақпын!» кітабы, 3-4 беттер).

ОЙТҮЙІН

Дәстүрге адалдық

Мен радио тыңдаймын. Өйткені радио уақытыңды алмайды. Құлағыңды түрсең болды, жаныңды жай таптырар жақсы сөз де, жүрек тербер ән мен күй де сонда. Жақсы сөз дегеннен шығады, радиодан берілетін хабарлардың бәрі бірдей жауһар емес. Әсіресе, соңғы жылдары атына заты сай келмейтін бағдарламалар, оны жүргізетін білім-білігі төмен, даусы ырғағы жағымсыз, тәжірибесіз журналистер, тіпті көбейіп кетті. Эфирден үйінде отырғандай есерси, еркінсі сөйлейтіндер, атам қазақтың «Бір құмалақ – бір қарын майды шірітеді» дейтіндей, радиотыңдаушыларды мезі етіп, радиоқабылдағыштың үнін өшіруге мәжбүрлейтінін де жасырмауға тиістімін.

Радиодан, қазақтың радиосынан «Сөз – жібек жіп, жыр – кесте» (Д.Бабатайұлы) болатындай, ауызекі сөйлеудің шебері, шешен де көркем тілді, әуезді де күдіретті үнді, ұлтжанды журналистердің жүргізуіндегі хабарларын тыңдасаңыз, кәдімгідей ойың өсіп, мағұрланып, демалып қаласың. Осы орайда, маған «Қазақ» радиосынан берілетін «Мен – қазақпын!» бағдарламасының орны ерекше.

Дүйсенбіден жұмаға дейін таңертеңгілік уақытта берілетін бұл хабарды жүрдім-бардым тыңдау – күнә. Тәннің ғана емес, жаныңның қазақ болғаны рас болса, радиоға жақындай түсесің. Онсыз да жетпейтін уақытқа «тұра тұр» дейсің. Дегізетін «Мен-қазақпын!»-ның ұлтты сүюдің жарқын да жойқын күдіреті. Аптаның әр күніндегі тақырыптар ауқымының кеңдігі, соған қарамастан, аз сөзбен көп ой айту, яғни хабарды эфирге дайындаудың формасын табу-ұжымның, басшылықтың ересен еңбегінің нәтижесі. Мұндай іс уқыттың талабынан туған, халыққа деген адамдық, адалдық парызды қоса алатындардың ғана қолынан келмек.

«Жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табатынын» білетін, «Мен – қазақпынға» қызмет етіп, тер төгетіндерді, «Инемен құдық қазғандай» еңбектенетіндерді өз мамандығының жанкештілері деп бағалаған болар едім.

Бүгінде көз майын тауысып, тарихи, әдеби, кәсіби кітаптар тереңіне бойлайтын, мұрағаттар ақтаратын, тіпті кітапханалар есігін ашатын, керекті кітапты сатып алып, жинайтын білімқұмарларға деген зәруліктің орны толар емес. Бұл өкініштен құтқаратындардың бірі де бірегейі – осы «Мен – қазақпын!» жобасы. Осы орайда, жеткешісі Базаргүл Үмбетова бастаған топ – Жанар Сайлаубекқызы, Аманкелді Құрметұлы, Ұлағат Ханзада, Сымбат Талғатқызы, Жанар Мақсұтқызы, Досымжан Ермұрат, Бақтияр Хамит, Маржан Нұржанова, Қанат Тұрар, Жанетта Садуақас сынды әріптестердің «оқымайтындар» үшін оқып, жалпыға ортақ ой айтып, ұлт намысынан қайрақ боп жүргеніне сүйсінуге тиіспіз. Сұрақ-жауап түрінде берілетін, тыңдаушыларын соңынан ертіп әкететін, ұйқыдағы көңілді түртіп оятып, республиканың әр түкпірінен қоңырау шалдыратын тақырыптардың көтерген жүгін айтсаңызшы! Мысалы, «Атамекен», «Жерұйық», «Бұл – қай қазақ?», «Елім менің», «Ана тілім – дана тілім», «Абайдың қара сөздері», «Шешендік сөздер», «Дүниетаным». Бұлардың әрқайсының әр таруында ел мен жерді танып білуге, әр сөздің астарын ашуға, салт-сананды, ата дәстүріңді жалғастыруға, һәм «Мен – қазақпын!» деп басыңды тік ұстауға бағыт бар, бағдар бар, айқын жол бар. Осындай текті, тегеурінді бағдарламаны жүргізетін журналистердің жүрегіндегі жарық сәуле, үніндегі байсалдылық, баптылық тыңдаушысын хабар аяқталғанша тырп еткізбеу радионың ғана емес, ұлттық идеологиясы әлсіз, қазақ атты халықтың бір қуанышы болып жүргенін көпшілік атынан айтсам да сауап болар еді.

Жаңа Астанаға жаңа леп, жаңа тыныс, жаңа көзқарас қалыптастыруға жан аямай үлес қосып келе жатқан «Мен – қазақпын!» бағдарламасының ғұмыры ұзақ, тұғыры биік, тыңдаушылары сергек болғай.

*Қымбат Әбілдәқызы, ҚР Мәдениет қайраткері,
«Айгөлек» журналының бас редакторы.*

СУСАҒАН КӨҢІЛДІҢ БІР ТАМШЫСЫ

Қазақ радиосының тілшісі болудың өзіндік қызығы мен ерекшелігі бар. «Дөңгеленген дүние» дейді халқымыз, радионың тіршілігі Жер секілді өз

осіне айналып жатады. Ертеректе радионың үні тегершікке жиналатын таспаға жазылатын. Апаларымыздың ұршығы секілді, осы тегершік секілді «Қазақ» радиосының Астанадағы редакциясының жұмыс қарқыны бәсеңсімей, өмірдің ағынымен шырқобелек айналып жатады. Осы айналымды түсіну үшін, әр айналымын толық тану үшін оқырманға да радио журналисімен бірге бір ұршықтағы жіптей бірер айналым жасамаса, ештеңені бағамдап үлгермейді.

Ақпараттың ағынымен ілесіп жүріп, уақыттың қалай тез өтетінін байқамайсың. Апта өткенде, алдыңнан қайта күтіп алатын кезекті хабарыңа қандай тақырыпты көтересің, ол мәселені кім ұғынықты, тыңдарманның құлағына жағымды әрі түсінікті айтып берер деп шаруаның шалғайына жабысып жүре бересің. Күнделікті әкімшіліктің мінберіндегі айтылған жаңалықтарды теріп, тізбелеп жүріп, асыл уақытыңды «Қазақ» радиосының ұршығында айналдырып жатасың, айналып жатасың. Осыншама ұзаққа көсілгенім, оқырманға радионың қызметінің тоқтаусыз, әрі жылдам, әрі бір айналымы біріне ұқсас қызығын сезінбесең, тез жалығып кететін, қуанышын бөліспесең, бір тегершікте тұрып қаларын айтпақ едім. Сол айналымға әр беріп, айналамыздағы күнделікті шаруаның жетегіне жүрген біздерді бір серпілткен – «Мен-қазақпын!» бағдарламасы.

Шынын айту керек, қазақ екенін білгенің – бір бөлек. Басқа жұртты да «Мен – қазақпын!» дегізетін, көкірегіне ой салып, ұлттық ділін оятып, намысына көрік болып, ұжданына «Оян, қазақ!» дегізетін әбігер күй тудыру – қиынның қиын екені сөзсіз. Оның үстіне жасанды ұраншыл, жұртты сапқа тұрғызып, самсатып қоятын дабыра насихаттың заманынан аузымыз тұшып қалған ұлтпыз. Алайда, бір «кәллада» туған игілікті ойдың бір ұжымды жұмылдырып әкетуі қызық, әрине. «Мен – қазақпын!» хабарын дайындағанда аптасына мешітке бір кіретін қазақ секілді абдырап, «тазамын ба, бөгде ойдан адамын ба?» деген күйге түсесің. Өйткені, тақырып ұтымды, сөз сөйлейтін тұлғаның ойы ұғынықты, салмақты болмағы қажет. Әйтпесе, диттеген жеріңе жетпегенің, басқа әріптестеріңнен бір саты төменшіктегенің. Қалай да қатарда жүру үшін ұдайы тың ой, тыңғылықты тақырып іздейсің.

Астанадағы зиялы қауымның қатары көп емес, оның үстіне қазақтілді ағайынның менің тақырыбым бойынша хабарға сұхбатқа табу қиын. Өйткені, мен әріптесім Зейнет Мұсабаевамен «Мен – қазақпын!» хабарының «Елдік пен ерлік» айдарындағы тақырыпты қаузайттыбыз. Ерлікті насихаттау үшін Қарулы күштеріміз бен ішкі әскеріміздің сарбаздары мен офицерлеріне жиі жолығуға мәжбүрсің. Әскерилер мен полицейлердің қазақша сайрап кетер күні алыс емес шығар, бірақ сонда да «аға» жұрттың тілінде көсіліп кететіндер, Абайдың тіліне келгенде мемлекеттің құпиясын ашып қоятындай, мүдіріп қала беретіндер көп. Таспаға жазып алғаннан гөрі, студияда тікелей эфирге келген қонақтың пікірінің айтары тұшымды болып, хабардың ажары ашылып кететіні бар. Бірақ біздің қонақтардың бірер кемшілігі – осы биікті бізге алыстата беретін. Тіпті, кей кездері қазақша аздап қана сөйлеп, жөнді

оқи алмайтын азаматтар өзін ғана емес, бізді де ыңғайсыз жағдайда қалдыратын бірлі-екілі оқиға болып тұрды.

Бір күні айтарын қағазына жазып келген қонақтың бірі, эфирде қате оқып, бізді күлкіге көмгені бар. Студияда қонақтың пікірін, ойын тақырыптан ауытқымай, жетелеп отыру тапсырылған менің өзім студияның сыртында отырған әріптестерімнің езу тартқанын көріп, тоқтай алмай қалдым. Әйтеуір, әбжілдік танытып, менің микрофonomды өшіре қойған саунд режиссер Қуаныш Кемелов құтқарды. Тағы бір есте қаларлығы, радиода істегеніме біраз уақыт болса да, тікелей эфирге үйренісе алмаған кезім. Эфирге алғаш шыққан кезде кідіріп, сөзден жаңылып, біреудің тонымен отырғандай қысылатының рас. Әріптесім Зейнет көптен бері істеп жүргендіктен, мен секілді қинала қоймады.

Уақыт өте келе Базаргүл Сейітжанқызының талабына қоса, өзіңнің де бар ынтанды салып істеген ісің өз нәтижесін берді. Журналист ретінде және қоғамдық пікірді қалыптастыру жолында публицистикаға да басқан қадамымыз біртіндеп тұсауын жазып, шідерін алған аттай еркін көсіліп, өзіңді қоғамға ой тастар азамат ретінде сезінуге жеткізді. «Мен – қазақпын!» бағдарламасының сынағы «жігерің мен қайратыңның» сенні қай тығырықтан болсын алып шығарына сендірді.

Есте қалар сәттің бірі – «Мен-қазақпын!» хабарының микрофон, қалам ұстаған ағайынның азулы тобы қазылық еткен халықаралық «Шабыт» фестивалінде үздік атанып, жүлде алуы. Сол жүлдені «Мен – қазақпын!» хабарының ұжымы атынан Конгресс-Холда дүйім жұрттың алдына шығып, Жұмагүл Саухаттың қолынан алдым. Жұрттың назарынан қашып жүретін адамға бұл да бір сынақ. Бірақ әділ бағасын алған ой еңбегінің қуанышы ештеңеге қаратпады. Бұрын үстіне костюм ілмейтін мені көріп қалған таныстардың көбі «Жәнібек, сен үйленейін деп жатырсың ба?» деп сұрайтыны қызық.

«Мен – қазақпын!» хабарының жылдардан жылдарға жалғасып, «Қазақ» радиосының тыңдармандарына рухани азық беріп келе жатқан өміршеңдігі – публицистика туындысына айнала алғандығының белгісі. Өрісті ойды өрнекті сөзбен жеткізіп, қазақтың сазымен айшықталған хабардың берері таусылмағаны сөзсіз. Асыл ниеттен туған жақсы идеяның авторы Базаргүл Үмбетова екенін айта кеткен жөн. Соны іске асырып, хабардың желісін үзбей келе жатқан әріптестерімнің еңбегінің жемісін 5 жылда мүдірмей өткен хабардан көруге болады. Кезекті науқанның желісімен ашылып, лауазымды тұлға басқа орынтаққа ауысқанда ұмытыла кететін хабарлардан бұл өзгеше.

Өйткені, «Оян, қазақ!», «Аттан, қазақ!», «Мен – қазақпын!», «Қалың елім, қазағым» деген асыл ұғымдардың өзі екі сөзге бүкіл қазақтың мұратын сыйғызып тұр. Осы мұратқа жетер жолдан аумайық, ағайын!

*Жәнібек Амангелдіұлы,
«Мен-қазақпын!» бағдарламасының жүргізушісі,
(2006-2007ж.ж).*

БІЗДІҢ БАЗАРКҮЛ!

Қазақ радиосының ақпарат-танымдық, ойын-сауықтық «Мен – қазақпын» бағдарламасын тұшынып тыңдамайтын қазақ кемде-кем шығар. Ұлт тағдыры, мемлекет тарихы, халқымыздың тәуелсіздік жолындағы әр кезеңдегі көрсеткен жауынгерлік ерліктері мен тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктері туралы баяндайтын бағдарламаны тыңдағанда рухың көтеріліп, елге, жерге деген махаббатың арта түскендей болады. Ал осы бағдарламаның авторы әрі жетекшісі Базаркүл Сейітжанқызы Үмбетова екенін, ал, Базаркүлдің ойының ұшқыр, қаламының қарымды, айтар сөзінің арынды болып қалыптасуына қасиетті Жезқазған топырағының үлкен үлесі бар екенін жезқазғандықтардың бүгін бірі білсе, бірі білмеуі мүмкін.

Базаркүлдің тырнақ алды әңгімесі өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында облыстық «Жезқазған туы» газетінде жарияланып еді. Ол кезде ол Теректідегі орта мектептің оқушысы болатын. Сол алғашқы әңгімесімен-ақ ол бізді елең еткізіп, болашағынан үлкен үміт күттірген-ді. Мектептен соң Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түскен Базаркүл Жезқазған облыстық телерадиокомпаниясында еңбек жолын бастады. Еңбек пен оқуды қатар ұштастырды. Өз басыма Базаркүлдің тілінің шұрайлылығы, айтар ойын тыңдаушының жүрегіне жеткізе білетін қарым-қабілеті қатты ұнайтын. Кейін 1997 жылы облыс таратылды, облыстық телерадиокомпания қызметін тоқтатты. Ақ маңдайы жарқырап, жүзінен ерекше бір жылылық есіп тұратын біздің Базаркүл сол кезде Астанаға қарай жол тартқан.

Талантты жан қашан да, қай ортада жүрсе де өзінің біліктілігін, қабілетін көрсете алатыны ақиқат. Жезқазған журналистерінің арасында өзіндік қолтаңбасымен танылып үлгерген Базаркүл Қазақ радиосының «Астана» редакциясында қызметке кіріскен сәттен-ақ талғампаз зиялы қауымды мойындата білді. Республика кеңістігіне таралатын хабарлардың көтеретін тақырыптары мен көркемдік сапасын қадағалайтын бас редактор Базаркүл өзіне тән шығармашылық ізденіспен «Мен – қазақпын» бағдарламасының дүниеге келуіне мұрындық болды. Жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұлтты сүйуге тәрбиелейтін осы бағдарлама арқылы біздің Базаркүл халқымыздың жоғалтып ала жаздаған жауһарларын қайта тірілтіп, ұлттық рухты көтеруге сүбелі үлес қосты.

Республика Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына орай жақында Б.Үмбетова мен А.Құрметұлы бірлесіп Қазақ радиосының «Мен – қазақпын» бағдарламасы арқылы бес жыл бойы кең байтақ қазақ даласына тараған сан алуан хабарлардың ішіндегі таңдаулыларын топтастырып кітап етіп шығарды. Астанадағы «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Мен – қазақпын» атты кітап оқырмандарға қарай жол тартты. Ұлтқа қызмет ету, ұлттық ой сана тәуелсіздігін қалыптастыруды мұрат тұтқан бағдарламаны

бұрын радио арқылы тыңдап келген қауым енді бағдарламаның үздік туындыларын кітап бетінен оқитын болады.

Нәзік иығына салмақты жүк артып, әу баста таңдаған мамандығына адалдықтан айнымай, ұлттың мүддесін көздеп, халықтың жүрегіндегі сөзін сөйлеуден танбай, аянбай еңбек етіп келе жатқан Базаркүл сіңіліміздің алда да әлі де талай биікті бағындырып, бізді қуанта беретініне сенеміз.

*Сара Смағұл,
«Сарыарқа» газеті, 12 ақпан, 2012 жыл.*

Бұл бағдарлама жайлы көп тоқталған себебім, радиолар тарихында 10 жылдан аса жүргізілген авторлық бағдарлама кемде-кем, тіпті мүлде болған жоқ десем қателеспейтін шығармын. Еліміздің түкпір-түкпірінен ата-аналарының үкілеген үміттері, қара сөздің құдіретін түсіне білетін маңдайалды журналист қыз-жігіттерінің үш буынына бағыт беріп, жемісті еңбек еткен жылдарым бүгінде тарихтың еншісінде қалды.

Сол кездегі «Қазақ» радиосының басшысы болған, «Айтыс» арқылы елімізге танымал, ұлт жанашыры, ҚР еңбек сіңірген қайраткер, ақын, Жүрсін Ерман ағамыз осы бағдарламаны жүргізетін журналистерді көрейінші деп арнайы келіп, олармен сөйлесіп болған соң:

– Базаргүл, бірінен-бірі өтетін мынадай ұл-қыздардан құралған ұжымыңа ризамын, алғашында мәтіндері бір қолдан шыққандай болып тұрғасын сен жазып жүр ме десем, ешқайсы да сөзден қамшы салдырмайтын, аламанға қосылатын сәйгүліктердей екен», – деп ризашылығын білдірген-ді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме, халқымыз. Кей хабарларда ұлтқа қажетті дүниелерді айтқанда асырып жіберген кездеріміз де болған шығар, бірақ Жүрсін аға кейбір орынтағын ғана ойлайтындар қатарынан емес, нағыз азамат қой, басшымын деп орынсыз тақырып таңдауымызға да, қатысатын кісілерге де, жазған мәтінімізге де араласқан жоқ, қайта «жауға да, дауға да» бермей қорғап отырды.

Айтарыңды еркін айтып, жазғаныңды біреу қысқартып, сызғылап отырмағасын да шығар, «Мен – қазақпын!» бағдарламасының ғұмырының да ұзақ, тыңдаушысының көп, халық сеніміне ие болғаны. Оңтүстік, Солтүстік, батыс, шығыс, орталық өңірлердің қыз-жігіттерінің басын елордасында тоғыстырып, бір атаның балаларындай ұлт мүддесі үшін жұмыла еңбек еткен сол жылдарды еске алсам, әлі күнге әріптестерім ғана емес, шәкірттерім деп те иеленуден аулақпын, нағыз өзімнің ұл-қыздарымдай болып кеткен олардың әрқайсының есімдерін ризашылықпен атар едім.

Дүниетанымы кең, тарихты да, салт-дәстүр мен дінді де тереңнен толғап айта алатын Амангелді Құрметұлы, аз сөзге көп мағына сыйдырып, алаштың ардақтыларының еңбегін насихаттауға келгенде алдына жан салмайтын Қанат Тұрар, елдік пен ерліктің шежіресін жарқырата жазатын Жәнібек Амангелдіұлы, атамекеннің әр тасынан сыр іздеп, қасиетті жерлердің тарихын қаузайттын Досымжан Ермұрат, тіл үшін ашық майданға

түсуден тайынбайтын, өр намысты Ұлағат Ханзада, таңдаған тақырыбында қамшы салдырмайтын, өзі кенже ұл деп еркелетсем де, ойы озық тұратын Бахтияр Хамит, асықпай жүріп, тікелей эфирлерде суыртпақтай сыр тарта отырып, шақырған қонағының ойындағысын айтқыза білетін Алмас Байдрахманов, хабар мәтінінің өзін тыңдай бергің келетін әдемі ұйқас пен тіл заңдылықтарын сақтап төгілтіп жазатын Бақытжан Қасым бұл бағдарламаның жұлдызын жағып, өзінен кейінгі буынға үлгі болып қалған қаламы қарымды талантты шоғыр болатын.

Жігіттерден қалыспай, тікелей эфирдің тізгінін ұстап қана қоймай, әріптестерінің әр сөзін қапысыз ұғып айтар ойларын одан әрі жалғаған, дауыстары құлаққа жағымды, өздері ерекше дарынды Жанар Сайлаубекқызы, Жадыра Сейдеш, Жанетта Сәдуақас, Зейнет Мұсабаева, Сымбат Талғатқызы, Ғалия Есқұлова, Айнұр Қауғабаева, Маржан Нұржановалар да алғашқы буынның тыңдаушылардың көңіл төрінен орын алған журналист-жүргізушілер болды. Алғашқы буын журналистердің, кейбір мәселелер бойынша ескерту жасаған кезімде «бізді қалай жазаласаңыз да «Мен – қазақпыннан» алып тастамасаңыз болды», – деген сөздерін әркез есіме алып, іштей олардың жан дүниелерінің сондай тазалығына қуанамын, риза боламын. Бір-бірінің жоқтығын, кешіккендерін білдірмей, алдарынан күтіп алып, студияға кетіп бара жатқанда мен көрмесін деп есігімді жауып кететін «балалық қылықтарын» қалай ұмытармын. Менің таңның атысынан күннің батысына дейін олардың әр сөзін тыңдап, эфир уақыттарын қадағалап отырғанда, эфирде жоқ екендіктерін білдірмеудің өздері ойлап тапқан амалдарына еріксіз езу тартып, татулықтарына таң қалып, тілектес болып отырғанымды олар қайдан білсін?!

Өмір бір орнында тұрмайды, талантты дайын журналистер кімді қызықтырмайды дейсіз, әрі аз ақшаға алдап, құр идеямен де ұстап тұра алмайсың, дегенмен мен олардың алдын 5 жыл, соңғыларын 10 жылдан астам намыстарын қайрап, ұлттың жоғын түгендеп жүрміз деген мақсатпен бағдарламаның жүгін көтерткізіп, бағыт бағдар беріп отырдым.

Одан кейінгі Бердібек Хабай, Жанар Көбекбай, Санат Нұрбаев, Жанар Мақсұтқызы, Мейрам Сапарғали, Нәзира Сұлтанмұратқызы бастаған екінші буын да осал болған жоқ, өз кезегінде алдыңғы аға-апаларының жолын жалғап, лайықты ізбасарлар болып, өз үндері мен қолтаңбаларын қалдырды, жас толқын саналатын Жанболат Шәкім, Сұңқарбек Батан, Ербол Алшынбай, Мақпал Аманбай, Айбек Қосан сияқты жасындай жарқылдаған қыз-жігіттер ізденістері мен таланттары арқылы өзгелерді мойындата білді.

Өзім қос радио қызмет атқарған 2001-2017 жылдар аралығында «Қазақ» радиосының «Астана» редакциясында еңбек еткен журналистердің ішінде жан-жағына шуағын шашып, жарқырап жүретін бүгінде белгілі жазушы, әрі ақын ҚР еңбек сіңген қайраткері атағын алған Сәуле Досжан есімін ерекше атар едім. Кездесе қалғанда «менің төркін жұртым, ұл-қыздарым, аман ба?» деп өзі кейін қызмет атқарған Парламентте алдыңнан жарқырап шығып, жадырай амандасатын. Аз уақыт жұмыс істесе де, қара

шаңырақтың қасиетін ұғып, әр хабарының көпшілік көңілінен шықса деген жауапкершілікті сезіне білген бүгінде Қызылорда облыстық әкімдігінің ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Махановтың нағыз журналистке тән білімділігі мен біліктілігін байқадым. Дайындаған хабарларындағы көтерген тақырыптарын да, сөйлеген қонақтарын да халыққа керегін айтқызып жеткізетін Әсел Егізбаеваның бағдарламалары да талғампаз тығдарманның ойын дөп басып жататын. Жасы бәрінен үлкен болса да, жан-жағына балаша еркелей қарайтын, ұжымдағылардың бәрін бауыры деп санайтын, атажұртқа оралсымен Қазақ радиосының «Астана» редакциясына жұмысқа орналасып, даусы да, әзірлейтін хабары да өзінше ерекшеленіп тұратын Мұқаш Қожахметұлы тізіп айта берсең бір кітап емес, бірнеше жинақ жазып шығуға тура келетін шығар. Осы жолдарды жазып отырғанда аты-жөнін айтпай ұмытып кетсем, мені неге қалдырып кеткен деп әріптестерім ренжіп қалар деп олардың бейнелерін, дайындаған хабарларын көз алдымнан кинолентадай тізбектеп өткізіп отырмын.

«Астана» радиосында өткен 16 жылымның бір күндей зымырап өткенін өзім де сезбей қалғанымға маған 14 жыл басшы емес, бір үйдің апалы-сіңлілі қыздарындай болып кеткен, талай қиындық пен қызықты шақтарды бірге бөліскен, айтқан сөзі мен атқарған ісі бір жерден шығатын, жаныңды сөйлемей-ақ қабағыңнан ұғатын, яғни ресми айтсам, «Астана» радиосының 14 жыл бойғы директоры Гүлмира Қаракөзованың көңіл түкпірімнен ойып алар орны бөлек деп айтар едім. Әдетте екі әйел адамның, әрі біріміз орысша, біріміз қазақша сөйлейтін жандардың бір кабинетте 14 жыл бірге отырып, бір ұжымның жауапкершілік жүгін бірге көтеріп, қабақ шытпай бір-бірін толықтыра білуі көп кездесе бермейтін жағдай. Кейбір басшыларымыздың өзі біздің татулығымызға, сөзіміз бен ісіміздің бір жерден шығатынына қайран қалушы еді. Бұрын екеуміз де теледидарда қызмет атқарған, жұлдыз болмасақ та, өз орнымыз бар журналистер едік. Бізді таныстырып, бірге туған бауырлардай жақындастырған елорданың үні «Астана» радиосы. Кез келген жағдайда батыл шешім қабылдап, өз ұстанымын жеткізе білетін, ұжымындағы журналистерді алалап бөлмейтін, шығармашылығына жағдай жасай білетін Гүлмираны радионың қыз-жігіттері әрқашан ілтипатпен еске алады, қайда жүрсе де хабарласып, мерекелерде құттықтап жатады. Екеуміз жұбымыз жазылмай бірге жүрдік, талай ауысқан басшылық кездерінде еңбегіміз бен ұжымды ұйытып ұстап отырғандықтан кездескен аз-кем кедергілерден де қиналмай өттік десем де болады. Егер «Астана» радиосының үні алысқа жетіп, тыңдаушыларымыздың көңіл төрінен орын алып жатса, бұл талмай ізденіске толы жылдар мен төккен тердің жемісі шығар. Абыройсыз болған жоқпыз. ҚР Президентінің Алғысын екі рет «Астана» радиосының бағдарламалары (2010, 2016ж) «Мен – қазақпын» және «Көкжиек» пен «От и до» иеленді. Жаңалықтар топтамасы екі рет «Алтын жұлдыз» сыйлығын жеңіп алды, аймақтық радиолар аталымында «Үркер» бәйгесінде «Астана» радиосы өзгелерден оқ бойы озық шығып топ жарды. Бізде жұмыс істеген үш қызымыз Жанетта Сәдуақас, Зейнет

Мұсабаева, Гүлзат Ахметова «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша мұхит асып білім алды.

Жиырма сегіз адамнан ғана тұратын ұжымның бір жылы үш қызметкері аталған бағдарламаның иегері атануы көп жайтты аңғартса керек. Еліміздің бүкіл арналары мен ақпарат салаларында, мемлекеттік қызметтерде де біздің ұл-қыздарымыз жемісті еңбек етіп жүр. Елордасында өткізілген маңызды шаралардың арасында талай рет «Астана» радиосы ұйымдастырған концерттер мен байқаулар, қайырымдылық шаралары көпшіліктің есінде шығар деп ойлаймын. Келгеніне бір ай болмай жатып, күн сайынғы өзі жасауға тиісті ағымдық жұмыстарын әлеуметтік желіде бадырайтып жариялайтын басшылардың қатарынан емеспіз. Кезінде «Қазақстан РТРК» АҚ Басқарма төрағасы болған Нұржан Жалауқызы: «қыздар жұмысты істесе сендердей-ақ істесін, тек соны жарнамаламай отырсындар», – деген сөзінің жаны бар. Жанашырлықпен айтылған сол сөздің байыбына енді жетіп, түсінген сияқтымын.

Менің қызметімдегі негізгі принципім: өзіңе тиесілі жұмысыңды сапалы атқару, сөзің мен ісіңнің сәйкестігі, таланттың жолын кеспей, бағыт сілтеу, шығармашылыққа жағдай жасау, басшылардың алдын жағалап, әңгіме айтып, уақытыңды босқа өлтірмеу болды. Өтірік айту мен сыртынан ғайбаттау, жағымпаздық қасиеттерін ата-анам менің бойыма дарытпай өсіргендіктен шығар, тәрбие берген журналистерімнің де адал бәсеке бар жерде озып, жағымпаздық жарысына қосыла алмай қалып жүргендері.

Өзім аса құрметтейтін, басшы болса да, аса қарапайым қалпынан танбайтын, қазақ журналистикасындағы орны бөлек тұлға санайтын Қайнар Олжай ағамыздың «60 абзацындағы» басшыларды қонаққа шақырмау, үйлерін жағаламау жайлы жазғандарын оқып отырып, ол кісіге шығармашылық жағынан ілесе алмасам да, осы адамдық қасиеттері жағынан ұқсастығымыз бар-ау деп ойладым.

Отыз бес жылғы журналистік қызметімде маған аса көмектескен жастайымнан тарихи кітаптар оқуға құмарлығым мен алаш ардақтыларының өмірін зерттеп, олардың ұрпақтарынан, көрнекті тұлғаларымыздан алған сұхбаттарындағы олардың тағдыр жолдарынан ғибрат алар естеліктері еді.

Тарихи кітаптардағы сатқындық пен екі жүзділік көрсетіп, талай жақсының өмірін тозаққа айналдыруға тырысқан немесе елдің арасына жік салып, араздастырған, тыңшы болып «Отырардың қақпасын» ашқан сан жағымсыз кейіпкерлер оқиға сен өмір сүріп отырған қанша ғасырлар бұрын өтсе де «шекпенін» ауыстырып алдыңнан кездеседі. Сондықтан, ондай жандар қызмет бабында алдыңнан шықса, әр сөзінді абайлап айтуға, оның істеген іс-әрекетіндегі жасандылық пен көзінді ала беріп ұйымдастыратын жағымсыз оқиғаларына батыл тойтарыс беру, тіпті болмаған жағдайда намысына тиетін жәйттерден бойыңды аулақ ұстау керек екендігін ішкі түйсігіммен бірден сезе қоятын едім. Себебі ақ паракқа түскен дақ бірден байқалады, ал өзі қара дүниені ешкім ағарта алмайтыны сияқты, ондай жандармен бірге аппақ көңіліңді лайлағаннан гөрі, абыройыңды ойлағаның

дұрыс, ал ойы қарау адам қалай болғанда да ойындағысын жүзеге асыруға тырысады және оны өзіне сөз келтірмеу үшін, өзі емес өзгенің қолымен жасағанды ұнатады.

Осы жылдар ішінде алғаш еңбек жолын бастаған Жезқазған облыстық телерадиокөпманиясындағы басшыларым Сәбит Байдалы шығармашылық адамдарына тосқауыл қоймайтын, таланттыны тани білетін азамат болса, тікелей басшым, мен қызмет еткен жылдарда бас редактор қызметін атқарған Марат Сандықбаев жылы жымысып отырып, тақырыбыңды толық зерттеп-зерделегенше, хабардың ерекше берілу формасын ойлап тапқаныңша ізденуіне мүмкіндік беретін. Егер менің тарихи-танымдық бағдарламаларды дайындаудағы «ізденістерге жетелеген жандар кім?» десе, алдымен Марат Имаанғалиұлының есімін ерекше атар едім. Жезқазған радиосындағы жылдарда береке-бірлігі жарасқан ұжымның басшысы Шамхан Рахметовтың тәрбиесі журналистикадағы үлкен шыңдалу мектебінен өткендей әсер қалдырды. Әлі күнге менің жетістіктеріме қуанып, елден елеңдеп хабарласып әкемдей болып (мен ол кісінің тұңғыш қызымен жасты болғасын кейде папа деп еркелейтінмін) тілегімді тілеп отырады. Осы жерде қызық ретінде есіме түскені, ол кісінің кабинетінің кілт салмай жабылатын ағылшын құлпы болатын, шығармашылық адамы студияда өтіп жатқан хабарды немесе журналистер отыратын редакцияға барамын деп шыққанда кілті ішінде қалып, есігі жабылып қалғанда көмекке мен барып кішкентай желдеткіш терезеден түсіп ашып беретінмін. Жұрт көз салатын бойжеткен екенімді елемей, сырттан қарап өтіп жатқан жұртқа мән бермей, сирағы серейіп форточкадан кіріп-шығатын өзімді қазір елестетіп сол шақты сағына еске алып отырмын. Кейде басшымыз «осы менің қойған қағаздарым орнында тұрмай, жау әкеткендей жоғалып кетеді» – дейтін кездерінде жиналыста әріптестерімнің көзінше: «Терезеден кіріп мен алып кетті деп ойлап отырсыз ба, енді есігіңізді ашып бермеймін», – деп өкпелеп қалушы едім. Бәрі ду етіп күлетін, менің бала қылығымды қызықтайтын шығар, ал ол кісі қағаз табылар, сен ренжімеші қызым, – дегенше қабағымды түйіп, бұртиып отыратынмын. Қайран сол, алаңсыз күндер десеңізші!

Ақмолаға алғаш келгендегі басшым Алдан Смайыл мәдениетті, сенің тақырыпты қалай аша алуыңа байланысты қадағалай отырып, тапсырмасын беретін. Өзімше керемет жазған мәтінімді жазушы болғасын шығар публицистикалық жанрға бейімдеп, көркемдеп тігісін жатқызып түзететін.

Мен кейде Қажымұқанның ата-анасының бейітінің басында жайқалып тұрған жасыл желек те, сіз түзеткен мәтіндегі сөздеріңіздей алып терек те жоқ, көріп келгесін осылай жаздым ғой, жәй тал ғана өсіп тұр дейтінмін.

Сол кездің өзінде талай жерді шарлап, тарихи тұлғалар мәңгілікке дамыл тапқан мекендерін көріп, кесенелерін аралап түсірген менің бұлтартпас дәлелдермен қызына сөйлегенімде Алдан аға бірауыз сөз айтатын.

– Сен сияқты тірі классикпен жұмыс істеп, басшы болудың қиыны-ай, – десімен түзетілген мәтінімді алып, студияға монтажға кететінмін. Ол кісі

басқарған Қазақ теледидарының «Астана» студиясы жаңа елорданың қалыптасуында қиыншылығы мен қызығы астасып жатқан кезеңде аса маңызды оқиғалар мен қажетті ақпараттарды республика жұртшылығына дер кезінде жеткізіп отырды. Астананың бауырындай болып аяғыңа жабысатын батпағында да, жаңбыр жауса көл болып кешіп өтетін жауынында да, ызғырығы сүйегіңнен өтетін, бораны желімен қосылып ұшырып әкететін қатал қысына да қарамай өтіп жатқан шараларға кешікпей жетіп, сюжет дайындайтынбыз.

Жұмысың ұнағасын ондай табиғаттың тосын мінезіне де шыдауға болады екен. Еліміздің түкпір-түкпірінен ағылған көштің басында ақпарат саласының қызметкерлері, журналистер болды десем қателеспейтін шығармын. Күніне бірнеше тақырыптарда өтетін шараларға баратын журналистер саусақпен санарлық, әрі біреуін көрмей қалсақ, ауырып қалды ма деп алаңдайтынбыз.

Республикаға есімі танымал, бүгінде өмірден өтсе де көрермендер есінен кетпейтін Дүкеш Бәйімбетов, Алматыдан алашқылардың қатарында қоныс аударған Ләззат Қапышева, Арқалықтан келген талантты журналист Анар Төлеухан, Көкшетаудан Бәтима Шакенова, Қостанайдан Ескендір Ертай, Ақмоладан Смағұл Рахымбек (өткен жылы өмірден өтті) және Жезқазғаннан елден бұрын жеткен мен бәріміз санымыз аз болсақ та сағаттап бағдарламалар дайындап, жаңалықтарға материал жасап, тыным таппай жүгірген жылдар да өткен күндер естелігінің ішінде көмкеріліп, жылжыған жылдармен бірге тарих беттерінде қалды. Ал елордасында алдымен Қазақ теледидарының «Астана» студиясында комментатор, одан Қазақ радиосының «Астана» редакциясында жауапты редактор, «Астана» радиосының бас редакторы болып қызмет атқарған 21 жылдан ерекше есімде қалған, көңіліме ой салған кезеңдер мен оқиғаларды ғана баяндап шықтым.

ІІІ БӨЛІМ

МАМАНДЫҚҚА АДАЛДЫҚ: ЖЫЛДАР БЕЛЕСІНЕН КӨЗ САЛҒАНДА...

Мен үшін журналистика – мәртебелі мамандық. Ол үшін өз қамыңды күйттемей, өзгенің мұңын жоқтап, жамандықты емес, жақсылықты алға шығара білу қажет. Соңғы кездері арнайы білім алмай-ақ, жазып берген мәтінді оқи алатындардың бәрі экран төрінде отырып, журналистер қолбалаға айналып бара жатқандықтан біздің мамандық иелері жайлы жаңсақ пікірлердің көбейіп кеткені рас. Қазіргі өздерін жұлдыз санайтындардың бәріне де танымал болуға сол журналистердің септігі тиген. Саналы оқырман, патша көңілді тыңдарман мен көзі қарақты көрермен жаман мен жақсының, асыл мен арзанның парқын білері даусыз. Тек рейтинг қуалау мен көңіл көтеруді желеу еткен арзанқол хабарларды ұлтымыздың рухани сұранысына жауап беріп, жас ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп шығарады дегенге кім сенеді? Еліктеу мен өзгенің қаңсығын сол қалпында көшіре салып, біздің жаңа маусымыз ашылғанда таң қаласыздар деп жарнама беріп жалаулатып, бір-екі көрген көрермен қайтып теледидар экранынан ол ботқа шоуды көрмесе де, жастар талғамына лайық деп ұсынып отырғандар мемлекеттің қаржысы мен халықтың талқысына қалай жауап бермек?

Бұрынғылардың бүгінгілерге көңіл толмаушылығы болған, ол бола да беретін шығар, бірақ мән-мағынасыз дүниелердің қадірі артып, қадірлісін қастерлей алмайтын ұлттың болашағы жарқын боларына кім кепілдік бере алар?

Өзімнің журналистика саласында жүрген 35 жыл бедерінде өткен мен бүгінді салыстырып қарасам, көкейімдегі сансыз сауалдарға көпшілікпен бірге менің де жауап іздейтінім рас. Бізге темірқазықтай жол сілтеген, әлі күнге есімдері ел есінде сақталған, жазған мақалалары мен жүргізген хабарлары халықтың көңілінен ойып орын алған қаламы қарымды журналистер аз емес. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұрын айта алмаған, мүмкіндіктері болмаған ұлттық мүддеге қатысты сан тақырыптарды жарқырата жайып салып, ұлттың «Менін» қалыптастыруға ат салысқан да, Шерағамызша айтсақ, «арқалағаны алтын, жегені жантақ» сол журналистер емес пе еді?

Тәуелсіздік алған кезден бастап халықтың рухын көтеру мен ұлттық құндылықтарды насихаттау үшін күні бүгінге дейін 27 жыл ішінде Елбасы бізге осы бағытта мемлекеттік деңгейдегі үш үлкен бағдарламаны қабылдап жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Естеріңізде болар, әрбір жылды «тарих жылы», «ұрпақтар сабақтастығы», «мәдениет жылы» деп қаншама мемлекеттік деңгейдегі шаралар атқарылды, бұрын атаусыз келген батыр бабаларымыз бен тарихи тұлғаларымыздың мерейтойларын атап өттік, тіпті ЮНЕСКО көлемінде ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойын өткізудің өзі тәуелсіздігін енді алған ел үшін әлемдік деңгейдегі айтулы оқиға болатын.

Ал одан әрі тарқатып айтсам, «мәдени мұра» бағдарламасы аясында шетелдегі архивтерге дейін барып, бұған дейін беймәлім болып келген қаншама тарихи құжаттарды ақтарып, қарап танысу, «Құлтегіндей» бабамыздың ескерткішінің көшірмесін ЕҰУ-нің ғимаратының ішіне әкеліп орнатудың өзі елдігіміздің бір белгісі емес пе еді? Қазіргі рухани жаңғырудың өзі алдыңғы екі дүниені одан әрі желісін үзбей жалғау мен ұлтты рухани құндылықтармен табыстырудың көрінісі деп ойлаймын.

Менің журналист болып еңбек жолымды бастаған жылдар өз туған жерімде осы жоғарыда айтылған мүмкіндіктерді жүзеге асырудың алғашқы бастамасы болды деп айта аламын. Қойнауы кенге толған құт мекен бұрынғы Жезқазған облысының құрамына 7 аудан және 4 қала кіретін. Өздеріңізге белгілі Алаш ардақтылары Әлихан Бөкейханов та, Әлімхан Ермеков пен Жақып Ақбаевта Ақтоғай ауданында дүниеге келген.

Шет ауданы Шортанбай жырау, Ағадыр Ағыбай батырын, Жаңаарқа Сәкендей дауылпаз ақынын жас ұрпақ жадында қалдыру үшін республика деңгейінде айтулы шаралар өткізсе, солардың нақ ортасында облыстық теледидардың журналистерінің қатарында жүріп қаншама хабарлар дайындадым. Осындай рухты көтеретін дүниелердің арқасында өз басым олардың ұрпақтарын қатыстырып, туған жерінен-қызмет атқарған жолдарының бәрінен жүріп өтіп, архив ақтарып алғаш рет облыстық теледидарда «Тәбәрік» атты авторлық бағдарламамды ашып 30-дан аса тарихи-танымдық дүниелерді көрерменге ұсындым. Ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналған 5 жылдан аса көрермен көңілінен шыққан «Жұмадан жұмаға дейін» бағдарламасы жайлы жезқазғандықтар әлі күнге жылы лебіздерін білдіріп, естеліктерін де айтып жүр. Әсіресе, 1992 жылғы дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайына келген қандас бауырларымыздың Ұлытау топырағына табандары тиген кездегі толғаныстарын жеткізген хабарларымды, сол кездегі алған әсерлерімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ұлытаудай қасиетті мекеннің қадірін ұқсын деп сол кездегі облыстық қазақ тілі қоғамының төрағасы болған елге танымал азамат Кенжеболат Жолдыбаев ағамыз бастап, облыстық әуежайдың басшысы тікұшақ беріп қолдау көрсетіп үш сағат бойы әуеден түсірген бейнекөріністермен көмкерілген хабар да жерлестерімнің есінде шығар деп ойлаймын. Жезқазғандағы 13 жылғы журналистік жылдар мен облыстан бастап, республикамыздың бірнеше қасиетті жерлерін аралап хабар дайындаған жемісті жылдарымнан соң, жаңа елордасына ауысқасын да туған жерімнен қол үзген емеспін. Жезқазғандық елімізге белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бәйменов құрған «Ұлытау» қоғамдық қозғалысының ұйымдастырған 1999 жылғы халықаралық «Алтай-Дунай» этнологиялық экспедициясына қатысып, үш ай бойы үш елдің шекарасын басып өтіп үш мың шақырым жолды біресе түйемен, біресе жаяу жүріп дайындаған 13 сериялы жолсапар баяным да туған жеріме, өскен еліме қызмет етуде теңізге тамған тамшыдай үлесім деп санаймын.

Қазақ теледидарының «Астана» студиясында дайындаған еліміздің қасиетті жерлері: Шыңғыстау, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау, Маңғыстау жайлы «Атамекен» атты тарихи-танымдық хабарларым бейнеқорда сақталмаса да, көріп тамашалаған жандардың ризашылығын жеткізгендерінің өзі неге тұрады? Әсіресе, аты аңызға бергісіз Мәшһүр Жүсіп бабамыздың ұрпақтарымен Қуандық ағаның отбасында үш күн бойы емін-еркін өз балаларындай жүріп сұхбаттасқан, әулие жайлы бүкіл Павлодар мен Баянауыл жұртын аралап түсірген екі бөлімді хабарым «Аңыздан туған ақиқатты» бірнеше рет облыстық теледидарлар да қайталанып көрсетілгенін таныстарым мен курстастарым қуана айтып жүрді.

Туған жерімнің қадір-қасиетін, менің бала шағымнан – болашағыма бастау болған, өзімнің қалаған мамандығымды таңдауыма ықпал еткен оқиғаларды баян еткен бұдан 5 жыл бұрын жарық көрген алғашқы кітабымнан сол кезеңдерден сыр шертетін бөлімін ықшамдап ұсынып отырмын.

ПЕРЗЕНТ ПАРЫЗЫ

Мен анамның үшінші мүшелі отыз жеті жасында көрген перзентімін. Алдымда ағайым – Зият, тәтем – Зиягүл бар. Ағайымнан он сегіз жас, тәтемнен алты жас кіші болғасын ба, оларға еркелеп өстім. Менің соңымнан ерген бір қара боп, інім Бекзат дүниеге келді.

Анамыз бір отбасының жалғызы еді. Бірақ Жаратқан ием нағашы атамыздың «біреу болса да, бірегей бала болса» деген тілегін естіген шығар, анамыздың қолынан келмейтін іс бар деп ойлап көрмеппін. Той-томалақтың көркі, қолына домбырасын ала салып өзіне тән қоңыр даусымен:

Айт жануар, көк дөнен,
Көңілім жүйрік өзгеден,
Тірі пенде не көрмес,
Дүниеде өлмеген», –

деп көпшілік ортада тойбастап, әуелетіп ән салатын. Орайы келгенде әкемнің үнемі баптап ұстайтын бәйге атына да міне салып, анам көзді ашып-жұмғанша асқан жылдамдықпен жерден теңге алатын. «Қыз-Жібек», «Қобыланды батыр», «Алпамыс» жырларын жатқа айтатын. Бір сөзбен айтқанда он саусағынан өнері тамған аса жайдары, талғампаз жан болатын.

Киім тігу, тоқыманың түр-түрі, текемет басу, ою ою, кесте тігу деген әйел затына тән істердің бәрін де жіті меңгерген, шеберлік те, іскерлік те, әншілік те менің асыл анамның бойынан табылатын.

Содан болар, аса дәулеттілердің қатарында болмасақ та, барды ұқсата білетін анамыздың арқасында тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк болып төртеуіміз де қатарымыздан кем болмай өстік. Мұны дәйексіз айтып отырғаным жоқ. Қалай дегенде де әлдебір дерекке сүйенбесек, басы артық сөз қоспауға дағдыланған кәнігі журналистпін ғой.

1967 жылы С.Есмағанбетов деген тілшінің Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан газетіне жазған «Бидаш бірегей жылқышы» деген

мақаласы мен үшін аса құнды құжаттар қатарында. Онда әкем мен анамның келбеті мен мінезі қабат көрінеді. Бір-біріне жарасты әзілқалжыңы, сол күнгі тартымды әңгіме-дүкен, төгілген әсем әуен, домбыра сазы құлағыма келгендей болады дап тұрады.

«Жолымыз түсіп «Кеңгір» қосалқы шаруашылығының «Ақмая» дейтін өңірін мекендеп отырған Байторы қыстағына бара қалдық. Мал қораны тазалап, оттыққа шөп, науаға жем салып жүрген кісіге тап бола кеттік. Әлгі адамның аты – Сейітжан, фамилиясы – Үмбетов екен. Жылқышы ғой деп жөнін сұрай бастап едік:

– Өзімен ауызба-ауыз сөйлесем десеңіз, нағыз жылқышы сонау жылқы қайырып жүрген кісі, мен осы шаруашылықтың бригадирімін, – деді.

– Ол кісінің есімі кім, қашаннан жылқы бағушы еді? – дедік.

– Аты-жөнін өзімен дидарласқанда толық түсінерсіз. Біз «Бикеш» деп атап кеттік, – деп жымыып қойды жаңағы Сейітжан.

Сөйткенше болған жоқ, бір топ жылқыны тебіннен шұбата айдап қораға беттетті де, өзі атынан түсіп, бізге келіп сәлемдесті.

– Бидаш Үмбетова, – деп, өзін қала тәртібімен таныстырды.

Қолының қарына құрық іліп, ақ қар, көк мұзда жылқы баққан әйел жолдастың түр-тұрпаты мен еңбегі бізді іштей сүйсіндіріп тұр. Адам сөйлескенше деген емес пе. Өзі де ұтымды сөйлейтін жан екен. Еңбекке де ертеден араласып кеткендігін баян еткен. 15-16 жас шамасында Жезқазғанның бу-электр жүйесінде бірнеше жыл бойы жұмыс істеп, әлденеше рет алғысқа бөленгені еңбек книжкасында жазулы тұр.

– «Кеңгір» қосалқы шаруашылығының Теректі бөлімшесіне келіп орын тепкеніме де, мына жылқының соңына еріп, жылқышы атанғаным да он жыл болды. Содан бері баққан малым аман. Бойдақтарын етке өткізгенде әрбірінің тірідей салмағы, совхоз белгілеген негізгі межеден әлдеқайда артылып отырды. Өйткен жылдың өзінде 40 биеден 40 құлын алып өсірдім. Есімімді атай алмай отырған мына Сейітжан менің жан жолдасым болады, – деп жайдары күліп жіберді.

Бидаш шын еңбеккер екен. Отарындағы жүзден астам жылқының бәрі семіз. Бір мезгіл, күндіз далаға жайып, түнге қарай жылы қора, құнарлы жемшөпке бөктіріп қояды екен.

Бидаш еңбек сүйгіштігімен қоса он саусағы домбыраның бетінде ойнайтын өнерлі де. Оның өнері бізді онан сайын сүйсіндірді. «Терісқақпай», «Сарыжайлау», «Сылқылдақ» күйлерін нақышына келтіре тартқанда, тыңдаушының құлақ құрышын қандырады.

Біз Бидаштың еңбегіне де, өнеріне де дән риза болып аттандық. Оның

– Ұлы Октябрьдің 50 жылдық мерекесі қарсаңында: мал басын толық сақтап, бие сайын құлын ертуге серт беріп отырмын, деген уәдесінен шығатынына да кәміл сендік».

*С.Есмағанбетов,
«Орталық Қазақстан» газеті,
№ 47, 24 ақпан, 1967 жыл.*

Қанды қырғын, сұм соғысқа бес жыл қатысып, қан майданның ортасынан аман-сау оралғанмен, майдан даласында алған жарақаттары сыр беріп жүрсе де, еңбекқорлығымен елге үлгі болған асқар таудай әкеміз жайлы аз-кем кейінірек сыр шертпекпін.

Омар ақын «Ұлытау ауданы «Қызыл дихан» ұйымшарының әскерге кеткен азаматтарына жазған арнауы» деген толғауында:

Халайық ұқса, егер сөздерімді,
Қайғыға Отан үшін төзгенімді.
Зорлықпен жұбатуға хам көңілді,
Жырлауға талаптандым өздерімді, –

дей келіп, бір қатар азаматтар жайлы жылы лебізін білдереді. Солардың ортасында:

Құсайын, Жаман, Тоқсан, Әбіл, Қабыл,
Сендер кетіп қатын-бала көрді зәбір.
Өткен күн көрген түстей болар ұмыт,
Халықтың ақ тілегі болса қабыл.

Сейітжан, Қиян менен Арыстанбек,
Халыққа айтушы еді ақыл-мұрат,
Қанды ауыздың дауасы болат қақпан,
Азғынды антын бұзған киесі ұрад.

Рахым, екі Бөлен, Әлжан, Слам,
Зілзала басқа салды Герман лаң.
Әр кезде сыйыныңдар жалғыз Хаққа,
Сендерге қуат берсін дін Ислам!

Көптің тілеуі қабыл болып, Алланың рахымы түскен бір қатар азамат елге аман оралғанымен, жүректі сыздатып, қасірет жұтқызған сұм соғыс талайдың шаңырағын ортаға түсіріп кетті. Жырда есім аталған әкеміз Сейітжан елге аман оралды.

Әуелі анам жайлы сыр шерткенім жөн-ау! Анам өзі тұрмыс құрғасын, төрт қабырғаға қарап қалған ата-анасының жалғыздікті күйіне аландаған болар, бәлкім жалындаған жастықтың әсері ме, кім білсін, әйтеуір тұлабойғы тұңғышы, ағайым, тоғыз айға толған торсықшеке ұл – Зиятты емшектен шығарып, ата-анасына басыбайлы апарып беріпті. Соданда болар, аты-жөні бөлек, нағашыларының бауырында өскен ағамыз бізді «бөлектеп» көрмесе де, сәл салқынқандылау-тын да, қалған үшеуіміз бір-бірімізге тым жақындау, тонның ішкі бауындаймыз. Әрі біздің арамыздың алты жас екендігі, ағамыз бен ініміздің арасы жиырма төрт жас екенін айтсақ, ол түсінікті де шығар. Тұңғыш баласын төркініне берген анамызға әкеміз түсіністікпен қарағанмен, біздің әулет, Жабай руының кезінде ел жұртына қадірі асқан қариясы – Үмбет ағамыз келінінің бұл ісін құптай қоймаған сыңайлы. Батырлығы,

емшілік қасиеті бар атамыздың келісімін алған батасымен емес, келінінің өз білгенімен іс-әрекет еткеніне көңілі толмағандықтан ба, одан кейін анамыз қанша перзент көтерсе де бірінен кейін бірі жастайынан шетінеп кете беріпті. Содан он екі жылдан кейін мойындарына бұршақ іліп жүріп тілеп алған балалары – Зиягүл. Өзім ес білгелі үйге келген кісілер Зиягүлді ата-анам қалай бәйек болып өсіргендерін жыр қып айтатын. Одан кейін анам тағы бір құрсақ көтергенмен, ол да ұзақ тұрмапты. Араға алты жыл салып, өмірге келген мені нағашы атам – үйдің думанын арттырар бала болсын деп есімімді Базаргүл қойыпты. Зият ағамнан кейін балалары шетіней бергесін ата-анамыз Үмбет атамыздың алдына барып, батасын алған екен. Сонда атамыз:

– Енді үш сәби сүйерсіңдер, менің атымды шығаратын бір қара қыздарың болады, кейін маған әкеліп көрсетіндер, – депті. Ол кісінің айтқаны келіп Зиягүл, оған ілесіп мен, менен кейін Бекзат өмірге келіпті. Атам айтқан шамада дүние есігін ашқан қара қыз мен болсам керек. Бірақ ол кезде менің атамның атын қалай шығаратынын ешкім білмесе де, аманатқа адалдық сақтаған ата-анамыз менің төрт-бес жасымда сонау Алғабасқа көк барқыт көйлегімді кигізіп, атама маңдайымнан сүйгізіп қайтқаны еміс-еміс есімде. Жер шалғайлығынан болар, одан кейін Үмбет атамды көрген жоқпын, бірақ атамның тегін иеленген атына кір келтірмей, журналист мамандығында тасқа басылған, аузыммен айтылған әр сөзіме асқан жауапкершілікпен қарап келе жатырмын деп айта аламын.

Біз Жезқазған қаласынан жетпіс шақырым жерде орналасқан Теректі аулында туып-өстік, ержеттік. Бұл жер негізінен Орта жүз руы – Найманнан тараған – Шағырлардың атамекені болса керек. Нағашы атамыз – Әли осында қоныстанғасын, ата-анасынан, ұшқан ұясынан алыстай алмаған анамыз да қарлығаш құсының кейпінде осы елді-мекенде тұрақтап қалғанға ұқсайды.

Ағам мен Зиягүлді анамыз үйде босанса, мені Жезқазғандағы перзентханада дүниеге әкелген көрінеді. Нағашы атамыз мені басымнан құс ұшырмай, еркелетті. Мінезі бірбеткей, сөзі өтімді, ауыл қарттарының ішінде бойы да тіп-тік еңселі келген атамызға сол шақта бетіне ешкім қарсы келе қоймайтын. Жер көрген, ел көрген, көзі ашық, көкірегі ояу атамыз Алматы, Шымкент қалаларына өзі барып, келе беретін. Жезқазғанда мен дүниеге келгенде өзін сыйлайтын, сол кезде лауазымды қызмет атқаратын Қайып ағаның ақ «Волгасымен» мені перзентханадан шығарып алып, ауылға келгенде бәрі таңырқай қарапты. Нағашы атам Әлидің маған айтқан әр ертегісінің мәтінінде: «ағам Зияттан алдын-ала болжап қойған немерелері Андабай, Қияқбайлардың бәрінің алдында топ бастап ақ боз атқа мініп Базартайым келе жатады. Оған басқалар қалай жетсін?!» – деген ақжолтай тілекпен аяқталушы еді. Мен де осал болмадым, алты жыл емшек еміп, бесікке жаттым. Атам үйреткен жыр-хиссаларды жатқа айттым, көбейту кестесін мектепке барғанша жаттап алдым. Сөйлегенде тілі тастай дейтін көршілер. Әсіресе, өзіммен тете апайым Зиягүлге біраз еркелігім өтсе керек. Ол сабақ оқып отырғанда, жер үстелдің астынан жорғалап келіп, сиясын

төгу, дәптерін жырту сияқты балаға тән қылықтарды еркін көрсетіп, мазасын әбден алсам, оны кейін інім Бекзат еселеп өзіме қайтарды.

Анамыз атжақты ажарлы, аққұбаның әдемісі еді. Қап-қара шашы аса ұзын болмаса да, толқынданып бұйраланып тұратын. Ағам мен інімнің

шаштары бұйра. Ал Зиягүл екеуміз әкемізге ұқсаған қайратты қара шашты місе тұттық. Зиягүлдің ажарлылығы, бітім-болмысы анамызға ұқсайтынын ағайын-туыс бірден айтса, менің қаймыжықтанған жұп-жұқа ернімнен бастап, домаланған бетім, түр-тұлғам әкеме келіңкірейтіндігін көрші-көлем жастайымнан-ақ «Сейітжанның қара қызы» деген атаумен құлағыма сіңіріп тастаған. Кейде ауылдың күнге күйген қарадомалақтарымен өзімді салыстырып, мыналардан мен ақтау шығармын деп пендешілікпен айнаға қарап қоятынмын. Оны байқаған әкем: «менің осы балам Гаухар апасына ұқсап айнаға көп қарайды» – дегені бар. Әкемнің сұлу әпкесіндей болу қайда, бірақ іштей аса ажарсыз емеспін ғой деп ойлайтынмын.

Анамның айтуынша, мен өмірге келген кезден бастап, әкем қысы-жазы мал соңында жүре бермей, балалардың болашағын ойлайық деген анамның ақылын тыңдап, Теректі станциясынан тұрғылықты үй сатып алып өзі салттап жұмыс істеуге ұйғарыпты. Оның басты себебі – Зиягүлдің бірінші сыныпқа оқуға баруы. Совхоздың малын ғана ойлай бермей, жаратқаннан жалбарынып сұрап алған Зиягүлді біреудің қолына беріп немесе интернатқа оқытып жаутаңдатпаймын деген анамның үзілді-кесілді шешімі әкемізге қатты әсер еткен сыңайлы. Солай бізге Теректі құтты қоныс болды. Әрі Жезқазғанға жақын, теміржол да, асфальт жол да тура үйдің іргесінен өтеді.

Нағашы атамның арқасында ауылда менің бетіме келетін жан жоқтың қасы. «Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» – дейтін мақалды менің нағашы жұртымда ешкім бізге айта алған жоқ. Тарихтан белгілі атақты Бұзау болыстың екі ұлы, ағайынды Қаппар, Саттар бізбен көрші тұрды.

Кезінде аса дәулетті кісілердің балалары болғанмен, дәл сол шақта мен ол кісілердің елден ерекшеленіп өмір кешкенін байқамаппын. Қаппар атада он шақты қой, Саттар атада он ешкі бар еді. Оған қарағанда еңбекқор менің әкемде сонау Украинадан әкелінген сүтті сиырлардан будандастырылған екі қара сиыр, бір үйір жылқы, жиырмаға тарта қой, тіпті қорада қоян асырайтынбыз. Осылайша менің бейнетқор әкем бізден де әрқашан ықтиятты, барды бағалауға, еңбек қана адамды алға жетелейтінін өзінің бар-болмысы, істеген ісімен көрсетіп, үйретіп кетті.

Олай дейтінім, жастайынан қара жұмысқа жегіліп, одан жастық шағы сұрапыл соғыстың өртімен тұспа-тұс келген әкеміздің барлық ғұмыры бейнетпен өтіп, нағыз еңбектің зейнетін көремін деген шақта, алпыс жасқа толысымен өмірден өтті. Жаздың аптап ыстығы мен қыстың ақырған аязды күндерінде совхоздың жылқысының соңында, түрі желмен қарайып тотыққан, боранмен ыққан жылқының үйірін шашау шығармай, ит-құсқа жем қылмаймын деп қатты аязда бетін үсітіп алған әкем біз үшін нағыз қарапайым еңбек адамының қаһармандық бейнесі еді.

Бірде үйге кешкі мектепке:

– Он жылдық орта білім алуды қажетсінетін адамдар бар ма? – деп бейтаныс апайлар келгені есімде. Сонда ғана анам әкеміздің бастауыш класстық білімі бар екенін айтып:

– Бірақ ол жұмыстан босамайды оқуға, – деп айтып жатты. Соғыста жаяу әскер қатарында жаудың алғы шебінде командирдің орынбасары болған, кеудесі медальға толы әкемнің орта білімі жоқ дегенге намыстансам керек:

– Менің әкемді тіркеңізші, орнына мен-ақ барып оқимын, – деп үйге келген апайларды таң қалдырғаным бар. Ақыры ол кісілер әкемді сыртынан кешкі мектепке оқуға тіркеп, екі рет барып шығарма, диктант жазып нағыз «Сейітжанның қара қызы» деген ауыл арасындағы құрметті атағымды перзенті ретінде ақтағанмын.

Біз төртеуіміз де ата-анамыздың еңбекқорлығын бағалап, қолғанат бола білген сияқтымыз. Ағам Зият жасы келіп қалған нағашы атам мен әжемнің айтқанын екі еткізбей, сол шаңырақтың ұлы да, қызы да өзі болып, бар шаруаны жастайынан атқарғанын анамыз ризашылықпен айтып отыратын.

– Он екі жылдан кейін Зиягүлді босанғанымда қасымда болып, кіп-кішкентайлығына қарамастан самаурын тұтатып, шәй қайнататын еді, өте тындырымды-тұғын, маған әке-шешемнің баласы ретінде тым жақындамай, үлкен апасы сияқты әзілдесетін, – дейтін анамыз ағам туралы әңгіме қозғалғанда.

Мен кішкентай кезімнен бастап, ағамды тілім келмей:

– Тәт көке, – деп атаптын, ол әскер қатарына кеткенде бір жаста болсам, ағам әскери міндетін атқарып оралғанда үш жастан асқан, сөйлесе тауып айтатын пысықай бала болыппын. Көкем мені қызықтап, әлі емшек еміп, бесікке жататынымды мазақтайтын көрінеді. Сонда мен:

– Сен қашан келіншек әкелесің, сол күні бесікті де, емшекті де қоямын, – деп уәде беріппін. Бірақ, қызыл көйлекті аққұба Орынкүл тәтемді келін қылып түсіргесін де, бес жыл емген балдай тәтті ана сүтін басқа тамаққа ауыстыра алмадым ба екен, әйтеуір түнде тығылып анамды еміп жүріппін. Содан ол уәдемді ағамның алғашқы перзенті, менің әке-шешемнің алғашқы немересі, атамның тұңғыш шөбересі – Шолпан туған күні орындаған екенмін. Осылайша алты жасқа аяқ басқанда ғана емшектен шығарыпты, сол аялап өсірген анамның ақ сүтін ақтай алдым ба білмеймін?! Алладан әр намазымды оқыған сайын мені тәрбиелеп өсірген ата-анамды өз мәрхабатыңа бөлегейсің деп тілек тілеймін.

Мені емшектен шығарысымен анам інімді көтеріпті. Сөйтіп, атам айтқандай менің соңымнан бір қара, өзі сондай сүйкімді бірақ, мені балалықтан арылтып, есейтуге бір қадам жақындатқан – Бекзат өмірге келді.

Бұрын еркін ойнап, көрші балалардың басшысы болып қалған маған «Бека» енді аяғыма мықтап тұсау салды. Түн ұйқыңды барқыраған үнімен бұзғанымен қоймай, аяғынан жүргесін менің арқамнан түспейтін болып алды. Ауылда ол кезде теледидар деген сирек, қолы жеткендердің үйінде ғана бар, солардың қатарында бізде де «Рассвет» аталынған көк жәшік

үйіміздің қақ төрінде қалқайып тұратын. Орысша білмесем де, Орталық теледидардан берілетін «Времяның» әуені өзіне тарта ма білмеймін, бірінен-бірі өтетін жүргізушілерінің түріне қарап, көк жәшікке қадалып отыратынмын. Соны аңдып тұрғандай даладан інімнің ешкімге көнбей:

– Бабажаға барамын, тебежеде көремін, – деген даусы шықсымен оны жетелеген анамның өзі де көрінетін. Тура бір жыл көрмегендей болып қолын созып маған қарай ұмтылған бұйрабас жылауық Бекаға қарата:

– Ойбайдама, ойбайдап қалғыр, – деп көрші әжелердің сөзін айнытпай қайталап алдынан шығатынмын. «Время» жайына қалып, менің ініме арналған уақытым осылайша аяқ астынан басталып кететін.

Зият көкем Жезқазғанда жұмыс істеді, Шолпанды балабақшаға бергенше аз уақыт Бека екеуін қосып бағатынмын. Тәтем Шолпанды мұнтаздай қылып жұтындырып киіндіріп қоятын. Барымызды аузына тоссақ та «орманға қарап ұлитын қасқырдың баласындай» әке-шешесі поезға шығарда сезіп қойғандай бақырып жылайтын. Сол поезд келесі разьездге жеткенше қабағы кіртііп терезеге қарап отыратын еді, ақыры оны балабақшаға беріп олар да, біз де қуанып қалдық.

Алма Шолпанға қарағанда бауырмал, өзіме ұқсаған ешкімді жатырқамайтын еді. Анда-санда ауылға келгенде өмірінде көрмеген қой-ешкіні қуалап, көршілерге кіріп ойнап жүре беретін. Апамды сондай жақсы көретін. Сол кезде радиода жиі берілетін:

Ой-ой жанайым,
Сәулем сені табайын, –

деген әннің екі-үш сөзін қайталап айтып, апамның домбырасын алдына өңгеріп алып әндетіп отыратын.

Олар ауылға келгенде үйіміз бір толып, мәре-сәре болып қалатынбыз. Ағамның жұмысы жауапты болғандықтан ба, ондай мүмкіндік үнемі туа бермейтін. Көршілерге қаладан балалары келгенде, мен де жұма, сенбі күндері кешкі сегізден асқанда составтары шұбатылып станция басына бара жататын ұбақ-шұбақ вагондардың ішінде менің бауырларым да келіп қалар ма деген үмітпен қарайтын едім.

Мен он екі жасқа қараған шақта, бір жылдай емделсе де, дауасыз дерттің шеңгелінен босай алмаған асқар таудай әкеміз өмірден өтті. Қысқы каникул кезі болатын. Жаңа жылдық демалыстарын үйде өткізіп, қалаға жұмысына баруға жиналған Зиягүл мен анамнан:

– Мен де барайыншы, – деп қанша қиылып сұрасам да жібермеді. Ана жүрек төсек тартып жатып қалған әкемнің тұз-дәмінің таусыларын сезді ме екен, әшейінде әкесінің қызы деп әспеттеттеп, айтқанымды екі етпейтін қалпын осы жолы алғаш рет бұзып, айтқанында тұратын сұсты қалыпқа еніп алды. Таң атпай тұрып, жылағаным да қарамай, Зиягүлге жол амандығын тіледі де, есікті сарт жапты.

Балалығым болар, сол күні анама қырын қабақ танытып, өзіме тапсырылған шаруаларды үнсіз орындап жүрдім.

Әлі күнге есімде сол 4-қаңтар күні кешкісін әдеттегідей аузына нәр татып алмаса да дастарқан басында қалқып отыратын әкеміз інім екеуімізге ұзақ қарады.

Бес жастан енді ғана асқан інім ол көзқарасқа қайдан мән берсін, ал менің... менің жадымда қазіргі күнге дейін мәңгілікке жатталып қалыпты...

Қимастықпен қараған көз жанарымен:

– Мен өмірден өтсем, бұлар қалай ержетер екен, құлындай құлдырандап жүрген кішкентай Бека мен оң-солын ажырата алмаған қара қызымды саған аманаттадым, – деді ме екен, әйтеуір, зар-мұңын ішіне түйген әкем бір сәт арқасына сүйеулі тұрған жастыққа қарай қисайған қалпы анама қарап кірпігін қаққан қалпы үнсіз үзіліп кетті. Ол кезде оны білу қайда анамның аңыраған даусын, әкемді құшақтаған күйі:

– Көршілерді шақыр! – деген үнін естіп, жалаң аяқ есік алдына атып шығып, қабырғалас көрші Саттардың үйіне барғаным еміс-еміс есімде, одан ол кісінің:

– Әкең өлді, – деген сұп-суық сөзін естігенімде аязды күні біреу үстімнен суық суды құйып жібергендей болды

– Менің әкем командир! – деп бұрын көрші балаларды бір шыбықпен айдап жүретін, балалықтың базарында жүзі жайнап жүретін қалпымнан – байсалды көзі де, сөзі де мұңды баланың бейнесіне аз уақытта ауысып кеткенімді байқамай да қалған сыңайлымын.

Каникул бітіп, мектепке келгенімде іштей бір дауыс:

– Енді сенің әкең жоқ, алаңсыз ойнағаныңды қой! – деп әмір беріп тұрғандай сезіндім...

Сыныптағы ұлдардың өзін күрескенде алып соғатынмын, жығылып басқа қыздардай жылап көрмеген басым тура мектепке келген сол күн, сол сағаттан бастан ойынның ауылы енді алыста екенін аңғарып үлгердім. Басы аман, бауыры бүтін, әке-шешелері қастарындағы сыныптастарыма іштей қызыға да, қызғана да қараған қалпым, кезекті сабаққа қажетті дәптерлерімді дайындайын деп сөмкемді аша бергенім сол-ақ екен, әрнәрсеге бір ұрынып жүретін сыныптасым келіп әй-шәй жоқ:

– Жүр күресейік, – деп қоймайды. Әшейінде болса, ұршықша үйіріп жерге бір соғатын едім, осы жолы үнсіз қалғаным «қаймығып тұр» деп ойлады-ау, сірә?

– Жүр-жүрлеп дігерлеп қоймағасын:

– Менен енді аулақ жүр, менің әкем қайтыс болғанын білмейсің бе? – деп кеудесінен итеріп кеп жібердім де, теріс айналып кеттім. Жылап жасықтық танытқым келмеді, бірақ оның көзі бақырая маған состиа қарап қалған қалпы мәңгі есімде сақталды...

Зият көкем мен Зиягүл Жезқазғанда, үйдегі бар мал мен жанның тауқыметін бір өзі көтеріп, ешкімге сыр бермейтін сырбаз қалпын сақтаған анамыздың сондай құдіреттілігіне әлі күнге бас иемін. Зият ағам сол жылдың жазында Чебоксарыға қызмет бабымен оқуға кетті. Зиягүл оқуы мен жұмысынан босай алмайды. Біз анам, Бека үшеуіміз әкеміздің басын

қарайтамыз деп бейіт көтердік. Анамның еті тірілігінің арқасында бір туысымызға ақшасын беріп жіберіп, тас, кірпіш алдыртты. Ауылда бейіт салып жүретін бригаданы жалдап, таңның атысы, күннің батысына дейін сол арғы ауылда көп мазарлардың басында жүргенімізде анам бір қабақ шытып, шаршағанын білдірген емес. Велосипедке артыма інімді миңгестіріп алып, су тасып кеш қарая төрт қабырғасын қалқайтып, көтерілген бейіттің бір қабырғасына цементке бес саусағымды қойып, салынған уақытын жазғанмын. Қазірде арада отыз бес жыл өтсе де, сол бала шақтағы қолымның таңбасы да, өлшемі де еш өзгермеген, ата-анам деген сағынышым да...

Осы жерден естелігімді менің журналистикадағы тырнақалды мақалаларым қатарынан саналатын әкеме деген сағыныш пен аңсаудан туған «Өнеге әке» деп атаған әңгімеммен жалғағым келіп отыр.

«Демалысқа ауылға барғанмын, үйде апам көрші оқушы қыз екеуі сарғыш тартқан әлдебір қағаздарды аударып қарап отыр екен. Апамның әр қағазды мұқияттап, бейне бір жыртылып кетпесе екен дегендей, аудастыруынан-ақ біле қойдым. Бұл – әкемнің құжаттары. Соғыста алған алғыстары, медальдарының куәліктері. Оларды апам әрқашан өзі ғана осылай қарайтын да, қайыра салып қоятын. Ондай кездерде осы қағаздарды мен де оқып көрсем бе деген әуестік бойымды билейтін. Бірақ, сұрауға бата алмайтынмын.

Бұл жолы апамның бұлай қарауына «сен себепшісің-ау» деген оймен үнсіз отырған көрші қызға назар аудардым. Сол кезде апам да:

– Енді бәрін өзің жазып айтып бере ғой. Мектепке алып кел деген бе, қай жерде соғысқан, наградалары қандай деп сұрапты дегесін қарап отырмын, – деп менің алдыма ысырды. Мен ақырын ғана әрбіреуін байыппен қарап отырмын. Біреуіне көбірек үңіле қалсам, апам «бұл әкеңнің сол қаланы азат етуде көрсеткен ерлігі үшін берілген алғысы ғой» деп бейне өзі соғыста әкеммен бірге болғандай-ақ түсіндіре бастайды. Әрине, қаншама жыл сақтаған соң оқып, жаттап алған ғой. Мен оның бұл қылығына ептеп езу тарта отырып, бәрін де қарап шықтым. «Әкем тірі болса ғой – деп ойлаймын ішімнен, – басқа да өзі секілді ардагерлермен соғыстың куәгері болып, 40 жылдық мерекені тойлауға қатысар еді».

Әлі есімде, мен онда үшінші сыныпта оқитынмын. Сол жыл теледидарда «Көктемнің он жеті сәті» атты көркемфильм жүріп жатқан. Бұрындары көп қарай қоймайтын әкем, сол фильм басталғалы бері теледидар алдынан шықпайтын болды. Таңертең қайталап көрсетсе де ол қайыра қараудан жалықпайтын. Ондай сәттерде әкем жай ғана көрермен емес, сол сұрапыл соғыстың қанды қырғындарын көзімен көрген куәгер екенін мен түсіне бермеуші едім. Бірде мен:

– Әке, сенде орден жоқ қой, медаль ғана, ерлік жасамағансың ба? – дегенмін бала көңілмен. Бұл сұрақтың әбестеу болғанын қасымда отырған тәтемнің өзіме ашулана жалт қарағанынан аңғарсам да еркелігіме басып, елей қоймадым. Әкем болса, мені еркелете басымнан сипап:

– Ерлікті орден, медаль алу үшін жасамайды. Мен үшін соғысқа қатысып, қиын кезеңде өз Отанын қорғауда қолына қару алып, зұлым жауға қарсы соғысқанның бәрі ер, одан артық қандай ерлік керек? – деді де, – Әрине, сен кітаптан оқыған Әлия, Мәншүк, Төлеген, Нүркен секілді аға-апаларындай ерлік жасау керек дейсің ғой. Ол дұрыс. Олар секілді өшпес ерлік жасағандар тамаша! Өздері мерт болғанмен, есімдері мәңгі қалды. Міне, кішкентай сен де оларды мақтан етіп, ерлігіне сүйсініп отырсың, – деді. Әншейінде үндемейтін әкемнің бұлай шешіле сөйлегеніне таңдансам да:

– Әке онда соғыс туралы өзің көрген қызық әңгіме айтып берші, – дегенмін.

– Қызық дейсің бе? Әрине, соғыс солай көрінеді де, әйтпесе соғыс деген сұрапыл, қанды қырғынның несі қызық? Сендер оны көрмендер, ал әңгіме айт десен, айтайын, – деп бастап кеткен әңгімесін.

...Бірде біздің полк бір деревняны азап етіп, аз уақыт аялдай тұрған әскерлеріміздің түнгі қауіпсіздігін сақтау үшін екі жауынгерге бір сағаттан күзет қойылды. Маған кезек міндетті түнгі 2-3 шамасында келді. Қасымда Сергей деген орыс жігіті бар. Екеуіміз деревня көшелерін үнсіз аралап келеміз. Әрбір бөгде дыбысқа құлақ түреміз. Бір кезде мен бір үй терезесінен әлсіз жарық сәулесін көргендей болдым, терезе пердемен қалың етіп бүркелген. Түнгі 3-те кім жарық жағып отырмақшы? Жауынгерлердің бәрі ұйқы құшағында. Қасымдағы Сергейге айтсам, ол да байқаған екен, терезе сыртынан үнсіз тың-тыңдадық. Ешбір дыбыс естілмейді. Бір кезде біреудің түрегеліп ерсілі-қарсылы жүрген көлеңкесі көзге шалынды. Мен:

– Осы үйде менгілсіз жарық жағылуы тегін емес, штаб артымызда қалды, сен барып хабарла, мен бақылай тұрайын, – дедім. Сергей жүгіріп кетті де, сәлден сон-ақ командиріміз бен бірнеше жауынгерді ертіп қайта оралды. Екі-үш жауынгерді сыртта қалдырып, басқамыз ішке қарай беттедік. Есікті қаққан сәтте біраз үнсіздіктен соң аяқ тықыры естілді. Ашылған кезде таң-тамаша қалдық. Есік алдында біздің армияның майор шенінде біреу тұр. Ортада стол, жайылған қағаздар... Алғашқыда «майордың» түрінен тәкаппарлық көрінгенімен, сәлден кейін әлденеге абыржыды да қалды. Командирдің бұйрығымен әлгі «майорды» штабқа алып келдік те, орнымызға кеттік. Ертеңінде оның біздіңше киініп алған жау тыңшысы екені, мұнда біздің ертеңгі шабуылымыздың жоспары, әскери күштер туралы мәлімет жинап жөнелткелі жатқан жерінен ұсталғаны анықталды.

Командир Сергей екеуіміздің қырағылығымызға риза болып, алғыс жариялады. Егер біз оны сол түні ұстамағанда, ертеңінде сәтсіздікке ұшырауымыз мүмкін еді. Қырағылық осындай ұсақ-түйектен басталады. Бұл соғыстың бір сәтінен есте қалғаны, мұндай оқиға ол кезде көптеп кездесетін.

Мен болсам алдында ғана сұрағымды жақтырмай қалған тәтемнің енді қызыға әңгіме тыңдап отырғаны, өзімнің арқам екенін байқатып, оған қыр көрсете қарап қойғанмын.

Енді міне, әке құжаттарын ақтара отырып, сол әңгіме есіме түсті. «Өмір баянын жазып беріңіз» дейді көрші қыз менің ойланып қалғанымға таңданып. Мен үнсіз алдымда жатқан қағаздарды аударыстырып жаза бастадым.

Мына біреуі – әкемнің 1940 жылы Москва қаласында өткен Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне шақыру қағазы екен. «Сейітжан Үмбетовке, Ұлытау ауданы «Алғабас» колхозынан» делініпті. Бұл жылы әкем 22 жаста еді. Өзі айтатын «мен еңбекке ерте, ес білгеннен бастап араластым» деп. Демек, 22 жаста көп құрметіне бөленіп, мұндай үлкен сенімге ие болуы да сол еңбегінің арқасы ғой. Ал соғысқа алғашқылардың бірі болып аттанып, 1941 жылдың маусымынан 1945 жылы жеңіс күні жеткенше жауға қарсы соғысты.

Отанымыздың қасиетті жері Чехословакияны, Венгрияны азат етудегі көрсеткен ерлігі үшін командованиеден алған алғыстары бірнешеу. Харьков қаласын азат етудегі қаһармандығы үшін «Ерлігі үшін» медалімен наградталған.

Соғыстан жеңіспен елге 1945 жылдың қазан айында оралды. Елге келісімен-ақ өзінің туған жері Ұлытау ауданы «Алғабас» кеңшарында (ол кезде ұйымшар) еңбек жолын жалғастырды. Кейін «Кеңгір» тәжірибе станциясының жылқы фермасында табан аудармай 20 жыл аға жылқышы болып еңбек етті.

Әке құжаттарын ақтара отырып, біраз жәйтке қанықтым. Мақтануға тұрарлық ұрпаққа өнеге боларлық өмір жолын өткерген әке бейнесі біздің жадымызда мәңгі сақталып қалды...

Б.Үмбетова
Жезқазған қаласы
«Жезқазған туы» №194 (3090) 7 қазан 1985 ж.

Әсілі бала кездегі әр оқиға, сәр сәт көз алдыңнан өшпейтін сурет сияқты, есіңе тез оралады. Осы жолдарды жазып отырған кездерде де, жыл, уақыт, адам аттары дейсің бе, дәл бір жаңа ғана басыңнан өткен сияқты, кинолентадай санамнан тізбектеліп өтіп жатыр.

Теректіде өткен балалық шағымды есіме алғанда әрқашан ақ жаулығы кіршіксіз тап-таза болып, мейірімін төге қарайтын – Мәрия апаның бейнесі көз алдыма келеді. Балалары Аманкүл, Мейрамкүл, Сайра, Алдаш, Сәлдеш «мама» деп атағасын ба, мен бала кезімде ол кісінің есімі солай шығар деп ойлаппын. Нағашы атам Әли оларды «Бабадан қалған көздер ғой» – деп жақсы көретін, мені де соларға тапсырып, қайда ойнап жүрсем де, соңымнан біреуі келіп:

– Сені атаң іздеп жатыр, – деп қоярда қоймай шақырып алып кететін. Мәрия апайдың еңбекқорлығы сондай есік алдында бау-бақша өсіріп, күтіп-баптап дамыл таппайтын. Сол кезде бөлімшеде бухгалтер ме, әйтеуір есеп-қисап жүргізетін маман, кешкілік жұмыстан көзінің айналасы қызарып

қайтатын. Бірақ, балаларына да, бізге де қабақ шытып, дауыс көтергенін естімеппін. Кішкентай болғасын ба, маған ерекше ықыласпен қарайтын. Мен де өз тарапымнан мал қайыру т.б. жұмсаған жағына жүгіріп барып келетінмін.

Ал мен бәрінен де, басында велосипед, одан мотоцикл жүргізетін Сәлдештің айтқан тапсырмаларын орындап, оның артына миңгесіп ауылды бір аралап шығатын кездерім де барлық ауыл баласы қызыға қарайтын.

Кейде көрші балалар егіз Омар мен Сәуле, Қайрат, Мейрамдармен ойнап жүріп, ренжісіп қалғанда оларға қыр көрсетіп, Сәлдешке барып май-май қолдарымен мотоциклін жөндесе менде қылтиып, оған түрлі кілттерін алып беріп қасында отыратынмын. Сол кезде ауыл балалары қақпан құрып, зорман аулайтын. Зорманның терісін сыдырған кезде Сәлдеш маған басынан ұстатып қояды. Зиягүл көрсе:

– Сен немене ұл сияқтысың, темір-терсектің маңында, зорман сойған деген не сұмдық? – деп үйге алып кететін. Сосын анама менің өзін тыңдамағаны жөнінде жыр қылып айтып жатады, мен үнсіз сенікі дұрыс деген қалып танытқаныммен, артынша Сәлдеш шақырса, жетіп барып көмектесетінмін.

Сөйтіп жүріп, өз қатарластарымнан бұрын велосипед те, мопед те тебуді меңгеріп алдым. Анамнан қалмай сиыр саууды, бие саууды да үйрендім.

Зиягүл сияқты атпен шаппасам да, қойдың кезегіне атқа да, велосипедке мініп бара беретінмін.

Бүкіл ауылда кімнің үйінде қанша мал бар, қаншасы төлдеді, соның бәрін жатқа айтып отыратын едім.

Ең көп малы бар Сапарбай атаның үйі болатын. Он қойы бар үйдің иесі кезекпен қой бағатын. Ал малы көп Сапарбай ата күн сайын өз қойларын өзі өріске шығарып, жаятын. Әкем барда қойдың кезегіне өзі барса, әкем қайтыс болғаннан соң, басында Зият көкем жұмысынан сұранып келіп бағып жүрді. Сосын апта аралатып келетін қой кезегіне мен баратын болдым. Көктем де қой төлдеген кезде кезекке барған қиын. Әр үйдің қойының қозысын шатыстырмай, апам тігіп берген дәу қоржынға салып алып кешке тарататынмын. Кейбір тұмса төлдеген тұсақтар қозыларын алмай қашады, ондай да иелері:

– Сен байқамай шатыстырып әкеліп тұрған шығарсың? – деп өзіңе сенімсіздік танытады. Кейде дау ушығады.

– Саулықтар қоздағанда қозыға да оның да мойнына жіп байлап қойғанмын, – деп мен де бой бермеймін.

Осылайша шаршап үйге келген де дем ала қойсаң жақсы ғой. Қайдағы, үй тапсырмасын сұрап алып, сабаққа дайындаласың.

Сынып жетекшісі Зиягүлдің кластасы, математикадан сабақ беретін, есепті шемішкеше шағатын Гаукан, шын есімі – Марфуға. Олардың үйі бізбен қабырғалас, құдайы көршілерміз. Оған дейінгі мұғалімдерім жақсы оқығасын ештеңе дей қоймаса, Гаукан көрші, туыс болса да маған келгенде

аса қатал. Өздерінде он шақты ешкісі бар үйлер кезекке бармайтын болғасын ба, біле тұра менен әдейі сабақ сұрайтын, не болмаса:

– Кеше қайда болдың? – деп міндетті түрде тұрғызып сұрайтын. Соны білгендіктен, қойдың кезегінде алға түсіп алып қойды өріске бастайтын Гауканның ешкілерін бөліп алып, велосипедпен қуалайтынмын.

– Мені ертең Гаукан тұрғызып қояды, бүгін сосын сендерден өшімді алып отырмын, ренжімендер, өмірде әділеттілік болу керек. Менің әкем соғысқа қатысты, қайтыс болғанша жылқы бақты, қойдың кезегіне де барды. Сендердің иелерің Саттар ешкісін бағуға да жарамайды, соғысқа да бармапты, қазір әкем жоқ екенін білсе де, бізді кезектен ешкім алып тастамайды, мектепте Гаукан ұрысып қарсы алады, – деп, олармен адамша сөйлесетінмін...

Бала кезімдегі сол қылықтарымды ойласам, іштей қысыламын. Менің өрістен қойдың кезегінен оралғанда анама Саттар ата:

– Бидаш қарындасым-ау,біздің жиен қойдың кезегіне барғанда малды алысқа жаяды, ешкілер өрістен келісімен су ішуге шамасы келмейді, өзі кішкентай болса да, әкесіне тартқан тындырымды, – дейтін көрінеді.

Саттар ата менің өрісте жүргенде оның ешкілеріне маза бермей қуалайтынымды қайдан білсін? Жарықтық менің ақ пейілді нағашыларым – ай, десеңші!

Ал Гауканның менің миыма математиканы құйып бергенін, сабаққа бармасам, «бір тақырыпты түсінбей қалар, болашағы жарқын болсыншы!» деген туысқандық сезімі текенін мен ол кезде балалықпен ұға қоймағанмын ғой...

Гауканның анасы Нәшім апа тынымсыз жан. Есігінің алдында артық бір қиқым жатпайды. Дәліздің еденіне дейін жарқыратып жуып тастайтын. Биесін сауып, ешкісін суарып қашан көрсең жұмыстан қолы босамайтын еді. Кейде мектепте асхана жоқ деп уайымдап, менен Гауканға бөліш пісіріп беріп жіберетін, сондай мейірімді, қолы берекелі ана еді марқұм,жатқан жері жайлы болсын...

Ал бізден бір үй кейін, Саттар атаның ағасы – Қаппар ата тұратын. Әйелі – Зейілғарап менің анаммен жасты 1930 жылғы еді. Бауыржан деген үлкен қыздары Зиягүлден бір сынып төмен оқыды, ал егіз Омар мен Сәуле менімен жасты болатын.

Бірде ойнап жүріп, Омар мен Сәуле құлап қалып жылады, бірде мен өзім қораның төбесінен итеріп қалғанда құлап қалды, сөйтіп екеулеп жүріп бір менен таяқ жеп қалатын. Сосын олардың аналары менің анама айтып, ақыры бірер күн мен ойнауға шықпай қаламын, бала емеспіз бе, күн аралатып екеуі мені қайта іздеп келіп тұратын. Қайта-қайта шағым айта берген келінінің қылығына шыдай алмаған болу керек, менің нағашы атам:

– Қарағым, жетпіске келген шалдан туған балаларыңның менің Базартайыма қалай әлі келеді, екі үйдің арасын шаңдатпай әрі жүрші, – дегені құлағымда қалыпты.

Онсыз да айтқанды қағып алатын қалпымда, тағы бір олармен шекісіп қалғанымда жылап үйлеріне жүгірген Сәуле мен Омардың даусын естіп мені тұра қуған Зейілғарапқа қарата атамның айтқан сөзін айна-қатесіз қайталағанмын ғой, ол кісі мені үйге қуып кіріп, намаз оқып жатқан атамның артына тығылсам да желкемнен бірер рет түйіп жіберді.

Атам әрине намазын бұзған жоқ, бірақ сүйікті немересінің не бүлдіргенінен бейхабар қалпы, намазын оқып болғасын галошын аяғына іле салып қаһарлы қалпында Қаппардың үйін бетке алып бара жатты...

Біраздан кейін атам үйге оралып, әке-шешеме шәй үстінде бірденелерді айтып, басын шайқап күліп жатқанын сыртынан байқақтап жүріп біліп алдым да, үйге кірдім. Анам мен әкем жылы қабақ таныта қоймаса да, атамның қасына барып жантайып жауды жайратқандай жайбарақат жата қалдым. Ішімнен ойлап қоямын, әкемнің бұл ауылда ешбір туысы жоқ, соғыста командир болса да, маған ешқашан ара түспейді, қит етсе шындықты айт деп алып, мені жазалайды, анам туыстарына бата алмайды, ал атам болмаса маған кім көмектесер еді, сөзімді сөйлер еді...

Соны ойлап біткенше қаздай тізіліп есіктен:

– Ойнауға шығасың ба? – деген Сәуле мен Омардың басы қылтияды. Еріксіз әкем күліп жібереді, атам маған қарата:

– Біздің ауылдың балаларының Базартайсыз күні өтпейді, қарашы мыналардың істерін, араға түсетіндей ме? – деп әдейі естірте айтып жатады..

Шындығында араға уақыт салмай Омар, Сәуле үшеуміз Қаппар ата тартқан сырнайға қосылып, өзіміз білетін бірнеше шумақ әндерді бар даусымызбен айтып, түк білмегендей бас түйістіріп мәз болып отырушы едік...

Біздің қойған балалық әр сауалымызға ыждағаттылықпен жауап беретін Қаппар атаның үлкен үш қызы сол кездің өзінде-ақ өмірден өз орнын тапқан, кіші қызы Тыныштықтың күйеуі – біздің Асқар Ермекбаев аға екен.

Бүгінде Қаппар атамыздың алпыстан асқанда көрген егізінің сыңары – Омар өмірден өткен, Сәуле Қызылорда облысының Шиелі ауданында тұрады. Әлі күнге дейін балалық балдәурен шақты бірге өткізген дос-құрбы ретінде хабарымызды үзбей, араласып тұрамыз.

Біздің үймен етене аралас тағы бір отбасы – ол анам нағашы деп атайтын Базарбай көке мен Сындар апа. Олардың үш ұл, бір қыздары бар. Апам мені емшектен шығарамын деп бірнеше күн сол үйге апарып тастаған. Асты-үстіме түсіп бәйек болған Сындар апа да, жалғыз қызы – Тұмар да барын аузыма тосқан сонда. Қайдан... үйге келісімен күйе жағып қойған емшегіңді жу да, мама бер деп қиғылық салғасын амал жоқ анамның менің айтқанымды істеуіне тура келді.

Сындар апа совхоздың бұзауын бақты, денсаулығы нашарлау Базарбай көкенің де бабын тапты, балаларын да ешкімнен кем қылмай өсірді.

Менің қатты есімде қалғаны – әскер қатарына шақырылып, енді оралайын деп тұрған Есенәлі деген балаларының сол жақта қайтыс болып, ұзақ жолдың бәрін көтеріп Сындар апа өзі бас болып, баласының мәйітін елге жеткізгені. Тәрбиелі, тәртіпті отбасында өскен қыршын жас солай біздің ауылда бірінші рет табытпен оралған...

Сындар апаның өмірі де қайғылы аяқталды. Зейнетке шығып, Жезқазғанға көшіп барып, үлкен баласының енді берілгелі тұрған үйін көремін деп көшеге шыққанда бір мас мотоциклші соғып кетіп, қайтыс болды, Алла алдынан жарылқасын. Қазір қызы Тұмар, кенжесі Мұбарак Жезқазғанда тұрады.

Теректіде анамның туыстары жеткілікті. Солардың арасында менің әке-шешеме де туыс болып келетін Нағима апа мен Есімсейіт Бейсенбаевтар отбасы. Есімсейіт аға соғысқа қатысқан, анамның ағасы, руы – Шағыр болса, Нағима апа, сол ауылда саусақпен санарлық Жабай руынан, яғни менің әкеме қарындас болып келеді. Соғым сойған күні екі үйдің қайсысы болсын:

– Ағамыз алдымен ауыз тисін! – деп дәу табақ сыбаға беріп жіберіп жатады. Етжеңді толық Есімсейіт ағаның қасында ашаң ғана Нағима апамыз нағыз қуыршақтай. Бірақ даусы зор. Келе жатқанын даусынан білесің, зыр қағып жүреді. Қолында жүзден асқан енесі – Тәтжан әже тұрды. Сонша ұзақ жасаса да Тәтжан әженің есте сақтау қабілеті жақсы, көзі қаншалықты көретінін кім білсін, әйтеуір даусыңнан танытыны рас. Ол үйдің жанынан өтіп бара жатқаныңда міндетті түрде әжеге барып амандасуың керек. Бұл – біз сияқты ауыл балаларына бұлжытпай орындалатын заң сияқты. Ол үймен іргелес көрші – Хадиша апа мен Есмұхан атаның үйі. Олардың ұлдары Мейрам екеуміз бір сыныпта оқыдық. Хадиша апаның Мейрам дегенде жаны бөлек. Маған «аттеріс» деп ат қойып алған.

Ол кісінің атын атауына болмайтын қайын енесі ме, әйтеуір біреуі бар, содан мені солай атайтын болса керек. Өте мейірімді апа, көрсе болды, «менің Мейрамымның досы ғой», – деп айналып-толғанып жатқаны.

Тағы бір айтпай кетпеуге болмайтын жан – Базыл көке. Әйелі ертеректе қайтыс болған. Балалары – Дана, Якуда, Жүсіп, Шаяхмет және Гүл деген Зиягүлмен жасты қызы бар. Ауылдағылар ол кісіні «Базыл молда» – дейтін. Үй аралап құран оқитын молда емес, ол кісі өз қатарларынан көш ілгері сауатты, діни білімі болыпты.

Базыл көкем атақты Бұзау болыстың немересі, Ыбырай болыстың баласы екен. Шағыр руынан шыққан Бұзау болыс Толысбай баласы есімі исі қазаққа таныс болған тұлға. Оны орыс патшасының өкілдері де сыйлап, санасқан. Оған айғақ – Бағаналы елінің ерке қызы Би Бидаш жалалы болған тұста Қожабай ақынның жар салып жалпақ қазаққа толғау арнағанда алдымен қол ұшын созып, 1912 жылы түрмеден босатып алуы. Бұзау болыстың әкесі Толысбай ірі бай болыпты. Бұзау болысты 1881 жылы 17 жасында болыс сайланған деседі. Содан 35 жыл бойы Сарысу өңірін билеп тұрыпты. Тұңғышы Ыбырай білім алып елге оралған соң, Телікөл елінде

болыс болып, баласы Базылды әр тарапқа жіберіп оқытып білім алғызады. Сонымен, нағашыларым ірі жандар екен.

Оны мен кейін Алматыда журналистика факультетінде сырттай оқып жүргенде білдім. Араб тілінен курстық жұмыс жазу үшін кітап іздеп шарқ ұрғанда анамның есіне Базыл көкем түсіп, маған берілген тапсырманы ауылға сол кісіге апарып көрсетсе керек. Базыл көкем:

– Мен төтеше емес, арабшаны түпнұсқадан оқитын едім. Ауылдағы ең талабы мықты жиеніме мына кітапты берші, кезінде қолға түспейтін Қазанда оқығанда пайдаланған кітабым болатын. Кім біледі, бір қажетіне жарар, – деп өте сирек кездесетін кітабын анамнан маған беріп жіберіпті. Оны мен қысқы сессияда араб тілінен дәріс беретін Мәрзия Мәженова апайға көрсеттім. Ұстаз апайым қатты қуанды:

– Бұл өте құнды кітап, сенің оған әрине тісің батпайды, оқуға. Маған бер, нағыз арабистерге қажет, – дегесін қанша шәкірт тәрбиелеп отырған апайдың қолқасына қарсы келген жоқпын. Ол кісі өзі мені жақын тартып тұратын. Өзім де апайымды «Мәскеуден оқу бітірген сол кездегі қазақ қыздарының ішіндегі ерекшесі» деп қабылдайтынмын, әрі қазақты әлемге танытқан пианист Жәния Аубакированың анасы ғой. Осылайша шағын ауылда қарапайым ғана ғұмыр кешкен Базыл көкенің білімділігін осы оқиға дәлелдеп берді.

Біздің ауылдың бір ерекшелігі – ауылды қақ ортасынан теміржол бөліп жататын. Содан оның арғы бетін «арғы ауыл», бергі бетін «бергі ауыл» деп шартты түрде атайтынбыз. Станцияның басын поезд тоқтайтын жер ретінде «Теректінің басы», ал арғы шетін «45-разъезді» жәй 45-тің адамдары дейтінбіз. Мен де осы бала шаққа жасаған саяхатымда бергі ауылдағы көрші-көлем, ағайын-туыстарды түгендеп, тізбелеп отырмын.

«Арпа ішінде бір бидай» – демекші, көп Шағырдың ішінде аз ғана Жабай ата балаларынан тағы бір ауыз толтырып айтатыным – атақты сазгер Жақсыкелді Сейіловтың әкесі – Уәли ата мен кішкентай ғана Дәржан апа да біздің ауылда тұрды. Уәли атаның түйелері бар еді, басқаларға таңсық – шұбатты бәрі сол үйден ішетін. Атаның өзі нағыз Жабай деп ауыз толтырып айтуға тұрарлық ірі кісі болатын. Бәрі маған сенің атаң – түйе сияқты деп мазақтағанмен, өзі есік алдында жүргенде маңайлай алмайтын, мен ғана сабақтан келе жатқанда:

– Ата, мен сабақтан сіздің үйдің алдынан өткенде есіктің алдына шығып тұршы, бәрі маған «жалғыз Жабай қайдан келе жатырсың?» деп сұрамасын. Ертең Нағима апама айтамын, ол шығады, – дейтінмін.

Нар тұлғалы Уәли атам құртақандай менің өтінішімді жерге тастамай:

– Базартай кеше ескертіп еді, – деп мектеп жаққа көз тігіп жүреді екен..

Қарапайым ғана ғұмыр кешкен Уәли атаның ел таныған сазгер Жақсыкелді Сейіловтың әкесі екенін сол кезде кішкентай қызбын ғой мен білген жоқпын. Мектепте оқып жүргенде ауылға гастрольмен сол тұста атағы дүрілдеп тұрған:

– Алақай, ауылға атақты «Жез киік» ансамблі келеді екен, – деп бәрі дүрлігіп жүрді. Біздің бәріміз көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысатынбыз. Анам өзі сияқты менің де бойымнан бір таланттылықтың ұшқынын байқады ма, мені домбыра үйірмесіне жаздыртқан. Бірақ, «Қаратаудың басынан көш келеді», – деген бір қайырмананы ғана безілдетіп, үйдегілердің мазасын алсам керек, әкем анама:

– Бидаш, менің қара қызым Қаратаудың басынан түскісі жоқ, өз қалауы болмаса, баланы қинап қайтесің, қолынан келетін әнін айтып, биіне қатыса берсін, – депті. Сонымен мектепте ән мен күйден сабақ беретін, ол кісі әрі тарихшы Жамантай Махмұтовтың баянмен сүйемелдеуінде Жақсыкелді ағаның «Әке туралы жыр», «Ана туралы баллада» әндерін мектепішілік мәдени шараларда орындайтынмын. Жақсыкелді ағаның өзін алғаш рет сол ауылға гастрольге келгенде көрдім. Мен өзімше әжептәуір айтып жүрмін деген әндерді Жақсыкелді ағаның өзі сүйемелдеуімен талдырмаш қана қара қыз Роза Тырнақова шарықтата орындаған. Ауылдағы шағын клубтың іші-сыртына халық сыймай кетіп еді сонда...

Мен атағы ауылдан әлдеқашан асып, бүкіл республикаға танымал сазгер ағаның менің Уәли атамның ұлы екенін біліп таң тамаша қалғаным бар, әрі ауыл балаларының арасында абыройым өсіп, аз ғана Жабай ата балаларының осал еместігін ойлап іштей марқайып қалғанмын.

Кейін Жезқазған облыстық телерадиокомпаниясында жұмыс істеген кезімде Жақсыкелді ағаның шығармашылығы жайында жасалған хабарларды көріп, өзімен жақынырақ таныстым десем болады. Ол кісі де менің бала кезімдегідей хабарларымды көріп жүріп, менің өзінің Теректілік Сейітжан ағасының қызы екенімді біліп таң қалған. Бір ғажабы, Жақсыкелді аға үйге телефон шалғанда :

– Базаргүл, жаңа ғана сенің хабарыңды көрдім, – дейтін. Мен іштей ол кісінің көзі көрмейді ғой, неге естідім деп айтпайды деп ойлап үлгіргенімше, кейбір көзі бар, көңілі соқыр адамдардан артық, көңіл көзімен көкейіне түйгендерін өзіне тән жағымды қоңыр үнімен бастап та кететін.

Бірде облыс бойынша «Ұлытау үні» фестивалі жүріп жатқан. Біз үлкен ПТВС (*телевизия тілімен айтқанда шағын жылжымалы станция*) барып түсірдік. Залда біздің үлкен ток көзіне жалғанатын бірнеше сымдар жатты, соған ән орындаушылар бірінен кейін бірі сүріне берді де, тек өзін жетелеп келе жатқан баланың қасындағы Жақсыкелді аға ғана ол жерден аттап өтті...

Кейін Тоғанбай қажы, Заря үшеуіміз жүргізетін «Жұмадан жұмаға дейін» телеклуб хабарына да қатысып жүрді. Мен алғаш өзімнің авторлық бағдарламамды ашқанда «Шабыт» деп аталатын, ағаны өз үйінен өмірдегі жалғыз жарығы – Жанботасы мен жары Зейнептің қасында хабарыма түсіріп алдым. Сонда ол:

– Базаргүл қарындасым, мен «Ұлытауым»-ды сол Ұлытау биігіне шығып бір орындасам ғой, сонда шіркін, бар атырапқа дауысым таралып, шың-құздар жаңғырығып, жаным бір рахаттанып қалар еді, – деген еді.

Бірақ, мен дайындаған сол хабар Жақсыкелді ағамен жазылған соңғы түсірілім екенін білмеппін...

Желмен жарысқан жезкиігіндей болып, сүйрік саусақтарының ізі қалған, бебеулетіп ән салған баянын да артына қалдырып, Ұлытаудан – барлық қазақ баласына ұлылықтың сырын ұқтырған ерекше талант иесі Жақсы ағам да баянсыз жалғанның бір жолаушысы ретінде мәңгілік мекен жайына асығыс аттанып кетті...

Қазір Теректіде Уәли атаның үлкен шаңырағының отын маздатып атаның кіші баласы Бақыт көке мен Нұржамал тәте отыр.

Ал тағы бір туыстарымыз – Алпысбай, Сансызбай, Зейнеп, Құдайбергендердің әкелері ертеректе қайтыс болған, аналары Жамал апа – бізді көрсе құрақ ұшып тұратын. Өзі де, балалары да адал еңбекті серік еткен жандар. Зейнеп маған мектепте сабақ берді, басқаларға қарағанда мені туыс ретінде іш тартатын. Өзім де жақсы оқыдым, бірақ жақсылығыңды жарқыратып айтып, демеп отыру да – ұстаздың міндеті. Ондай кезде қанаттанасың, алға ұмтыласың.

Інім Бекзат Теректіге барған сайын Алпысбай, Сансызбай ағаларына бір соқпай өтпейді.

Бала кезімізде мектептің жанында тұратын туысымыз Жабай – Ақан ата мен Бикен апаның ұл-қыздарын бауыр санайтынбыз. Алғашқы перзенттерінің бәрі қыздар болатын: Нұржамал, Гүлжамал, т.б. бірінен-бірі өтетін гүлдерден кейін дүниеге келген ұлды – Жұмакелді деп атапты. Ол менен бір жас үлкен, мектепте де, ауыл да қойдың кезегіне барғанда да маған қарайласып, ағалық қамқорлық көрсетіп жүретін.

Кейін Жұмакелді Бобаев Теректі мектебінің директоры болып қызмет атқарды. Теректіге барған кезде інім Бекзат алдымен Жұмакелді ағаға барып сәлем беріп қайтайық деп тұрады. Бикен апамыздың көзі тірісінде «айналайындап» маңдайымыздан сүйіп өмірден ерте озған ата-аналарымыз жайлы айтып, көзіне жас алатын.

Соғыста оқ тиіп, бір көзі көрмейтін Төлен Айбасов, әйелінің аты – Зиягүл еді, көп ұлдың ішінде менімен жасты қызы – Ғалияны сыныптастарымыз «капитан Айбасова» дейтін. Ұлдардың арасында өскесін бе, ол ер бала сияқты-тұғын. Үйіне бара қалсаң анасы қуана қарсы алатын.

Біздің ата-анамызбен сыйлас, жақын араласатын, Зиягүлдің кіндігін кескен Кіпия әжемізді жұрт:

– Өткір, әділ, айтарын бетіңе айтып жеткізеді, – деп, басқалар қатты қаймығатын. Төрт ұл, бір қызды өз еңбегімен қатарға қосқан, жолдасы ерте қайтыс болыпты. Ең үлкені Жәмила апа өте ажарлы, аққұбаның әдемісі. Ол кісінде де анасы сияқты ұлдары көп те, жалғыз қызы Роза менімен бірге оқыды, екеуіміз дос болдық.

Кіпия әже:

– Зиягүлдің соңына ерген бұл да, менің қызым, – деп көре қалса, қалтасынан тәттілерін, кейде орамалға түйген тиындарын беретін.

Басқалар қалай қатал дейтінін қайдам, самбырлап сөйлеп, ойын ірікпей айтатын әжені өзім жақсы көретінмін. Біздің үйде болатын той-томалақтың бәріне де қатысып, өзі басқарысып тыным таппайтын Кіпия әжені әкем де, анам да қатты сыйлайтын.

Әкем алдымен Мұса ағамен бірге жылқы баққан, ол біздің өз ағамыз сияқты үйге келгенде еркелететін, суретті жақсы салатын. Үріп ауызға салғандай Гүлзейнеп тәтені келін ғып түсірді. Әкем оны өз баласы сияқты ақылын айтып, жақсы көрді және оның басына түскен тағдыр тауқыметін естігенмен де, ол жайлы жақсы пікірін өле-өлгенше өзгертпей кетті...

Кейінгі жылдары әкем Сайлау ағамен бірге жылқы бақты, ағайынды кісілердей болып араласты.

Сайлау аға мені еркелетіп «Сейітжанның қара қызы»-дейтін, өзінің төрт қыз, жалғыз ұлы бар. «Осының балалары менен ақ емес сияқты, бірақ мені неге қара қыз дейді екен?» деп ойлайтынмын.

Хамит аға Кіпия әженің ең үміт күткен баласы болған сияқты. Өзі сол баласы мен келіні Ұлтудың қолында тұрды. Білімді бізге химия пәнінен сабақ берген Ұлту мұғалім сондай салмақты, сабырлы еді. Кіпия әженің шапшаң мінезіне шыдап, қабағын шытпай қанша жыл бірге тұруының өзі асқан парасаттылық пен көргенділіктің белгісі деп ойлаймын. Кіпия әже де келінін аузынан тастамай, кей мәселені онымен ақылдасуым керек деп отыратын.

Хамит аға ферма меңгерушісі болды, әкем ылғи мақтап, атқарған ісіне ризашылықпен қарап, айтып отыратын.

Біздің ауылдағылар менің «әкем мен Сыржан ағаны күйеу бала» дейтін. Шынында да қаптаған шал-шауқанның ішінде екеуі жігіт сияқты еді. Әрі екеуі де еңбекқор болды.

Ол кісінің әйелі Тақау апа Шағырдың қызы болғасын ба, менің анам екеуі бір жаққа барарда бірін-бірі күтіп, әңгімелерін айтып араласып тұратын. Әкем де, Сыржан аға да күйеу бала әдебін сақтап, бір ауыл толы шағыр қайын аталарының алдын кесіп өтпесе, ажал ғана алды сексеннен асып, арты жетпіске аяқ басып қалған ақсақалдардың алдына шығарып, екеуі де алпысқа жетпей өмірден озды...

Менің әкем бір жылдай ауырып көз жұмса, Сыржан аға мал іздеуге қырқа жаққа шыққанда күтпеген жерден мотоциклден аударылып ойламаған жерден жазатайым қаза тапты.

Сол түні ол кісілердің иті түнімен ұлыды, әдетте үлкен адамдар иттің ұлығанын жаман ырымға балайды, ол ит те иесінің сол сапардан оралмайтынын сезген болуы керек...

Шіркін тағдыр-ай, десеңізші! Кейде күтпеген жерден тосын сый ұсынып, жайрандап жүрген жаз күнін тұмаққа айналдыратын кезі де болады екен-ау! Әйтпесе, мыңғыртып мал айдаған байдың бұлаңдап ерке өскен қызы аяқ асты кіріптар боламын, мұндай бейшара кейіпке енемін деп үш ұйықтаса түсіне еніп пе?...

Әңгіме желісі бүкіл ауылда әр үйге еш шақырусыз еркін кіретін, біздің үйдің оң жағында шағын ғана көзге қораштау көрінетін үйдің иесі болған

Мәжікен апаға ауысып келеді. Оның өзіндік мәні бар. Ол кезінде мың жылқылы бір байдың қызы болса керек. Тура ертегідегідей ол өте ажарлы, қатарының алды болып ерке өскен қыз екен. Содан кеңес үкіметі орнағанда әкесінің бар байлығы тәркіленіп, жер аударылыпты. Қызын сол кезде еріксіз бір шалға бергендіктен тағдыр тауқыметінен сұлу қыз адам танымастай болып қартайып кеткен деседі.

Ауылдағы ата-әжелер не сұрап келсе де, оның қолын қақпайтын. Біз балалықпен оны көргенде күліп, мазақтап қашсақ, нақ сол сәтте-ақ ата-анамыздан жазамызды алатын едік. Түнде есік алдына шыға қалсаң, ай жарығымен ақ жаулығы ағараңдап өз-өзімен ыңылдап ән айтып жүретін. Көзіне түспеуге тырысатынбыз.

Өзі де, бес ешкісі де сол шағын үйдің ішінде, көпке белгісіз болып күй кешетін. Кейде «менің Айдарым қашан келеді?» деп ұзын жолға телміріп қарап отыратын. Ауыл балалары оның қуыршақтай үйінің ішінде не бар екен деп таң қалатынбыз. Ешкім оның үйіне батып кіріп көрмепті.

Бір күні далада ойнап жүрсем, бір кісі:

– Мәжікеннің үйі қайда? – деп сұрады, алыстан келгені көрініп тұр. Ертіп алып барып, кішкентай терезені қақтым. Бір кезде далаға шыққан Мәжікен апа бейтаныс еркекті құшақтап алып, сұңқылдап ұзақ жылады да, үйіне кіргізді. Бұл құбылысқа аң-таң боп состиып тұрған маған да ілтифат танытып:

– Үйге жүр, Әлекеңнің немересі, – деп құрмет көрсетпесі бар ма?! Сонымен қанша жыл сол ауылда тұрғандардың ешқайсысы табалдырығын аттап көрмеген үйдің ауылдастар арасына алғашқы қонағы мен болдым. Кейін атамның айтуынша, ол іздеп келген Мәжікеннің жалғыз ұлы Айдар екен. Үйлі-баранды жігіт ағасы қанша жалынып алып кеткісі келсе де, сонау Шымкент жақта тұратын ұлының қолына Мәжікен апа барғысы келмепті. Басына қиындық түскенде баласын алып қалып, өзін қаңғыртып жіберген қайын жұртына әбден көңілі қалған болса керек...

Түрлі тағдыр тоғыстырған байдың да, бағланның да, болыстың да балалары қоныс қылған біздің әулиелі Теректі жайлы, оның тұрғындары туралы бала кезім де есте қалғандарын осылай тізбектеп баян еттім. Жадымда қалмай, қаламыма ілікпеген ауылдастарым болса, ұрпақтары айыптай көрмес. Атамның еркесі болып асыр салып өскен ауылымның келбетін, нағашы жұрттың киелі екендігін қара сөзбен қаншалықты айшықтай алдым білмеймін, бірақ бала шағымның балдәурен кезеңдері сол кішкентай ғана Теректіде өткендігін, бала шағым – болашағымның негізі болғанын айту туған жерімнің алдындағы – перзенттік парызым деп санаймын.

*«Перзент парызы» кітабы,
2013 жыл.*

ТЕРЕКТІ ӘУЛИЕНІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП СЫРЛАРЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының бір бағыты- Қазақстанның қасиетті жерлерін анықтау болып табылады. Оны іске асыру негізінде «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы құрылғаны мәлім. Орталықтың жетекшісі Берік Әбдіғалидың осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстары жайлы сұхбатында республикамыз бойынша 100-ге тарта, жергілікті маңызы бар 500-дей қасиетті орындар тізімі жасалғаны айтылған. Соның ішінде екінші топқа жіктелген археологиялық және ортағасырлық қалалық орталықтар тізімінде менің туған жерім Теректі әулие де бар екенін білдім.

Әр адам өз туған жерінің тарихын біліп, туған топырақтың қадірін ұғынғанда ғана қасиетті мекенге деген сүйіспеншілігі оянады. Жезқазған қаласынан 70 шақырымдай жерде орналасқан шағын ауылдың неліктен «Теректі» атанғаны жайлы ешкім дөп басып айта алмайды. Тал-терегі жайқалып тұрған жасыл желекті жер емес, кәдімгі көз алдында көлбеңдеп жатқан ұшы-қиырсыз кең даланың бір бөлшегі секілді кішігірім ауылдың өзгелерден онша айырмашылығы да бір қараған жанға еш байқалмас еді. Ал тарихи деректерді сөйлетсек, Теректі тарихы тым әріде жатыр.

Ұланы мен қыраны, ұлары мен құланы арқылы әлемге танылған қасиетті өлке бағзы замандағы Ертағы мен Кертағы, кейінірек атауын заман ауанына қарай өзгертіп аңызға айналған қарт Ұлытау мен Кішітауым Ұлы даламның мақтанышы болған, болып қала бермек. Өйткені, мұнда қиянға салса қанаты талмайтын, қияға тартсаң тұяғы талмайтын, алып дала төсінде ат үстінде түн қатудан талмайтын қажырлы ұрпақтар өсіп-өнген. Бұл қыраны қалғуды білмейтін, туған даласының тыныштығы үшін жаужүрек ұландары кірпігін ілмейтін өр тұлғалы жандардың өркен жайған өлкесі. Өрлік істері жастарға үлгі, ерлік шежіресі ұрпаққа өнеге қарапайым жандар жайлы аңыз-ертегі де осы өңірден бастау алатыны да сондықтан. Мұнда әрбір төбе сыр айтады, әр аңыз сонау заманнан шежіре тарқатады. Әлемнің қай түкпірінде жүрсе де бір-бірінен «Ұлытауға бардың ба, ұлар етін жедің бе?», – деп амандық-саулық сұрасуымен-ақ, ел жайынан хабар алып тұруының өзі неге тұрады?! Осы кие қонып, бақ дарыған өлкенің айрықша мағынаға ие болған орындарының бірі – «Теректі әулие» деп аталады. Ол ертеден-ақ зерттеуші ғалым, саяхатшылар мен өлке жайлы білгісі келетін жат елдіктер назарын да өзіне аударып келген тарихтың құпия қоймасы, сыр сандығы. Сондықтан «Теректі әулие» төңірегінде өрбіген ой көп.

Оны таразылау болашақтың парызы, қасиетті аманат ісі. Қазір бұл істі зерттеушілер ескерткіштің құнды мұра екеніне күмән келтірмейді. 1998 жылы Зарина Сасикова Жезқазған университетінің тарих кафедрасында аға оқытушы кезінде археологиялық-этнографиялық үйірмеге жетекшілік етіп,

Теректі әулие төңірегінде бірқатар жұмыстар жүргізгенін Жезқазғандағы «Подробности» газетінде жазды. Онда: «Қазақстанда жоқ екі метрлік жылқы бейнесі – нағыз ғажайып оқиға. Бұл жылқы бейнесі екі мың жыл бұрын салынған. Ат жалынан бастап орналасқан 24 таңба құдірет күшінің құпиясы осыған дейінгі еш петроглифте кезіккен емес. Мұндағы әр белгі осы өңірді мекендеген тайпалардың саны мен тірлігінен хабар берсе керек. Мұны әлбетте, Алматылық ғалымдар зерттеп жатыр», – делінген.

Жезқазған жерінде есімі елге кеңінен танымал Асқар Ермекбаев «Ақсұңқар ұшар қияға» кітабында: «Ертеде Теректі әулиеге жақын жерде тұратын бір бақуатты адам, еліне беделді азамат сырқаттанып көп жыл бойы науқасынан айыға алмайды. Күндердің күні болғанда әлгі кісі шыбын жанына араша іздеп Меккеге барған екен. Сол жерде керемет бір білімді де, білікті ғалым-балгерге барып мұңын шағып, науқасынан айыға алмай жаны қиналғанын айтыпты, қазақтың бар айтқанын тыңдап болған араб ғалымы науқастан:

– Қайдан келдің? – деп сұрапты. Ол:

– Сарыарқа деген байтақ аймақта Теректі әулиенің жатқан жеріне жақын өңірде, – деп тұрағын айтады.

Оны естігенде әлгі ғалым-балгер:

– Ауылыңның іргесінде Теректідей әулие жатқанда жер түбінен бұл жаққа келмесең де болатын еді. Мен қолымнан келгенімше емімді жасап, көмегімді көрсетемін, бірақ ауылыңда Теректі әулие болса, жаныңа содан шипа табасың, – депті.

Міне, осыған қарағанда Теректі әулие кезінде атағы алыс елдерге дейін жеткен әруақты адам болған болуы керек», – деп халық аузындағы деректердің бірін келтіре отырып, өзіндік ой түйеді.

Осындай қызықты бір деректі Жезқазған археологиялық-тарихи мұражайында кездестірдім. Ондағы Абай атындағы мемлекеттік университетінің ғалымы Ишанғали Сағындықтың «Изображение коне в петроглифах Теректі-әулие» деген ғылыми мақаласында: «Аңыз бойынша осындағы бір үңгірде дүниеден бәз кешкен тақуа, діншіл, мұсылман Хазірет Әлі өмір сүріпті...», – деген жазба мені тағы бір ойға жетеледі... Хазірет Әлі... тақуа жан. Халық есінде ұзын сонар тарих жаңғырығы емей не? Дегенмен, өз кезінде жоғарыдағы атауларды алғаш қолданғанда – болашақтағы терең зерттеуді қажет еткен «тұңғыш болжамдар» ретінде қарастырылса керек. Дегенмен «Теректі әулие» деген сөздің астары мен оқиғаның өрістеу сәтіне зер салу артық емес. Алдымен бағзы бір заманнан жалғасқан «Әулие» атауына кім лайық?» – деумен қатар, намаз оқыған сәтінде «тас балқыды» деген мәселені де қарастырайық. Осы екі жай әшейін айта салған бос сөз бе, жоқ әлде әлденені мезгей ме? «Менің ойымша, мұнда мынандай қисын бар сияқты, – дейді Тоғанбай қажы Құлманұлы «Имандылық кеңістігі» кітабында: «Әулие» сөзі Ұлытау – Ертағы мен Кертағы заманнан бері бізге жеткен деректер ішінде Заратуштра атанған «Дала пайғамбарына» лайық тәрізді. Себебі, Ол шын мәнінде әулиеге лайық, әрі Алланың нұрын *(біз өскен*

ортада алғаш) көріп, періштелерімен сұхбаттасқан деседі. «Әулие» сөзі – «...арабша сөздікте – Уәли, ал көпше түрі – Әулие екен. Әулиелер – дінімізде, Алланы тануда «жоғары дәрежеге жеткендер» деп те атала береді. Олар құпия ілімді игергендер, Алланың жүзін көргендер». Алланың жүзін көрген, соңына 22 тонна ғылыми еңбек қалдырған халық аузында айтылатын Зәрдеш-Жарасқа осы әулиелікті қимауға бола ма? Бір ескеретін жәй біздің өлкеге бір күн түнеген әулие – Қызыр баба емесі анық. Ол қисынға келмейді. Егер де бұған теңдес келер тың дерек табылса, елімізге тағы бір алып тұлға ораларына күмәнім жоқ. Енді аңызға сәйкес, «Теректі әулие» намаз оқыған кез қай дәуірге, қай мезгілге, қандай оқиғаға сәйкес келуі мүмкін дегенге келсек: Ол – жаңа жыл басы, жер бусанып, жаңа тіршілік ояна бастаған Наурыз – Ұлыстың ұлы күніне дөп келмеді ме екен? Нақ сол күні Аллаға мінәжат еткенде періштелермен бірге Қызыр бабаның да назары ауып, Ертағы мен Кертағы маңындағы киелі төбеге ықыласы түсіп, нақ сол сәттен бастап Жарас-Зәрдеш атанған бабамыздың басына пайғамбарлық қонып, болашағының бағы жанбағанына күмәндана аламыз ба?».

Бұл ойлар мен тұжырымдарға қарсылық білдіру шынында да мүмкін бе? Келіскен дұрыс сыңайлы. Өлкеміздің өрісі кеңігеніне қарсы болу кімге лайық? «Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша наурыздың 21 түні даланы Қызыр аралайды. Сол себепті осы түн – «Қызыр түні» деп аталады. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен күн нұрының символы – Қызыр ата даланы кезіп жүріп назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді...» Осындай «күн нұрының символы – Қызыр ата...» – деудің өзі сонау қола дәуіріне, күнге табынған кезді мезгейтіні шындық емес пе? Демек, Зәрдеш-Жарас Заратуштра есінде мәңгі орныққан киелі орын қасиетті сәт – оның ұрпағы біздерге қалдырған мәңгілік мұрасы – «Теректі әулие» болуы қисынға келеді-ақ.

Ғалым Ғұзыхан Ақпанбек пен С. Әбиевтің 1990 жылы жазған «Жезқазған туы» облыстық газетіндегі мақаласында «Теректі әулие» басындағы гранит тастағы бейнелерге ерекше мән беріп, жалпы көрінісін толықтай сипаттап көрсеткен: «...Әулие сырғанағы» аталған жартастың жоғары жағында түйелердің суреті бейнеленген. Шабынып тұрған бураның шиыршық атқан бейнесі айқын көрінеді. Енді бір тұста суреттер көп: салт атты адам, тұсаулы ат, шідірленген ат, түрлі сызықтар. Енді бір жартаста таутекелер шоғырланған. Олардың орналасуында белгілі бір жүйе аңғарылады. Спираль бойымен тізбектелген таутекелердің жалпы саны – он екі. Өкінішке орай, шеткі суреттердің мүйіздері ғана көрінеді. Өйткені, тастың жиегі табиғат сынына төтеп бере алмай мүжіле бастаған. Әлгі таутекелер шоғыры бейне жұлдыздар керуені іспетті. Тұтас бір композиция. Жорамалымыз бойынша бұл 12 таутеке бейнесі 12 жылдық мүшел есебін, не 12 айдың мөлшерін көрсететін сияқты. Бір ғажабы, таутекелердің мүйізі ай тәріздес. Ал тек таутекелер суретінің берілуі қалай? Бұл жағы жұмбақ. Қалай дегенмен де тасқа ойылып салынған бұл суреттер еріккеннің ермегі емес, талай жыл тер төгіп, тынымсыз еңбек нәтижесінде пайда болған белгілі бір

ойды білдіретін жазу екендігінде еш күмән болмаса керек. Таутекелердің жоғарғы жағында ат айдаған адамдардың көмескі бейнесі көрініс береді. Әр тұсқа үңілсек те көретінің таңбалы тастар. Оларда шаңырақ мүйізді өгіз де, алдыңғы қос аяғын бауырына алып ышқына секірген ат та, қосақталған түйе де және басқа бейнелер де баршылық. Енді бір ұзындығы үш метрге жуық жалпақ тастағы жануарлар тұлғасының арасындағы өгіздің сұлбасына қарап, таң тамаша қалдық. Себебі Франциядағы фон-де-Гом, Ласко үңгірлерінен табылған суреттерге ол өте ұқсас. Әрі толқынданған мүйіздері алға қарай ұмсына біткен бұл өгіз басқаларға қарағанда ерекше көзге түседі. Сондай-ақ, таудың етегінен 60-70 метр шамасында жоғарыдағы түйенің сұрғылт бейнесі де айқын көрінеді. Айта кетейік, көп суреттердің мөлшері 20-30 сантиметр шамасында. Ара-кідік көлемді суреттер де ұшырасады. Тас бетіндегі бұл таңбалардың мүмкін өзіндік сыр сипаты бар, бірақ ол бізге белгісіз».

Сыры тереңнен бойлағанға ғана ашылатын Теректі әулие жайлы әзірге ғылымға негізделген деректер осылайша сыр шертеді. Бала кезімізде сан рет саяхаттап барып, маңайында ештеңе жоқ, құдды бір аспаннан біреу жерге көтеріп әкеле салғандай төбе мен оның басындағы суреттер бізге таңғажайып бір тылсым сырды бұғып жатқандай көрінетін. Төбе басындағы сырғанақты теуіп, күнәсі бар жандар арасынан өтсе қысып қалады екен деген тастың арасынан қайта-қайта бала көңілмен күнәміз бар ма деп талай өтіп көрдік қой. Ғарышпен байланысы бар төбе көрінеді, басқа елдің ғалымдары келіп зерттеп қарап жүр дегенді де сан естідік. Бәлкім, олардың зерттеулері өз елдерінде талай журналдарға жарияланған болар, ал біздің тарихшы ғалымдарымыз да қол қусырып отырмаған болар, бұрындары Қарағанды университетінің археология мен тарихты зерттейтін экспедициялары да жиі Теректі әулиеге ат басын бұратын. Кезінде бір пысықайлар төбенің тастарын сындырып, әлдебір мақсаттарына пайдаланбақ болғанда Ғұзыхан Ақпанбек бастаған, ақын Сайлаухан Нәкенов бар «Өткенге оқ атпайық, тарихты жоғалтпайық»,- деп қарсы шығып қисынсыз істі болдыртпай арашалап қалған киелі орын бұл! Болашақта да еліміздің қасиетті нысандарының қатарында тарихтан өз орнын аларына сенемін.

Туған жерге сағыныш

Туған жерім Жезқазғаннан Астанаға қоныс аударғанымға жиырма бір жылдан асыпты. «Отызында орда бұзбасаң, қырықта қамал алмайсың»- демекші, тура сол отыз жасымда жаңа елордаға келіп өмірімнің жаңа кезеңдері басталды.

Мен үшін әрине туған жерім, мысты шаһар Жезқазғанға жетер жер жоқ. Облыс болып дүркіреп тұрған кезінде оның орталығы ретінде шағын қала болса да атағы алысқа жетіп жататын. Әр іс сапардан оралған сайын мыс зауытының мұржасынан будақтаған түтінді көріп, алыстан көзге шалынатын «Мыс-біздің байлығымыз»- деген жазуға қарап шаршағаның

басылатын, бейнетаспаларға толтырып әкеле жатқан болашақ хабарлардың жауапкершілік жүгін сезініп жұмысқа асығатынымын.

Халқы қандай шіркін, өнерді бағалауы, талантты тап басып тануы, елге, жерге қатысты мәселелерді қозғағанда ойларын ашық айтып, намысыңды жануы...

Күні кеше ел жайлы ойлап, ескі қолжазбаларды ақтарып отырсам, бір парақ сарғайған қағаздың қолыма іліне кеткені, Жезқазған өңіріне ақын ана ретінде есімі кеңінен танымал Нүрәсила Бәрменбаеваның өз қолымен машинкаға басылған жыр жолдары көзіме оттай басылды:

Базаркүлім бағалым,
Серісіндей даланың.
Ер бала боп тумапсың,
Соған аздап наламын.

Өнермен сөз төресің,
Жинап алып келесің
Қызықтырып көрерменді,
Экраннан бересің.

Саған ырза көрерменің,
Алда әлі берерменің.
Сен жүргізген Жұма күнге,
Білесің бе ел кенелгенін.

Алғысты алып алтын қызым,
Әлі де алға талпын қызым.
Еңбек етсең еліңе сен,
Болады әркез жарқын жүзің.

*Жазған қарт анаң Нүрәсилә.
1995 жыл.*

Он бір шумақтан тұратын ақын ананың жүрегінен жарып шыққан жыр жолдарын ықшамдап алып ұсындым. Әр жолды оқи отырып, қимастықпен сол бір күндер көз алдымнан нақ бір бейнебаяндай тізбектеліп өтіп жатты. Жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен өнерлі жандарды жинайтын «Ұлытау үні» фестивалі аясындағы республика деңгейіндегі айтыстар, шығармашылық кештері, театр қойылымдары, соңы жас таланттарды жарқыратып өнер сахнасындағы алғашқы қадамын жасататын «Әнші балапан» байқауына ұласатын. Бір апта бойы Жезқазған аспанын әсем әуен кернеп, жаухар жыр жүректерді тербеп тұратын.

Ақтөбе мен Жезқазған арасында өткен республикалық айтыста елімізге «Шындық туралы толғауы» арқылы танылған әрі жыршы, әрі кенші, әрі ақын Шынболат Ділдебаев ағамыздың айтыс сахнасы төрінен: «Ақтөбені білсе білер қанша жұрт, Жезқазғанды Галактика біледі» – деген ұтымды ұйқастарын көпшілік ризашылықпен айтып жүретін.

Торғай облысы алғаш жабылғанда Жезқазғанға барлық өнер ордасымен көшіп келген С.Қожамқұлов атындағы облыстық драма театрының әрбір спектакліне жиналған көрермендерден ине шаншар жер қалмайтын. Бәлкім, бұл қазіргі жұртқа менің қиялымнан туған ертегіге ұқсар, бірақ сол кездің нағыз шындығы болатын!

Жер асты пайдалы кен қазбаларына бай, үсті табиғи таланттарға толы, қасиетті топырақта туған кімге болсын қолына қалам алса жүрегінен жыр өріліп, домбыра ұстаса көкірегінен күй төгіліп, аңғарған жанға перзенттерінің бойынан Ұлытаудай биіктік көрініп тұруы заңдылық шығар?!

Кім де болсын туған жерін сағынады, оның қадір-қасиетін алыста жүргенде ұғынады. «Арқада аяз болмаса-арқар ауып несі бар», – демекші, 1973 жылы құрылған Ұлытау бауырындағы Жезқазған облысы 24 жылдан кейін, яғни 1997 жылы екінші мүшелге кіргенде жабылды. Облыс халқы үшін бұл күтпеген жаңалық болатын. Әлі есімде сол жанымызды жабырқатқан жаңалықты облыстық әділет басқармасының басшысы Қали Жақановтың 50 жылдық мерейтойына жиналған жұрттан естідік. Ол ресми емес күбір-сыбыр әңгіме шығар деп ойлағанбыз. Әуежайдың екінші қабатындағы үлкен мейрамханада облыстың танымал деген қаншама адамдары бас қосқан осы мерейтойдан кейін шынында да бәріміз жыл құстарындай қызмет бабымен, туған жерімізден жыраққа, жан-жаққа ұшып кеттік.

Облыс әкімі Қажымұқан Нағыманов болып тұрған кезде кем-кетігі толып, жылдар бойғы шешілмеген күрделі мәселелердің бірі – жылу беретін құбырлардың бәрін жаңартып, халықтың үйі мен қоса көңілі де жылынып келе жатқан жылдар еді. Көпшілік жұрт «әкімнің басқа облысқа қызмет ауыстыруынан болды-ау, ол кісі отырғанда облысты жапқызбай алып қалатын еді», – деп айтып жүргенін де естідік.

Мені таңқалдырғаны Жезқазғанға қала мәртебесі беріліп, сары алтындай мысы арқылы әлемге танылуы үлкен жүректі ғалым, академик Ертіс өңірі, Баянауылда дүниеге келген Қ.И.Сәтбаевтың ерен еңбегінің арқасы десек, ал жабылуы әкім сол Павлодар облысының тумасы (Екібастұздан болу керек) Ерлан Смайыловтың кезінде болғаны.

Облыстық телеарнаның журналисі ретінде облыс әкіміне сол сауалды мамыр мерекесінде оңтайлы сәтті пайдаланып қойған сәтімде ол соншалықты мардымды жауап бере алмады. Бұған дейін аумағына 7 аудан мен 4 қаланы сыйдырған үлкен облыстың орталығы болған – жезқаламыз бір күнде мәртебесінен айырылған кезде көңіліміз құлазып, «ертеңіміз не болар екен?» деп алаңдағандар аз емес-тін. Бәрінен де бар қазақ баласы үш жүздің басын қосқан, таулықтың тал бесігі атанған қасиетті мекен – Ұлытау да осы облыстың аумағында орналасқан. Тіпті, болашақта бұл өңір елордасы болып таңдалады екен деген де баспасөз беттерінде әңгімелер қозғалып жүрген болатын. Шынын айтқанда, «ешкімге тәуелді емес, экономикасы да, әлеуметтік жағдайы да тұралап тұрмаған облысты жабуға таңдау қалай түсті

екен?» деген сауал елдің де, менің де көкейімде әлі күнге дейін сыры ашылмаған, жауабы табылмаған жұмбақ болып қалды...

Облыстың сол кездегі астанамыз – Алматыдағы жоғары лауазымды иеленген азаматтары мен игі жақсыларына хат жолдап, ең болмаса облыстық теледидарды сақтап қалайық деген үмітімізді үзбей отырғанда, аманатымызды арқалап барған басшымызды Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясына төрағалыққа тағайындап жібергесін, амалсыздан таңдаған мамандығымыз бойынша басқа облысқа қоныс аударуға тура келді.

Содан бері зырылдаған уақыт жетегінде айлар ағып, 21 жыл білдірмей өте шығыпты. Алғашқылардың қатарында Ақмолаға бағыт түзеген көштің басында 1997 жылдың шілдесінде туған жеріммен, алыстан мен мұндалайтын түтіні будақтаған мыс зауытының мұржаларының өзі көзге ыстық көрінетін мысты шаһар – Жезқазғаныммен, қайда барсам да Ұлытаудың қызымын дейтін, кеудемді мақтаныш кернейтін қарт баба қасиетті мекеніммен қимай қоштасқаным кеше ғана сияқты...

Бірлікке үндеген туған жердің қасиеті бойымызға шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап дарыған шығар, әрқашанда қайда жүрсек те, жезқазғандықтар үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін қалпымыздан жаңылған емеспіз. Облысымыз тарағасын жан-жаққа ағылған мамандар арасында жезқазғандықтардың атына тек білімді, білікті деген жақсы баға айтылатынын журналист ретінде сан естіп, риза болатынымын. Ал тәуелсіз еліміздің тұғырын биіктетуде де, жоғары лауазымды қызметтер атқарған кездерде де ел сенімін ақтаған азаматтар аз емес.

Оған дәлел – М.Ж.Көпеев бірнеше жылдар бойы еліміздегі ең жоғары заң шығарушы орган – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланып қана қоймай, Мәжіліс пен Сенат төрағасы орынбасары болып абыройлы қызмет атқарғандығы, елімізге танымал мемлекет және қоғам қайраткері Ә.М.Бәйменовтың ҚР Президенті Әкімшілігі басшысы лауазымына дейін көтерілгені, тәуелсіз елдің мемлекеттік қызмет саласын дамытуда ерекше қолтаңбасы бар екендігі, министр ретінде де елге қажетті мәселелерді шеше білгендігі. Туған жерімізден алғаш ҚР Парламенті Сенатының депутаты болып сайланған Ерлан Қошановтың білімі мен біліктілігінің арқасында ҚР Премьер Кеңесін басқарып, бүгінде Қарағанды облысы әкімі болып отырғандығы. Мемлекеттік қызметтің қай саласында болсын абырой биігінен көрініп жүрген Мұталап, Қайрат Әбсаттаровтар, бұл әулеттің жас буынының өзі елімізге қажетті мамандықтарды игеріп, ел ауызына іліге бастады.

1997 жылы Жезқазған облысы жабылып, жан-жаққа ағылған жандардың қатарында мен де қоныс аударып, сол кездегі Ақмола облыстық телерадиокомпаниясына жұмысқа орналастым. Жезқазғандағы танымалдық, шағын қаланың әр бұрышынан туғанындай көріп шүйіркелесе кететін жерлестеріңнен гөрі, жаңа жұмыс орны, бейтаныс қала бірден бауырына баса қойған жоқ. Бәрін басынан бастауға тура келді, енді ғана елордасы болуға талпынған облыс орталығының әрбір жаңалығын жұртшылыққа жеткізуге тырыстым. Құрылысшылар жаңа әсем ғимараттың әрбір кірпішін қалап,

пайдалануға берсе, біздер журналистер жаңа астананың ел алдындағы, тіпті әлем алдындағы мәртебесін иемденуде атқарылып жатқан әр маңызды оқиғаның басынан табылып, сөзімізбен халық сенімін орнықтыруға күш салдық. Шағын облыс орталығы саналған Ақмола бүгінде адам танымастай өзгерген, көрген жұрт таңдай қағатын сән-салтанаты жарасқан сәулетті шаһарға айналды. Тәуелсіз санамен ержеткен ұрпақ бүгінде мәңгілік ел болуды аңсаған ұлттың ұлы армандарын жүзеге асыруға ат салысуда.

Туған жерден Астанаға келгелі жылжыған жылдар жетегінде уақыт зырлап барады. Жыл өткен сайын туған жерге деген сағынышыңды онда болып жатқан жағымды жаңалықтарға құлақ түріп басасың, туған топыраққа табаның тигенде жақсы өзгерістерді көріп көңілің қуанады, жаның жұбанады. Астанадағы Жезқазғандықтар да әр істеген істерін туған жерінің мәртебесін көтеруге арнап жүр, «Ұлытаудың ұлымын» – деп Қыдырәлі Болманов елорда жұртшылығын ерекше концертімен тәнті етсе, «Қаракөз» ансамблінің атын қайта тірілтіп Ахмедия, Болат Есмұхановтар арқа төсін «Жез киіктің» үнімен, Жақсыкелдідей жайсаң таланттың ізімен жүріп жалғауда.

Астаналықтарды «Ұлытаудан қанат қаққан Тайжан ақын», – атты кешімен Ғалым Мұхамедин таңдай қақтырса, мың бұралған бидің құдіретін Тәуіржан Рахатовтың «Шашуы» жеткізеді. Бірлікті ту еткен қасиетті жердің топырағында ғана өзін емес, елін сүйетін ұрпақ өмірге келеді және туған жерінің, өскен елінің кемел келешегіне сенеді!

Әр жылдарда жазылған мақалалар мен сұхбаттарға кезек бермес бұрын, осыдан 30 жылдай уақыт бұрын жазған жыр жолдарымды оқырман назарына ұсына кеткенді жөн көрдім. Кейде көп сөзге сыйғыза алмаған ойларыңды жырмен жеткізгің келеді.

МАМАНДЫҒЫМ ҚАЛАҒАН

Жақсылықты іздеп жүріп жазатын,
Кемшілікті түбірімен қазатын
Мамандықты қаладым деп айтқанда,
Үнсіз ғана қалып еді анашым.
Сол-ақ екен басталды сан сапар жол,
Талай қиын-қыстауларға апарды ол.
Ана көрсем жолға қарап телмірген
Маған әр кез елестейді апам боп.
Ақ қағазға түспей кейде жалғыз сөз,
Ұйқы қысып, тұнжыраса жәудір көз.
Өзім ғана, өзім ғана кінәлі
Мамандығым кінәлі емес оған еш.
Жерінбеймін, қайта өзімді қайраймын,
Ондай кезде қарсы келер қандай мұң?
Түйдек-түйдек сөз керуенін тізем де,

Сосын кешке радиодан «сайраймын».
Күндер солай өтіп келед, сан қилы,
Журналистік дей алмаймын, тым сыйлы
Түсінбесе жұрттар кейде жанымды,
Намыс оты жүрегімді жандырды
Сондай сәтте іштей ғана қамығам,
Сосын ұзақ шабыт күтіп сарылам.
Тыныштықты қалап кейде жүрегім
Ал кей кезде жалғыздықтан жабығам.
Жақсы жандар табылғанда жанымнан
Мұң мен қайғы бәрінен де арылам.
Шыға қалсам демалысқа кезекті
Сол ұйқысыз түндерімді сағынам.
Мамандығым осы менің қалаған
Қалай оны ауыстырып, ала-алам
Жазған сайын жақын тартып тағдырлар
Мейірімді боп елестейді бар адам,
Мамандығым осы менің қалаған.

*Базаркүл Үмбетова,
Облыстық радионың редакторы,
«Говорит и показывает Джезказган»
мерекелік саны, 1989 жыл.*

ОҚЫРМАН ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН БАСЫЛЫМ

Әр өңірдің жылнамасы секілді тұтас тарихынан сыр шертетін басылымдары бар. Біздің жезді өлке – Жезқазғанның да елдік, ерлік шежіресін тарқатқыңыз келсе, қолыңызға алғаш облыс құрылған кезден бастап мысты шаһардың тынысын қалт жібермей насихаттап келе жатқан кезінде «Жезқазған туы», одан соң «Сарыарқа», қазір де «Сарыарқа» аталған газетін аласыз.

1973 жылдың 13 сәуірінде алғашқы саны оқырман қолына тиген газетке биыл 40 жыл толды. Қамал алар қырық жасына келіп, кемелденіп отырған басылым қызметкерлері осы уақыт аралығында қалам күдіреті арқылы оқырманға талай тұщымды дүниелер ұсынды, облыс, қала өмірінің маңызды оқиғаларын тарих бетіне қалдыруға атсалысты.

Менің де журналистика әлеміне бет түзеген шақтағы тырнақалды жазғандарым осы газет бетінде жарық көргенін атап айтқым келеді.

Журналистика факультетінің алғашқы курсында оқып жүрген кезімде «Құрбымның сыры», «Бақытты болсам деуші едім...» атты әңгімелерім газет бетіне шыққан күні қатты қуанғанмын. Әрі өзім жазған дүниелердің артық-кемі жоқ болып өңделіп, жұтынып шыға келгенін көріп таңқалғанмын.

Осылайша қаламымның ұшталуына сол кездегі газеттің өнер, мәдениет бөліміндегі танымал журналист апамыз Сара Смағұлова, бөлім меңгерушісі Шахмұрат Ибадатовтардың үлкен ықпалы болғанын айтар едім.

Кейін газет редакциясына арнайы барып, танысқанымда Шахмұрат ағай: «жазғандарың ой салатын тақырыптар болғасын өзінді үлкен апай деп жүрсем, жап-жас бала екенсің ғой», – деп өзімсіне жылы қарсы алған.

Журналист қауымы әрқашан бір-біріне жақын жүреді, жазған материалдарын оқып, пікірлерін бөлісуге асығады, облыс, қала көлемінде өткен ауқымды шараларға бірге қатысады. Мен де газеттің басқа оқырмандары сияқты атағы облыстан асып, республикаға танылған өндірісті шаһардың өткір мәселелеріне қаймықпай қалам тербейтін Әлібек Әбдірашевтің, ұлт ұясы – Ұлытауын қадір тұтатын қаламы жүйрік, ақын Батырбек Мырзабековтың, мораль тақырыбындағы материалдарымен көпшіліктің көкейіндегісін дөп басатын ақын Сара Смағұлованың мақалаларын үзбей, іздеп оқитынмын.

Аты аталған әріптес аға-апаларымның облыстық теледидардағы біз жүргізетін «Жұмадан жұмаға дейін» бағдарламасындағы «Өнерге ғашық жүрекпен» айдарына қатысып өлең-жырларын шабыттана оқитын кездері де әлі есімде.

Газет ашылған күннен бастап, облыстың тасқа басылған тарихын түгендеп, арқа өңіріндегі жаңалықтың жаршысы, мәдениеттің ұйытқысы бола білген, бүгінде арамызда өздері жоқ болса да, іздері сайрап жатқан Сабыр Сауытбаев, Сапабек Мырзатов, Сайлаухан Нәкенов ағаларымызды да қырықтың қырқасына келген басылымның мерейтойы қарсаңында еске алуға тиіспіз. Жетпістің шыңын бағындырып қана қоймай, қалам құдыретімен елге танылған ҚР Құрметті журналисі атағын иеленген ақын Көбейсін Еңсебаев ағамыз жайлы да айтпай кетуге болмас.

Астанада жүрген мен әрқашан «Сарыарқа» газетінің тізгінін ұстап, аға буын салған жолдан ауытқымай, ұлт мұраты үшін қызмет атқарып отырған Төлеш Асантегі бастаған әріптестеріме 40 жыл бойы оқырманның жүрегіне жол тапқан игі істеріңіз жемісті болсын деймін.

Газеттің сайты ақтарып, апта сайын жаңа сандарыңызды асыға күтетін, ел жаңалықтарын оқып жақсылығына марқайып қалатын тілекші әріптестеріңіз.

*Базаргүл Сейітжанқызы
«Қазақстан РТРК»*

*АҚ«Астана» радиосының бас редакторы,
ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты
«Сарыарқа» газеті 2013 жыл, 29-маусым.*

ҚҰРБЫМНЫҢ СЫРЫ

Біз қуаныштымыз. Енді қалайша, жолымыз болып университеттің сырттай оқитын студенті атандық. Бір бөлмеде тұратын құрбым Әсемнің де қуанышын алаулаған жүзінен, шаттық нұры ойнаған жанарынан айтпай-ақ сезіндім. Тек бір-бірімізге қарап күле береміз, не болса соған сықылық қағамыз. Сол күні киноға барып, әсем Алматының көрікті көшесінде серуендеп, бөлмеге кеш оралдық.

– Менің біртүрлі ұйқым келер емес, – деді Әсем. Үнінде діріл барлығын байқап қалдым. Бір ай бойы жақын араласқанымыз сонша бір-бірімізді қас-қағысымыздан түсінетін дәрежеге жеткен едік. Оның бірдеме айтқысы келгенін іштей сезіндім. Үндемей ақырын күттім. Айтқандай-ақ ол:

– Менің сенен осы уақытқа дейін жасырып келген сырым бар, – дегені. Оның жүзін сол сәт көргім келіп, басымды жастықтан жалма-жан көтеріп алдым. Бірақ бөлме терезесінен түскен көше жарығы көмескі еді. Осы уақытқа дейін Әсемді бір адамдай-ақ білемін деп келгеніме таңмын. Оған не айтарымды білмей аңтарылып қалдым.

– Осы жасымды басымнан өткергенімді «ауыр» деуге тұрарлық па, оны білмеймін. Әйтеуір оңайлыққа түсе қойған жоқ. Мүмкін қауырсыным қатпаған жастығымнан да болар. Оның бәріне қазір несіне қиналайын, өтті-кетті. Бірақ жасыратыны жоқ, кейде сол күндер есіме оралғанда әлі күнге дейін отыра қалып жылағым келеді. Жас болсам да біраз өмір өткелдерінен өтіп үлгерген тәріздімін. Байқаймын, мына сен де, жалғыз сен емес-ау, осы өзіміз қатарлардың көбі өткен өмірі туралы сөз еткеннен гөрі болашағына ой жүгіртіп, армандауға әуес. Өйткені сендер әке-шешелеріңнің алдында мұңсыз бұлаңдап өстіңдер. Ал мен осы жасымда көргенімді ешқашан да ұмыта алмаспын.., – деп ойға батты Әсем.

Мен болсам үнсіз, тіпті демімді шағармастан оның әр сөзін қалт жібермей тыңдап қалыппын. Қас-қағым сәтте: «Е, сенің тым сабырлылығыңның, шаттана күле қоймай, жай ғана жымия салатының, кейде саңырау адамша үнсіз қалатыныңның бір мәнісі бар екен ғой» деген ой санамда жүгіріп үлгерді.

– Мен «әке» деген сөзді былайша естіп-білгеніммен, ондай адамды көрмей өстім, – деді сәл үнсіздіктен соң, Әсем шешіле әңгімеге кіріскен шыраймен. – Ал «шеше» деген сөзді... Қалай айтсам екен саған? Жарайды жұмбақтағанды қояйын да бар өмірімді нақта-нақты айтып шығайыншы.

Есінде ме, бірде

– Шешем 72-де, – дегенімде, сен:

– Сонда нешінші баласысың, әлде ол әжең бе? – деп қалдың. Мен болсам басымды изей салдым. Мүмкін сен:

– Е, әжесі екен ғой, – деп ойлаған шығарсың.

Мен ол кісіні шешем десем де, әкем десем де, ең жақын бауырым десем де сияды. Ол кісіні мен апа деймін.

Апамның күйеуі Ұлы Отан соғысынан оралмаған екен. Ал бірнеше баласын қара жер жалмапты. Жалғыздықтан жаны күйзелген ана «қалған өміріме сүйеніш етейін» деді ме, әлде табиғаты ана болып жаратылғаннан соң ба, әйтеуір балалар үйінен бір сәбиді алып, бауырына басады. Арада талай жылдар өтеді. Өмірдің заңы – қыз тұрмысқа шықты, өзге үйдің адамына айналды. Бәрінен бұрын ол бір ауылда отырып, туған анасындай болған сол кісінің үйіне – өзінің бақытты балалық шағын өткерген алтын ұясына ат ізін салуды сирексітіп барып, мүлде доғарды. Ана болса «не жаздым?» деп дал. Көзде жас... Жүдеп-қамығып жүргенінде... мен кездесіппін.

Көрші ауылда болған оқиға, тағдыр тауқыметіне душар болған отбасының артында не бәрі екі-ақ айлық құртқандай сәби қалғаны құлағына жетеді. Шіркін, ана жүрегі десеңізші! Ойға алғанын іске асырмақ болып, белін бекем буып, көрші ауылға жаяу тартады.

Оның бұл ісінен хабардар болған ауыл адамдарының арасында күбір-күбір сөз. «Өз басына сор тілеп ол баланы қайтейін деп жүр екен? Бөтен түгілі өз баласының қайырымын көрмей жүргендер де бар. Үлде мен бүлдеге ораған сондай-ақ болар, сол асыранды қызы да тастап кетті емес пе! Одан не қызық көрді? Ендігісі не?!»

Ана қуанышында шек жоқ. Өңіне қайтадан нұр жүгірген. Ауылын тегіс шақырып той жасайды. Сәбиге Әсем деп ат қояды. Қазір ойлап отырсам, сонда анам 54 жаста екен.

Шынымды айтсам, кейінге дейін анамның тумаған қызы екенімді білмей келдім. Қасымда апам барда мен үшін барлық дүние түгел еді. Ия, шыным, ес білгелі өзімді осылай сезіндім. Дардай қыз болсам да ол кісінің алдында қатты еркелеуші едім. Менің еркелігіме ол кісі мәз болатын.

Сөйтіп жүргенде ана екі көзден бірден айырылып, аяқ астында ғаріп болды да қалды. Мен болсам не бәрі алтыншы сыныпта оқитынмын. Ел жұрттан ұялды ма, кім білсін, әйтеуір, тәтеміз (ол кісіні осылай атаушы едім) бізді қолына алды. Күндер өтіп жатты. Бірте-бірте тәтемнің «мінезіне» қаныға бастадым. Бар ойлайтыным «шіркін анамның көзі көріп кетсе ғой, өз үйімізге қайтар едік...»

Бір күні сабақтан келсем тәтемнің дауысы қатты шығып жатыр екен. Өз баласына жекіп:

– Әй көгермегір, кет былай! Отырма оның қасына. Нең бар сол кемпірде. Бұл да бізге сор болды ғой. Не өлмейді, не қоймайды! – деп, бұрқан-тарқан.

Көзім жасқа толып кетті... Жай басып анамның қасына таяна бердім... Оның алдындағы қатқан қара нанға, сүтсіз шайға көзім түсіп кетпесі бар ма!

Шыдамадым, анамды демеп тұрғызып алдым да үйден шығып жүре бердік. Апам «қайда барамыз?» деп сұраған жоқ.

Қыс болатын. Шіркін, ауыл адамдары бауырмал, дархан ғой. Қысқы отын-суымыз да, тамағымыз да лезде сақадай-сай болып шыға келді. Апамның асты-үстіне түсіп, бәйекпін. Жаз шыға аудан орталығындағы ауруханаға алып бардым. Жолымыз оң болды. Дәрігерлердің көмегімен көзі аздап болса да көретін дәрежеге жетті.

Сөйтіп жүріп былтыр орта мектепті бітірдім. Сыныптастарымның жақсы оқитыны да, нашар оқитыны да институтқа түсу үшін ірі қалаларға аттанып жатты. Менде болса, ондай жоқ. Апамды тастап алысқа ұзап шыға алмасым анық. Жұмысқа орналастым. Менің бұл шешімімнің әсері болды ма, апамның бұрынғыдай емес еңсесі көтеріліп, жүріп-тұратын, тіпті жеңіл-желпі үй шаруашылығын істеп тастайтын халге жетті. Сырттай болса да оқуға түсуіме мені де көндірген апамның өзі.

– Мұғалімдерің алғыр бала, деп, өзіңді мақтай беруші еді, оқысаңшы, шырағым! – деп қоймады.

Апамның ол тілегін орындадым. Ендігі есіл-дертім де жолыма көзін сүзіп алаңдап отырған анама, шіркін, тезірек жетсем, қуанышыма ортақтастырсам...

Әсем әңгімесін аяқтады. Ал мен өзгеше бір тебіреніс күйдемін. Соғыс тақсыретінен 20 жасында жесір қалған, жүзін қасірет шері бүркеген келіншек келбеті; бір кездері бағып-қаққан баласы өзі отбасын құрған соң, қайырым жасамай, тіпті науқастығын да елемей үйінен қуып шыққанында шарасыз күй кешкен әйел келбеті; қатыгездік тақсыретін тартқан, жетім баланы бауырына басып өзінің аналық ықыласына бөлеген, бет жүзін әжім басқан шағында көңіліне қуаныш отын маздатқан қызын сағына күтіп отырған ана келбеті – деп бәрі бірінен соң бірі көз алдымнан өтіп жатты.

*Базаргүл Үмбетова
«Жезқазған туы» газеті,
24 қараша, 1984 жыл*

Мәлтөк сыр

БАҚЫТТЫ БОЛСАМ ДЕУШІ ЕДІМ

Институтта сырттай оқитындардың кезекті сессиясының басталғанын білген сәтімде бір жыл бойы көрмеген құрбым Әсемді қатты сағынып қалғанымды аңғардым. Онымен жүздесуге асықтым. «Келісімен маған неғып хабарласпады екен, әлде тойларына бара алмағанымға өкпелегені ме?» деп те ойлады. Иә, өткен жылы құрбым өмірінде үлкен өзгеріс болған еді. Ол тұрмысқа шыққан. Өткен жолы Шәріппен таныстырған еді. Әсем оны өте жақсы көретінін жасырмайтын. Құрбы досым ұнатып тұрған соң ба, әлде сол алғашқы кездескен сәттерде үнемі жымыып, әзіл айтып, көңілді жүретіндігі ме, әйтеуір мен де Шәріпті жақсы жігіт екен деген ойға келгенмін-ді.

«Мүмкін бұл жолы да екеуі бірге келген болар, өзім тауып алып оларды қуаныштарымен құттықтайын» деп институтқа іздеп бардым.

Біз бір-бірімізді көргенде қуана қауыштық. Олардың бүгінгі лекциясының аяқталуына дәл барған екенмін. Әсем: «Біздің уақытша тұрып жатқан үйімізге барамыз» деген соң көшеге бірге ілесе шықтым. Маған ол тым есейіп кеткендей, мінезі салмақтана түскендей көрінді. Өз өмірі туралы да, Шәріп жайында қойған сұрақтарыма да томаға тұйық, қысқа жауап бергені, шынымды айтсам лепірген көңілімді су сепкендей басты «Қызық-ай, ә, бір жылдың ішінде-ақ адам осынша өзгереді екен-ау... Әлде мені тосырқап қалған ба, әлде маған деген реніші бар ма?» деген мазасыз ой басымды шырмап алды.

Үйіне келдік. Әсем:

– Апа, бұл Базар ғой, – дегенде бізге есік ашқан кісі:

– Ой, айналайын, амансың ба? Әсемім аузынан тастамайтын досы келіп қалған екен ғой. – деп мені құшағына қысты. – Досыңның өзгерісі мынау жаман неме. Аты Гүлайым, – деп келесі бөлмеге жетектей кірген ол қуаныштарына хабардар етіп жатыр. Мына кісі досымның анасы екенін, Әсемнің кішкентайлы болғанын да әп-сәтте-ақ ұғынып үлгердім.

– Өзгермепсің сен, – дейді Әсем маған қарап. – Ал мен ше? Бір жыл ішінде басымнан не өтпеді менің, – деп ол үнсіз қалды.

Біз оңаша отыр едік. Жүзінен шешіле әңгімелесер шырай аңғарылды. Бірақ үніндегі көңілсіздік арылмай қойды.

– Байқаймын сен: «Бұған не болып қалған?» деп таңқалып отырсың ғой. Былтыр ғой мен: «Ой, мен бақытымды таптым, осы Шәріпке қалай да тұрмысқа шығамын», – деп жар салғанмын, иә. Амал не, сол сәтте мен осылай болады-ау деп ойлаппын ба?!

Әсем көз жасын сығып алды. Мен ештеңе айта алмай, тіпті қозғала алмай үнсіз мелшиіп қалыппын. Сәлден соң Әсем тағы да шешіле сөйлеп кетті.

– Тұрмысқа шықпас бұрын Шәріпке жалғыз анам бар екенін, өмірінде небір ауыртпалықты көтерген анашымды еш уақытта жалғыз қалдыра алмайтынымды жеріне-жеткізе айтқан-ақ едім. Ондай сәтте ол:

– Е, ол не дегенің? Сені ұната тұрып өзінді бағып-қаққан анадан мен қалайша сыртқа итермекпін. Үйленісімен-ақ қолымызға көшіріп аламыз, – дейтін ағынан жарыла.

Иә, басында бәрі сол ойлағанымыздай болды. Апамды өзім тұрмысқа шыққан көрші ауылға, өз қолымызға көшіріп алдық. Бірақ Шәріп үш-төрт ай өтпей жатып мінез таныта бастады. Менің әрбір ісімді жіті қадағалап, жоқ жерде мін тағатынды шығарды. Ас пісірсем «Мынау неге көп?» деп, көрші үйден біреу келсе «Ол неге келді? Сен не бердің?» деп тіпті ұсақ-түйекке дейін араласып, жүйкеме тиетін болды. Екі сөзінің бірі: «Жетпейді, сен бәрін жеткізбей жатырсың» дегенге әкеп саятын. Оның осы мінезін білген көрші-қолаң араласпайтын болды. Ал мен үшін жалғыздық сезімі күннен-күнге ұлғайып, өз ауылыма деген сағыныш өзекті өртер өкінішке ұласып жатты.

Біздің арамыздағы келіспеушілікке тап өзі кінәлідей апамның да қабағы ашылмайтын болды. Оның үнсіз мұнайып отыратынын көргенде өзімді қоярға жер таппай қиналатынды шығардым.

Сөйтіп жүргенде өмірге Гүлайым келді. Сәбилі болған соң бәрі де ұмытылар, Шәріптің де мінезі өзгерер деп келер күннен үміт артып келген едім, әйтсе де Шәріптің сәбиге деген ешбір жылылығын көрмеген соң үмітімнің жібек жіптері ыдырап жүре берді. Әсіресе:

– Ұл болғанда той жасар едік, енді шілдеhana ретінде бірдеңені ырымдай салармыз, – дегені жүрегіме шаншудай тиді.

Және бір күнгі ренішті сәт үстінде апам:

– Сендердің бұл дұрдараздықтарыңды көргенше, қап осында бекер-ақ келген екенмін, – деуі мұң екен:

– Е, сені кім шақырыпты, келген екенсің жайыңа отыр үндемей, - демесі бар емес пе Шәріптің. Несін айтайын осы оқуға кеткенге дейінгі аз күнге әйтеуір үнсіз шыдап бақтым. Шәріптің оқуға жібергісі келмеп еді мен көнбей отырып алдым. Балаға апам қарайды деген сылтаумен осында апамды да ала келдім. Кетерімде «Бұл босағаға қайтып оралмаспын, басқа-басқа, ал анамды қартайғанда қаңғытып, ауыр сөз естіртіп қоймаспын. Өйтіп жүргенше өз жолымды табайын», - деп іштей бекініп шықтым.

Міне осылайша сергелдеңге түскен жайым бар. Менің бұл ойымды апам әлі білмейді. Шынымды айтсам ой шырмауында жүрмін. Маған не ақыл бересің? Бұдан бір жыл бұрын осылай болар деп ойлаппын ба?! Бақытты болсам деуші едім... – деген Әсемге не дерімді білмей, оған жалтақ-жалтақ қарай бердім. Былтыр Әсемнің әр емтиханы сайын гүлін құшақтап, алдымыздан үнемі жимыя шығып тұратын Шәріп бейнесін елестетемін...Әсемнің «Бақытты болсам деуші едім...» деген сөзі де құлағымнан кетер емес...

Не айта алушы едім мен саған, Әсем? Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс демекпін? Әлде саған өзім жақында ғана оқып шыққан Бақытжан Момышұлының «Жанымның жарық жұлдызы» атты романындағы ана лебізін көкейіңе түй десем бе екен? Онда анасы қызына:

«- Балам, ата-бабамыздан қалған асыл сөз бар «Жаман әйел жақсы еркекті қор етеді, жақсы әйел жаман еркекті зор етеді» деген... Сен түсініспеу себептерің жайында ойлап көрдің бе? Үйде тыныштық орнауы керек. Бұл – ошақтың ұйытқысы болып отырған әйелдің міндеті. Сабыр сақтап ұстамды болуы керек. Кешірімді бола білуі керек... Семья шаңырақтан да, ыдыс-аяқтан да, жүк-жиһаздан да емес, қайырымдылықтан, мейірбандықтан бастау алады. Әйел үйге жылу береді, соның жарығымен үй нұрланады. Үй босағасының осал немесе берік болуы әйелге байланысты. Егер сенің рухың күшті болса, оның да еңсесі биік... Әкең екеуіміз қырық жыл отассақ, соның он жылы семьямыздың іргесін қалаумен өтті» – деп ақыл айтқан екен, мен саған арнап оның кейбір сөздерін ғана іріктеп алып отырмын. Тағы да анасының қызына: «...Кеше ғана сен үшін Талаптан жақсы адам жоқ еді, бүгін оны қанышерден де әрмен көріп отырсың», – деп ұрсатын жері бар.

Әсем, осы жолдарды оқи отырып мүмкін райыңнан қайтарсын. Тіккен отауына оралып, семьяның іргесін берік етіп қаларсың? Менің ойымша, бақытты болуың өз қолыңда.

*Базаргүл Үмбетова,
«Жезқазған туы газеті»,
№56, 15 наурыз, 1986 жыл.*

ЕРЛІК – ЕЛГЕ ҰРАН, ҰРПАҚҚА – МҰРА

Жезқазған облыстық телерадиокомпаниясында жұмыс істеп жүрген кезім. Ол кезде мен қоғамдық саяси бағдарламалар редакциясында жастардың намысын қайрайтын, өзімнің табиғатыма үндес келетін «Қамшы» хабарын дайындап жүргізетінмін.

Облыстық әскери комиссар Жұмакелді Әкімбаев деген әскерилердің ішінде қазақы қалыптағы азамат Жезқазған облысынан әскер қатарына аттанған сарбаздардың жағдайын біліп қайту мақсатында республикамыздың жерлестеріміз көбірек азаматтық борышын өтеп жатқан қалаларға арнайы іріктелген шағын топты жіберуге шешім қабылдапты. Оны еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдар болғасын сол кездерде әскер қатарынан қашушылар да кездесіп отырғанын да ескерген болу керек, жастардың алдында үлгі тұтар өмір өткелдерінен өткен Ұлы Отан соғысының ардагері-Бектай Әбсаттарұлы бастап баратын болды.

Сол шағын топтың қатарына облыстық «Сарыарқа» газетінен танымал журналист, ақын Батырбек Мырзабеков пен облыстық теледидардан журналист ретінде мен және бейнетаспаға түсіретін Олег Кучинский, облыстық солдат аналары қоғамының төрайымы Дина Рамазанова, облыстық әскери комиссариаттан бір өкіл, облыстық жастар ұйымынан 2 адам қосылды.

Сонымен алғашқы бағытымыз – Отар станциясы болды. Жол бойына Дина апамыз сарбаздардың жағдайының нашар болғандығынан, әлімжеттік сияқты жағымсыз оқиғалар салдарынан қаншама жас мүгедек болып оралып жатқанын, әскерден адам себепсіз қашпайтынын айтып өздерінің қоғамдарына сарбаз аналарының жылап жазған хаттарынан үзінді келтіріп, белгілі дәйектерді алға тарта отырып сапардан оралғасын шынайы ақпарат берулеріңіз керек деп Батырбек аға екеуімізге сағаттап әңгіме айтады.

Жол ұзақ, мақсатымыз белгілі, хабарыма қажетті мәліметтерді асықпай жинауға уақытым жетерлік, әрі әскерилердің өмірімен танысуға мүмкіндік туғанына қуанып та келемін.

Поезд шағын разъездің бәріне тоқтайды, ұзақ бөгелетін жерлерде бәріміз басымыз қосылып кейбір мәселелерді талқылаған боламыз. Мені қатарлас болса да ойлары ойын-сауық ұйымдастыру жағынан аса қоймайтын жастар ұйымынан сапарлас қос құрбымнан гөрі соғыс ардагері Бектай ағаның

әңгімелері қызықтырады.Өзімнің әкем оқ пен оттың арасынан аман-сау оралса да,сол соғыс салған жарақаттың кесірінен 60-қа толмай көз жұмған. Майдангер ағаның қасында отырып айтқандарын тыңдап ойша әкеммен сырласып отырғандай әсерде боламын.Отар станциясына жеткесін әскерилер алдын-ала хабардар болғандықтан аяқ-қолымызды жерге тигізбей күтіп алып,біз баратын бөлімге жеткізді.

Байқасам,әскери шенділердің басым көпшілігі өзге ұлт өкілдері,яғни біз таң қалмайтын орыс ұлтынан,бірлі-жарым қазақтары да ұшырасты,бірақ өкінішке орай қазақша амандасып жөн сұрасуға жететін қазақшалары жоқ. Біздің іс-сапарымызға қатысты мәліметтер мен сарбаздар кездесуіне жауаптылар қатарында көзімізге жылыұшыраған бір қазақ азаматы жүрді. Сол кездегі әскери шені-подполковник,аты-жөні-Руслан Алимов.Кезінде әскери қызметте Украина жерінде болған екен,өз қалауымен еліміз тәуелсіздік алған шақта Президентімізге хат жазып,арнайы шақыртумен туған еліне оралыпты.

Бектай аға көбіне сол Русланды іштартып «қазақша қарық қылып сөйлемесе де, қызым мына жігіттен кейін үлкен қолбасшы шығады,намысы бар екен,ана сарбаздарын көрдің бе қазақша қара бауыр қасқалдақ деп ән айтып барады »-деп маған түсірсеңші дегендей ишара жасап қояды.Шындығында ағаның байқампаздығы,өмірден түйгендерінің молдығынан болса керек,биылғы Конституция күніне арналған әскери шеруде құрылық әскерін сол кездегі подполковник,бүгінде генерал-майор Руслан Алимов бастап бара жатқанда еріксіз Бектай ағаның айтқаны есіме оралды.

Сол кезде жастықтың әсерінен болар, еліміз тәуелсіздік алғанына небәрі 2 жыл ғана толған кезде әскери салалардың бәрін қазақ азаматтары неге басқармайды деген ойыма Бектай ағаның: «қызым өмір мен өлімнің арасында жүргенде де ,оқ пен оттың арасынан аман қайтып бейбіт өмірді көреміз деген үміт пен ертеңге деген сенім бізге демеу болған.Ел аман,жұрт тыныш болса біздің қажыр-қайратымыз бен елдік мұратты бойтұмардай сақтап алға апарар ұрпақ бар» деген сөзі бүгін орындалды.Біз сол сапарымызда Отардан бастап,ол кездегі астанамыз- Алматының баурайындағы бірнеше әскери бөлімдерді араладық.Жас сарбаздармен кездесу кезінде оларды қайрап,шабыттанып,арқалана әңгіме айтатын Бектай аға әсіресе Қапшағайдағы десанттар бөліміндегі әскери қызметін өтеп жатқан сарбаздарға ерекше ризашылықпен қараған.Сымдай тартылған сымбатты,жүздері жарқын бейне ата-аналарын көргендей жадырап қарсы алған жастардың арасында мейірбан әке қалпын тауып,олардың әрбір сауалына шынайы пейілмен жауап қатып даусы да емен-жарқын естіліп еді. Танкистер мен кездескенде тіпті өзіне сыйлаған әскери гимнасттеркесін маған үтіктетіп киіп алып,танкі жүргізіп көріп сарбаздардың қасынан кетпей қойған.

Осылайша апта бойы әскери бөлімдерді аралаған біздерді сол кездегі ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Айтқали Есенғұлов қабылдап, Бектай ағаға ерекше құрмет көрсетіп:

– Ұлытау жерінен, Жезқазған елінен өздері бастама көтеріп, сарбаздарымыздың жағдайымен танысып, ата-аналарының сағынышты сәлемін ала келген топты Сіздей ардагер аға бастап келгеніне ризамыз. Келешекте мұндай байланысты барлық облыстармен орнатқымыз келеді. Қазақ елі тәуелсіз әскерінің енді қалыптасып, қаз тұрып келе жатқан қадамын халыққа шынайы қалыпта жеткізерсіздер, – деген ағаның қолын қысып тұрып.

Үш бейнетаспаны Жезқазғандық сарбаздардың жүрекжарды сәлеміне толтырып қайтқан мен сол әскери іс сапарымнан «Сарбаздың сағы сынбасын» деген өзекті мәселелерді арқау еткен хабарлар тізбегі мен сарбаздар сағынышын арқау еткен «Сарбаз сәлемі» атты құттықтау бағдарламасын әзірледім.

Ол кездегі үлкен аумақты алып жатқан Жезқазған өңірінің барлық түкпір-түкпірінен соғылған қоңырау бір ай бойы толастаған емес. Сол сапарда ақжарыла әңгіме айтып әкемдей болып:

– Қызым, шаршап қалма, біздің жұмысымыз үйге қайтқасын бітеді, ал сен мұнда да шапқылап жүрсің, үйіңе барғасын тіпті жауапкершілік жүгің ауырлайды ғой, – деген Бектай аға хабарларым эфирден өткесін өзінің үлкен шаңырағына ұлы – Мұталап пен келіні Гүлсімге айтып ақ дастарқандарын жайып дәмге шақырған.

Одан кейін де ардагерлер кеңесі өткізген шаралар болса хабарласып мені іздейтін. 1995-жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 50 жыл толуына байланысты республикалық телефестивальге қатысу үшін материалдар іздегенімде Бектай аға:

– Қаланың ардагерлері құрметтен кенде емеспіз, анау даладағы – Ұлытаудағы қарттарды жазсаңшы, – деп бағыт бергені бар. «Ұлытау қарттары» телехабарым жүлделі орынға ие болғанын айтып хабарласқанымда туған қызы бәйге алғандай қуанып еді.

1997 жылы Жезқазған облысы жабылып, журналистік жолым жаңа елордасы – Астанада жалғасты. Қасиетті шаңырақтың иесіндей болып, кезіндегі республика бойынша өзіндік орны бар Жезқазған облыстық телерадиокомпаниясының мұрагері, қазір көпшілік «Дидар» деп атап кеткен қалалық телестудиядағы әріптестерім хабарласқан кезде сені аталарың іздейді деп қуана жеткізіп жататын.

Сол әскери сапарға барған 1993 жылдан бері 18 жыл уақыт өтіпті. – Айналайын сендер ер жігіт емессіндер ме, батыр бабаларың – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Ақжолтай Ағыбай, т.б., батырлар жауын жапыра жеңіп осындай ұлан-байтақ өлкені сендердей ұрпағына аманаттамап па еді, бір батыр Бауыржанның өзінің ұлағаты мол ерлік жолы анау сайрап жатқан. Осындай азат елдің иесі – өздеріңсіңдер, азаматтық борышты адал атқарып, абыройлы оралындар, – деп даусы

саңқылдап сарбаздар алдында маңдайы жарқырап әңгіме айтатын Бектай аға да өмірден озды.

Аға аңсаған биіктікті бағындырған сол кездегі жалындаған жас жігіттер бүгінде қазақ ұлтының айбынын асырып, Ата заңымызды ардақтауға арналған әскери шерудің көшін бастап жүр. Бектай ағаның тәлім тәрбиесін көрген өз ұл-қыздары да – тәуелсіз еліміздің тұғырын биіктетуге білімі мен біліктілігін, қажыр-қайратын жұмсап лауазымды қызметтерін абыройлы атқаруда.

Өткен күндерге ойша көңіл көкжиегімен шегініс жасай отырып, бір іс-сапардың бүгін тәуелсіз тарих беттеріне айналған кезеңінен майдангер Бектай аға туралы осы естелікті жаздым.

Айтқан сөзі мен атқарған ісі бір жерден шығатын адамның ғана ұлағатты өмірі жайлы жазылған естелік шындықтың шырайын кіргізіп, ұрпаққа өнеге болары даусыз.

Базаргүл Сейітжанқызы.

журналист,

«Әулет аманаты және ұрпақ парызы»,

кітап, 148-бет.

Қостанай қаласы,

2012 жыл.

МЕНИҢ ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКАҒА КЕЛУІМНІҢ СЫРЫ

Тележурналистикадан басталған еңбек жолым, радиожурналистика саласындағы жылдармен жалғасқанын жоғарыда баяндап өттім. Астанаға қоныс аударған алғашқы бес жылда ұлттық арнада комментатор болсам, одан кейінгі 16 жыл «Астана» радиосында қызмет еттім. Қайда жүрсем де, қандай ұжымда қызмет атқарсам да ата-анамның бойыма сіңірген адалдық пен адамдық қасиеттерін мойнымдағы бойтұмарымдай қастерлеп келемін. Осы жылдар аралығында еліміздегі жалғыз «Қазақстан РТРК» АҚ –на қарасты құрылымдарда бірнеше басшылардың қарамағында жұмыс істедім.

Арнайы шақырған жиналыстарында болмаса, өз бетіммен басшылардың алдын жағалап, кеткенін жамандап, келгеніне құрақ ұшып тұратын әдет менің табиғатымнан мүлдем берілмегеніне жаратқанға мың мәрте алғыс айтамын.

Журналист болған жылдарда жазған кейіпкерлерімнің де жан дүниесін жарқырата көрсетуге, көңіл түкпірлеріндегі айтылмай жатқан сырларын жеткізуге ұмтылсам да, өзімді көрсетуге тырыспадым. Маған берілген тағдырдың сыйы деп ұғарым алғашқы ұжымым Жезқазған телерадиокомпаниясы, оның ішінде облыстық радио мен теледидарды қоса айтсам, сол жылдарда алғашқы буыннан үйренгенім көп болды.

Сол кезде 18 жаста болсам да, ешқайсысы жассың деп кеудемнен итермей,білгендерімен бөлісіп,білмегенімді үйретіп мен таңдаған мамандыққа деген құрметімді арттыра түсті. Әлі күнге сол талантты шоғырдың жолын жалғап,артқан сенімдерін ақтауды парызым деп санаймын.

Бір кездері облыстық радиода жұмыс істеп жүргенде Жезқазған жерінде өтетін маңызды мәдени шаралардың басы-қасында жүретін облыста жоғары лауазымды қызмет атқарса да,аса кішіпейіл Қайырбек Садуақасов жайлы «Аспандағы аққуға әнін қосқан» деген тақырыпта радиоочерк арнағаным бар. Ағаның сол кезде радиодан хабарды тындап,арнайы хабарласып ризашылығын білдіріп, «әрқашан абырой серік болсын» деген сөзін есімде ұстаймын,мағынасы терең жалғыз ауыз тілек кей кезде бүкіл өміріңе ауадай қажет дүние екенін,сол сөзде үлкен жауапкершілік жатқанын сезінемін. Сондықтан ,атқарып жүрген қызметімде ешкімге артық ауыс сөз айтып,жеке өмірлеріне қатысты мәселелерге араласқан емеспін.

Ұлттық арна басшыларының ішінде белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ұлтжанды қаламгер, сыншы Сағат Әшімбаевтың Жезқазған теледидарының 30 жылдық мерейтойына келгенде редакциямызды аралап, сол күнгі арнайы шығарылған мерекелік газетіміздегі «Мамандығым қалаған» деген өлеңімді оқып, «жүрекпен жазады екенсің айналайын» деген сөзі ардақты ағаның маған берген ақ батасындай көңілімді толқытқан. Негізі білімі терең, ақылы кемел жандардың қайсысы болса да қарапайым қалпынан таймай, қандай биліктің биік баспалдағында отырса да адамгершілік қасиеттерінен айнымайтынын ұқтым. Қазір кабинет, редакция аралайтын басшылардан гөрі сол кабинеттерінде отырып алып, жағымпаздықтың жырын айтатындардың әңгімесін тыңдайтындар көбейіп кеткен сияқты. Менің ұғымымда талантты адам таныс жағаламайды, басшылардың уақытын бос әңгімемен алып, атақ пен марапат дәметіп өзінен озып бара жатқан адамды күндеп, дарындының сыбағасынан дәметпейді.

Адамның адамдығы атқарған ісінен, адалдығы жарқыраған жүзінен көрініп тұруы тиіс. Өз басым нағыз шығармашылық адамына тән, жас буынға бағыт берер қызметпен ғана айналысқандықтан елдің алдына шығып, көсемсіп сөйлеп, өзіме қажетсіз мәселелерге кірісіп көзге түсуді мақсат еткен жоқпын. Кейбір басшылардың «менің журналистерімнің ешқайсы жаза алмайды, дайындаған хабарлары сапасыз» – деп оған сондай қызметкерлерді жинап алған өзін кіналамай, өзін керемет талантты да, іскер екендігін көрсетіп бәрін өзі тындырып отырғандай сөйлегенде еріксіз іштей ыңғайсызданатын едім. Біздің радиода жаза алмайтын емес, кейде «ноқтаға басы сыймайтын», ұлттық мүдде, ар-намысты бәрінен биік қоятындар жұмыс істеді. Олардың мәтінін оқып отырып, риза болатынымын, кейде маңдайлары тасқа соғылмасын, артық сөзге ілінбесін деп артықтау тұстарын мың ойланып, жүз толғанып тігісін жатқызып түзететінмін. Олардың талғам деңгейлеріне сай болуға тырысып, күн сайын елдің жаңалықтарын ғана емес, әлемдік деңгейдегі оқиғаларды да қарап, қадағалап отыруына тура келеді. Одан қала берді әр ғасырдағы батырлар жыры мен тарихи дүниелерді де

қайталап жүресің, себебі сенің өрең мен білімің өздерінен төмен тұрғанын сезінсе оларға өзінді сыйлата алмайсың. Ал керісінше оларды ізденіске жетелемесең тыңдаушыларың сенің журналистерінді мойындамас еді. Осылайша, ұстараның жүзінде отырғандай әр іс-қимылыңа есеп беріп, ісің мен сөзіңнің бір жерден шыққанын қадағалайтын сырт көздер бар екенін біліп өз-өзінді қамшылайсың. Бұл эфирге шығатын 84 бағдарлама үшін министрлікке апта құрғатпай беретін есебіңнен де маңызды.

Біздің мемлекеттік барлық бағдарламаларды жатқа айтуымызға, жер-жаһан жаңалықтарын күндіз көзімізден, түнде түсімізден шығармауымызды күнде еске салатын басшымыз Нұржан Жалауқызы Мұхамеджанова болатын. Өзі де тыным таппайтын, өзгелерден де соны талап ете білетін, кабинетінің алдында ұзақ кезек күттірмейтін іскер басшы ретінде есімін ризашылықпен еске аламын. Әрине, тура сол кездерде бітпейтін есептер мен медиажоспарлардан шаршаған шақтарымыз болған шығар, бірақ ол кісі басқарған бес жылда жауапкершілікті басты орынға қойдық, босаңсыған кезіміз болған емес. Аз уақыт басқарса да, бәрінің басын қосып, бірнеше құрылымдармен жиналыс өткізіп үлгерген, «бұндай халықтың ардақтылары қызмет атқарған қасиетті шаңырақты басқару түгілі, кіріп-шығудың өзі бақыт», – деген Кемелбек Ойшыбаевтың сөзін негізі көп басшы есіне сақтауға, қаперіне алып жүруге тиіс деп есептеймін. Сол сөзі үшін бұл азаматты қадірлеймін. Менің қатардағы қарапайым журналисттен бас редактор болған кезімде әр ісіме бағыт беріп, қаталдығы мен қарапайымдылығы астасып жататын, күн сайын атқарған жұмысымды қадағалап, жауапкершілікті сезінуіме ықпал еткен корпорацияның Астанадағы телерадиоорталығының басшысы Серік Салиевқа да алғыс айтар едім. Корпорацияны ол басқарған жылдар нағыз ұлттық мүддеге сай, тәуелсіз елдің бұрын жоғалтқан асылдарын қайта оралтқан «Мезгіл», «Шынның жүзі», «Күлтөбе», «Ақжүніс», «Үзеңгі жолдас», «Алтын қақпа», т.с.с елдің ерекше ықыласпен көретін телебағдарламаларды дайындатып, талантты журналистердің басын қосқан Ғалым Доскен де елордаға келген сапарларында «Астана» радиосының студиясын аралап, жоғымызды сұрап, керегімізді алып беруге қол ұшын созған төраға ретінде есімізде қалды.

Өкінішке қарай, алаштың атын оздырған ардақтылары жайлы талай тарихи-танымдық хабарлар дайындап, архив ақтарсам да, бәйгенің алдын бермеген хабардың авторы ретінде 10 жыл алдыңғы орында тұрған, ұлттың жоғын түгендеген «Мен – қазақпын!» бағдарламасының 30 мың санын тыңдаушыға ұсынып, талантты журналистердің үш буынымен қызмет атқарған маған тағдырдың бұйрығы болар, басшылыққа сол алаштың мұңын жоқтап, ұлтжанды азамат төраға болып келгенде оның командасында жұмыс істеу маңдайыма жазылмапты. Қашанда киелі шаңырақтың киесін бағалап, аз күн басқаратын иесіне құрметпен қарағанымыз жөн. Сондықтан көңіліме кірбің салған жәйттерді бүкіл телерадиожурналистика саласында жүрген 33 жылғы сәулелі шақтарыма көлеңкесін түсірмесін деген ниетпен өзімнің деңгейімде қалуды жөн санап, ешкімге кінә артпай, мұң шақпай өр намысты

қазақ қызы ретінде басқа салаға ауысуға шешім қабылдадым. Соңымнан жылап қимай шығарып салып ұл-қыздарым қалды, жұмыстан өз еркіммен кететінімді естіп жүзі қуаныштан бал-бұл жанғандар да болды, бірақ бұл шешіміме еш өкінбеймін...

Осылайша, «Бір есік жабылса, жүз есік ашылады», – демекші, («Ілім үйрену үшін үйінен шыққан адамға жәннаттан бір есік ашылады», (И.Асакир) бұрын өзіме беймәлім болып келген интернет журналистиканың есігін қақтым.

Алты ай «Объектив.kz» ақпараттық-сараптамалық порталында еңбек еттім. Бұл мен үшін ерекше өнімді шығармашылықпен айналысқан уақытым болды десем қателеспейтін шығармын. Осы қолдарыңызға ұстап, оқып отырған кітаптың ішіндегі талай замандастарыммен жүргізген сырлы сұхбаттар мен өзім жылдар бойы жауап іздеген тақырыптарға жазылған сараптамалық мақалалар осы алты айдың ішінде жазылды.

Он алты жыл өзгелердің шығармашылықпен айналысуына бағыт беріп, жауапкершіліктің жүгі мойныңды босатпай ұстағаннан болар, тіпті алғашқы материалдарымды жазған кезде қобалжып, тыныс-белгілерді, тақырыптарды бірнеше рет тексеріп қана порталға салуға жіберіп отыратынмын. Сондықтан, жылдар бойы көкейімдегі жүрген дүниелерді еркін жазып, әрі өзім біле бермейтін сайттардың құпиясына көз жүгіртіп, блогер бауырлардың жазбаларын оқуға уақыт тауып, (ол енді менің екінші жұмысыма қатысты) көп мәселелерді іштей ұғынуыма көмектесті. Мұнда да сол Гүлмираның қасында алты айдай бірлесе порталдың жүгін көтерістім. Бұған дейін Қазмедиа мектебінде жылына бір топқа радиожурналистикадан дәріс берсем, енді менің телерадиожурналистикаға қоса, жаңа заман талабына сай, интернет журналистиканың да қыр-сырын үйретуге мүмкіндігім болды. Жаңашыл жастың идеясын жүзеге асыруға ат салысып бүгінде «Qazir.kz» ақпарат-танымдық порталын ашып, жұмысын жүйелеп келе жатқан жайым бар. Алдымда мақсат көп, ізденген адамға әрқашан жаңа биіктіктерді бағындыруға тура келеді. Дайынды иеленгеннен гөрі өзің ғана бастаған іс нәтижесін береді. Ең негізгісі-өзіңе сену, адалдықпен алға бассаң ғана алынбас қамал болмайды. Менің 35 жылғы журналистік жолымдағы ұстанымым осындай. Енді менің интернет журналистикадағы қос порталда жарияланған сұхбаттарым мен сараптамалық мақалаларымды оқып, ой түйіп көріңіздер.

Ел іші – алтын бесік.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ БӘРІ ДЕ ҚАСИЕТТІ

«Елбасының «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының бір бағыты – Қазақстанның қасиетті жерлерін анықтау болып табылады. Елбасы тапсырмасына орай, осыдан үш ай бұрын ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен Ұлттық музей жанынан «Қасиетті

Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы құрылғаны белгілі. Жақында орталықтың осы уақыт аралығында атқарған жұмыстары жайлы арнайы баспасөз мәслихаты өткізілді. Мәслихаттан соң, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі Берік Әбдіғалиұлынан «Объектив.kz» порталына арнайы сұхбат алған едік.

– Еліміз бойынша, 100 жалпыұлттық деңгейдегі, 500 жергілікті маңызы бар қасиетті орындар тізімі жасалғанын айттыңыз. Қазақ жерінің бәрі қасиетті десек, бұл орындарды таңдау қалай жүргізілді, кімдер ат салысты, қандай шарттар бойынша ол орындарға таңдау жасалды?

– Алдымен айта кетейін бұл жұмыстардың басында Мәдениет және спорт министрлігі тұр. Біздің Орталық Ұлттық музей жанынан құрылып, жұмыс істеуде. Штатымызда 7 адам бар. Біз өз тарапымыздан өңірлердегі жүргізіліп жатқан ғылыми-сараптамалық жұмыстарды әдістемелік тұрғыдан қарап, бағыт-бағдар беріп отырмыз. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» арнайы жобасын жүзеге асыру жөніндегі Сараптамалық-кеңес аштық. Кеңес құрамындағы 24 мүшесінің барлығы осы салаларды жетік білетін, елге танымал ғалымдар, мысалы тарих ғылымдарының докторы, Мемлекет тарихы институтының директоры Бүркіт Аяған, тарих ғылымдарының докторы, этнограф, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Жамбыл Артықбаев, филология ғылымдарының докторы, мемлекет қайраткері Мырзатай Жолдасбеков, түркітанушы, филология ғылымдарының докторы Александр Гаркавец, география ғылымдарының докторы Медеу Ахметқали, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Самашев, философия ғылымдарының докторы Күлшат Медеуова, т.б. қоғам қайраткерлері бар. Ал аймақтағы құрылған жұмыс топтары өз өңірлеріндегі қасиетті орындарды жақсы білетін жергілікті өлкетанушылар мен ақсақалдармен ақылдасып тізімді дайындап шықты. Оны сараптамалық кеңес қарап, сүзгіден өткізді. Негізі бізге 1000-нан аса тізім келіп түсті. Тағы бір айта кетерлігі – жалпыұлттық деңгейдегі 100 қасиетті орындар дегенде ол қатып қалған сан емес, түсініктілеу қылып айтсам, біз қасиетті нысандардың тізімін жасағанда бірнеше топқа жіктеп қарастырдық. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері қатарына Ұлытаудағы Ақмешіт әулие тауы, Алтын шоқы және Едіге биігі кіреді десек, осы бір өңірдегі үш ескерткіш тізімде топтастырылып бір ғана санды беріп тұр. «Хан тәңірі» шыңы, Алтайдағы Мұзтау шыңы, Шарын каньоны, Қазығұрт тауы, «Отпан тау» тарихи кешені, «Бектау ата» тауы және үңгірі. Енді бір топ археологиялық ескерткіштер және ортағасырлық қалалық орталықтар қатарында: Таңбалы археологиялық кешені және Теректі әулие, «Боралдай сақ қорғандары» қорымы, «Есік-сақ қорғаны», «Бегазы» археологиялық кешені, Берел қорымы, «Бозоқ» қалашығы, Арқайым-2 қалашығы, Қойлық қалашығы, Бытығай қалашығы, т.б. еңсе, үшінші топ діни және ғибадат орындары қатарында: Домбауыл кесенесі, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазары, Алаша хан, Жошы хан кесенесі, Ойсылқара қорымы, Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері, Құнанбай қажы

мешіті, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы кесенесі, «Қорқыт ата» мемориалды кешені, Ұшқан ата және Ақмешіт қорымы т.с. орындар бар.

Төртінші топтағы тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар жайлы тоқталсам, Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен батырлардың кесене қорымдары: Қапал батыр кесенесі, Қабанбай батыр қорым-кесенесі, Қарасай және Ағынтай батырлардың мемориалдық кешені, Райымбек батыр кесенесі, Олжабай Төлебайұлы, Жидебай Қожаназарұлы, Наурызбай батыр, Хан К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің батырлары, М.Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс батырлары, 1916 жылғы көтеріліс батырлары, Алматыдағы А.Байтұрсыновтың үйі, Алтынемелдегі Ш.Уәлихановтың мемориалдық кешені, Ы.Алтынсарин кесенесі, Ж.Жабаев кесенесі, т.б. орындар кіреді. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындарға тоқталсам, «Таңбалы тас» ескерткіші, Орбұлақ және Аңырақай шайқасы болған жер, Бұланты шайқасы болған жер, Ордабасыдағы «Бірлік» монументі, Астанадағы «Астана-Бәйтерек» монументі, Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі, Семей қаласындағы «Алаш арыстары» үйі, Жымпиты-Алаш арыстары үйі, Астанадағы «Қазақ елі» монументі, «Мәңгілік Ел» салтанатты аркасы кіреді. Осылай санамалап, кейбіріне арнайы тоқталып айтқан себебім, өзіңіз байқаған боларсыз, жоба аясында еліміздің тас дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі тарихи санамызды жаңғыртуға қатысты нысандар түгел қамтылғандығын жеткізу.

Бір сөзбен айтқанда, «Қасиетті Қазақстан» бағдарламасы бұл ғұрыптық рәсімдерді, діни, тарихи-археологиялық мұраларды насихаттауға арналған жоба емес. Бұл рухани құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған ғылыми-әлеуметтік жоба.

– Алда экспедициялар ұйымдастырмақшы екенсіздер. Аңыздар жинаймын деп отырсыздар. Қазір туған жері, өткен тарихи оқиғалар мен тұлғалар жайлы төгілтіп айтатын абыз қариялар азайып барады, көбісі біреуден естігенін долбарлап айтуға әуес, енді бірі кітаптан оқығанын жаңа естігендей баяндап береді, бұл жайында не айтасыз?

– Орталық құрылған күннен бастап, біз жасалатын жұмыстарға жүйелі ғылыми негізде қарадық. Біздің орталық тікелей ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қарауында, ал өзіңіз білесіз министрліктің әр облыста салалық басқармалары бар, музейлер, мәдениет қызметкерлері бар. Сонымен қатар, маусым айында әр өңірдегі жергілікті өлкетанушылардың басын қосып, республикалық өлкетанушылар ұйымын құрдық. Басқарма төрағасы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы. Туған жер, өскен өңірдің тарихы, тарихи тұлғаларға қатысты дүниелердің барлығын жинақтау мен зерделеуде өлкетанушылардың атқарып отырған жұмыстары ұшан-теңіз. Жыл соңында атқарылған жұмыстарды саралай отырып, республикалық өлкетанушылар форумын ұйымдастырмақпыз. Сол арқылы осынау ел тарихына, өскен өңірдің тау-тасына тіл бітіріп, зерттеп, жас ұрпақтың жадына сақтауға, Отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге өз үлестерін қосып жүрген

жандардың еңбегін елеусіз қалдырмай, лайықты бағасын беру, марапаттау ойымызда бар.

– *Қасиетті орындар жайлы жастар жадына сақталар жаңашыл бағытта деректі фильмдер, тарихи-танымдық бағдарламалар түсіріле ме, ғылыми-зерттеу материалдары дайындала ма?*

– Әрине. Қазір тарихшы, археолог, этнограф ғалымдардың қатысуымен Қазақстанның қасиетті орындарының картасы жасалуда. Аталған карта мультимедиялық құрылымдар арқылы мобильді форматта, электронды түрде көпшілікке қолжетімді болады. Қасиетті жерлерге қатысты роликтер дайындалып жатыр, жыл соңына дейін үшеуі дайын болады. Сонымен бірге, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты виртуальды-интерактивтік картаны жыл соңына қарай іске қосамыз, оны интернет арқылы тамашалай аласыздар.

– *Орталықтың алдағы жұмыс жоспарлары жайлы бірер ауыз сөзбен ойыңызды түйіндесеңіз?*

– Біз жүзеге асыратын бағдарлама бес жылға арналған. Біз мамыр айының ортасынан бастап құрылып, жұмыс істей бастадық. Биылғы жылдың бюджеті бойынша бөлінген қаржыға атқарылатын жұмыстар рет-ретімен жүйелі түрде қолға алынған. 5 жыл ішінде әр жыл сайын бір томнан «Қазақстанның қасиетті жерлерінің энциклопедиясы» жарық көрмек. Биыл Астана қаласы мен Алматы, Ақмола облысы мен Алматы облысын қамтитын бірінші томы шығады. Оған Нұрсан Әлімбаев, Жамбыл Артықбаев, Ғарифолла Әнес сияқты этнограф ғалымдар басшылық етуде. Біз бүгінгі таңда жалпыұлттық деңгейдегі 100, жергілікті 500 қасиетті орындардың тізімін жасадық. Алдағы уақытта оларға қатысты жергілікті жердегі құрылған топтар жинаған ақпарлар негізінде сараптамалық кеңес ауқымды ғылыми-зерттеу жүргізеді.

– Жалпы қазақ жерінің қайсы болса да қасиетті екендігін Берік қай өңірде қызмет атқарғанда да ісімен дәлелдей алды, Ұлытау ауданында әкім болғанда, киелі жердің мерейін тасытуға күшін салды, Жезқазғанға Абылайдың ескерткішін орнатып, алаш ардақтыларының есімін ұлықтады, Арқалықтың бұрынғы ажарын қайтаруға еңбек етті, Айбектей арқалы ақын «Ақ Берік» деп ән арнағаны да сол халық сүйіспеншілігінің бір үзігі болса керек. Сұхбат соңында Берік Әбдіғалиұлы кейінгі кездері зерттеген «Алаш әскері» еңбегін аяқтап қолжазбасын баспаға тапсырғанын айтты. Демек, алдағы уақытта алаш жұрты тағы бір тарихи еңбекпен танысуға мүмкіндік алады.

Сұхбаттасқан Базаргүл Сейітжанқызы.

« АЙГӨЛЕК-АУ, АЙГӨЛЕК, ЖАС ҰРПАҚҚА НЕ КЕРЕК?...»

Бұл сұраққа құр сөзбен емес, іспен жауап беріп жүрген қазақтың қызының есімін дәл қазір бәріміз де «Айгөлек» журналынан бөліп-жарып қарай алмаймыз. Қымбат Әбілдәқызы, оған ешқандай атақ-лауазымды тіркеудің де қажеті жоқ сияқты.

«Мен ешкімнен идея ұрламаймын, тендерге қатысып ақша сұрамаймын, тек балалардың бал қылығын тамашалап, солардың аппақ әлемінен кейбір қылықтарын бойыма жапсырғым келіп тұрады», – деген Қымбат апайдың сөзінен-ақ барлық жаратылысы жарқырап көрініп тұрады.

18 жыл бойы жанкештілікпен 18 мың ақ жүректілерінің болашағын ойлап, намысын қайрап тәуелсіз ел тарихындағы балаларға арналған алғашқы журнал «Айгөлектің» ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген жанның көңіл түкпірінде жатқан көп ойының бір үзегін ғана сіздермен бөліспекпін.

– Сізді көпшілік ұлттың үні қазақ радиосы арқылы, жүзіңізді көрмесе де, даусыңыздан жазбай танитын, сонша жыл қызмет атқарған жылы орныңыздан кетіп, сол кезде ешкім тәуекел ете алмайтын балалар журналын ашуға не себеп болды?

– Бізді 1999 жылы 39 адамды «Шалқар жабылды» деген сылтаумен жұмыстан шығарып тастады. Бұл мен үшін де, қалған әріптестерім үшін де күтпеген, ескертілмеген мәселе болды. Менің ешкімім жоқ еді Алматыда. Өзім мектеп бітірісімен 4 жыл ҚазҰУ-ға түсе алмай, сонда да тауым шағылмай оқуға түсіп, үздік бітірдім, телеарнада екі жылдай жұмыс істеп жүріп, желтоқсан оқиғасына қатысқандықтан шығып қалдым. Сөйтіп, қазақ радиосына жұмысқа орналастым. Радиоға өте берілген болатынымын, онда 13 жыл істедім. Аптасына 7 хабар жасайтынмын 7 күнде. Шындығына келсек, содан кейін балалар хабарын дәл мендей жүйелі жасаған ешкім жоқ. Балабақша жасындағыларға «Тілашар» радиобабын, бастауыш сынып оқушыларына «Айгөлек» радиожурналын, осылайша мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарап бөліп дайындайтынмын. Жексенбі мектеп оқушыларына арналған бір сағаттық эфирім болатын. Оған 5 күн, дүйсенбіден-жұмаға дейін мәдени шолу жасайтын 15 минутты қосыңыз. Тікелей эфирдегі «Қайда бара жатырмыз?» атты хабарымда көкейтесті тақырыптарды көтеретінмін.

Республика бойынша мәдени оқиғалардың бірін қалдырмай шолу жасайтындығымнан болар, атақты жазушылар мен ақындардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің мерейтойларына мені шақыратын. Мен өзіме өте сенімді едім, 4 жыл бойы оқуға түсе алмағанымды да ұмытқанмын, одан кейінгі қиындықтар да артта қалды деп ойласам керек, тура 38 жасымда жұмыссыз қалғанымда өң мен түстей болып түк түсінбей қалдым. Ол кезде қазіргідей толып жатқан жекеменшік телеарналар, радиолардың өзі түгіл, ондай түсінік те жоқ еді ғой...

Мені сол кезде ҚазҰУ өзім бітірген филология факультеті, «Қазақстан» ұлттық арнасы және Алматыдағы Ғ.Мүсірепов атындағы жастар театрының

әдебиет бөлімі жұмысқа шақырды. Үш жұмыстың қайсысы болсын, маңдайға таршылық етпейтін, бірақ, көңілім қалғаны соншалық енді біреудің қарамағына жұмысқа бармаймын деп өзіме ант бергенмін, сол жұмыстан қысқарып қалған уақытта. Жұмыстан аспанға көтеріп-көтеріп бір күнде жерге тастап жібергендей, бір күнде ешкімге керек болмай қалдым. Жалғыз менің басыма түскен жағдай емес, жұмысты істей алмағандықтан емес, қайта аптаның бір күнін қалдырмай түгендеп хабар жасап отырып, кеттім ғой қысқартуға, ешкімге өкпем жоқ мүлде ...

Бір сөзбен айтқанда, радиодан кеткесін, «өзімді-өзім іздеуім» басталды. Содан өзімді-өзім іздеу, өзіме-өзім өшігу басталды. «Жардан құлап жағалауда қалдың, енді көтеріліп көр» деп бір Қымбатты бір Қымбат қамшылайды. Үйде әйелдің жұмысы бітпейді екен, «Қымбат жұмыссыз, үйде бос отыр» деп естігесін қонақ ағылды. Осы тығырықтан шығайын деп бір тоқтамға келе алмай, қанша ұйқысыз түндерім өтті. 16 жылда қанша балалар хабарын жасадым, бірде-бір рет қайталап беруге тырыспайтынмын. Балалардың әлемін қызықтадым.

Мен бар жоғымды балалар әлемінен таптым. Керемет адамдардың көбісімен жақын араласа бастасаң олардың бойындағы жасанды қылықтарды көресің, жақсы адам дегенімнің бәрінен бұрын байқамаған кемшіліктерін көріп қалатын болдым, олардың бойындағы жалғандық сияқты артық бояуды көре бастадым. Балалар ұлттың болашағыдесеңіз, соларды сөйлетіп көріңіз. Оларға сенің лауреат Қымбат, танымал Қымбатың керек емес, балалар әлемінде отырып тазарасыз, шаршап отырып күлесіз. Ойың жаңарады, қаншама туыстарым, пір тұтқан аға-апаларымнан алыстадым. Орыстардың «Веселые картинки», «Дружные ребята» сияқты журналдарын көргенде шіркін-ай, осындай қазақ балаларына неге журнал жоқ деп жүретінмін. Менің сол арманым болатын. Күйтабақты қайта-қайта тыңдасаң, тоқтап қалатыны сияқты, менің ойыма да сол журнал шығарсам деген ой кіріп алып, шықпай қойды.

Жолдасым ішкі істер саласында қызмет істейтін, күзет бөлімінде, ұлымыз бар. Айтайын дегенім, жолдасым 1999 жылдың күзіне қарай төрт жерде күні-түні дамыл таппай жүріп, төрт мың доллар ақша жинады, ол ақшаға Алматыда сол кезде от жағып, су тасымайтын дайын пәтер алуға болатын. Бірақ, менің миымда пәтер алудан гөрі «журнал шығаруға қанша ақша кетеді?» дегеннен басқа ештеңе жоқ. Сол саладағылардан сұрастырып жүрмін, жанталасып журналға қанша ақша кетеді, финнің жылтыр бояуы шықпайтын қағазына қанша керек екен, не керек өзім авторлық концепция жаздым 24 бетке, оның ішінде танымал беттер, бала білуге тиісті жайттар, «Намысымсың, туған тіл», «Анам сенсің, туған жер» қысқасы бір санына типографияның шығынын, арнайы журнал мұқабасын көркемдеуге кететін суретшінің суреттерін қосқанда, тура сол 4 мың доллар ақша болды. Бәрін өзім есептеп біліп барып, ойымды жолдасыма айттым. Мен осылай ұзақ ойдың соңында жүрсем, көп өмір сүре алмаймын дедім, сонша жыл оқып-

тоқығаным, барлық менің өмірде жеткен нәтижем осы болды ма дедім. Оған журнал шығарғым келетінін айттым.

Сол жылдары еліміздің Білім министрі Қырымбек Көшербаев, ҚР ақпарат және мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед еді, жазған концепциямды машинкаға басып апардым, суреттерді қолыммен салып, айдарларын ауызбен айтып бердім, екеуі де жақсы қабылдады. Бюджет бөлінген кезде «көмектесеміз» деп бір алыс уақытты айтты.

Содан кеттім, ол кезде қазіргідей демеуші деген де жоқ. Жолдасым мені жанымен түсінген болуы керек, келісті. Ақша қолыма тигесін, бәрі адамның пейілінен болар, іске адал кірісуден шығар, журналдың бірінші саны 2000 жылы қазан айында тура мұғалімдер күнінде жарыққа шықты. Журнал керемет болып шықты. Суретшілерге күнге ұмтылған ұл мен қыздың суретін салғыздым. Бұл ісімізді періштелердің періштесі қолдаған шығар. Қазір мені «Айгөлектің» редакторы деп жазбайды жарнама болып кетеді деп, сол кезде «Қазақстан» ұлттық арнасы күнде берді, бала тілін білетін, бұрынғы әріптесіміз балаларға журнал ашты, ортамыз «Айгөлекпен» толықты деп. Бәрі мені құттықтады. Сонымен «Айгөлектің» жарнамасы керемет болды. Содан алғашқы қаз басқан дүкендер «ABDI», «Жанна» жиһаз салоны, «Әсем-ай» су шығаратын мекеме, «Фудмастер» бәрі келіп спонсор болуға таласты. Ол кез экономика тұралап Үкімет бизнесмендерге «балалар мекемелеріне демеушілік жасасаңдар салықтан 5 пайыз жеңілдік береміз» деген. Соған мен жұмысты аяғына жеткізе алатыныма сенген болу керек, бәрі өздері іздеп келді. Редакция құрамымызда суретшілер, сол кездегі авторлар, жазушылар, журналистер руханиятқа шөлдеп қалған болу керек бәрі материал жазамыз деп құлшыныс білдірді.

Мен демеуші болу үшін «ABDI»-ді таңдадым, қағаз бен қалам өзіме жақын болғасын. Оған үш шарт қойдым, біріншіден, «Айгөлектің» мазмұнына, екіншіден, кадрларға араласпайсыз, үшіншіден, менің өз басымды қарамағымдағы қызметкер деп төмендетпейсіз дедім.

Әбдібек Шарбекұлы Бимендиев «Абди» АҚ президенті, өте зиялы адам екен, жан-жақты, Қ.Сәтбаев атындағы политехникалық институттың машина жасау факультетін бітірген. Мәскеуде аспирантурада оқып, сонда қызмет атқарған, ауылдан шыққан, сатылап даму, туған ұлтына деген ішкі құрметі, тәрбиесі өте жақсы.

– Мен сізді білмеймін анам, енем, әйелім, балаларым радиодан сізді тыңдайтын, солардың өтініші бойынша келдім, демеуші болуға, – деген алғашқыда. Сөйтіп, радиодағы өлшеусіз еңбегім маған осылайша көмектесті. Тоғыз жыл серіктес ретінде тілегімді орындады, бір рет қарсы болмады. Демеуші деген тірек екен ғой, ұшақпен республикамыздың барлық өңірлеріне дейін бардым. Қаражат деп қиналмадым. Әбдібек Шарбекұлы айтады, сіз де өте ғажап адам екенсіз, тоғыз жылда бір рет не ақшамды көтер демедіңіз, не материалдық көмек алмадыңыз, – деп.

– *Сіз осылайша, өзіңіз аңсаған әлемнің алтын кілтін таптыңыз, бұрынғы ақын Қымбат, батыл Қымбат бәрін-бәрін ақ жүректілерге деген махаббатқа ауыстырдыңыз, ал баланың жанын түсіне білу оңай емес қой.*

– Журналдың алғашқы санын шығарғаннан бастап, баланың хатымен сырласа отырып, сол баланың отбасындағы жайлылық пен жайсыздықты біліп тұратын болдым, олардың салған суреттеріне қарап отырып, суреттің бояуынан-ақ олардың көңіл-күйлерін ажырата аламын. Баланың хатын өтірік қорыта алмайсыз, баланы алдауға болмайды, өзіңнің ойыңмен бір сөзін өзгертсең, мына хатты мен жазбадым десе ұят болады ғой. Суретінің өзін жинақтап қарап, қай сыныпта оқитынын біліп қана қол тигізерсіз. Тым әдемілеп қою да алмайсыз, бәлкім кейбір балалар бұл суретті мен салдым деп мақтануы мүмкін, бірақ оларды өтірікке тәрбиелей алмайсың, менің қызметкерлерім өз ойларымен жазғысы келеді, мен балалардың хатын өзім қорытамын. Үлкенше ойлап, өз пікіріңді оларға таңуға болмайды, әрқайсына жас ерекшеліктеріне қарай ойната отырып, ойланту керек. Жас ұрпақтың намысын қайрап, тәуелсіз санамен өсіру керек. Шаңдары қазір қалсын, намыстың шоғы тұтансын деп сілкіп аламын. Шығармашылықтан шаршап отырып қуанамын, балалар суреттері сондай шынайы. Менің кәсіби суретшілерім салған суреттер салоннан шыққан сұлулар сияқты, ал балалар салған суреттерде адам тілімен айтып жеткізе алмайтын тазалық бар.

Шашылған қағаздан шаршап тұрып, бала жазған бір хатты оқып, рахат табамын. Мені қызықтыратыны – менің әлемім, ешкім кіре алмаған таза әлемге кіріп кеттім. Бүгін 70 мектептен кездесуден келдім, өзімді қандай бақытты сезінгенімді айтып тауыса алмаспын. Мектепке кіргеннен бастап, барлық бала менің жазған өлеңдерімді жатқа айтып тұр. Менің әке туралы жазған өлеңімде: «Әкенді сыйла құдайдай, көрер ем әкең болмаса, әкенің бәрі Құнабай», – деп ой түйетінім бар, сол өлеңді бір бала керемет оқыды, сөйтсем, ол баланың тағдырына өлең өз әсерін тигізген екен, ата-анасы ажырасып жүргенде, баласы анасына сол өлеңді оқып беріп, райынан қайтарып, әкесіне қайта қосылған көрінеді. Баланың өз аузынан естіп, көңілім босады. Ауыл баласы мен қала баласының айырмашылығы бар. Ауылдың алай-дүлей боранын көрмеген қала баласы ондай өлеңді құр жаттағанмен, жанымен беріліп түсіне қоймайды. Ал керісінше ауыл баласын жеңіл-желпі өлеңдермен қала әлеміне жетелей алмайсың.

Ұлытаудан Сабина өз хатында: «Жазғы демалысымда Алматыға бардым, біздің Ұлытауымыз Алматыдағы тауды көргенде кішкентай ғана болып қалды, бірақ рухани жағынан, тарихы жағынан менің Ұлытауым ерекше», – деп жан жүрегімен адалдықпен бейнелеп жазған.

Айгөлектің 36 бетін аялап бесігін дұрыс тербетіп, жас ұрпаққа қажетін тауып берсем деп ойлаймын. Маған ешқашан тендер бермейді. Тендерді ұтып алып, олар тарапынан тікелей бақылап отыратын тақырыптарды ұсынсам, оқырмандарымнан айрылып қаламын. Балалардың аппақ әлемін саясатқа араластырып кірлеткім келмейді.

Менің әлемім – менің ақ жүректілерім!

– Сіз атақ-даңқсыз да танымалсыз, көгілдір экран бетінде қазақ тақырыбына әңгіме қозғалса, қандай бағдарламаларға қатыссаңыз да көбі батып айта бермейтін мәселелерді түсінген жанға қазақы сөздің құдіретімен еш жасандылықсыз жеткізесіз, бірақ өзгелер секілді шығармашылық кеш өткізіп, кітап шығарып, тұсаукесеріне шақырып жатқаныңызды көрмеймін, неге?

– Елу жасқа келгенімде Әбдібек Шарбекұлы «Айгөлекті» жеке отау етіп шығарып, осынша еңбектің иесі деп бүкіл құжатын атыма аударып берді, қиналсаңыз көмекке әзірмін деді. Екі кітабыңызды шығарып берейін деп те айтты. Бірақ, мен жазған өлеңдерімді жинап көрген емеспін, шабыттана жазамын, ешкімнен кем де жазбайтын шығармын, ал өзіме, шығармашылығым деген уақыттың бәрін «айгөлектің жолына құрбан қылғанмын». Менің көп уақытым журналға жаздыру сияқты ұйымдастыру жұмысына кетеді. Рас, мойындау керек, «Айгөлек» «Роспечаттың» каталогына енген еліміздегі жалғыз журнал, 18 жыл шыққан уақытының 12 жылында сол биігінен түспей келеді. Ол жерде мұндағыдай тамыртаныстықтың керегі жоқ, оларға менің Қымбат екенімнің де қажеті шамалы, оларға журналдың сапасы қажет.

Нарық кезінде біз сияқты білімді, кітап оқуды бақыт санайтын маман азайған уақытта журналға жаздыру деген де сұмдық саясатқа айналып кетті. Елдің бәрі ғаламторға көшті деген сылтау, журналға жазылу жайлы ата-аналарға айтындар деп құтыла салу, мұғалімдердің бұрынғыдай беделінің жоқтығы бәрі кедергі болады. Соған қарамастан, «арпа ішінде – бір бидай», – демекші республикамызда мұғалімдер бас болып Жаңаөзен, Қызылорда, Қарағандының 4 ауданы, Астананың мектептері «Айгөлекке» жақсы жазылады.

Жұмыс сұрап балалар басылымы оңай деп келетіндер көп, бейнетін көріп қашып кетеді. Тағдырыма мың шүкір, көгілдір экранның да пайдасы зор, өзімнің қазақ туралы ойым мен түсінігім көмектеседі, диванда жатып, әр арнаны бір қосып отырғандар мен қатысқан хабарларды аяғына дейін көріп едік, осындай ұлтын сүйетін, қазағым деп жаны күйетін адамның шығарған журналы да осал емес шығар деп жазылады.

Байлыққа да, атаққа да «Айгөлекті» айырбастамас едім. Мен өзім әлеуметтік желіде жоқпын. Телефон шұқып, жан-жағына қарамай отыратындардың қорқамын. Кейбір адамдар келіп, осынша ақша береміз естелік кітабымды жазып берші дейді, шешендік өнер мектебін ашып берейік, сіздің атыңызды естіп-ақ жиналатындар көп дейтіндер де бар.

«Айгөлекті» шығарған 18 жыл ішінде барлық жазған өлеңдерім де, шығармашылығым да бәрі соның жолында, тіпті ешкім қайтарып бере алмайтын қимас уақытым да...

Солай бола тұрса да, өзімді бақытты санаймын. Ұлттық баспасөзге жазыламын, кемінде үйіме 6-7 басылым келіп тұрады, бірін шолып оқырмын, бірін толық оқырмын, бірақ өзім барда менің почтама, үйіме қазақтың газет-журналдары келіп тұруы тиіс.

Өзімді бақыттымын деп санаймын, «Айгөлек» журналына жазылған әрбір бес баланың бірі маған анасындай сезініп, өлең арнайды, бес сурет салған баланың біреуі менің мұрнымды пұштитып суретімді салады. Кездесуге барғанда ел, жер, Отан, ана, тәуелсіздік жайлы қанша өлеңім бар екенін өзім білмесем де, балалар жатқа айтып, алдымнан шығады. Он сегіз жылда он сегіз мың оқырмандарымның ішінен, болашақта он сегіз әділдіктің бетіне тура қарай алатын, тәуелсіздіктің қадірін білетін, туған жері мен ана тілін сүйетін жас өсіп шығарына сенемін.

Абыройды ешқашан ақшаға айырбастауға болмайды, ақшаға сатылмайтын құндылықтарды, қазақтың өзінен алғанын өзіне қайтаруым керек деген ұстаныммен өмір сүремін. Жердегі жұлдыздардың ішкен-жегенін, жүрген-тұрғанын жазып ақша тауып, бедел жинағаннан гөрі, ақ жүректілерімнің арқасында солар сияқты тазалықты бойыма жинап жайрандап жүремін, жарқылдап күлемін.

Радиодан кеткен кезімде менің барлық хабарымды үзбей тыңдап жүретін Қызылордалық Шағадат Жүсіп тоғыз ауыз өлең шумағын жазып іздеген екен, соның түйінді төрт жолы есімде қалыпты:

«Сен неге естілмейсің, Қымбат дарын,
Жаныңның жайып тастар қымбаттарын,
Радиоң тоқтаусыз сөйлеп жатыр,
Сені іздеп отырмын, тыңдап бәрін
Сен өзі, тірісің бе, Қымбат жаным?»

Иә, ұлттың жоғын түгендеп жүрген қайсар қазақ қызын, 18 жыл уақыт бұрын тыңдарманы осылай іздесе, бар тәрбие мен тәлімін 36 бетке жарқыратып жайып салып отырған «Айгөлектегі» анасындай аяулы жанмен кездесуді, сүйікті басылымдарының әрбір санын ақ жүректілері асыға күтеді.

*Сұхбаттасқан Базаргүл Сейітжанқызы
Объектив.kz ақпараттық-сараптамалық порталы,
2017 жыл, 19 қараша.*

Тіл мәртебесі – ел мәртебесі!

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӨЛ АТАУЛАРДЫ ҚАЙТАРА АЛДЫ МА?

Дәл осы тақырыпты қозғауыма екі мәселе себеп болды. Соның бірі, яғни көңіл қуантарлығы – Алмас Темірбайдың көпшіліктен сүйінші сұрап жеткізгені Көкшетауда орысша атаулы 60 көшенің 58-і қазақша атауға ие болатыны жөніндегі жаңалығы болатын.

Сөзбе-сөз келтірсек:

– Ал ағайын, құтты болсын! Барып қатысып келдік. Көкшетау, Красный яр, Көкшетау-2 қалашығының көшелерінің атауларын қазақшалау жөніндегі жиналысқа қала әкімдігінің қызметшілері, 12 мәслихат депутаты,

қоғам белсенділері және осы Фейсбуктегі 70 шақты қазақтың қыз-жігіттері қатысты. Бұра тартып, өз ата-бабаларының атын ұсынып жатқандар да болды. Біраз айқай-шуда, келіспеушіліктер де болды. Бірақ, нәтижесі жақсы. Көпшіліктің қолдауымен, депутаттардың дауысқа салуымен күн тәртібіне қойылған «Капцевич», «Комсомольская», «Черемушка», «Трудовая» секілді орысша атаулы 60 көшенің 58-нің атауы «Оқжетпес», «Әлдебек би», «Бапан би», «Үмбетей жырау», «Б.Әшімов» т.б. болып қазақшаланатын болды. Ал қалған 2 көшенің тағдыры кейінгі жиналыстарда шешілетін болды. Бұл да аз жеңіс емес. Басты мақсатымыз орындалды, – дейді Алмас.

Ғаламторды шарлап, әр облыстың басылымдары мен әкімдіктердің арнайы сайттарын ақтарып отырып, көңілдегі көп сауалға жауап таба алмасаң да, атқарылып жатқан жұмыстардың аз еместігін байқауға болады. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап, ономастика мәселесі күн тәртібінен түскен емес.

Соңғы деректерге сүйенсек, еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері 2500-ден аса атау өзгертілген. Оның ішінде 1107 білім беру, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау ұйымдары, 23 қала мен аудан атауы, 1361 елді мекен және 20-мыңға жуық көше атаулары қайта рәсімделген. Республикамыздың әр өңірлеріндегі ономастика мәселесіне қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды сараптап көрсек.

Жамбыл облысында тәуелсіздік жылдары мән-мағынасын жоғалтқан 1924 көше, 172 нысан, 146 елді мекеннің атауы жаңартылып, 2005 жылдан бастап 10 жылдың ішінде облыс бойынша 214 көшеге жаңа есім берілген.

Ал Оңтүстік Қазақстан облысында 25 жыл ішінде 250 елді мекенге бұрынғы тарихи атаулары қайтарылып, көшелер мен нысандарға атау беру туралы 1500-ге жуық ұсыныс талқыланған.

Алматы қаласында аз уақыт ішінде 158 көшенің аты өзгертіліп, 458 көше жаңа атауға ие болған. Байқап қарасақ, оңтүстік өңірлерде, қазағы басым аймақтарда бұл мәселе ешбір дау-дамайсыз, рет-ретімен жүзеге асырылыпты.

Керісінше, солтүстік, орталық, шығыс аймақтардағы жағдай 26 жыл ішінде аса қатты өзгере қоймаған.

1999 жылы халықаралық «Алтай-Дунай» этнологиялық экспедициясына қатысқан кезімде Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстарының бірнеше қалалары мен елді мекендерінде болдым.

Астанадан алысқа бармай-ақ, алдыңнан анадайдан көзге шалынатын атаулар өзге елде жүргендей сезіндіреді екен. Тіпті, басқа ат жетпегендей ескісі, жаңасына дейін қалдырмай «Старый Колутон», «Новый Колутон» деп мырзалықпен атаған одан әрі «Вишневка», «Малиновка», «Мариновка» т.б. жалғасып кете беретін елді мекендерді көріп көңілім құлазыған.

«Көш жүре түзеледі» десек, ғасыр ауысып, жылдар жылжыған сайын ескіні-жаңаның ауыстыруы, намысты ұл-қыздардың тынбай атқарған жұмысының негізінде былтыр ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында

Ақмола облысы 300-ге жуық атауды өзгерткен. Бұл мәселеге елімізде тұратын өзге ұлт өкілдері де түсіністікпен қарай бастаған. Оған дәлел – 20% қазағы бар Сандықтау ауданының 100 көшесінің атауының өзгертілгендігі.

2016 жылы Атбасар ауданындағы Новоалександровка селолық округі – Бастау ауылдық округі, Новоалександровка селосының атауы – Бастау ауылы, Целиноград ауданындағы Воздвиженка селолық округі – Нұресіл ауылдық округі, Воздвиженка селосының атауы – Нұресіл ауылы болып қайта аталған.

Ақмола облысының бұрынғы Гусарка, Дорофеевка, Елизаветинка, Ильинка, Рождественка деп жалғасатын орыс атауларының орнына Кенесары, Наурызбай, Олжабай, Қабанбай, Аңғал батыр, Қарауыл Қанай би сияқты халқымыздың біртуар ардақты ұлдарының есімдері берілген. Дегенмен, әлі де Андреевка, Еленевка, Мариновка, Калиновка, Ивановка сияқты атаулар облыс аумағында аз емес.

Осыдан 6 жылдай уақыт бұрын Павлодар мен Петропавловск қалаларының атауын өзгерту мәселесі жиі көтеріліп тұрған кез болатын. Сол қаланың бірінде арнайы қоғамдық пікірлерді жинап дауыс беретін сайт ашылды деп барлық әріптестеріміз біріміз қалмай Павлодардың тарихи атауын қайта берсін деп дауыс беріп, қарап отырсақ қайта-қайта таразы басы басқа жаққа ауып барады. Соңында аты-жөні қазақша жазылғандардың даусы қабылданбайтынын байқап біз де қулыққа басқымыз келген. Сөйтсек, бір электронды мекен-жайдан жіберілген дауыс қайта қабылданбайды екен.

Сонда хабарымызға келген қонағымыз Қымбат Әбілдақызы біздің ісімізге риза болып, мені де қосындар демесі бар ма?! «Апай, ол үшін атыңызды орысшалау керек десек, мейлі кім десеңдер де бәрібір, қаланың атын өзгертсек болды деп, ақыры апамыз Катя деп дауыс беріп, бір орын алға жылжып қуанғанымыз бар.

Содан бері де ол мәселе сан көтерілсе де, қасаң түсініктен аса алмағандардың кесірінен бе, өзгелердің көңіліне қарағаннан ба, кім білсін, бөркімізді аспанға атып қуанудың ауылы алыстап тұр.

Әзірге кемшін тұстарымызды көшелер атауымен түгендеп, көңілімізді демдеп жүріп жатқан жағдайымыз бар. Осы тұрғыда 26 жыл ішінде біз қанша алға жылжыдық, кері кеткен тұсымыз неден болды, алда не істеуіміз керек деген сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Ономастика мәселесімен айналысатын республикалық комиссия бар, арнайы заң да қабылданған. Жыл сайын республикамыздың әр облысында аталған мәселенің шешімін іздеп, түйінін тарқатуға тырысатын арнайы конференциялар мен семинарлар, дөңгелек үстел отырыстары өткізілген.

Онда айтылған салмақты пікірлер мен атқарылып жатқан іске қатысты сындарлы ойлар да аз емес. Қазақ тілді басылымдар бұл мәселені айтуындай айтып, жазуындай жазып-ақ келеді. Осы жерде

республикалық ономастика жөніндегі комиссияның мүшесі, «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіптің бір басылымға берген сұхбатынан үзінді келтірейін:

– Астана мен Алматы қалаларында, Ақтөбе, Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында ілгері басқанымен, Шығыс, Солтүстік, Батыс және Арқа өңірлерінде жер-су атаулары әлі де сол бұрынғысынша қалып келеді. «Әсіресе, Қарағанды, Павлодар қалаларында, ономастикалық тұрғыдан қарағанда қоғам да, саясат та өзгермегендей, қып-қызыл, әлі Ильичтің рухында тұр. Өскемен, Қостанай, Петропавл жағында әлі де жағдай жетісіп тұрған жоқ.

Өздеріңізге белгілі, елімізде бұл тарапта мораторий жарияланды. Бір есептен бұл жақсы болды деп ойлаймын. Бұл шара бізді «Көкемнің атын көшеге, атамның атын ауылға қою» деген сорақылықтан құтқарды. Алайда, бір нәрсені айта кету керек. Соңғы кездері кейбір азаматтарға берілетін астарға қатысып жүрміз, сіздер де ондай жиындарға қатысқан боларсыздар. Сонда бір байқалатын жағдай: келсін, келмесін дүниеден өткен жандарға дереу көше, мектеп атын беріп, есімін есте қалдыру шарасын жасау жиіледі. Бұл тағы да баяғы дау-дамайға қайта жол ашуы мүмкін.

Республикалық Ономастика комиссиясына еліміздің бірқатар аймақтарынан әртүрлі ұсыныстар түсіп, соның бәрі егжей-тегжейлі талқыланып, шешім шығарылады. Келген ұсыныстардың бәрі бірдей өткізілмейді. Мысалы, бір облыстық тубдиспансерге кісі атын беру мәселесі кері қайтарылды. Бірқатар елді мекендер мен мектептерге кісі атын беру ұсыныстары да нақтылауға жіберілді. Бұл нені көрсетеді?

Тағы бір айтарым, бір ауылда бірнеше рудан құралған ел тұрады. Мектеп біреу-ақ. Пәлен деген рудың мықтысына мектеп атын беру туралы ұсыныс жасалатын болса, қалған ағайындар «біздің де мықтымыз бар еді, ол неге еленбейді?» деп қиғылық салады. Соның салдарынан алақандай ауылда үлкен дау туады. Мұндай жағдайды күнде көріп те жүрміз. Республикалық БАҚ редакцияларына келіп түсетін арыз-шағымдардың көпшілігі осы мәселе төңірегінде туындайды. Сондықтан, жергілікті ономастикалық комиссия мүшелері ел ішінде орынсыз дау-дамайдың туындап кетуінен сақ болғаны абзал.

Нұртөре Жүсіп елдің көңілдегісін дөп басып айтқан, оған алып-қосарымыз жоқ.

«Ең сорақы, масқара дерек мынадай: елімізде 352 көше әлі күнге дейін Ленин есімін иеленуде. Сонымен қатар 372 Октябрь, 267 Совет көшелері бой түзеп, жұрт санасын улап жатыр. Ресми деректерге сенсек, Қостанайдағы көшелердің 15 пайызы, Қызылжардың – 12 пайызы, Өскеменнің – 18 пайызы ғана қазақшаланған». Бұл саясаттанушы Айдос Сарымның келтірген деректері.

Бірін-бірі толықтырған қос пікір иесінің, екі ұлт жанашырының айтқан ойлары көңілге қонарлық, келтірген деректері де ойлантарлық.

Республикалық басылымдарда соңғы уақыттарда жарияланған сұхбаттардан үзінді, яғни көтеріп отырған тақырыпқа тұздық десек те болады.

Енді елордасы Астанадағы көше атауларына оралайық. Өзім осында қоныс аударғаным 20 жыл толғандықтан бұл мәселені әріптестеріммен бірге қаншама уақыт көпшілік назарына ұсындық, дәл қазір ауыз толтырып айтарлықтай өзгерістер болғанын Астаналықтар жақсы біледі деп ойлаймын. Қалалық тілдерді дамыту басқармасының деректерінде көрсетілгендей, Астанада Керей, Жәнібек хандар, Абылай хан, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Кенесары, Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбайұлы, Ақтамберді жырау, Біржан сал, Абай, Мұхтар, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Смағұл Сәдуақас, Жұмабек Тәшенұлындай тарихи тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, әлемдік тұлғалар, әдеби кейіпкерлер, аналар, жер-су атауларымен аталатын даңғыл, көше, тасжол, қысқа көше, орамдар және Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлерінің атына 1 даңғыл, 26 көше, Алаш деп аталатын тасжол бар екен.

Жоғарыда осы тақырыпты қозғауыма екі себеп барын айтып, оның жағымдысын, яғни көңіл қуантар Алмас Темірбайдың жеткізген жаңалығынан бастап едім. Ал сол күні бір жұмыспен асығып таксиге мінгенімде, көлік жүргізушісі: «сізді баратын жеріңізге тез жеткізу үшін толған қатындарға берілген көшемен алып барайын» – дегені. Жасы отыздардағы көлік иесіне жалт бұрылып, алдымен қай өңірден екенін сұрап білдім де, оған:

– Солтүстікте дүниеге келсең де бауырым, халқыңның тарихын білуге тиіссің, Көкшетауда өмірге келген Шоқандай ғалымның әжесі Айғаным, Ақмолалықтар есімін әнге айналдырған «Дударайдағы» Мариям Жагорқызы, бар қазақтың құрмет тұтатын Зере, Қарашаш, Айша бибі, т.б. көшелерге есімі берілген аналар жайлы жаңағы сөздеріңді бұдан былай айта көрме, – дедім асқан сабырлылықпен көкейіме кептелген көп сөзді әрең тежеп.

Ішімнен сол аяулы аналарға осы көшелердің атын беруде қаншама адамның еңбегі бар, бұрынғы атаулардан арылу үшін қаншама тер төгілді, қағаз жазылды, ал тәуелсіздік кезінде өмірге келген ұрпақтың бірінің айтып тұрғаны мынау деген ой қылаң берсе де, алда атқарылар қыруар істің білімсіз бірдің емес, бірлікті мыңның күшімен бітеріне сендім...

Базаргүл Сейітжанқызы

Объектив.kz ақпараттық-сараптамалық порталы,

2017 жыл, 16 қазан

ЕЛІМ МЕН ТІЛІМНІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛСА ДЕЙМІН

Біздің бұл айдарымыздан шет елде жүріп, еліміздің өркениет көшіне ілесуге, дамыған отыз елдің қатарына қосылу мақсатын жүзеге асыруға қызмет етіп жүрген озық ойлы, бойларында қазақы намысы мен қоса

іскерлік қабілеті мен білім-білігі жоғары жандар жайлы жақынырақ танысуға мүмкіндіктеріңіз бар.

Сонымен, алғашқы кейіпкеріміз: Абдур-Рашид Сәкенов. Бұл есімді ғаламторға кіріп іздеп көрсеніз, еліміздің транзиттік көлік әлеуетін дамытуға қатысты мәселелер қозғалған сұхбаттар мен тікелей эфир хабарларынан жиі кездестіресіз. Ана тілінде іркілмей сұхбат беріп, өзі қызмет ететін саланың сан алуан атқарып жатқан жұмыстарын баяндап қана қоймай, өзіндік ұстанымын да өзге тілдегі сөздермен шұбарламай жеткізіп отырған сәтте сіз ол жайлы нағыз қазақы азамат екен деп ойлайсыз.

Еліміз тәуелсіздігін алған шақта енді ғана онжылдықты тәмамдаған арманшыл жастың күні бүгінге дейінгі азамат болып қалыптасқан кезеңіне дейінгі уақытты алып қарасақ, оның 20 жылы елден жырақта өткен екен.

– Сіздің «Болашақ» бағдарламасының түлегі екеніңізді білемін, Қазақ Мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінде оқыдыңыз, жапон тілін таңдауыңызға не себеп болды?

– Қазақстандағы Жапон елшілігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігі грант тағайындаған, мен сол арқылы алғаш барып оқып келгенмін 1994 пен 1995 жылдары. Одан кейін шығыстануды бітіріп, «Болашақ» бағдарламасы арқылы Жапонияға бардым, Киото университетіне. 1994 пен 1995 жылға шейін Нанзойн университетінде Нагоя қаласында оқығанмын. Бір жылдық курсы болды, соған Қазақстанның студенттерінің арасынан жапондар өздері іріктеп алып жіберді. Алдымен студент болып, одан кейін магистратураға бардым, 1996 жылдың күзінен 2000 жылдың сәуір айына дейін 4 жыл. Бір жарым жылдай уақытым дайындыққа кетті, ол жерде университетке түсу өте қиын болды, Қазақстан мен Жапония арасында қарым-қатынастар дами қоймаған кез болатын. Қазір «Болашақпен» емтихан тапсырғасын автоматты түрде Жапонияға барып, бір жыл тілін, әрі қарай мамандығыңыз бойынша оқисыз. Ешқандай емтихан тапсырып керегі жоқ.

Менің уақытымда 1996 жылы ондай мүмкіншілік болған жоқ, мен жеке студент ретінде қабылданып, магистратураға түсу үшін бір жылдай дайындық жасадым. Қазақстаннан барған бірінші студент ретінде төрт емтихан тапсырдым, үшеуі экономикадан, бір емтихан жапон тілінен шет тіліне аудару. Бір орынға 4 адамнан келді, солардың арасынан мен өз күшіммен түстім. Магистратурада көбінесе жапон экономикасын зерттедім, соның ішінде олардың өндіріс және қаржы топтарының құрылысы қызықтырды, «неге жапондар 30-40 жылдың ішінде үлкен жетістіктерге жетті?» деген сұрақтарға жауап іздедім, алдымен жапон экономикасының тарихына үңілдім, жапон экономикасы 60-жылдары көтерілген емес, оның негізі 14-18 жылдарда құрылған екен, соны зерттей отырып, магистрлық қорғаған жұмысым Жапонияның стратегиясы, олардың шикізатты қалай табуы, себебі олардың өнеркәсібі өте жоғары дамыған болып саналады ғой, техникасы мен машина өнеркәсібіне шикізатты қайдан алады, сол маған өте қызықты болды, классикалық үш металл: қола, қорғасын мен мырышты қалай, қай мемлекеттен кіргізіп жатыр, бұл тақырып мен қорғаған 2000

жылдары отыз жылдай ешкім көтермеген, қозғалмаған жабық тақырып болатын.

Сауда компанияларының жұмысы, біздің Қазақстанда оншақты компаниялары бар Мицуби, Мицубиси қайсын алсаңыз да бәрі қаржылық топтардың өкілдері, олардың ішінде жүз компания топ құрады да, ішінде біреуі саудамен айналысады, олардың өндірген өнімдерін сыртқа шығарады, сырттан шикізаттар алып келеді, материалдар әкеледі, жапон экономикасының барлық компанияларын қамтамасыз етеді, бұндай компаниялар тарихқа үңілсек, Оңтүстік Кореяда, сосын Жапонияда ғана бар. Басқа жерде мұндай функциясы кең компаниялар жоқ. Дүниежүзіндегі басқа компаниялардың қызмет ауқымы тар, тек сатумен ғана айналысады. Мен сол жапон компанияларының құрылымын зерттеу арқылы мақалалар жазып, өзімді қызықтырған сан сауалдарға жауап алдым десем де болады. Қазақстан бойынша экономика саласындағы магистратураны Жапонияда алғаш бітірген қазақпын.

– Араға 4 жыл салып, магистрлік дәреже алып, 2000 жылы елге оралдыңыз, алған біліміңіз бен тәжірибеңізді бірден жүзеге асыруға мүмкіндік болды ма?

– Ол уақытта біздің елдің Жапониямен дипломатиялық қарым-қатынастары болғанымен, қазіргідей дамымаған. Ол кезде халықаралық әуежай енді салынып жатқан. Бас директордың көмекшісі болып жұмысқа орналастым. Ол жоба Жапонияның халықаралық даму банкінің қаржысымен салынған болатын. Осы жобаға қатыстым, жарты жыл өтпей, Президентпен кездесу болған, соған барғанмын, келесі күні мені Сыртқы істер министрлігіне жұмысқа жіберді, екінші хатшы болып бір жарым жылдай жұмыс істедім, министрлікте екі жақты қарым-қатынас департаментінде, сонда Жапониямен саяси қарым-қатынастар болатын, мен өзім экономист болғандықтан, басқа департаментке ауыстым, өзімнің қалауым бойынша, ол жерден көп нәрсе үйрендім деп айтуыма болады.

Өзіңіз білесіз, 2000 жылдардың басында елімізде әлі экономика саласында қиыншылықтар аз емес-тін. Шет елден гранттар сұрайтынбыз, экономика министрлігімен бірге жұмыс істедік «ЖАИКА» деген ұйым бар Жапон халықаралық ассоциациясы, ол грант беретін, сол кезде менің араласқан жобаларым, ол ұйым Нархозды ашқан соған қатыстым, Астанаға 50 шақты жедел жәрдем көліктерін сыйлады, мен сол жобаларды жүзеге асырдым. Солай жүріп жапондардан қалай грант алу керектігін үйрендім.

– Сіз қалайша теміржол саласына қызметке ауыстыңыз, өз қалауыңыз бойынша ма, жоқ әлде кездейсоқтық па?

– Шындығында теміржол саласында жұмыс істеймін деген ойымда болмаған, досым сол салада қызмет істейтін, соның шақыруымен маркетинг бөліміне жұмысқа кірдім. Алдымен, маман болып бастадым, ол кезде бұл бөлім ақпарат жинайтын, біздің мақсат еліміздің экспорттарына жол ашып беру. Белгілі бір шахтадан немесе стансадан шыққан кен, Еуропаға барады десек, ол қай портпен өтуі тиіс, сол кезден бастап мен сол іспен айналыса

бастадым, Балтық теңізінің барлық порттарын аралап шықтым, Қара теңізге де, Шығысқа да бардым, сонымен бүкіл логистикалық тізбектерді құрып, экспортерларға ақпарат беретінбіз, теміржол тарифті портқа дейін ғана береді, әрі қарай жаңағы кенді түсіру мен сақтау керек, оны қайта кемеге тиеу керек, соның бәрінің бағасын шығарып беру керек, сол ақпаратпен алдымен мен айналысатынымын, содан контейнерлік тасымалдың болашағы бар деп ойлап, бізде контейнер бөлімін ашқыздым. Бұрынғы Сыртқы істер министрлігіндегі үйренгендерім бойынша теміржолдың атынан Жапониядан Қазақстанның транзитін дамыту үшін грант сұрап, мамандар қажеттігін жаздым. Қазақстан теміржолында контейнер тасымалы дамымаған, бас аяғы 3-4 мың контейнер ғана бар, металлдардың шикізат түріндегі тасымалы үшін ғана пайдаланылған.

Ақыры, жапондар келісіп, 3 млн доллар берді. Дәл сол кезде Қаржы министрлігі жағынан қарсылық туындады, себебі еліміздің территориясында жұмыс істейтін шетелдік компаниялар немен келсін мейлі баж салығын төлеуі тиіс болатын. Жапондар оған келіспеді, өздері грант бөліп, әрі неге салық төлейміз деп шошыды. Менің осы мәселені шешуге 3 жыл уақытым кетті, бүкіл министрліктерді аралап шықтым десем де болады, Үкімет қаулысын шығартып, барлық министрліктерден өткіздік, ішкі заңның үстінен Президенттің Жарлығы болу керек, соның арқасында Қазақстан мен Жапония арасындағы техникалық көмек ретінде заң шығарып, 3 жылдан кейін Президенттің қол қоюына дейін жетіп, 2006 жылдың аяғында Парламенттен өткізіліп, содан кейін ғана жапондар Қазақстанға келе бастады. 2 жарым жылда 100-ге таяу маман келді, осында отырып, зерттеп, соңында 5 томдық зерттеу дайындап берді, ол комиссия құрамында өзім де болдым. Біздегі басты саясат бір ғана көршінің ығына жығыла бермей, Ақтау портын дамыту болды. Ақтау арқылы Иранға, одан Әзірбайжанға, Кавказға Қара теңізге шығамыз деген оймен Жапондарға арнайы зерттеуде солай жазыңдар деген тапсырма беріп, олар солай жазып берді.

2008 жылы бұл ізденіс толығымен біткенмен, ешкімге керегі болмай қалды, оның себебі теміржол саласында басшылықтар ауысты, қаржылық қиындықтар болды, сөйтіп, менің жанымды салып жасаған жұмысым, үш жыл бойы министрліктерді жағалаған жүгірісім, жапондықтардың зерттеу ізденістері шаңның арасында жатып қалды. Содан «ҚТЖ»ҰК» АҚ Президенті болып А.Мамин келген кезде жаңа жобаларды сұрады, мен осы жобамды ұсындым. Содан бұл жоба одан әрі жетілдіріліп, жүзеге асырылуға мүмкіндік туды.

– Сіздің қызметіңіз одан әрі Қытайда жалғасты, солай емес пе?

– Қазақстан теміржолының «Казтрансервис» деген компаниясы болатын, ол контейнермен айналысатын. Сол компанияның бірінші өкілдігін Қытайда мен аштым, жұмысын ұйымдастырдым, бірінші контейнерлік поездарды шығара бастадық. Синьцзяннан – Үрімшіге кірдік, ол кезде дайын жүк те болмайтын, менің мақсатым сол кезде Синьцзян 1 миллион тоннадай томат пастасын шығаратын, соларды поездарға тиеп жөнелте бастадық.

2006 жылдан бастап Қытайда жаңағы жұмыстар басталды, 2013-ке дейін Қытайда болдық, тағы бір өткел құрдық. Бұрын Достық-Алашонькоу өткелі болатын, 2012 жылдың желтоқсанында екінші өткел қостық Қорғос-Алтынкөл деген. Оған да 1,5- 2 жылдай уақытым кетті.

2013 жылы елге оралдым. Содан «ҚТЖ»ҰК» АҚ көлік логистикасын дамыту орталығы директорының орынбасары болып қызмет атқардым. Мұндағы жұмысым-жаңағы айтылған негіздемелерді дамыту, қалпына келтіру, жапондар жазып кеткен Құрық портын құрдық, құрғақ порт құрдық Алтынкөлде. Астанада үлкен логистикалық орталық аштық. Сол жобалардың техникалық негіздемесін құру, инвестор тарту, соңғы салтанатына дейін қатыстым.

2016 жылдан бастап, мені Қытайда бастаған жұмысымды жалғастыруға жіберді. Қазіргі менің істеп жатқан жұмыстарым – Вьетнаммен қарым-қатынас құру, Жапониямен, Оңтүстік Кореямен, осы үш мемлекет, болашақта бұған қосылатын Тайланд, Индонезия және Малайзия. Осылай қарым-қатынасты кеңейтетін боламыз.

Біздің «ҚТЖ-Экспресс» компаниясы басты экспедиторлық компания, соның Гонконгтағы бас директорымын. Гонконгтың өзінен тура жүктер болмаса да, ол портты қала, қаржы орталығы болғандықтан өте ыңғайлы, стратегиялық маңызы бар. Осыған дейін ешқандай қарым-қатынас болмаған мемлекеттермен транспорттық салада жол ашамыз.

– Сіздің мамандығыңыз экономист, бірнеше тілді білесіз, қызмет бабымен шет елдерде 20 жылдай жүрсіз, бірақ ана тіліңізді өзгелер сияқты шұбарламай еркін сөйлейсіз, отбасыңызда балаларыңыз қай тілде сөйлейді?

– Адамның өмірге әкелетін анасы біреу ғана, оның сүтімен дарыған ана тілімізге деген құрмет ерекше болуы керек. Өзім бір ананың үміт күтіп өсірген жалғыз перзентімін. Енді орыс тілін біздің замандастарымыздың бәрі де біледі ғой. Жаңа айттым жапон тілін қалай үйренгенімді, одан кейін ағылшын тілін меңгеру қажет болды, жұмыс бабымен қытай тілін үйрендім. Қазақ, орыс тілдерінен бөлек қалған үш тілде өз салама қатысты мәселелерді шешкен кезде қиналған емеспін. Әрине, транспорт саласындағы өзіндік ойларым мен еліміздің ұстанымын еркін жеткізе аламын. Барлық салада жетік сөйлеу үшін көп үйрену керек. Жиырма жасымда үйлендім, жарым Эльмираның мамандығы – дәрігер. Екі қызым бар, Алтынай мен Әйгерім. Отбасым өзіммен бірге 4 жыл Жапонияда тұрды, тұңғышым Алтынайдың тілі сол жақта шықты, 9 жыл менімен бірге Қытайда қасымда болды. Екі қызым да тұрған елдердің тілін жақсы меңгерсе де, отбасында өз ана тілімізде сөйлейді. Ол біздің анамыздың да арқасы. Анам – Рысты Сәкенова, «Қазақстан» ұлттық арнасында қызмет атқарған, сол жерден зейнетке шыққан, ардагер. Менімен бірге жалғыз баласы болғасын үш айдай Жапонияда тұрғанда елді қатты сағынып, тілі, діні бөлек жерде шыдай алмай елге оралатын. Бірақ, мен қызмет атқарған елдердің барлығында болды, немерелерінің туған жері мен тілін ұмытпай жүруін қатты қадағалайтын. Бұл тұрғыда мені жалғыз баласы болса да, маңайынан ұзатпай ұстамай, барлық

жағдайда да қасымнан табылып, демеген, бастамаларыма үнемі қолдау көрсеткен анама ризашылығым шексіз.

– *Сіз ше,сыртта жүргенде елді сағынасыз ба,сырт көз - сыншы демекші,елге келген кездерде болып жатқан өзгерістерге,өсіп келе жатқан жастарға көңіліңіз тола ма?*

– Елді сағынғанда қандай, туған жердің қадірін сыртта жүргендер қатты түсінеді десем артық айтқандық емес. Шет елде жүргенде менің бойымда жауапкершілік екі есе көп.

Сенің әр сөзің мен ісің арқылы елің жайлы түсінік қалыптастырасың, қазақ деген халықтың бойында намысы бар, сөзі мен ісінің арасында алшақтық жоқ азаматы екенінді сезіндіріп, бар қабілетің мен қарымыңды, білімің мен білігіңді дәлелдейсің.

Басқа елде жүргенде менің орныма басқа біреу істейді ғой деп өзгеге иек арта алмайсың, мойнында үлкен жауапкершілік жүгі бар екенін біліп, алға ұмтыласың.

Әлемде өркениет көшінде алдыңғы орында тұрған елдерде тұрғанынмен, олардың озық тәжірибесін үйрену арқылы еліңе қызмет етуің керек, сыртқа шыға сала менің елім неге ондай емес, осындай дамыған елді көре тұрып қалай кетемін, жанға жайлы жерде қалып қойсам деп ойлайтындарға қарап қарным ашады.

Ата-бабамыз «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» – деп айтып кеткен жоқ па? Басқа елде тұрып бақытқа жете алмайсың, қайта олардың үлгі боларлық дүниелерін, өз елімізге әкеліп, құр еліктеуден гөрі туған еліңнің сол өркениет көшінде озық елдер қатарына қосылуына күш салғаның дұрыс.

Біз өз кезімізде өркениетке жету үшін алдымен орыс тілін үйрендік, одан ағылшын тілін, солай өзімізді шыңдадық. Ал қазір «Рухани жаңғыру» арқылы Елбасы 100 оқулық жобасын жүзеге асырып, сол өркениеттің озық үлгісін өз ана тілімізге аудартып дайын алдыға тосып отырған жоқ па?!

Мен соңымнан өсіп келе жатқан жастарға қатты қызығамын. Сыртта жүргенде елдің жаңалықтарына құлақ түремін, ғаламтор арқылы, әлеуметтік желілерде өзіндік ұстанымы қалыптасқан, ұлтына жанашыр жастардың аз еместігін байқаймын. Іштей ақ жол тілеп отырамын.

Қазір баяғыны көкsep, бәрін «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» шешетін заман емес, өркениет көшінде өзгелермен терезең тең болсын десеніз, білім мен озық технологияларды меңгеруің, дипломатия арқылы алға жылжуың, басқалардан 2 қадам алда жүруің қажет деп санаймын.

*Сұхбаттасқан: Базаргүл Сейітжанқызы
Qazir.kz ақпарат-танымдық порталы,
2018, 23 мамыр.*

АМЕРИКАҒА БАРЫП ТОЛАССЫЗ БІЛІМ БҰЛАҒЫМЕН ТАНЫСТЫМ

Б.С: Жанар, біз арнайы айдар ашып, алыста білім қуып немесе қызмет атқарып жүрген замандастарымыздың ой-пікірін жариялап жүрміз. Өзіңнен әріптесіміз ретінде өзге елде, яғни Америкада осы жылдар ішінде не аңғардың, көңілге түйген ойларың мен пайымдауларыңды білсек деп едік...

Жанар: Қазіргі Жанарды мен білімге, білуге құштар аш қасқырдай (дұрысы мүмкін құртқа болар) елестетемін. Лос-Анджелесте басқан әр қадамымнан керек дүние алғым келіп тұрады. Әлемдік медианың хабы саналатын бұл «періштелер» қаласы білемін, үйренемін деген адамға басында қырғи қабақ танытқанымен, табандылық көрсетсең, ол да саған бүйрегін бұрады екен. Екінші тоқталғым келетін дүние ол – EQ (emotional intelligence). Эмоциялық интеллект – соңғы бір жылда қызығып оқып, зерттеп жүрген салам. Білімді, ақылды, оқыған адам болу бір бөлек те; стрестік жағдайда өз эмоциясын игеріп, адами қалпынан айнымау, тасы өрге домалап, атақ пен күшке ие болғанда, адамгершілікті ұмытпау екінші бөлек әңгіме. Біздің қоғамда бұл проблеманы кішкентай ауылдағы мектеп директорынан бастап, шенді-шекпенді танымал адамдардан да көріп жүрміз. Ал енді Америкаға бет бұрыңызшы. Билл Гэйтс, Марк Цукерберг, Опра Уинфри, Эллиен Дэдженерес т.б. мультимиллионерлер, мегамагнаттар. Бірақ, соған қарамастан көкірек керіп, атақтан секіріп жатқан біреуі жоқ. Эмоциялық интеллектің жоғары болғаны соншалық, адаммен қарым-қатынасты, түсіне білумен, түсіндіре білуді приоритетке қойған жандар. Міне, осы тақырып, осы мысалдар менің АҚШ-та ашқан тағы бір жаңалығым болды. Былай қарасаңыз барлығы айтып жүрген сол бір «қарапайымдылық», «адамгершілік» туралы сынды да, ал практикаға келгенде, сол қасиеттердің де мың құбылмалы түрі барын түсінеді екенсің.

«Сен ешкім емессің!» Осы факторды мақала басындағы сұрақтың үшінші жауабына жатқызайыншы. Менің 18 жасымнан бастап телеарнада жұмыс жасағаным, 19 жасымда Астанаға көшіп, қара шаңырақ Қазақ радиосында жұмыс істегенім, 10 жылдық жұмыс тәжірибемде ТВ, радио, баспаны көріп, нәтижелі еңбек еткенім, алғашқы қазақ тіліндегі жүкті әйелдерге арналған кітап жазып шыққаным, біреуі де жергілікті мамандарды қызықтырмайды. Сен секілді, сенен артық, сенен кем миллиондаған жан «кірпіш болып қаланамын» деп қамданып жүр. Сенде сол көптің бірісің. Өсемін дейсің бе, жаңадан барлығын бастауға даяр бол! Өшемін дейсің бе, өткенінді айтып, көкірек қағып жүре бер! Өзіме келсем, жиырма тоғызында Жанаржан жаңадан өмір бастады.

Б.С: Мұхиттың арғы жағында жүрген Жанар туған жерін сағына ма?

Жанар: Елге деген сағынышым сөзбен айтып жеткізе алмайтын дәрежеге жетті. Үйде қыздарымды қорқытып алмас үшін, көз жасымды көрсетпеймін. Менің бар эмоциямды, көз жасымды, өкіріп жылағынымды көріп келе жатқан темір тұлпар – көлігім. Жарықтық шыдап жүр. МузАрт,

Айқын Төлепберген, Ғаділбек Жанай сынды әншілеріміздің әнің бар дауысымен қосамын да, солармен бірге қосылып шырқап, жылап, өксігімді басып аламын машина айдап келе жатқанда. Бір қызығы, елде жүргенде қазақ эстрадасын аса тыңдамайтынмын. «Асфальтта өскен» қала қызы болғасын ба менің плэй листым шет елдік, одан қалды Ресейлік әншілерге тола еді. Ал мында инстинктік деңгейде тамырыңды, шыққан жеріңмен байланысыңды іздей бастайды екенсің. Қазір есіме түсіп отыр, жолдасым Сапардың жақын досы АҚШтан Магистратура бітіріп келгенде, «елді сағынғаным соншалық Абайдың барлық қара сөздерін тыңдап шықтым» дегенде, маған тым пафос, өтірік сынды болып көрінген. Енді қазір өзім, Хәкім Абайдың қара сөздерін, домбыраның қоңыр үнін естісем, бір жаным жай тауып, рахаттанып қаламын. Америкада сұлтан боласың, қал десе де, Қазақстаныма барып ұлтан болатыным ақиқат.

АҚШ-тан үйренетініміз де, жиренетіміз де бар. Бірақ, мынау жақсы, мынау жаман деп мен тұжырым жасамай-ақ қояйын. Себебі, маған ұнаған дүние, өзге үшін ерсі болып көрінуі мүмкін ғой. Бірінші айтарым, мұндағы халық қалтасына қарай көсіліп үйренген. Шамасы жетеді ме, қымбат дүние жинап, қымбат киініп, ұлан-асыр той жасайды. Орта деңгейлі адам ба, жанар-жағар майды аз жейтін көлікке мініп, той-томалақты да өз деңгейінде атап өтеді. Біздікі секілді «жұрттан қаламыз ба» деп несие алып, атақ үшін түсініксіз тірлік жасап жатқан бір жан жоқ. Бұған бір себеп, қоғамның көзқарасы да болар. АҚШ-та адамды статусына, қызметіне, байкедейлігіне, нәсіліне, наным-сеніміне қарай бөліп-жару мүлдем жоқ. Соның бір ұшқынын байқаса, сізді түтеп жеуге даяр. Қазақстанда аты бар да, заты жоқ «тепе-теңдік» мұнда табиғи процесс ретінде жүйеге қойылған. Екінші айтып өтетін дүние менің ойымша «сөз бостандығы». Біз АҚШ-тың «қызық» кезеңіне тап болдық.

2016 жылдың 8 қарашасынан бастап мен нағыз демократия не екеніне көзім жетті. Дональд Трамп президент болған алғашқы таңнан бастап, бүгінгі күнге дейін Америка халқына таң қалып келемін. Неткен еркіндік: телеарна көрсетіп, радио айтып, интернет жазып, Ақ үйдегі тірліктер жөнінде кітап шығып жатыр. Жоғарғы Сот Президенттің шешімін қабыл алмай, қайтарып жіберу, журналистер турасынан талай сұрақты қою, тікелей эфирде әлем саясаткерлерімен президенттің шешімдерін талқылап, күл-талқаның шығару мен үшін шынайы демократияның келбетіндей көрінеді.

Бірақ, осы еркіндіктің теріс тұсы «бір жынысты» жұптардың тым ерсі қылықтарында да ма деп ойлаймын. Егер де мен жергілікті басылымға сұхбат бергенде, мына пікірімді ешқашан айтпас едім, себебі мені ертең қоғам «халық жауы» етіп шығарады. Бұрынғы президент Обама осы бір нәсілді отбасы туралы Заңға қол қойып та, өзіне абырой, атақ жинады емес пе. Оның қасында қарсы пікірімді айтатын мен кім едім. Бірақ, екі баланың анасы ретінде мен қыздарымның осындай ортада өскенінен қорқамын. Қос жыныстылардың көп шоғырланған жерінен, оларды өмір сүретін ауданынан аулақ болуға тырысамыз. Себебі қыздарым «мама, ұл мен ұл неге

құшақтасып отыр? Анау қыз мына қызды неге сүйеді?» деген сұрақтар қойса, мен қалай түсіндіріп, не айтарымды әлі білмеймін. Ең сорақысы, сол демократияны қоғамның барлық саласы қолдайды, насихаттайды. Кино индустриясы бақытты жұптар туралы туынды шығарып жатса, киім брендтері солардың белгісімен, түрлі-түсті суреттерімен киім үлгілерін нарыққа сатуда. Екі жыл ішінде АҚШ-тың талай жаңа дүниесін қабылдап, өз қалпымызға бейімдеп үлгердік, бірақ мына жайт біздің адамдық болмысымызға мүлдем жат. «Он қайнаса да, сорпасы қосылмайды» деп осы жағдайда айтса керек.

Б.С: Бірер күнде Астананың 20 жылдығы тойланбақ, өзің де бір кезде елордасына кішкентай Жанар болып арман арқалап келіп едің...

Жанар: Астана... Мен үшін армандар орындалатын мекен болды. ОН тоғыз жасар Жанарды құшағын ашып қарсы алып, төрінен орын берген Астанама алғысым шексіз. 2007 жылы егер Базаркүл Сейітжанқызы мен Гүлмира Әлібекқызы мені қара шаңырақ Қазақ радиосының «Астана» редакциясына (ол кезде Алматыдағы Қазақ радиосының үш сағатына «Астана» радиосының журналистері жауапты болып, хабар дайындайтын) жұмысқа алмаған да, мүмкін бүгінгі Жанардың тағдыры мүлдем басқаша болар ма еді. Сол үшін осы екі жанға алғысым шексіз. «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында жұмыс тәжірибемді бастағанда, журналистиканың әліппесін үйренген едім, ал Қазақ радиосының «Астана» редакциясына келіп, Қызылордада тек жаңалықтардан, бағдарламалардан көріп жүрген Алаштың аты танымал азаматтарынан, ақын-жазушыларынан, министр мен өзге де шенді қызметкерлерден сұхбат алу мен үшін бақыттың бір формасы болды. Базаркүл апайым сеніп тапсырған «Кім жазықты?» хабары талай жанның мәселесін шешіп, ел бойынша Қазақ радиосындағы ең рейтингі жоғары бағдарламаның бірі болып, маған бірнеше республикалық байқаулардың бас жүлдесін алып берген құтты жоба болған еді. Алла бере салған ұжымым туралы айтпай кете алмаймын. Шетінен тіс қаққан, тәжірибелі мамандар бола тұра, мені «сұр көжек» деп еркелетіп, білімімен бөлісіп, үлкен журналистикаға жол сілтеген жандарға алғысым шексіз. Сол бір Астананың суығына үйрене алмай, көз жасымды сығып алатын шақта менің екінші отбасым бола білді бұл ұжымым. Кейінен, ұзату тойымды да бастан-аяқ атқарып беріп, әдемі тілектерімен жаңа отауға шығарып салған да осы ұжымым. Базаркүл апайым мен Гүлмира апайым бастаған, Амангелді ағай, Мұқаш ағай, Қанат ағай, Алмас ағай, Совет ағай, Ұлағат, Досымжан мен Бақтияр, Жанар апай мен Зейнет, Жанетта, Сымбаттар қостаған жандарға осы сұхбатты пайдалана отыра мың алғыс айтқым келеді. Астанада "сұр көжек" деп шақыратын жан бар да, бала Жанардың Қазақ радиосы мен елорданың үні болған «Астана» радиосындағы сол бір дәуреніне деген махаббаты ешқашан сөнбейді. Астана амбициялы азаматтарды жақсы көретін қала дер едім. Өзіме келсем, Қазақ радиосы мен «Астана» радиосы, Республикалық бірнеше арналар, сүйіктімді кездестіру, отбасын құру, ана атану, кітап жазып, шығару, «Болашақ» Халықаралық стипендиясын иелену,

шет елде оқу міне осы тізімнің барлығы Алланың қалауымен жан жүрегім-Астанада орындалды. Туған күніңмен, сүйікті қалам!!!

Б.С: Енді білім іздеп мұхит асқан Жанар өз мақсатының қай сатысында тұр?

Жанар: АҚШ-тағы алғашқы жылдары USC (University of Southern California) тілдік курсын оқыдым. Бұл университетті таңдаған басты себебім, communication management мамандығы бойынша әлем бойынша 1-орынды алады. Тілдік курсты ойдағыдай аяқтап, барлық ЖОО-на қажетті емтихандарды жоғары балға тапсырдым. Жоспар бойынша 2018 жылдың күзінде магистратурамды бастауым қажет болатын, бірақ бір отбасында екі жанның бір мезгілде оқуы мүмкін емес екенін түсіндік. Жолдасым Сапар 2018дың басында «Болашақ» бағдарламасымен George Washington University -де магистратурасын бастаған болатын, содан үйдің бетін көрмеу, күндіз-түні кітапханада жүріп, алғашқы семестрін жақсы бітірді. Егерде менде оқуымды қазір бастасам, екі қызымызға бас-көз болып, олардың оқуы мен тәрбиесіне мән беретін жан қалмайды. Сол себепті, кезекпен оқуды шештік.

Б.С: Жолдаған сауалдарымызға жауап берген әріптесіміз Жанар Көбекбайға биік мақсаттарына қол жеткізуіне тілектеспіз. Арманың аласармасын, Жанар!

Сұхбаттасқан: Базаргүл Сейітжанқызы

Qazir.kz ақпараттық-танымдық порталы, 2018 ж, 4 шілде.

Ұстаз – ұлы есім!

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ ПА?

Егер бұл сұраққа өткен ғасырда жауап іздесеңіз, бірден сөйлем соңына сұрау белгісін емес, леп белгісін қойып иә деп жауап беруге болар еді. Ал бүгін ше? Бүгін оған жауап беретіндер тобы екіге жарылады. Тіпті нарық кезінде желдің өтінде, даудың басында қалған мамандық иелеріне ондай мәртебе қайдан келсін дейтіндердің қарасы асып жығыларына дау жоқ. Бұрын қоғамда мұғалім беделі басқа мамандық иелерінен асып тұратын, аға буынның қай-қайсысы болсын, алғашқы мұғалімдерін құрмет тұтатын. Әсіресе, ауылды жерлерде мұғалімге ілтипат ерекше болатын. Мұғалім келе жатқанда, ұлдар бас киімін шешіп, қыздар асқан ибалықпен жол беріп, ата-аналар әрқашан мұғаліміңді сыйла десе, ата-әжелер ризашылықпен «мұғалім бол, айналайын» – деп бата беретін. Мұның бәрін неге еске алып, өткен шақпен айтып отыр деменіз, дәл қазір оқушылардың мұғалім алдында бұрынғыдай қобалжып, қателігімді айтар деген ойдан арылып, жаңа заман лебімен, әр айтқан ескертуі мен арадағы кикілжіңдерді әлеуметтік желіге шығарып, білім беретін ұстазының беделін өсіруге емес, өшіруге ат салысып отырғанын кім білмейді? Оған тоқтау айтар, баласының еркелігін сын тезіне салар ата-ананың өзі отқа май құйып, қит етсе сотқа сүйреуге дайын

тұратынын естіп те, көріп те жүрміз. Әрине, бұл жаппай елдің бәрін қаралау емес, тек соңғы уақыттарда мұндай жағдайлардың көбеймесе, азаймай тұрғанын жеткізу. Дәл қазір «мұғалім бол» деп айту алғыс емес, қарғыстай ұғылатынына кім кінәлі? Сонымен, бұрын атақ-абыройы асып, өзге мамандық иелерінен мысы басып тұратын мәртебелі жандардың басындағы бағының таюына әсер еткен не? – деген сауалға жауап іздеп көрелік. Экономикалық даулар бойынша заңгер Жангелді Сүлейманов Қазақстанда мұғалімдердің жалақысын 500 мың теңгеге дейін көтеруді ұсынды. «Әлемдегі ең маңызды мамандықтардың бірі, ол – мұғалім мамандығы. Нақ сол адамдар біздің балаларымызды оқытады, оларға білім береді, баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын да солар. Біз, ата-аналар, тәулік бойы жұмыста жүреміз де, балаларымызбен тек кешкі аста сөйлесеміз. Мұғалім біздің балалармен бірге бізден он есе көп болады. Біз балаларымыздың тағдырын мұғалімнің қолына беріп қойғанбыз. Сондықтан біздің мұғалімдер барлық жағынан үздік болулары тиіс. Моральдық, зияткерлік, соның ішінде қаржылық тұрғыдан да. Бүгін мұғалімдер 50 мыңнан 100 мыңға дейін ғана жалақы алады. Осынау аса жауапкершілігі мол әрі ауыр еңбек үшін бұл тым аз», – дейді ол өзінің Фейсбуктегі парақшасында. Хош делік. Әрине, әлеуметтік жағынан аз қорғалған, айлығы шайлығына жетпейтін, өзі сабақ беретін оқушыларынан жағдайы төмен мұғалімді кім сыйлайды, бұл да бір себеп деп қойып, өзге елдердің мұғалімдерінің қанша алатынын зерттеп көрейік. Халықаралық экономикалық бірлестік пен даму ұйымының мамандары жүргізген «Education at a Glance 2015» кітабына сүйене отырып, «mel.fm» сайты арнайы зерттеу жүргізді. Мұнда әр елдегі түрлі білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін ұстаздардың орташа жалақысы жарияланған. Десе де, соның ішінде тек мектептерде жоғары сыныпқа сабақ беретін мұғалімдердің орта есеппен алынған айлығына көз жүгіртіп көрейік. Алдыңғы орында – Мексика ұстаздары, айлық жалақысы 5 695 доллар (68 343 доллар – жылдық табысы). Екінші орында – Германия мұғалімдері, айлығы – 5110 доллар (жылдық жалақысы – 61 317 доллар), үшінші орында – АҚШ мұғалімдері, олардың да айлығы осал емес – 3558 доллар (жылдық табысы – 42 695 доллар). Испания ұстаздары да қатардан қара үзген – 3396 доллар (40 752 доллар жылдық табысы), Австралия, Нидерланды мұғалімдерінің де жалақысы 3000 доллардан жоғары. Жылдық табыстары 38 000-39 000 долларға жуықтайды. Ал ғылымда соны серпіліс жасап жүрген Жапония, Оңтүстік Корея елдерінің ұстаздары қанша алады екен? Жапонияда жоғары сыныпқа сабақ беретін ұстаздың айлығы – 2 302 долларға (27 627 доллар – жылдық табысы), ал Оңтүстік Кореядағы оқытушының еңбегі 2 438 долларға бағаланған (29 252 доллар – жылдық табысы). Англия, Франция елдерінің мұғалімдері де 2000 доллардан жоғары жалақы алады екен. Жылдық табыстары 27 000-30 000 долларға жетіп жығылады. Тек әлем алпауыттарының қатарынан көрінетін Ресейдегі ұстаз еңбегінің «өтеуі» көңіл көншітпейді. Айлығы орта есеппен бар-жоғы 477 доллар төңірегінде. Жылдық табысы – небәрі 5700 доллар. Енді осы сандарды біздің

мұғалімдердің жалақысымен салыстырып көріңіз. Сонда адвокаттың айтқанынан шындықтың алыс жатпағанын аңғарасыз. Қайтпек керек? Еліміз бойынша бұл мәселе көтерілмеді деуге болмайды. Айтылуындай-ақ айтылып, жазылуындай-ақ жазылып келеді. Тәуелсіздік алған жылдардан бері білім саласында 14 министр ауысты. Олардың әрқайсы да бұл мәселені көтергені анық. Әрқайсысы да қолдарынан келгенше жасаған реформаларында мұғалімінің әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған көптеген бағдарламаларды ұсынғанын да білеміз. Бірақ, одан шыққан нәтиженің көңіл көншітпей тұрғанын айтудың өзі артық. Шеті-шегіне жетіп болмайтын жаңашылдықтың бір үзігін іздесең, айтылатын жауап біреу: «Ол менің алдымдағы министр бастаған шаруа болатын, сондықтан мен жауап бере алмаймын, ал менің жұмыс нәтижемді уақыт көрсетеді». Уақыт төрешінің ығына жығыла бергеннен ештеңе ұтпайтынымызды, ал кеткен білім саласының министрлерін тізбелеп, өткенге топырақ шашқаннан ештеңе шықпайтынын да бәріміз сеземіз. Сондықтан, қолдан келері бұл мәселені күн тәртібінен түсірмеген жөн шығар. Мәселен, Парламент қабырғасында да мұғалімдердің жағдайы жайлы айтылмай қалған жоқ. ҚР Парламент Мәжілісінің отырысында депутат Ирина Смирнова білім беру саласын қаржыландыру мәселесін көтеріп, қазақстандық мұғалімдердің жалақысы тым аз екенін айтқан. Халық қалаулысы мұның бәрін депутаттық сауалда көрсетіп, Үкімет басшысының атына жолдады. Халық қалаулысының айтуынша, бүгінде Дания, Исландия және тағы басқа Еуропа мемлекеттерінде білім беру саласына ішкі жалпы өнімнің 6-9 пайызы бөлінеді. Соның нәтижесінде Германияда ұстаздардың жалақысы 4 мың еуроға дейін жетеді. Ал көрші Қытайда мектеп мұғалімдері кем дегенде 1 мың АҚШ долларын алады», – деп атап көрсетті. Осы депутаттық сауалдан кейін БАҚ беттерінде мұғалімдер тарапынан жағдайларын жеткізіп, ұсыныстарын айтқандар аз болмады. Қазақпаратта жарияланған бір ғана ұстаздың жазғанынан біраз тізбектелген жәйттерге көз жеткізуге болады, әрі оған самарқаулық танытпай, ел болашағы – білімді ұрпақта екенін ескерсек, күрделі мәселенің күрмеуін шешу-кезек күттірмейтінін ойлағанымыз жөн сияқты. «Әрине, мен депутаттың бұл ұсынысын қолдаймын. Мысалы, менің мектепте жұмыс істеп жүргеніме 20 жыл болды. Еңбекақым – 100 мың теңге. Ал жас ұстаз 50-55 теңге жалақы алады. Мұғалім таңертеңнен қара кешке дейін білім ордасында жұмыс істейді. Оған артылған жауапкершілік те өте жоғары. Сондай-ақ, біз елде болатын барлық қоғамдық шараларға тартыламыз. Яғни, өз жұмысымызбен қатар, қосымша жүктелген міндетті атқаруға жауаптымыз», – дейді ұстаз. Сонымен қатар, Нағима Жиенбекова елімізде қаншама мұғалімнің үй жалдап, сандалып жүргенін ашына айтты. Оның пікірінше, Үкімет осы мәселені назардан тыс қалдырмауы қажет. «Үкімет үй мәселесін қарастырса. Себебі, қалаларда мұғалімдер жалақысының мардымсыздығына қарамастан үй жалдап тұруға мәжбүр. Бұдан бөлек, үйсіз-күйсіз жүрген ұстаздар мектепке байлаулы. Сондықтан оның жеке өмірінде де барлығы жайлы болуы шарт. Егер мемлекет

мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын көтерсе, олардың да аянып қалмасы анық», – дейді Нағима Жиенбекова.

Ия, мұғалімнің мұңына құлақ салсаң, бұдан басқа да мәселелердің басы қылтиятыны рас. Жағдай жасалса, мұғалім еңбегі бағаланса – бұл өзекті мәселенің бір жағы ғана. Оған дендей енсеңіз, білімді шәкірт тәрбиелейтін білікті мұғалім қазір көп пе, жалпы ұстаздардың сапасы қандай деген тағы бір сауал алдыңнан кесе көлденең шыға келеді. Оған жауапты Аятжан Ахметжанның мына сұхбатынан таптық: «Мақсат – жаңартылған білім беру мазмұнына бейімдеу делік. Ұстаз біліктілігі дегенді қысқа курстармен шеше алмаймыз. Бір айтатыным, түпкі тамырды ойлауымыз керек. «Бүгін ұстаздыққа кім барып жатыр? Кімдерді біз ұстаздыққа тарта алып жатырмыз?» – деген сауалдарға жауап іздеу керек. Егер ұстаздық жолға көлденең көк атты бара беретін болса, мектепке келген ұстаздың бәрін қайта оқытуға мәжбүр боламыз. Педагогикалық бағытты таңдайтын студенттерге ерекше басымдық беру керек. Өзге салада білім алатын студенттерге қарағанда мұғалім болатын жастардың шәкіртақысын жоғары қойып, тегін жатақханамен қамтамасыз етуді қолға алсақ. Ол біреулерге қызық емес болуы мүмкін, кейбір балалар үшін бұл жеңілдіктер біраз мәселенің басын қайырады. Егер артық шәкіртақы төлейтін болсақ, мұғалімдік қызметке бар деп міндеттей аламыз. Несін жасырайық, қазір мұғалімдікке түсіп, жақсы оқығандар басқа мамандықтарға кетіп қалады. Мектепке ең соңында жұмыс таппағандары ғана барады. Біз өйткені оларды міндеттей алмаймыз. Өзіңізге белгілі, ауыл квотасымен барған жастардың ауылда жұмыс істеуіне жолдама беріледі. Педагогикалық бағыттағы маман иелеріне де осындай үлгі болуы шарт». Сонымен, бұрын мен бүгінді салыстыруға қайта оралсақ, өткен ғасырда жазылған әрбір шығармадағы мұғалім бейнесі, сол қоғамдағы жақсылықтың, ізгіліктің таратушысы, тіпті киген киімі мен сөйлеген сөзіне дейін жас ұрпаққа үлгі болып саналатын. Баспасөз арқылы білім саласындағы шығатын газет-журналдармен қатар, басқа басылымдар беттерінде де құлаш-құлаш материалдар жарияланып, жақсы ұстаздың тәжірибесі – өзгелеріне таратылатын. Теледидар экрандарында да мұғалімнің мерейін тасытар жып-жылы сюжеттер жиі көрсетіліп тұратын. Ал қазір ше? Қит етсе, баламыздың қателігі мен шектен шыққан еркелігіне бас салып, өзіміз берген тәрбиеге емес, мұғалімі не қарап отыр деген аттанға айғай қосамыз, үлгерімі төмен болса да, жаман әдетке үйір болса да мұғалім кінәлі. Мұғалімнің мойнындағы жауапкершілік жүгі жоғары да, оларға қоғамның өз тарапынан қайтарар құрметі кемшін түсіп жатыр. Осылай күн сайын көз алдарында бұрынғы қол жетпейтін асыл бейнеден айтар ойы мен азаматтық көзқарасын жеткізе алмай, бүгежіктеп «жасық пендеге» айналдырған бүгінгі ұстаз келбетін көрген жас ұрпақ мұғалім болудан неге қашатынын түсінетін шығарсыз. Білімді жастарды мұғалімдік мамандыққа тартудың алдында қоғамдағы ұстаздың төмен түскен беделін көтеру керек. Мұғалімнің құқықтарын қорғап, әлеуметтік жағдайларын жақсарту керек. Биылғы өткен тамыз кеңесінде ҚР білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев биылғы оқу жылында жаңа

өзгерістердің орын алмайтынын, білім саласында былтыр қабылданған маңызды шешімдерді орындау жалғасып, оның орындалу сапасына назар аударылатынын жеткізді. Министрдің айтуынша, биыл 380 мың бала мектеп табалдырығын аттаған, бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 10 500 балаға артық. Осыған орай, ел көлемінде жаңа оқу жылына дейін 50 жаңа мектеп қолданысқа беріліп, 2018 жылға дейін қосымша 20 мектепті іске қосу жоспарланған. 2019 жылдың қыркүйек айына дейін балабақшаға 0-сыныпты енгізуге даярлық, 0-сыныпқа арналған тәрбиешілер мен мұғалімдердің біліктілігін көтеруді бастау және 12 жылдық оқытудың 0+11 цикліне сәйкес құқықтық нормаларын жасау жұмыстары жүргізілуде. Мектептердің негізгі міндеті – былтыр басталған жаңартылған білім жүйесіне өтуді жалғастыру. Биыл қосымша 2, 5, 7 сыныптардың жаңа мазмұнға өтуі біртіндеп іске асырылуы тиіс. Министр бұл ретте мұғалімдер мен ата-аналардың алдында ауқымды жұмыс пен жауапкершілік тұрғанын, балалардың жаңа оқу мазмұнын түсінуі өте маңызды екенін атап өтті. Өткен жылы 74 мың мұғалім, биыл 75 мың бірінші және екінші сыныптарға мұғалімдер дайындалған және 200 мың педагогтар балабақша мен мектеп, жоғары оқу орындарына қажет», – деді. Демек, елімізде мұғалім мамандығына сұраныс бар, ал жастарды бұл мамандыққа тарту үшін жоғарыда айтылған мәселелерді кешенді түрде шешу қажет. Сонда ғана бұрынғыдай: «Шахтер де, ғалым да бас иетін, ұстазым бар сенің қасиетің», – деп ән салатын, «ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деп ол тәрбиелеген шәкіртті көріп тамсанатын кез де келетін шығар. Мерекелеріңізбен, аяулы ұстаздар!

*Базаргүл Сейітжанқызы,
Объектив.kz ақпараттық-сараптамалық порталы,
2017 жыл, 30-қыркүйек.*

КЕЛІСП ПШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС

Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны жайлы аз айтылып жүрген жоқ. «Заманына қарай – адамы», – демекші енді өткен күннен қаншама естелік айтсаң да, қалай насихаттасаң да қазіргі жас буын кітап кемірмейді, бәрібір айфон, смартфонға телміреді. Көзінді ала беріп әлеуметтік желілерді шарлайды, бұрынғыдай «ғарышкер» боламын деп армандамайды, желідегі «жұлдыздармен» сырласып, әнші болғанды қалайды.

Әлеуметтік желіде кімдер отырады? Сонымен әлеуметтік желілердің арасында «В Контакте» көш бастап тұр. Оны пайдаланушылар саны 1,945. Бір айда онда 45 миллион хабарлама жарияланады екен. Жас мөлшерімен қарағанда негізгі 18 жасқа дейінгілер және 18 бен 24-тен асқандар одан сәл аз бөлігін құрайды. 53,8 пайызы ер адамдар болса, 46,2 пайыз әйел адамдар.

Тағы бір танымалдыққа ие «Instagram» желісін алып қарасақ, онда 1,336 адам тіркелген. Бұл желі пайдаланушылардың 71,9 пайызы әйелдер. Әрі онда жас ерекшелігі жайлы мәлімет жоқ.

Одан кейін үштікке 155,3 мың қазақстандықтар пайдаланатын «Мой мир» кіреді. Мұндағы жас 25 пен 34 аралығындағылар. Тіпті онда 35-тен 44 жасқа дейінгілер де отырады.

Ал Facebook желісінде қазақстандықтардың үлесі 125,8 мың. Оның 60,3 пайызы әйелдер. Әрине бұл желіні пайдаланушылар арасында 18-ге жетпейтіндер саны 0,1 пайыз ғана. Жас мөлшеріне келсек, негізгі аудитория 25 пен 34 жас арасындағылар 45,4 пайыз. 5 пайыздан аса 55 жастағылар да бар. Жас талғамайтын желі «Одноклассники», оның 69,3 мың пайдаланушысы бар. Мұндағылардың ішінен әрбір бесінші пайдаланушы 55 жастан асқандар екен.

Соңғы орында Twitter – 16,6 мың адам пайдаланады, мұнда бір айта кетерлігі 52 пайыздан аса ер адамдар. 18-ге дейінгі жастардың микроблогы тіркелмеген. Бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік желі қызметін қазақстандықтардың 3,3 миллион белсенді пайдаланады. Бұл деректер «Медиа-Систем» агенттігінің Brand Analytics қызметінің көмегімен 2016 жылғы жариялаған есебінде көрсетілген.

Әлеуметтік желінің пайдасы

Сәуле Айтжанова, студент: Мен өзіме қажетті ақпараттарды әлеуметтік желілерден аламын. Кейде өзімді толғантқан мәселелерге жауапты да табамын деуге болады. Бірақ, таңның атысы, күннің батысы телефонға телміріп, әлеуметтік желіге байланып отырмаймын.

Саят Қарабек, оқушы: Басында «Мой мир» агентте отырдым. Инстада да парақшам бар. Көп жұлдыздарда достықта бармын. Бұрын ата-анам тыйым салса да, түнімен ұйықтамай қарайтынмын. Кейін сабақ үлгерімім төмендеп кеткесін ойландым. Маған қатты әсер еткені – ҰБТ-дан ең жоғары ұпай жинаған қос түлектің екеуі де мектептің соңғы жылдарында мүлде әлеуметтік желіде отырмағандықтарын айтқанында таң қалдым да, ойландым. Қазір өзім де жоғары сыныпта оқимын. Бұрынғыдай емес, әлеуметтік желіге тәуелділіктен арылдым. Кейде өзіме ұнаған фильмдерді көретінім болмаса. Пайдасы ақпараттар алмасасың, оқиғаларды уақытында біліп отырасың, достар табасың.

Жайна Ағабекқызы, мәдениет саласының қызметкері: Өзім мәдениет саласында қызмет атқаратындықтан, жұлдыздардың өмірін қызықтаймын. ФБ-да, Инстаграмда отырып, олармен достарыңдай сырласасың, қандай киім киеді, қайда барады, бәрін біліп, тамашалауға болады. Өздерін көргенде туыстарың сияқты, суретке түсемін, парақшама саламын. Олармен бірге өзімді де танымал адамдар қатарына қосамын.

Айсара Жолымбет, зейнеткер: Зейнетке шыққасын, ешкімге керек болмай қалатын сияқтысың. Жұртты мазалағың келмейді, балалардың өз өмірі, жұмысы бар дегендей. Алматыдағы бір курстасымды тойда кездестірдім, қолындағы телефонға суретке түсіріп, бірден интернетке

салдым деген, содан үйге келсем, бәрі хабарлассын, сөйтіп немерелеріме айтып, өзім де сол желіге парақша аштым. Басында қиналыңқырап, қазір мындай досым бар, жұрттың не ойлап, не жазып жатқанын білемін. ФБ деген рахат, далаға шығып, көршілерге барып әңгіме айтпай-ақ, елдегі, әлемдегі жаңалықты лезде білесің, әсіресе әр түрлі топтардағы қызықты әңгіме, қызу пікірталастың ішінде отырғандай сезінемін өзімді, кейде өз ойымды да айтып қоямын.

Әлеуметтік желі арқылы жасалатын қылмыстар Қазірде әлем халқының 57 пайызы бірін-бірі іздеп бармайды, тек ғаламтор арқылы тілдеседі екен. Әлеуметтік желі адамдарды шынайы өмірден алыстатады. Бұл әсіресе, жастар арасында үлкен мәселеге айналып отыр. Ата-анасы жұмыста жүргенде, күнімен әлеуметтік желіде отыратын бала достарымен шынайы араласа алмайды, ғаламторға тәуелді болады. Әлеуметтік желілер – адамның уақытын ұрлап қана қоймайды, өзіне жіпсіз байлап ұстайды. Сонымен қатар, әрбір үшінші жұптың ажырасуына себепкер болатын да әлеуметтік желі екен. Тәуелсіз сарапшылардың зерттеулеріне сүйенсек, жас отбасылар көп жағдайда әлеуметтік желіде туындаған кикілжіңнің салдарынан ажырасады. Көптеген жастар сыңарын табу мақсатымен бейтаныс адамдармен танысып, бармақ тістеп қалатын кездер де аз емес.

Жақында бірнеше жыл көрші тұрған Сәуле хабарласты: Есіңде ме, Клрананың Айсанасы. Екі жоғары оқу орнын бітірген, жап-жақсы қызмет атқарып жүрген. Оған не болды деп сұрамайсың ба, осы Астанада интернет арқылы бір жігітпен танысқан ғой. Өте білімді, ата-анасы жоғары қызметте істейді екен, өзі Дубай мен Астана арасында кәсіпкерлікпен айналысамын депті. «Еуропа Палас» тұрғын үй кешенінде үш бөлмелі үйі бар соған шақырып, үйленемін деп сөз байласып, әбден қызымыздың сеніміне енген. Ақыры, бизнесім жолға қойылсын, әке-шешемнен қарыз алу ұят деп, Айсанаға 3 млн. кредит алғызып, ақшаны алған да кетіп қалған. Қыз әрі-бері күтеді, бірақ «күйеу жігіт» хабарсыз кетеді. Әке-шешем деп айтқан жандарға хабарласып көрсе, ол кісілерде мүлдем ұл бала жоқ, екі қыздары ғана бар екен. Аты-жөнін де өтірік айтқан, Астанадағы керемет үйді де аз уақытқа жалдаған екен. Сөйтіп, алданған Айсана бармағын тістеп қалған. Мойнында 3 млн. қарыз, қырсық шалғанда, одан екіқабат болып қалған, құрсағында баласы. Клара жылап, еңіреп үлкен ұлымен бірге қарызды төлейді, қызының қателігін кешіріп, баласын бауырына басады. Өткен жолы қызы айтыпты, ол жігітті Алматыда ұстапты, онда да 10 шақты қызды алдап, ақшаларын алып сазға отырғызып кеткен. Қыздардың біреуі полицияға арызданып, әйтеуір ұстаған көрінеді, қазір түрмеде отыр деп. Міне, әлеуметтік желідегі таныстық пен махаббаттың ақыры.

Бұған дейін жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, әлеуметтік желілердегі әрбір екінші адам өзі жайында өтірік мәлімет жазып, түрлі сурет салады. Олардың 29 пайызы аты-жөнін, жасын, 23 пайызы отбасылық жағдайын, 22 пайызы түр-әлпетін жасырып, өздері туралы, 17 пайызы білімі мен жұмысына қатысты жалған ақпарат жариялайтын болған. Соның

кесірінен мектеп оқушысын кездесуге шақырып, өзін онымен жастымын деп танысқан жігіт, үлкен жастағы еркек болып шығып қыз баланы алдап, зорлық көрсеткені жайлы да ақпарат құралдарында айтылып, жазылды. Бұл тақырыпта елімізде жиі көтеріліп жүр.

Әлеуметтік желідегі алаяқтар туралы «Астана» телеарнасынан көрсетілген бейнематериалдан қысқаша үзінді: «Осы ғаламтор арқылы жасалған қылмыстар, қылмыстың 3/2 бөлігін құрап отыр. Қазіргі таңда, ғаламтор бойынша, қылмыскерлер өзінде жоқ немесе басқа жерден фотосурет салып, ғаламторға хабарландыру береді. Яғни, автокөліктерді, киім-кешектерді, дәрі дәрмектерді арзан бағаға сатамын деп өзіне мұқтаж жасайды», – деді «Сарыарқа» прокуратурасының бөлім прокуроры, Дамир Ғалымұлы.

Абайсызда алаяқтардың құрбаны болатындар саны бір ғана Сарыарқа ауданы бойынша, өткен жылы 1100 адамды құраған. Биылғы жыл басынан бері 200-ге жуықтаған. Дегенмен қылмыстық істің 70-ке жуығы толыққанды ашылған. Бірақ, құзырлы органдағылар әлеуметтік желі арқылы зардап шегетіндерге көмектесуге қауқарсызбыз деп отыр. Осыған орай, Астана қаласының ішкі істер департаменті, прокуратурамен біріге халыққа ескерту жасау жұмыстарын қолға алған. Тіпті, арнайы парақшалар дайындап, әр үйдің іргесіне іле бастаған».

Әлеуметтік желі арқылы терроризмді насихаттаған ақтөбеліктер сотталды. Қылмыстық кодекстің «Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып, көндіру немесе даярлау не қаруландыру», «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру» баптары бойынша Төребай Мәжитов, Ерғожа Аманғожин, Мейрамбек Тұрғанбаев 6 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылды, – деп хабарлайды Vnews.kz.

Демек, әлеуметтік желі дегеніміз құр ақпарат алмасып, ұнаған дүниені лайк басып отыру ғана емес, байқамасаң алаяқтың құрбанына айналып өкініштен бармақ шайнап қалатыныңды да білген жөн.

Әлеуметтік желі мәдениеті. Сайлаукүл Жағышпарқызы, мұғалім:

Өзім тіл маманы болғандықтан, әлеуметтік желілерде әрбір пайдаланушы сауатты жазса деймін. Әріп қателері, жеке басқа қатысты ғайбаттау, көтерілген мәселенің мән-жайына бармай қаралау, жалаңаш-жалпы түскен суреттерін жүктеу сияқты жағымсыз жағын көргенде іштей қиналамын. Кейбіріне ақырындап ескерту жасасаң, менің парақшамда не істесем де еркім, шаруаңыз болмасын деп дөрекі жауап береді. Әлеуметтік желідегі парақша дегеніміз – үйіңіздің ішіндегі бөлмеңіз емес қой, айқай-шуыңызды ешкім естімейтін, оған жауапкершілікпен қарау керек. Парақшаңызда сізді мүлде өмірде көрмеген адам бақылап отырады, жазбаларыңызды оқиды, егер танымал тұлға болсаңыз сізге еліктейді. Сондықтан, айтатын ойыңыз бен жазатын пікіріңізді салмақтап алып барып, жариялағаныңыз жөн. Ең негізгісі, тілді шұбарламайықшы!

Сайра Жүніс, психолог: Мектепте жасөспірімдермен жұмыс істейтіндіктен, әлеуметтік желінің жастар психологиясына әсері көп дер едім. Түнімен ұйықтамай танымайтын адамдардың өміріне қатысты мәселелерді талқылау, жалған ақпараттарға сеніп, эмоцияға берілу, түрлі арандатушылық, азғыруға еру енді қалыптасып келе жатқан жастың қоғамға көзқарасын өзгертуге, кейде тіпті жүйкесіне де салмақ түсіретін кездері болады. Басқа елде отырып, желі арқылы жасөспірімдерді қылмыс жасауға, өмірімен қоштасуға дейінгі жағдайға жеткізетін жәйттерді де кездестіріп жүрміз. Сондықтан ата-аналар, әлеуметтік желіде отырған баласының кіммен достасып, немен айналысып, кімді үлгі тұтатынын сұрап отыруы тиіс, баламызды әлеуметтік желі емес, өзіміз тәрбиелегеніміз жөн болар...

Базаргүл Сейітжанқызы

Объектив.kz ақпараттық-сараптамалық порталы,

2017ж, 5 қараша

Кітап – білім бұлағы

КІТАП КІМГЕ КЕРЕК?

Екі қолында екі ауыр буманы көтерген көрші апа күңкілдеп сөйлеп лифтіден түсіп жатты. Мені көре салысымен әдеттегідей әңгіменің тізгінін жібергісі келген болу керек, тамағыма суық тигізіп алып, қырылдаған даусымды білдіртпейін деген ниетпен, жәй ғана бас изеген маған таңырқай қарап қалыпты.

Кезінде Ақмола өңірінде әжептәуір қызмет атқарған, көрші-көлемнің әр түрлі мәселесіне немқұрайлы қарамай, ақыл-кеңесін беріп жүретін апаның ренішінің сыры мынада екен.

Үйлеріне жаңадан жөндеу жасағасын апаның бар байлығы саналатын, әрқайсысы қолтаңбасымен арналып берілген ең құнды дүниелері – кітаптарына үйдің ішінен орын табылмай қалыпты. Келінінің қату қабағынан жасқанғасын таң атпай, сол асыл дүниелерін қызының үйіне апарып тастауға бара жатқан беті екен.

– Қазір ешкімге кітап керек болмай қалды-ау! Шалым марқұм ақшасының бір бөлігін осы кітап сатып алуға жұмсаушы еді, енді қайтейін, немерелерге керек деп айтып едім, ол немелер әже, біз керегімізді интернеттен тауып оқимыз дегесін...

Сөзінің аяғын аяқтамай, көңілінің босағанын білдіргісі келмеген кейіпте қос буманы көтеріп аялдамаға қарай аяндаған апаның соңынан ұзақ қарап қалыпшы...

Шындығында қазір кітап оқитындар азайып барады деп көп айтып жүрміз. Кейбіреулер жақсы кітап жоқ, бұрынғыдай таласып оқып, қолдан қолға өтетін десе, енді бірі аз ғана таралыммен шыққан кітап оқырмандарға жетпейді деп жатады.

Кітапқа насихат жетіспейді дейтіндер де бар. Сонымен, біздің ел кітапты көп оқитындардың қатарында бар ма? Ғаламторды шарлап отырып, оған тапқан жауапты қарайық. Осы жылғы наурыз айында жүргізілген зерттеудің қорытындысы бойынша, сауалнамаға қатысушы 17 елдің ішінде кітапты ең көп оқитын ел – Қытай екен. Одан кейінгі орында тағы бір көршіміз – Ресей. Үшінші орында Испания. Бұл жауап берушілердің күніне бір реттен немесе аптасына бір рет кітап оқимыз деген сауалнама негізінде жарияланған деректер. Сонымен ең көп кітап оқитын елдердің тізімі:

Қытай – 70%,
Ресей – 59%,
Испания – 57%
Италия – 56%
Ұлыбритания – 56%
АҚШ – 55%
Аргентина – 53%
Бразилия – 53%
Мексика – 52%
Канада – 51%
Германия – 50%
Франция – 48%
Жапония – 44%
Нидерланды – 42%
Австралия – 42%
Бельгия – 37%
Оңтүстік Корея – 37%

Бұл мәліметтер осы жылдың 28-наурызында «Вести.Экономика»-да жарияланған. Онлайн-сауалнама ретінде GfK халықаралық маркетингтік зерттеу институтының деректері. Ең қызығы – әлемде кітапты көп оқитындар аukatты, бай адамдар болып шыққан, яғни жауап берушілердің 35 пайызы.

Осыдан келіп, табысты адамдардың дені кітапты көп оқитындар деген пікірдің жаны бар деуге тура келетін сияқты. Әйелдер мен ер азаматтарды салыстырсақ, 32 пайыз әйелдер, 27 пайызы кітап оқитындардың ер адамдар екен. Қит етсе, көрші елдердің тәжірибесіне сүйене кететін біздің ат үстінде жүрген азаматтар жан азығы саналатын кітап оқу жөнінен де өзгелерге қарап, бой түзесе қайтеді? Ол үшін өз елімізге оралайық.

Өткен ғасырда қаладан бастап, далаға дейін зиялы қауымнан алыс ауылда қой бағатын шопанға дейін кітап оқыды десек өтірік емес.

Ата-әжелеріміздің тәрбиесін көрген әрқайсымыз батырлар жырын жатқа айтып, кейбіріміз әйтеуір ел аузында жүрген кітаптарды оқыған болып шығатынбыз. Алысқа бармай-ақ, енді бой түзеп келе жатқан бойжеткен мен бозбала Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдарын» оқымауы мүмкін емес еді. Мұқағали мен Фаризаның жырларын, Мұхтар Шахановтың махаббат жайлы өлеңдерін жатқа айтатын ұрпақ емес пе едік?

Әрі бұл өнерде жүрген жандарға ғана емес, кез келген мамандықтың иелеріне де тән кітапқұмарлық қасиет болатын. Осы мамандықтың арқасында талай елге танымал азаматтардың, қоғам қайраткерлерінің үйінде болғанымызда төрлеріндегі шкаф сөрелері кітапқа толып тұратынын көзіміз көрді. Зиялы қауым, жазушылардың ғана емес, сол кездегі аға буынның асыл дүниесі өздері жинаған кітаптары болып есептелетін. Елімізде шығатын әдеби-көркем журналдарды ешкім қазіргідей күштеп жаздырмай-ақ, әркім өз қалауымен жаздырып алып оқитын, «Жұлдыз», «Жалын»-ның әр санын асыға күтетін. Ал қазір ше?

Кітапты басына жастана оқитын буынның балалары бәлкім, ата-анасының арқасында сәл де болса кітап оқуға қызығушылықтары бойларында бар шығар, ал тәуелсіз елдің ұландары кітап оқи ма? Жалпы, бұл тақырыпты қаузап отырған жалғыз мен емес, менен өзгелер де осы мәселеге жиі қалам тартады, жиналған жерде ойларын айтады, кейде әлеуметтік желілерде де сауалнама жүргізіп отыратындар кездеседі. Тіпті еліміз бойынша «Бір ел – бір кітап» акциясы да жүргізіліп келеді. Сонымен қазір жастар неге кітап оқымайды деген сауалға жауап іздеп көрелікші. Осыдан екі жыл бұрын Қазақпарат тілшісіне осы сауалға жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы былай дейді:

– Шынында да саны көп, сапасы жоқ кітаптардың көбейіп кеткені рас. Қазір ақшасы бар кез келген азамат өзінің өмірбаянын, біреумен жазысқан хаттарын, түскен суреттерін ортаға тықпалап, кітап қылып шығарып жатыр. Мейлі шығарсын, бірақ өзінің үйінің кітапханасы үшін шығарсын. Оны көпшілікке таратудың қажеті шамалы. Кітаптар, әрине, шығуы керек. Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады. Нағыз көркем әдебиетті жасау деген шедеврлерді, жауһарларды жарқырата шығарып, руханиятты ұлттық игілікті молайтуға деген ұмтылыс. Ал сол үрдісте бәрі бір саптан шыққандай әдемі шығармалар туа қалуы тіптен мүмкін емес, өйткені, ол – әдеби процесс. Ол – жалпы құбылыс. Оның бәрін сапасыз кітаптар көбейіп кетті деп айтуға да болмайды. Кітаптың атын жамылып, қағазды қор қылып, өзіндік еш мәні жоқ кітаптар біреулердің үйлерінде тұрады. Әрі олар үлкен абыройлы ақсақалдардың том-том еңбектерін ысырып тастаған, оны басып кететіндей, зілдей кітаптар. Ол кітаптың қадірін кетіру, тіптен ұят нәрсе. Қазір ондай керексіз кітаптарды шығаруға ешкімге тиым салынып жатқан жоқ. Дегенмен, жастар солардың арасынан нағыз көркем шығармаларды тандап алып, оқып жатса, оларға үлкен алғыс айтуымыз керек. Жалпы, жастар ізденуі керек, жақсыны жақсы, жаманды жаман деп тани білуі керек. Бұл – кітапты ғана тану емес, өмірді тану, болашағын бағдарлаудың үлкен аспектісіне айналуы тиіс деп ойлаймын».

Ал 2014 жылғы «Книголюб» журналының деректеріне сүйенсек, Қазақстандықтардың тек 17%-ы ғана белсенді оқырман қатарына енеді. Әр адам жарты жылда орташа есеппен тек 3,7 кітап сатып алады.

Соңғы 15 жылда жас толқынның басым бөлігі көркем әдеби шығармалармен таныс емес. Мәліметтерге жүгінсек, елімізде 150-ге жуық

баспа болса, оның елу шақтысы ғана бәсекеге қабілетті екен. Ұлттық кітап палатасының мәлімдеуінше, жыл сайын елімізде 3,5 мың аталым кітап 1,5-2 миллион томмен жарық көреді. Олардың көпшілігі – оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми зерттеулер мен монографиялар. Ал көркем әдебиет 10% ғана, балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптар жоқтың қасы. Жоғарыда әлем бойынша кітапты көп оқитын 17 елдің қатарында көршіміз Ресей екінші орында тұрғанын айттық. Біздің еліміздегі сатылатын кітаптардың 70 пайызы сол Ресейден әкелінеді екен. Оның ішінде детективтер, түрлі махаббат жайындағы кітаптарға сұраныс азаймағандығы байқалады.

Осы орайда, еліміздегі он сегіз миллион халықтың 18 пайызы ғана кітап оқиды десек, оның дені кітапты интернет желісінен оқитындарын айтқан. Ал кейбір деректер бойынша, өтпелі кезеңнен аман қалып, жабылмай жұмыс істеп келе жатқан 12 мың кітапхана бар көрінеді. Сонымен, көрші елдерден кітап оқу жөнінен көштің соңында келе жатқанымызды байқаған шығарсыздар. Бұл тұрғыда көркем әдебиетті насихаттауға ат төбеліндей шенеуліктеріміз бізге көмектесе алмайды, себебі ана тілінде оқитын баяндамаларын ежіктеп тұратын олардан жазушыларымыздың көркем шығармаларын көбейту, қаламақы төлеу жағын өтінсек те жарар, ал насихатта десек, барлығын аударып беріндер деп өзімізге қарай итере саларына дау жоқ.

Осы орайда, есіме Парламент қабырғасында бір лауазымды тұлғаның бюджет жайлы баяндамасын «Қайнайды қаның, ашиды жаның» - деп аяқтағанында, оның әрең ежіктеген түріне қарап, жыл соңында игерілмей қалған бюджетке емес, қайран Абай бабамыздың сөзін қор қылған өзіне жанымыз ашыған.

Айта берсек, жаза берсек бұл мәселенің ұшы-қиыры көрінбес. Тек бәрін интернеттен табамын деген көрші апамның немересіндей соңымызда сан ұрпақ өсіп келе жатқанын, кейін оларға «артық білім – кітапта», деп тәрбиелей алмаған өзімізді кінәлап жүрмесек болғаны...

Базаргүл Сейітжанқызы

*Объектив.kz ақпараттық-сараптамалық порталы,
2018ж, 14-ақпан.*

Еші іші – өнер кеніші

СЕНІМДІ СЕРІК ЕТКЕН СВЕТА

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының аясында «100 жаңа есімді» таңдау кезінде әр облыс ең үздіктерінің есімін жариялап, көпшілік назарына ұсынып жатты. Солардың қатарында бір есім көзіме жылы ұшырай кетті. Света Жумкина, Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты деп әрі қарай өмірбаяндық деректері тізіліпті.

Көз алдыма қолына домбыра ұстаған сүйкімді замандасымның келбеті жарқ ете қалғандай болды. Ия, біз замандаспыз. Туған жер, өскен елімізді айтпағанда шығармашылық атты өлкеде жиі басымыз қосылғаны рас.

Менің Жезқазған жеріндегі журналистік жолымның басталған кезеңі еліміз тәуелсіздігін енді алып, рухани құндылықтарды жарқырата жайып салып жатқан, халықтық өнерге сусаған жұрттың әсіресе қайта жанданған айтыс өнеріне зор құрметпен қауышқан уақытпен тұспа-тұс келді.

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап, Жезқазған облысында өткізілген республикалық деңгейдегі шаралар аясында айтыс міндетті түрде ұйымдастырылатын. Оған себеп айтыстың нағыз жанашыры ретінде, төл өнерімізді түлеткен Жүрсін Ермановтың осы өңірдің перзенті болғандығынан да шығар, сол жылдары туған жердің намысын қорғаған талантты айтыскерлердің бір шоғыры қалыптасып та үлгерген еді.

Жезқазған жұрты есімдерін ерекше мақтанышпен ауызға алатын жырлары жасындай жарқылдаған жігіттердің арасында маңдайы жарқырап, нәзік үнімен, сыршыл жырымен көпшілік көзайымына айналған бір ару, ол-Света Жумкина болатын. Айтыс сайын «бөріктінің намысы бір», – демекші, сайдың тасындай топ құрған ер-азаматтардың арасынан жаны нәзік сүйкімді Светаға барша қыз атаулы іштей тілекші болатынбыз.

Жұмыс бабымен, облыста өтіп жатқан мәдени шаралардың барлығын түсіруге баратындықтан жүзі таныс Светаны жиі көріп жүрсем де, жақын араласудың сәті түсе қоймады.

Ақыры, теледидарда әріптес болған, Бекзат Алтынбековпен бірге Светаның үйіне барып, арнайы хабар әзірлеп, өмір жолымен, шығармашылығы туралы толыққанды таныстым.

Жастайынан өнерге жақын болғанын, мектеп қабырғасынан өлең жазғанын, әкесінен ерте айырылып, анасының жеті баласын да қатарынан қалдырмай, аялы алақаны мен мейіріміне бөлеп өсіргеніне қанықтым.

Мектеп бітірген жылы армандаған жоғары оқу орнына түсе алмаса да, тауы шағылмай, еңбекке араласқанын, одан мәдени-ағарту училищесін үздік аяқтап, өзі туған Шет ауданында небәрі 22 жасында мәдениет үйінің директоры болғанын, айтыстай хас өнер жолына түсуіне сол кездегі жас таланттардың бойынан өнерге деген ерекше ұшқынды байқап, елге танылуларына қол ұшын созып, қамқорлық көрсеткен Қайырбек Садуақасов, Сайлаухан Нәкенов, Мәуен Хамзин сынды ағаларының есімін ризашылықпен айтқан болатын.

Кейін іссапарда жүрген кезімде арнайы Света туған ауылға жолым түсіп, анасының қолынан дәм таттым. Сол кезде анасы Светаның айтысқа қатысып, көпшілік құрметіне бөленуіне Мәуен Хамзиннің себепші болғанын іздеп келіп алдымен аудандық айтысқа шығарып, кейіннен облыстық айтысқа жол ашқанын, талантты тани білгенін жеткізген еді.

Әр облыстың айтыскерлері тобымен барып, сол кездегі республика астанасы – Алматының төрінде аламан бәйгеде бақ сынап, сайысатын дәстүрі айтыстың шарықтау шағы десек те болғандай. Біздің облыс 1995

жылы Алматыда Оңтүстік Қазақстан облысының айтыс ақындарымен сайысқа түсті.

Ол кезде Оңтүстік өңіріндегі Тәушен апай бастаған, Әселхан Қалыбекова қостаған айтыскер аналар мен олардың ізін басқан арулардың атағы аспандап тұрса, біздің жақтан намысты қолдан бермеуге үкілеп қосатын үмітіміз Света-тұғын.

Одан кейін бірер жылдан соң облысымыз жабылып, алғашқылардың қатарында қызмет бабымен Ақмолаға аттандым. Қала мәртебесімен ғана қалған мысты шаһардың сырттай ғана тілеуін тілеушілердің бірі ретінде жылт еткен жағымды жаңалықтарына әлі күнге дейін құлақ түріп жүремін.

Светаның бұған дейін туған жердің намысын айтыста жырымен қорғаса, енді ғылым жолына түсіп, атақты Шашубай Қошқарбайұлының шығармашылығынан ғылыми еңбегін қорғағанын, аз уақыт ішінде қызмет басқыштарымен жоғары өрлеп, абыройлы еңбек етіп жүргенін естіп қуандым.

Кейін атағы облыстан асып, жас болса да туған жерінде бас болып ауызға ілінген Бекзат Алтынбеков ашқан «Бизнес және көлік колледжін» басқарып, аталған оқу орнының Жезқазған өңіріне қажетті мамандар дайындап, жоғары жетістіктерге жетіп жүргенінің бір сыры Светадай жаны ақын, ғалымдығы мен іскерлігі басым замандасымның ізденісі мен уақыт талабымен үндес жаңашылдығында шығар деп ойладым.

Өткен жылы Света қала халқының қалауымен мәслихатқа депутат болып сайланды. Шағын болса да шаруасы шаш-етектен асатын мысты қаланың тіршілік-тынысы, өсіп-өркендеуіне кедергі болатын мәселелердің күрмеуін шешіп, түйінін тарқату да Светадай жігерлі жанның мойнына артылған үлкен жауапкершілік жүгі десек қателеспейміз.

Өлең өлкесінде өз қолтаңбасы бар, айтыста да айтарын іркіп қалмаған, ғылым жолы мен жас ұрпақтың білім көкжиегін кеңейтуде ізденістен талмаған, атқарған әр ісін туған жерін көркейтуге арнаған Света әрқашан өмір жолында өзіне сенімді серік етіп таңдаған жан.

Базаргүл Сейітжанқызы

*Объектив.kz ақпарат-сараптамалық порталы,
2017 жыл, 19-қазан*

ҮЛКЕН ҮЙДІҢ КІШКЕНТАЙ МӘСЕЛЕСІ БОЛМАЙДЫ

Әр адам өзі тұратын үйдің өмір сүруіне қолайлы, отбасына жайлы, әрі қауіпсіз болғанын қалайды. Миллионнан аса тұрғыны бар елордасындағы әрбір тұрғынүй кешендерінде орташа есеппен мыңнан аса адам тұрады. Көп жағдайларда сол кешендерде көлік қоятын тұрақтардың жоқтығы, балалар ойнайтын аулалардың жабдықталмауы т.с.с айтыла-айтыла құлақ жауыр болған мәселелер жайлы жиі естиміз.

Ал олардың шешімін кім іздеуі керек, пәтер иелері кооперативі (ПИК) тұрғын үй шаруашылығын модернизациялау бойынша нақты жұмыс жүргізуге дайын ба? Қазіргі кездері тұрғындар өздері бастамашы болып тұратын үйлерін қоғамдық бірлестік құрып басқару жүйесіне көшіп жатыр. Оның тиімділігі неде?

Міне, осы сауалдарға жауапты Астана қаласы, Есіл ауданында орналасқан «УЮТ» тұрғын-үй кешені қоғамдық бірлестігі Басқарма төрағасы Гүлзифа Құмарғазықызы Әбіловамен болған сұхбаттан таба аласыздар.

– Сіздің салынғаннан бастап, проблемалық нысандар қатарында болған, мәселесі көп, әйел адам үшін мазасыз саналатын жұмысты, үлкен жауапкершілікті мойныңызға алуға не себеп болды?

– Өзіңізге белгілі біздің тұрғын үй кешені 2009 жылы пайдалануға берілген. Келер жылы 10 жыл толады. Алғашқы кезде жаңа салынған үйде көп мәселе туындамауы мүмкін. Бұған дейінгі КСК «Байқоңыр» ЖШС төлеген ақшаны алды да отырды. Қандай мәселені айтып барсақ та, жылы жауып қоя салатын. Содан үйдің тұрғындарынан құрылған бастамашы топ жиі жиналып, олардың алдына нақты шарттар қойдық. Барлық жекеменшік пәтер иелерімен кездесіп, жиналыстар өткіздік. Ал олар болса біздің жиналуымызға кедергі келтіргеннен басқа ештеңе істемеді. Ақыры, істі сотқа жеткізіп, тұрғындар жеңіп шықты. Бір жылдай жүрдік соның бәрі ретке келгенше. Сонымен, 2014 жылдың 1 қарашасында біздің тұрғын үй кешені алғашқылардың бірі болып үйді ортақ мүлік (кондоминиум) тіркетіп, қоғамдық бірлестік құрып, Басқарма сайлап, өздері басқаруға көшті. Басқарманың 18 мүшесі бар, яғни үйдің 15 подъезіндегі меншік иелерінің біреуі мүшелікте бар. Басқарма тұрғындарға жалпы жиналыс арқылы есеп береді. Біздің қоғамдық бірлестіктің алғашқы басқарма төрағасы болып Сәуле Төлепбергенқызы Әшірбекова екі жыл жұмыс істеді, қаншама қордаланып қалған мәселелерді шешті. Басқарма мүшелері Сәкен Мұқанұлы, Әділбек Нұрпейісов, Қанат Хасенов, Азамат Қалымбетов, Володя Баринов, Сергей Кан, Қапима Айманова бәрі қолдарынан келгенше барлық мәселелерді шешуге ат салысты. Сәуле екі жыл жарғы бойынша жұмысын жүргізіп, тұрғындарға жиналыс өткізіп есеп берді.

Оның есебінде барлық атқарылған жұмыстар толық көрсетілген, біздің ЖК УЮТ тұрғындарына арналған сайтта тұр. Содан кейін отбасылық жағдайына байланысты, төрағалықты ер адам басқарсын деп Салауат Сазанбаевқа өткізді. Салауаттың өзінің негізгі жұмысы болғандықтан, алты айдан кейін өз өтінішімен кетуге шешім қабылдады. Сонымен, кешен тұрғындарымен өткізілген жиналыста мені Басқарма төрағалығына сайлады. Осы үй берілгеннен бастап, барлық мәселелерді білесіз, барлық бастамашы топпен бірге жұмыс атқардыңыз, соны соңына дейін жеткізу сіздің ғана қолыңыздан келеді деп сенім артқасын бас тарта алмадым. Сөйтіп, өткен жылдың 1 шілдесінен бастап осы жауапкершілік жүгін арқалап келемін.

– Астанада «УЮТ» сияқты кешенді тұрғындар өздері басқаруға алғандар бар ма, олармен бірлесіп жұмыс істеп көрдіңіздер ме? Тар аулалардан кей кездері жедел жәрдем, тіпті өрт сөндіру сияқты қызметтердің көліктері сыймауы мүмкін, ол жалғыз бұл үйге емес, көпшілігіне тән мәселе екені рас қой, кез келген қауіпті жағдайдың алдын алуға жұмыс жүргізу қажет емес пе?

– Дұрыс айтасыз. Астанадағы көптеген тұрғын үй кешендерінің проблемалары бірдей. Осы бағытта біз сияқты 13 кешен тұрғындары қоғамдық бірлестік құрып, үйлерді өздері басқаруға алған. Жаңа ғана сіз келгенде көрдіңіз жиналысымызды, біз сол бірлестіктердің төрағалары аптасына бір рет жиналып, көптеген өзекті мәселелерді талқылаймыз, оған жауапты мекемелер өкілдерін шақырамыз. Бірге жиналып, аудандық әкімшілікке немесе дұрыс шешім қабылданбаса, қалалық әкімнің қабылдауына дейін барып жүрміз. Аулалардың тарлығы рас, бірақ бізде көлік тұрағының үстінен арнайы жабдықталған балалардың ойын алаңы бар. Оны біз Есіл аудандық әкімшілігіне барып айтып, олар «100 аула» жобасына енгізіп, тегін жабдықтап берді. Балалар алаңының салтанатты ашылуына сол кездегі қала әкімі И.Тасмағамбетов келіп қатысып, біздің үйдің сыртқы қасбетін жөндеуге де қалалық әкімшіліктен қаржы бөлінетінін айтып қуантқан еді. Бірақ соңғы кездері оның барлығына тұрғындар өздері жауапты болуы тиіс деген бағытта әңгіме естідік. Ең негізгісі – балалардың ойын алаңы бар, әрі қауіпсіз жерде орналасқан. Көлік қағып кетеді деп алаңдамайсыз. Көптеген мерекелік шараларды да сонда өткізіп жүрміз.

– Бұл тұрғын үй кешенінде 504 пәтер бар, онда 1 мыңнан аса адам тұрады. Күн сайын әрбір адам чатқа өздерінің мәселелерін жазып жатады және оның бәрін жедел шешуге тиісті жағдайлар, пәтерде жылу болмай қалу, судың жоғары қабатқа жетпей қалуы, жөндеуден кейін бір-біріне су ағызу т.с.с осының бәрін шешуге қалай уақытыңыз бен төзіміңіз жетеді?

– Бұл жұмысты қолыма алғанда оның бәрі алдымнан кезігетінін сезіндім. Сіз айтып отырғандар жәй үйреншікті жәйттер ғой. Күнделікті тұрмыста кезігетін мәселелерді айтпағанда, менің ең бір қиналған жағдайымды айтпасқа болмас. Былтыр күзден бастап, 15 подъездің жер төлесіндегі құдықтардың суы жайылып, КНС (канализация насос станциясы) істен шыққанда қатты қиналдым. Ол деген өте қиын жағдай болатын. Біздің тұрған жеріміз нағыз орталық деуге болады, маңайымыздың бәрінде әкімшілік ғимараттар, егер жағымсыз иіспен барлық қалдық сулар жер бетіне жайылып, қалқып шыққанын елестетіп көріңізші. Күн сайын әкімшілікке барып, ешкімнің иелігіне жатпайтын сол КНС-ты қала әкімінің қабылдауына күн құрғатпай барып жүріп, ақыры әкімнің орынбасары Қосман Айтмағамбетов бәрін жинап, «Астана су арнасына» өткіздіртіп, ол мәселені біржола шешіп берді. Бұл өте үлкен жеңіс, әрі біз үшін 4 жыл бойы шешімін таппаған мәселенің түйіні тарқаған қуанышты жағдай болды. Енді электр жүйесіне де сондай проблемаларды соңына жеткізу міндеті тұр. Негізі айта кетейін, үйдің жұмысы бес бағытқа негізделген: 1) әкімшілік, 2) инженерлік

жүйелер қызметі, 3) үйді ұстап тұру, 4) электротехникалық қамтамасыз ету, 5) үйдің қауіпсіздік мәселесі.

– *Көптеген көпқабатты үйлерде лифтілердің істен шығуы мен жер асты шахтасына құлап кету жағдайлары болып жатады. Сіз бұл мәселемен айналысып көрдіңіз бе?*

– Бізде ондай мәселе болмаса да, лифтінің жағдайын біздің командамыз толығымен шешті деп айта аламын. Әр лифтіге паспорт жасатып, уақытымен тексеру, жедел шақыру нүктесін іске қосу жұмыстарын жүргіздік. «Сақтанғанды сақтаймын» – дегендей қайғылы жағдай болмай тұрып, алдын алып бұл тұрғыда нәтижелі жұмыс жүргіздік деп айта аламын. Ол жұмыстарға көп қаржы шығындағанымыз жоқ. Барлық кеткен қаржыға есеп беріп отырамыз.

– *Астананың ауа-райында, әсіресе қатты жел соққан кездерде үйдің қасбетіндегі плиталар құлап, адамдардың басына түсуі мүмкін. Үйлердегі қауіпсіздік мәселесі, бейнебақылау жүйесінің жұмысы жолға қойылған ба?*

– Менің өзімнің басыма плита құлап, ұзақ уақыт ауруханада жатқанмын. Қайта сәл-пәл қағыс тиіп, аман қалдым. Содан бері осы мәселені назарда ұстап келемін. Плита ауыстыру деген оңай емес. Көп қаржыны қажет етеді. Жәй ғана бір альпинисті шақыртудың өзі 10-15 мың теңге тұрады. Бірақ, жинап-теріп өткен айда біраз құлағалы тұрған плиталарды ауыстырдық. Соның өзінде әлі қаншасы сынатынын ешкім білмейді. Барлық подъездердің жауапты адамдары бар, олар өздерінің жұмыстарына жауапкершілікпен қарайды. Бұрын осы үйдегі әрбір арканың астынан өту қорқыныш тудыратын. Қап-қараңғы кім тұрғанын білмейсің. Қазір оның бәріне үнемделген энергия көзімен қуаттанатын шамдар орнатылған. Кіреберістердегі шамдардың бәрі адамның қозғалысына сай жанып-сөнеді. Артық шығын кетпейді бәріне. Бейнебақылау жүйесі істеп тұр. Жергілікті полиция қызметімен тығыз байланыстамыз. Себебі қасымызда «Абу-Даби Плаза» салынып жатқандықтан, жақын деп түрлі ұлт өкілдері осы үйден пәтер жалдайды. Сондықтан пәтер жалдаған үйдің меншік иелерін тізімдедік, кез-келген жағдайда пәтерлерінде бір жағдай болса, тез тауып алу үшін. Бір кезде өзім тұратын подъездің 10 техникалық қабатына наркомандар жиі жиналып қауіп туғызғасын, кейде жертөлелердің жанынан бомбдар орналасып алып, үйдің маңайына түрлі қалдықтар тастап, бүлдіріп кетіп жүргесін, оның бәрін жауып, заттар қоятын немесе белгілі спорт түрлерінен жаттығу өткізетін залдар жасалды. Осы үйдің тұрғындарының балаларынан құралған «Арлан» командасы бар түрлі жарыстарға қатысып жүрген.

– *Аулада арнайы автокөлік тұрағы болса да, тұрғындар көліктерін үйдің дәл алдына қояды әдетке айналдырған. Кей кезде такси шақырсаң өте алмайды, үйдің маңайы толған көлік кептелісі. Бұл мәселенің бір шешімі бола ма?*

– Біздің ауладағы көлік тұрағы айына 25 мың тұрады. Оған біреудің қалтасы көтереді, біреу оған қойғысы келмейді. Кейде қар күреу үшін көліктеріңді ауладан алыңыздар деп ескертіп жатамыз. Бөлек көлік тұрағын

ашамыз деген ниетімізді бәріне жаздық. Орын бар, жұмыс басталды. Әкімдікке айтып, рұқсат алдық. Тек қаржы қолбайлау болып тұр. Маңайымыздағы бірнеше үлкен тұрғын үй кешендерінде де автотұрақ болмағасын үйдің жанына қояды. Содан ғой осындай кептелістер. Болашақта әрбір тұрғын мұны түсініп, уақытылы ақшасын төлесе, өздеріне қажетті орнын сатып алса, бұл мәселе шешілер еді.

– *Сіздің мамандығыңыз қандай, бұл жұмысқа дейін қайда қызмет атқардыңыз, болашақта осы бастаған ісіңізден қандай нәтиже күтесіз?*

– Менің туған жерім Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы. Мамандығым – өнертанушы, суретші-дизайнер. Қаншама жылдар бойына ШҚО мәдениет саласында қызмет атқардым. ШҚО облыстық әуесқой суретшілер Одағының жетекшісі, облыстық өнер музейі директорының орынбасары қызметтерін атқардым. Қолөнер, халқымыздың салт-дәстүріне қатысты дүниелер жаныма жақын. Астанаға 2009 жылы қоныс аудардым. Алғашында осы үйге үлескерлік құрылыс бойынша қаржы салғанда макет-сызбасын көрдім. Қандай керемет! Жан-жағы жасыл желекке оранған әдемі тұрғын үй кешенінің сызбасын көріп қуанған болатынмын. Болашақта бұл үйдің іші-сырты бірдей мұнтаздай, өзгелерге үлгі болатындай кешеннің келбетіне жеткіземін деп ойлаймын. Мүмкін әзірге бұл арман ғана шығар, бірақ күн сайын кезігетін жағдайларды бірқалыпқа келтіргесін, онымен де айналысатын боламын. Ең бастысы- үлкен үйдің кішкентай мәселесі болмайтынын білемін, соның бәрін уақытпен есептеспей шешіп келемін. Жұмыс істеген сайын кедергілер де аз кездеспейді. Барлық атқарған ісіңнің көптің көңілінен де шыға бермесі анық. Атқарылып жатқан жұмыстардың бәрі ашық түрде есептері сайтта жарияланады, болашақта «е-кск» жобасы жүзеге асса, бәрі электронды түрде көз алдарыңызда тұрады. Көңілі толмаушылық өзі араласпай, көзімен көрмей, көңілімен сезінбей сырттай қызықтап отырған жандарда ғана болады. Ал, менің мақсатым – бастаған ісімді абыроймен соңына дейін жеткізу.

*Сұхбаттасқан: Базаргүл Сейітжанқызы
Объектив.kz ақпараттық-сараптамалық порталы,
2018 жыл, 6-наурыз.*

ҚАЙДА ЖҮРСЕМ ЖАҚСЫДАН ҒИБРАТ АЛДЫМ

Адам өзі сүйетін ісімен айналысқанда ғана бақытты сезінеді. Мен қалаған мамандығымның арқасында талай ел мен жерді араладым. Халқымыздың маңдайына басқан біртуар тұлғаларымен сұхбаттастым.

Ұшақ мініп аспанға көтерілдім, шахтерлардың пырағына отырып жетікат жер астына түстім, түйеге аяқ артып ата-бабамыздың көшпелі өмірінің іздерін іздедім, қияны шарлап алаш ардақтыларының ұрпақтарымен жүздестім, тағдырлары бір-біріне ұқсамайтын кейіпкерлермен кездестім,

жақсылықты жарқыратып жайып салдым, жақсылардың сырлы сұхбаттарынан ғибрат алдым.

Жазғаным біршама, жаза алмағаным қаншама?.. Соңымнан ерген мені ұстаз санайтын буын бар, мен өзімді олардың алдында шәкірт санайтын қауым бар. Сан жылдар хабарымды көріп қуанған көрермен, даусымды есітімесе сағынған тыңдарман, жазғанымды бөлісетін оқырман барлығыңа алғысым шексіз. Осы кітапты жазуыма себепкер болған оқиғалар Елбасының «Рухани жаңғыру: туған жерге тағзым» бағдарламасы аясында менің туған жерімде өткізіліп жатқан аудандық, қалалық деңгейден басталып, облыстық, республикалық ауқымда ұйымдастырылып, халықаралық дәрежеге жеткен мәдени шаралар еді. Астанада отырсам да, елімде ұйымдастырылып жатқан ақын, жыршы, термеші Шынболат Ділдебаевтың есімін жас ұрпақ жадында жарқыратып өткізген айтыс, өмірден ерте озған дарынды композитор Есқожа Сартовтың шығармашылығы жайындағы мәдени шара, еліміздің театр өнерінің тарланы, режиссер Жанат Хаджиевтың өнердегі өшпес бейнесі насихатталған республикалық театрлар фестивалі, Ұлытауда батыр Ерден Сандыбаевқа, Жезқазған төрінде абыз бабамыз- Кетбұғаға елдігіміздің белгісіндей орнатылған ескерткіштер жайлы порталға материалдарды жазып отырып, өзім сол оқиғалардың ортасында жүргендей сезінетінмін.

Ұлытаудың намысын бұрын айтыстарда суырып салып найзағайдай жарқылдаған жырымен қорғайтын ақын Әнуар Омаров, «туған жерге туынды тік» дегендей, елге әкім болып оралып дүбірі алысқа жетіп жатқан шараларды абырой биігінен атқарып жатыр. «Көкмайсадан» басталып, жез даланың еркесі – «Жез киікке» жалғасқан «Ұлытауда үш жүздің ғана емес-үш кұрлықтың мәдениеті ұлықталды» – деген сөздерді естіп, әлемдік баспасөз беттерінде қасиетті мекеннің аты үлкен құрметпен аталып жатқанда сол өңірдің перзенті ретінде кеуденді қалай қуаныш кернемесін?!

Облыс әкімі болып барған сәттен-ақ, Жезқазғанының жағдайын ойлап, алдымен оған жеткізер жолы мен одан кейін ұлы жердің қасиетін әлемге танытуда қазіргі жоғын түгендеуді бастаған Ерлан Жақанұлы Қошанов та журналистерге сұхбат берген кездерінде Ұлы даланың Ұлытауының әлемдік деңгейде танылуына, туризм орталығына айналуына қатысты өрелі ойлары мен оны жүзеге асырудың негізгі бағыттарын жайып салғанда әрбір қазақ баласы қасиетті мекеннің болашағы жайлы алда атқарылар ауқымды жобаларын естіп қуанып, іштей тілекші болып отырады.

Мен туған жерім жайлы ой-толғауымды өзім өмірге келген шағын ғана Теректі ауылынан бастап, Алтайдан-Атырауға дейін созылып жатқан қазақтың кең даласындағы журналист болып еңбек еткен жылдардағы көзбен көріп, ойға түйгендеріммен жалғастырып, атамекеніміздің қай өңірі болса да қасиетті екендігін жеткізуді мақсат еттім.

Қазақ елінің барлық облыстарын аралап, қалаларын да назардан тыс қалдырмай, қасиет қонған киелі жерлеріне табаным тигеніне, «елдің атын-ері шығарар», – демекші, халқы қадір тұтар тарихи тұлғалары жайлы да қалам тербегеніме өзімді бақытты жанмын деп есептеймін. Мені балалық балдәурен

шағыма оралтатын туған жерімдегі тай-құлындай тебісіп өскен, әлі күнге еш алаңсыз сол аяулы кездерімді көз алдыма елестететін, жылына бір рет жыл құсындай ата-анамның бейітінің басына дұға бағыштауға келгенде жолымнан тосып алатын, көргенде қуаныштан жандары жадырап қалатын сыныптастарым, атақ-мансапты емес, балалық бал шақты, балауса Базаргүлді бәрінен жоғары қоятын адал жүректі, туған жерімдегі асыл тілекші жандар сендер аман болыңдар, мен жаза алмаған, мен жеткізе алмаған жүрегімдегі жазбаларда сендердің әрқайсыңның есімдерің бар...

МАЗМҰНЫ

1. Сен – Қазақ қызысың

I БӨЛІМ

2. Жылдар мен жолдар
3. Радио – менің журналистік жолымдағы шындалу мектебім..
4. Теледидардағы жылдар: аға буын жолымен
5. Оңлағұл Сәлменқызы – анамдай аяулы жан еді
6. «Сүйікті Базаркүл, Ертең мені күтіп ал. Төлеу»
7. Аяғыңа кигенің қызыл етік
8. Зұлмат жылдар жаңғырығы: Қасиетті жерлердегі қасіретті тағдырлар
9. «Жұмадан жұмаға дейін»: бізді танымал еткен жылдар
10. Тауға айналған тау ұлы
11. Арайлап атқан күндердің ең қайырлысы – Жұма

II БӨЛІМ

12. Жаңа астанадағы журналистік жазбалар: ақ парақтан басталған алғашқы адымдар
13. Бір адам жаққан отқа мың адам жылынады
14. Ақиқатты ары таза адам ғана айта алады
15. Нартәуекелсіз іс бітпейді
16. Өнер өзімшілдікті көтермейді
17. Астанаға келіп «Абайды» іздедім
18. «Маржанды» теңізден емес, өмірден іздеңіздер
19. «Астана» радиосында өткен 16 жыл және «Мен – Қазақпын» жобасы
20. Жоқ іздеген халықпыз
21. Ой айта алмайтын адам алғашқы сөзінен-ақ білінеді
22. Жаны – жаз, көңілі – көктем
23. Ұлттық мүддені ұлық тұтқан
24. Қызық пен шыжық
25. Ойтүйін

III БӨЛІМ

26. Мамандыққа адалдық: жылдар белесінен көз салғанда
27. Теректі әулиенің таңғажайып сырлары
28. Оқырман жүрегіне жол тапқан басылым
29. Бақытты болсам деуші едім
30. Ерлік – елге ұран, ұрпаққа – мұра
31. Менің интернет журналистикаға келуімнің сыры
32. Қазақ жерінің бәрі де қасиетті
33. « Айгөлек-ау, айгөлек, жас ұрпаққа не керек?»

34. Тәуелсіздік төл атауларды қайтара алды ма?
35. Елім мен тілімнің мерейі үстем болса деймін
36. Америкаға барып толассыз білім бұлағымен таныстым
37. Мұғалім мәртебелі мамандық па?
38. Келісіп пішкен тон келте болмас
39. Кітап кімге керек?
40. Сенімді серік еткен Света
41. Үлкен үйдің кішкентай мәселесі болмайды
42. Қайда жүрсем жақсыдан ғибрат алдым

БАЗАРКҮЛ СЕЙІТЖАНҚЫЗЫ ҮМБЕТОВА

Редакторы: Тоганбай қажы Құлманұлы.

Техникалық редакторы: Вячеслав Мутовкин.

Корректоры: Қалила Аманқұлова.

Фото-суреттер: Бекзат Сейітжанұлы, Айдос Бекзатұлы.

Безендіруші : Тимур Қасабеков.

Мәтінді терген: Раушан Әбенова.

Баспа мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,

Бейбітшілік көшесі, 23-7. «Типография Стимул» ЖШС,

Тел/факс: +7(7172) 32-01-67.